

Қожахмет Қайыржан



ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІ

**Қожахмет Қайыржан**

# **ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІ**

**Көкшетау, 2015**

**ӘОЖ 821.512.122  
ББК 84(5Каз) - 44  
Қ 56**

**Қожахмет Қ.**

**Қ 56 Өмір өткелдері / Қ. Қожахмет – Қекшетау: «Мир печати» ЖКК. – 2015. – 252 бет**

**ISBN 978-601-7462-49-9**

«Өмір өткелдері» – бүгінгі еліміздің дамуына бір кісідей еңбегі бар автордың гұмырнамалық баяны ғана емес, өзі өмір сүріп келе жатқан заманының ыстығы мен суығын ар – ождан таразысына салған естеліктер кітабы. Ұзак жылғы партия, мемлекеттік органдар мен кәсіподақ саласында жақсылардың жаңында жүрген, ел мақтанышына айналған тұлғалы азаматтармен жүздесулерінен көніліне көркем сыр, толымды ойлар түйген абзал азамат өз еңбегінде ел тарихында елеулі орны бар Үлкен және Кіші Қараой атырабының өсіп, өркендеу келбеті, осы жолда мәндай терімен өмірде айшықты із қалдырган адамдары жайлы тәлімді ой түйеді. Қаншама жандардың өмірлік мұраттары мен болмыс – бітіміне үңіле отырып, кешегі кеңестік дәуір, бүгінгі тәуелсіздік жылдарының тұтас бір жылнамалық бет – бедерін көз алдымызга елестеткендей болатын бұл кітап оқырманға осы жағымен де құнды деген ойдамыз.

**ӘОЖ 821.512.122  
ББК 84(5Каз) - 44**

**ISBN 978-601-7462-49-9**

**© Қожахмет Қ., 2015**

## ҚОЖАХМЕТ ҚАЙЫРЖАН СӘБИТҰЛЫ



1949 жылдың 11 мамырында Көкшетау облысы, Қызылту ауданы, «Коммунизм» колхозының Кеңацы ауылында дүниеге келді.

Білімі жоғары, Алматы жоғары партия мектебін бітірген.

Еңбек жолын Советтердің 8-ші съезі мектебінің дene шынықтыру пәнінің мұғалімі болып бастады. Кейін Ленинград аудандық комсомол комитетінің нұсқаушысы, бөлім менгерушісі, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, Алматы жоғары партия мектебінің тындаушысы, Ленинград РСХО-сының бастауыш партия ұйымының хатшысы, Ленинград аудандық партия комитетінің үгіт және насиҳат бөлімінің менгерушісі, халық депутаттары аудандық кеңесі төрағасының орынбасары, аудандық партия комитетінің хатшысы, Көкшетау облыстық мемлекет мүлкі комитетінің сектор менгерушісі, Ленинград ауданы әкімінің орынбасары, Қызылту аудандық әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің менгерушісі, аппарат басшысы, әкімнің орынбасары, Ақмола мемлекеттік, банк және қызмет корсету мекемелері қызметкерлерінің облыстық кәсіподак комитетінің төрағасы, «Куат» коммуналдық, автокөліктік, жол және қызмет көрсету мекемелері қызметкерлерінің облыстық кәсіподак комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған.

Екі медальмен және Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапатталған.

# ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІ

1960 жылдың шілде айы, жаздың ең ыстық кезі, үш-төрт жұмадай бұрын егін себіліп аяқталған уақыт, шөп дайындаудың қызып жатқан кезеңі, қырықтық науқанының аяқталар шағы, шопандардың қысқа дайындалып, мал қораларын қидан тазартып, ашық -тесік жерлерін жөндеп-жамап жатқан кез, механизаторлар комбайндарды және басқа да қажетті ауыл шаруашылығы техникаларын жөндеуден өткізіп, егінді дер кезінде жинап алу қамымен жүрген. Енді бірер айдан соң диханшылардың осы жылы өте бітік өсken, қай жаққа қарасаң да жиегіне көз жетпейтін, сары алтындаі жайқалып тұрган егінді шашпай-төкпей ысырапсыз жинап алатын кезіде келмекші. Ауыл еңбеккерлерінің қысы-жазы бітпейтін күнделікті жұмыстары осындай.

Жылдың дәп осы уақытында біз өзіміздің ата қонысымыз, атақты Үлкен Қараой өніріне орналасқан Қарашилік ауылына көшіп келдік, ол кезде біздің ауыл жаңа құрылған «Жанаауыл» кеншарының екінші болімшесі болатын. Бұл ауылды сол кезде (осы күнге дейін) қазақтар Жетіүй, орыстар Семидомики деп кеткен, ейткені, Қарасу өзенінің жағасына орналасқан ертедегі «Үлкен Қарой» колхозында, бұрынғы Ворошилов атындағы колхозда, соңғы кездегі «Қарасу» колхозында, сол кездегі Советтердің 8-ші съезі атындағы ауылда тұратын ауылдастарымыз, жылда көктем уақытында өзен тасығанда суга кететін болған соң, жаңа қоныс теуіп бір-екі шақырым жердегі «Көбелек» деп аталағын қыратқа (заты көбелек көп болған ғой) 1955 жылы үй сала бастайды, сол жылы жеті үй салынып бітіп, Бәйкен Тәжімиеv, Сагидолла Біләлов, Шаймұқан Тәжімиеv, Шамғұн Мәдияров, Куандық Мұқамедиев, Қойшыбай Исин, Сағдат Мұқамеджанов қоныс аударады, ол кісінің үйі Қуекенмен көрші болған, 1962 жылы көшіп кеткен соң ол үйде Иманғали, соңынан Сүйіндіктер тұрды, ақыры ескі үй болған соң оны сырып тастап, кеншар оның орнына жаңадан екі пәтерлік үй салды, бір жағында әкейлер тұрды. Бұл үйдің несін тәптіштеп айтып отырған себебім, ол кісіні елде көбі біле қоймайды. Ол 1954 жылы Омбы облысының Называй ауданынан көшіп келіп, бір жыл Талда тұрган екен.

Сол жылдары ол ауылға ат берілмегендіктен Советтердің 8-ші съезі атындағы ауылдың халқы Жетіүй деп кеткен, әлі де солай деп атайды, қағаз жүзінде Қарашилік болғанмен. Бұл ауылымызды осылай деп атаудың себебі, катлован қазылмай тұрганда, осы жерде шамалы шалшық су жататын, сонда шілік өсетін. Сондықтан, соған байланыстырып қойған болу керек. Келесі жылдары барлық

елдестеріміз үй салып біртінде осы ауылға көшті, кейбіреуі «Жанаауыл» кеңшарына, Қызылту ауданының орталығына көшіп кетті. Енді жетіүйліктер 8-ші съезде шамалы ғана үйлер қалған соң ол елді «ескі ауыл» деп ататын болды, онда қалған үш-төрт үй 60-шы жылдардың орта кезінде түтелімен көшті.

Бұл ауыл ертеде өзен тасығанда суға кете берсе керек. Су тасыған уақытта халықта бала-шағасымен үйдің тәбесіне шығып жан сақтаған еken. Оны көзімізben көрдік. Ең қатты су тасқыны 1947 жылы болыпты, сол кезде кейбір жүкті әйелдер ат күйрығынан ұстап әрәп дегендега жағаға шығыпты.

Өзенде балық көп, тасқын болған кезде балықтар сумен жайылымға шығып қалады, су тартылған соң, ел болып, ойпандауда қалған балықтарды теріп алады еken. Балық соғыс уақытында да халыққа азық болыпты. Өзеннің балығын бертінде Уәли ақсақал, Әнәр, Мұтәш, Мұратбектер аулап жүрді. Сонау Омбыдан келіп 2-3 күн жатып ау салып жүретін, балық көп болды.

Сонымен жаңа ауылдың жана өмірі басталды, бұл ауылдың маңайында осы бөлімшеге қарасты Тал, Кенбай, Қайролла деп аталағын кішігірім жеті-сегіз үйі бар ауылдар болды, Жетіүй жағында тал ағаштары өссе керек, сондықтан, Тал ауылының атын солай деп атаған еken, онда Орынбай, Зәкәрия, Олжабай, Шәрім, Әбәш т.б. ақсақалдар тұрды. Екінші ауылымыз аралдың ішінде, мүмкін сол аралдың көн байлығына байланыстырып, Кенбай деп қойған шығар деген жорамал бар, онда Кәрім ақсақал тұрды, ол көшіп кеткен соң, Қадыр қоныстанды. Үшінші ауылда алпысыншы жылдардың орта кезіне дейін Қайролла деген ақсақал тұрды, мүмкін сол кісінің есімімен байланыстырган шығар, өйткені, сол кездегі ақсақалдар солай дейтін. Ол ауылдың тұрғындары Қабкеш, Рашид, Қамит, Қапез тағы басқалар болды. Қалай десек те осы ауылдардың өз тарихы болды.

Негізі, бұл өнірді алтыншы деп те атайды, үлкен кісілердің аузында осы атау қалған, өйткені, ерте кезде ауылсоветтің нөмірі алтыншы болған. Ол уақытта олардың аттары болмайтын. Соғыстан кейінгі жылдары ауылдық, селолық советтердің нөмірлері болды, сондықтан, көп ақсақалдардың аузында әлі күнге дейін сақталып қалған үшінші, оныншы деген ауылдар бар.

Біздің отбасымыз ата-жұрттымызға қоныс аударғанша Омбы облысының Шарбаққөл (Шербакуль) ауданы Дүйсенбай айылында тұрдық, өйткені, әкей қызмет бабымен сол ауылдың жеті жылдық мектебіне математика пәннің мұғалімі болып орналасты.

Әкем Сәбит 1920 жылдың сәуір айының 20 жүлдөзинде Қызылту ауданының Қопа ауылында дүниеге келген. Ата-бабамыз жерленген зират елдің қазіргі зиратынан әрі қарай 500-600 метр шамасында деп экей айттып еді. Ол кезде бұл аймақ Ақмола облысының Қарой болысына қараган, ал 1921 жылы 25 сәуірде Ақмола облысы губернияға айналып, орталығы Қызылжар қаласы болады. 1922 жылы 13 мамыр айында Шарлақ уезі құрылдып біздің ел сонда қарады. Кейін ауылымыз 1923 жылы 13 наурызда құрылған Қызылту болысына қарап, осы губерния құрамында болған. Содан 1928 жылы 17 қантарда Қызылту ауданы болып құрылады. Ондаған жылдардан кейін кеншарымыз 1965 жылдың 7 қантарында жоғарғы жақтың шешімімен Ленинград ауданына беріледі, ал 1973 жылы 25 желтоқсанда жаңадан құрылған Ленин ауданына ауыстырылады. 1988 жылдың қазан айында ол аудан жабылып, қайтадан Ленинград ауданына қарайды. Бұл шешім де көпке бармай, 1990 жылдың қазан айында Ленин ауданы бөлініп ез шекарасында қалады. 1997 жылдың 2 мамырында Ленин ауданы екінші рет жабылып, Ленинград ауданымен бірігіп, орталығы Талшық болып ірленген Ақжар ауданы болып тынады. Бұның барлығы экономикага байланысты, өмір деген солай. Сонымен ауылымыз Қекшетау облысы жабылған соң Солтүстік Қазақстан облысына қарады. Бұл кейінгі ұрпаққа аз да болса тарихтың бір беті.

Жана аудан ашыларда облыстың басшылары келіп, аксақалдармен кездесіп, біріккен ауданды қалай атайды мен дегендे, Гелеубай Әлімов Ленинград селосындағы мәдениет үйінің іргесіндегі Шат өзенінің бір бұрымында Ақ жар деп аталатын бір тік ақ тасты шатқал бар, сол қолайлы болатын шығар деді. Сонымен жаңа ауданға жана ат табыла кетті.

Әкейдің руы аксары керей, жеті атасын атайдын болсам, олар Қожахмет, Сағындық, Берік, Сапак, Байменбет, Байжол, Мендібай. Бұл атага бөлін деген уағыз емес, жеті атасын білу дүние жүзіндегі мұсылмандардың ішінде тек қана қазактардың арасында кең тараған және Қырғызстанның кейбір ғана облыстарында кездеседі.

Екі жылдан кейін оба ауруына шалдығып, әкейдің әке-шешесі Қожахмет пен Меруерт дүниеден өтеді. Сонымен екі жасында жетім қалған әкейді, оның ағасы Хамитті, апасы Құлбәнүді Омбыда тұратын нағашысы алып кетеді, ол кісі 1966 жылы Жетіүйге әкейді ітеп келді. Нағашысы алып кеткен кезде ағайдың жас шамасы алтыда болса керек, апайдың жасы төртте. Содан 4-5 жылдан кейін

әкейді Солтүстік Қазақстан облысының орталығы Петропавл қаласының жетім балалар үйіне орналастырады, сонда білім алып, онжылдықты бітіріп, екі жылдық мұғалімдер институтын тәмамдайды, сонынан Қарағанды педагогикалық институтында сырттай окуын жалғастырады. Институтты аяқтасымен 1939 жылы Қызылту ауданының, ертеде ауылсоветтің нөмірімен үшінші ауыл деп атап кеткен, бертінгі «Чапаев» кеңшарының белімшесі болған 5 декабрь ауылына мұғалім болып орналасады. Сол елде ұстаздық қызмет атқарған уақытта алдынан бірнеше окуышылар шығып, сонын соғысқа қатысып, алдыңғы қатарлы жауынгер болған, соғыс ардагерлері, бірнеше орден, медальдардың иегерлері баршылық, солардың бірі Қайырбек Хасенов ақсақал, бұл кісі 1959 жылы Алматы жоғары партия мектебін бітіріп келген соң, зейнеткерлікке шыққанша кеңшар партия үйымының хатшысы, Қызылту, Уәлиханов аудандық партия комитеттерінің белім менгерушісі болып абырайлы қызмет істеді және елдің сыйлы азаматы болды. Ақсақал жуырда 90 жасқа алты күн жетпей өмірден озды. Бұл кісінің зайыбы, өзіміздің елдің тумасы Бәтимә, Әшербектің қызы.

Тірі адам тірлігін жасайды демекші, әкейдің ағасы Хамитта ержетіп отбасын құрады, ол кісіден Орынбасар есімді апамыз дүниеге келеді. Ағамыз кеп ұзамай соғысқа аттанады, сол қын-қыстау жолда ерлікпен қаза табады. Өркен апамыз Жұмақан жездемізге тұрмысқа шығып жақсы өмір сүрді. Көп балалы ана ретінде, «Батыр ана» белгісімен марараптады.

Әкейдің әпкесі Құлбенудә ержетіп тұрмыс құрды. Сәрсенбай, Нұрахмет есімді жиендерді өмірге әкелді. Екеуіде отбасын құрды, эттең, олар өмірден ерте озды, арттарында балалары жастай қалды. Бірақ, шешелерінің арқасында оларда өсіп өніп, шаңырак құрды.

Әкей 1941 жылы Кеңес Әскерлері қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысина қатысып, 1946 ж. елге оралады. Сол кездегі Қызылту аудандық оку бөлімі ол кісіні Кеңашы ауылының жетіжылдық мектебіне өзінің мамандығы бойынша математика пәнінің мұғалімі етіп жібереді, ол ауыл, кезіндегі «Коммунизм» кеңшарынан «Горький» кеңшарына қарай екі шақырымдай жерге орналасқан. Жолда Манақ деген ауыл болатын. Осы үш елді мекенді жағалай үлкен көл жатты, сол көлден ертеде салынған ескі өткел арқылы ауылға жететінбіз.

Ол кезде мектеп директоры Қали Хадесұлы Хадесов, соғыстан аман есеп оралған 22 жастағы қылышылдаған жас жігіт, алғыр да өткір, ісіне берік те бекем, тасы өрге домалайтын басшы болған. Содан экей 1947 жылы сол кісінің немере қарындасты, менің шешем Қамкенмен (шын есімі Қамиза) отау құрады. 1949 жылдың 11 мамырында сол кездегі «Коммунизм» колхозында, Қызылту ауданы, бертінгі «Коммунизм» кеншарынан екі шақырым шамасындағы Кеңашы ауылында мен, Қайыржан Сәбитұлы Қожахмет дүниеге келдім.

Сонымен, Қали нағашым болды, ол кісінің экесі Хадес, атасы Қойшыбай. Бұл кісінің ағасы Асай, інісі Қөшкінбай болған. Асайдан Рамазан, одан Данияр туады. Ол кісінің балалары Әбілғапар, қызы Ғалия, ал Қөшкінбай ақсақалдан менің туған нағашы атам Нұғыман туады. Нағашымның қыздары Қалипаш пен менің шешем Қамиза, сонымен, Қали мен шешемнің аталары Қойшыбай мен Қөшкінбай ағалы-інілі ақсақалдар.

Қалипаш нағашы апайдың қосагы Қабдырахман 1956 жылы апattан қайтыс болды. Олардан Серік, Сара, Сансызбай туған, бұлардың елі Кеңашы (бұрынғы «Менжин» кеншарының жанындағы ауыл). Жогарыда аталған белелерімнің экесі Қабдырахман мен Мұтәш Габдуллин үш атадан қосылады. Нағашы апай Қалипаш, балалары Сара, Сансызбай бұл дүниеден етіп кетті. Нағашы апай қыын-қыстау кезде, жоқшылықтың дәмін татса да жастайынан жұмыс істеп, талпынып жүріп осы балаларын есірді, үй қылды, немере, жиендер сүйді. Құрметті демалысқа шығып, зейнеткер болғанша кеңшардың алдыңғы қатарлы сауыншысы болып жемісті енбек етті. Еңбегі де елеусіз қалған жоқ, халық құрметтін иеленді, ауылдың сыйлы азamatшасы болды, бірнеше медаль, грамоталармен марапатталды.

Нағашы апайдың сонында Серік деген ұлы қалды, ол сол бұрынғы «Менжин» кеншарында, қазіргі Кеңашы ауылында тұрады, зейнеткер, жары Баян екеуі 3 қыз, 3 ұл тәрбиелеп есірді, бәріне жоғары білім беріп, отау тіккізді, әрқайсысының отбасы, бала шағасы бар, балалары қызмет бабымен жан жақта жүріп, жатыр. Серік сырттагы жұмысқа берік, үйдің ішіне ие болатын, бала шағаны күтіп бағатын Баян, ол бір аңқылдаған, жайдары, көңілі ашиқ, адамға жақын тұратын, ак көңіл жан. Серік болса нағыз жұмыскер, 40 жылға жақын трактор, комбайндардың құлагында ойнады. Жұмысқа ерінбейтін нағыз еңбеккор, сөткелеп жүріп алдына жан салмайтын механизатор болды. Кей жылдары егін

орагы кезінде Социалистік Еңбек Ері А.Г.Почтарев пен екі мәрте Ленин орденінің иегері Панкратовтың алдына түсіп, кей жылдары қатарлас болып, комбайнмен етін орып, дестеге түсіруден, оны жинаудан үнемі социалистік жарыстың жеңімпазы атанатын. Алғашқы кезде оны елемейтін, өйткені, Серік жуас, көп сөйлемейтін ұяң, ешкімде шаруасы жок, істеген жұмысын ғана білетін, тиянакты азамат еді. «Сенің еңбегінді неге бағаламайды, неге көтермейді ?» деп сұрасан, «бастықтар өздері біледі гой, маган ақшасын дұрыс төлесе болды» дейтін. Ол кездегі кеншардың басшылары жергілікті жердің адамына онша қоңыл бөліп, бастарын қатырмайтын.

1977 жылы бастауыш партия ұйымының хатшысы болып бұрынғы аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып істеген, өте іскер, айтса сезінде тұратын, жігерлі, қызметке адал, ұлтжанды да, қажырлы азамат, адаптацияға ішер асын жерге қоятын Қайырбек Ысқақов сайланды. Қайрекен біртіндеп бүкіл билікті өз колына ала бастады. Қайырбек Теміржанұлының бір мәселе шешілмейтін болды. Содан бастап жалғыз Серіктің ғана көзі ашылған жок, жұмысты жақсы істеген барлық азаматтар еңбегіне қарай жаңа техникалар ала бастады, орден, медальдардан да кенде қалған жок, солардың бірі болып Серік те марапатталды.

Қайырбек Теміржанұлымен райком комсомолда бірге істегеннен бастап жолдасызы. Ол біраз жылдан соң облыстық партия комитетіне нұсқаушы болып ауысты, көп ұзамай Келлер аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланды, Тайынша ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарды, бірнеше жыл аудандық мәслихаттың хатшысы болып істеп құрметті демалысқа шықты. Әйелі Шәрия да өте байыпты, мінезі ашық, ақкөnl, ақжарқын адам. Екеуі Гулмира, Гүлнар, Жанар есімді үш бала тәрбиелеп өсірді, бәріде жогары білімді, аяулы азаматшалар.

1951 жылы Томан ауылына, екі жылдан соң Дүйсенбай ауылына қоныс аудардық. Сара қарындастырылған Томанда дүниеге келді. Кеңшар орталығы Славянка, бірінші ауылсовет, Омбы облысының Шарбаккөл ауданына қарайтын. Бұл елдің орналасқан жері өте әдемі, табиғаты сұлу, айналасы аққайың ағаш, жері құнарлы қара топырақ. Ауылдың маңайында 1-2 шақырым шамасында орналасқан ірілі кішілі Әлеуке, Майшөп, Үштаган, Бурыл, Шақат, ол екеу болды, біреуі қазақ ауылы, екіншісі орыс селосы, Құдықшілік, Амангелді, оның ескі аты Тарғыл бұка, деген ауылдар болды.

Ауылдың орталық бір ұзын көшесі, тағы екі қысқа көшелері және ағаштардың қойнауына салынған бірнеше үйлер болатын, 40, 50 үйдің мектеп жасындағы соншама балалары бар еді. Ел басқарған бригадир Салық деген ағай, оған дейін бұл жұмысты жиен ағай Дайыр Шәріпов атқарған, шешесі Салиха бізге жиен апай, шешем ауырып жатқанда көбінесе сол кісі күтті. Дәкенің жұбайының есімі Назыкен, олардың үлкен қыздарының аты Нұрила болатын, менен бір жас үлкен, бала күнімізде бірге ойнайтынбыз. Ол кісінің қарындасы Кәмен апай, күйеуі Ғазез Әубекіров өте білімді, оқығаны көп, тоқығаны мол, қазақша, орысшага шешен адам болды. Елуінші жылдардың аяғында «Колос» кеңшары құрылғаннан бастап сол елдегі мектептің директоры болып қызмет істеді.

Ғазекен 1969 жылы Атбасар қаласына көшіп кетеді, сонда арнайы мектептің директоры болып орналасады. Мен оны 1992 жылы Атбасарға барғанда көрдім, ол кісіні танып, сәлем беріп, аузымды жиғанша болған жоқ, «сен Қайыржансың ба ?» деп тап басып таныды. Менің таң қалғаным, ол кісіні ақырғы рет 1967 жылы көргенмін, ол кезде мен он сегіз жастамын, содан бері жиырма бес жыл өтсе дагы , өзі жетпіс жастан асқанына қарамастан, дәп басты және мен ол кісіні оған дейін екінші, жетінші сыныптарда оқығанда, онжылдық мектепті бітіргенде небары үш-ақ рет көрдім. Ол кезде Ғазекен сол ауданың молласы екен, өте қабілетті ғажап адам болды.

Дайыр жиен ағайдың Өміртас деген інісі институтты бітірген соң Қазан орта мектебінде мұғалім болып істеді. Зейнеткерлікке шыққанша Омбы облысының Москаленка ауданына қарасты «Селиванов» кеңшарының Қызылагаш ауылында тұрды, сол елдің молласы болды. Менің енем Молдахметқызы Құлбарам осы ауылдікі. Кеңшар орталығы Новоцарицын селосында ол кісінің үлкен қызы Құләш тұрады, күйеуі Әусагит бажа, сол елдің азаматы. Екеуі бес-алты бала тәрбиелеп өсірді, олар Астанада, Петропавлда, Омбыда тұрады. Барлығы өз алдына жеке отбасы.

Дүйсенбайда тұратын халықтың дені атығайлар, арғы аталары Бекшеев, одан жиен ағай Шәріпов Дайырдың аталары Терек, Байжұман аталары Құлбай, Бралин Сәлімжан, Амантай аталары Құлынтай, Қожахметов Қабиден, Қабжан, Беткен аталары Дүйсенбайдан тарайды.

Ертеде осы ауылдың атын қоярда жоғарыда аталған тәрт атаның бірінің атымен атамақшы болған гой, таңдау Дүйсенбай

аталарына тірелген екен, көпшілігі сол атадан болды ма, кім білсін, ақырында солай шешіпті.

Бірәлідән тарагандар: Бактияр, оның баласы Салық, Қалиғаппардан Иманхамит, Ғалымжан, Нығметжан туған, біріншісінен Зәйкен өмірге келген, Қалиақбардың балалары Сәлімжан, Амантай бажа.

Бірәлінің аталастары: Тұрлыбаевтар, оның ұлы Омардан Әубат, Айтын, Кенжебай туады.

Болатбайдан: Тәстемір, оның баласы Жетпісбай, Тәшмағанбеттен Бейсенбай, Қайыржан, менің кластасым Қайырбек туады.

Сол кезде ауылда 50-60 бас шамасында қара мал болды, шамалы егін септі, елде бір ғана «ХТЗ» тракторы болды, кабинасы жоқ, артқы темір доңғалактардың ұзын тістері бар, рукояткамен трактордың алдыңғы жағынан бұрап от алдыратын, оның жүргізушісі Темірхан деген ағай еді. Бір «Сталинец» комбайны бар және екі жарнавоз (зерновоз) болатын, бұл қалың тақтайдан жақтауын өсіріп ұзындау қылып арнайы істеген бидай таситын арба болатын, орта кезінде екі жерден бидай агатын әйнекіше (люк) істелген. Елде екі - үш бричка болатын, бұл пар атқа немесе қос өгізге жегіліп, сабан, шөп тасуға арналған қабыргасы биік қосалқы өсіріліп істелген үлкен арба болатын (трактор тіркемелеріне ұқсас). Сейтіп науқан кезінде бүкіл ел болып азды көпті шаруашылықтың басын қайыратын. Ол кез, соғыстан кейінгі уақыт, халықтың тұрмысы, хал ахуалы мәз болмайтын. Халықтың еңбекақысы еңбек күнмен есептелетін. Кейбір отбасы жұқалau тұратын, ішсөң асқа, кисең кімге жарымайтын заман еді. Тек қана мұғалімдердің жағдайлары біршама жақсылай болатын, өйткені, ай сайын еңбек ақы алып тұратын.

Сол елге кешіп барған жылы ауылдың Амангелді ауылы жағынан кіретін ағаштың қойнауына орналасқан көшедегі Қаудыр есімді ағайдың үйінде пәтерде тұрдық. Бұл ерлі зайдипты адамдар өте ақжарқын, кішіпейіл болды, жас шамалары эке шешеммен тетелес, сондай жақсы түсіністікпен сыйласып, сен мен деп сөзге келмей дастархандары бірге болып, бір екі жыл бірге тұрды, ол кезде мен төрт бес жас шамасындағын. Қаудырмен әкей қалжындастып керемет ойнаушы еді.

Бір айта кетейін дегенім, сол кісінің қызын қырық жылдан кейін 1997 жылы Қызылтуға кешіп келген жылы сатып алуға үй

іздең жүріп көрдім, бірақ, танымадым. Артынан Омбы жаққа көшіп кеткен соң естіп, сол жолы жөн-жоба сұрамағаныма өкініп қалдым.

Қаудырдың да бала-шағасы өсіп келе жатқан соң біз бір жылдай Байжұман атты ағайдың босап тұрган ескі үйінде тұрдық, ол кісі жана үй салып алған. Бұл кісі де бәйбішесімен сондай байсалды, сыйлы адамдар болды. Әкей жұмыста болғанда шешем сағат біліп кел деп жібереді, олар үйде болса уақыттың нешеу екенін айтып келемін, егерде болмаса будильникті өзім көріп шешеме сагаттың кішкентай тілі ана сипырда, үлкен тілі мына сипырда немесе екі сипырдың арасында тұр деймін, ол кезде оқымасам да біраз сипыр мен әріптерді танитын болғанмын. Ойлап қарасам, шешем мені әдейі ол үйдің кісілері далага шыққан кезде жібереді екен, сагатты үйренсін деп.

Бұл кісілердің де қыздарын қырық жылдан кейін Қызылтуға келген соң «Елтай» кеңшарында үйінен ас ішіп танымай кеттім, артынан естіп дұрыс амандық сұраспағаныма тагы бір өкінгенім бар.

Содан ауылда ақырғы үйге көштік, мектептің жаңында бір үй болатын, әуелде ол үйде жер аударылып келген қалмақ отбасы тұрды, шал кемпір, қыздары мұгалім еді. Уақыттары бітті ме, әйтеуір, 1956 жылы елдеріне көшіп кетті.

Бұл елге көшіп келгенде қарындасым Сара екеуіміз болатынбыз, содан кейін 1953 жылы Нұрлан інім, 1955 жылы Майра, 1957 жылы Зайда қарындастарым дүниеге келді.

Шешем Қамиза орта бойлы, дөңгелек жұзді, акқұба өнді керемет жақсы кісі болды, аналық мейірімі де жақсы, байсалды, жұмсақ мінезді, үлкен кішіні де сыйлайтын, өзін де сыйлата білетін, бір адаммен ашу шақырыспаған, білгені көп, сыйлы адам болды. Әкемізбен қысқа уақыт болса дағы, өте мағыналы, мәнді, бақытты өмір сүрді деп айта аламын. Екеуі қатты сөзге келіп көрмеген адамдар. Біздерге ешқашан көз алайтқан кісі емес. Әттең, ерте қайтыс болды, балалары аналық мейірімді ұға алмай, өте ерте андан жетім қалды.

Есіме бір жағдайдың түсіп отырганы, інім Нұрланның бір жас шамасындағы кезі, үйықтайтын орны аспа бесік болатын. Кейде шешем маган тербеткізетін, бір күні «тербетіп үйықтат» деп өзі далага сиыр саууга шығып кетті. Уақыт інірдің кезі, үйде білте шам жанып тұр. Інім үйықтай қоймады, менің де далага зырылдағым келіп тұр, содан ызаланып аспа бесікті төбебеге жеткенше тербетіп өзім баланың үстіне бесікке жата қалып бірге

тербелемін, бір уақытта шығыршығы босап шығып кетсе керек, бесікпен бірге екеуіміз жерге топ ете түстік, сол кезде шешем кіріп келіп мені тұргызып, баланы көтеріп алуға үлгерді, содан мынаны өлтіре жаздадың ғой деп маған дүрсे қоя берді, өзім де қорқып кеттім, менен не сұрайсың өзім де бес жастамын.

Тағы бір есімде қалғаны, шешем дүкенге барып келейін деп Майра қарындастымында бесікке бөлеп беріп, « ұйықтат» деді, оның да бір жас шамасындағы кезі, содан олай-бұлай тербетемін, ұйықтамайды, ызага булықкан мен бесік құлағанша шайқалттым ғой, шыныңдағы дәреті жөргөкке дейін төгіліпті, бір уақытта шешем кіріп келіп, «әй, өлтірдің ғой, мынаның миын шайқатып» демесі бар ма, есейген соң ойласам расында да, бесікті қатты шайқағанда Майраның басы үзіліп кететін сияқты болды. Ол кезде бізде де қанша ми болды дейсің. Бұл бауырларымның өмірлері көпке ұзамады, қазір ойласам Нұрланның жасы 61-ге, Майра 59-ға келеді екен. Нұрлан еki, Майра торт жасында, Зайда төрт- бес айлығында дүниeden озды. Өзі де көпке ұзамады, 1957 жылдың күз уақытында ауырып жатып алды, содан төсек тартып, торт бес ай жатты, ол кезде аурухана аудан орталығы Шарбаққөлде, онда дәрігерлер жоқтын қасы болды, совхоз орталығы Славянкада кішігірім емхана бар, сонда бір айдай жатты. Диагнозын да қоялмаган шығар деп ойлаймын, ешқандай ем қонбады, аудан орталығына жолдама бермеді, ол кезде дәрігерлер шамалы болды, ешкім емделе алмады, ауырған кісі қайтыс болып жатты. Ғылымның онша дамымаған кезі, қыын заман. Ауырдым дегенше, өлдім деген сез.

1958 жылдың көктемінде, мен онда тоғыз жастамын, пайымдауымша, сөүір айы болуы керек, қар еріп жерде су жатқан уақыт. Таңғы сағат 4-5-тің кезінде әкей мені оятып, «жиен апай Салиқага барып кел, шешен қысылып жатыр» деді. Ол үй алыс болмайтын, фонарь жағып, апайды алып келдім, содан кейін шешем қайтыс болды. Нұрлан, Зайда, шешеме Дүйсенбай ауылышын топырағы жазды, ал Майра Ақсары ауылышында жерленді.

Әкем мен шешемді ел сыйлады, ауылдың ішінде беделді адамдардың қатарында болды, ауылдастар қонаққа шақырса, «Сәбе жогары шық, сенің жолың үлкен, атығайлардың арасында жалғыз керейсің» деп қалжындалап, үлкенді кішілі болсын, жапа-тармағай төрден орын беруші еді. Бұл сөзді кейде қонаққа бірге барғанда естуші едім, бала болсам да есімде қалыпты.

Ол ауылда тұрғанда пешті шілікпен тұтатып ағаш жағамыз, оны жаз дайындаимыз, бір күні әке-шешеммен бірге ағаштың ішіне шілік дайындауга бардық. Шілік кісінің бойында, әкей балтамен шабады, шешей екеуміз ұзындығымен сұрыптаپ, бума-бума қылып шіліктің өзімен буамыз, содан кейін ашық алаңға төрт бұрышты қылып ағаш үй секілді үйеміз, жел қагып сорғысын деп, кешке таман үйге тасып аламыз. Үйетін жерге халым келгенше кішіректерін мен де тасымын, бір уақытта шаршаган болуым керек әлгі үйілген шіліктің үстіне шығып ұйықтап қалыптын, әкешеменің сілесі қатып іздеп, дауыстары қарлықканша айғайлап, шешем көзі іскенше жылап жүргенде бір сағаттан аса ұйқыны қандырып үйілген шіліктің үстінен түсіппін ғой.

Қыс болса анда-санда ағаш кесуге барамыз, ол кезде мен бірінші, екінші сыныптарда оқымын. Орманның іші үлкен кісінің тізесінен келетін қалың оппа қар, араның бір құлагын ұстасуға менде барамын, жуандарын бір метрлеп жіңішкелерін екі метрдей қылып кесеміз, содан әкей бір иығына бөрене кетеріп, екінші қолымен жіңішке сырғауышасын ұстайды, үш жағын мен ұстап, көмек емес, бөгет жасап, әкейдің ізімен оппалап, сүрініп-шалынып әрек дегенде үйге жетемін. Бір екі қабаттан кейін шешемің өзі барады, мен бауырларымың жаңында қаламын, менікі қай жұмыс дейсін, әкейге көмекші болып ара ұстаганды, қалың қарда жүргенді қызық көремін.

Ауылда ағаштан қып салған қанылтыр шатырлы жетіжылдық мектеп болды, үш үлкен бөлме және мұғалімдер отыратын кабинет болатын, ал, енді фойесі керемет үлкен, ат шалтырым дегендей, ол заманда менінше 60 шаршы метр үлкен зал, сахнасы да болатын. Онда мұғалімдер ауыл жастарымен бірігіп, мерекелік құндерге арнап концерт, пьессалар қоятын, өйткені, ауылдың клубы кішкентай болатын, 20-30 кіслік, онда тек кино қойылатын.

Сонымен 1957 жылы осы мектептің бірінші сыныбына окуға бардым, бір партада Қайырбек Болатбаевпен (ол кезде Ташмагамбетов болатын), катар отырдық, Айсин Әділбек, Ақылбек (немерелер), Баймағанбетов Толя (әкесі қазақ, шешесі орыс болатын) және Тұрлышбаева Күлбагила алтауымыз үшінші сыныпты бірге бітіріп, біз елге көшіп кеттік.

Үш жыл бойы Сәлімжан ағайдың алдынан дәріс алдық. Мектеп директоры болып Қасым Масин әнбек етті, орыс тілі және әдебиетінен сабак берді, әкей математикадан, Құдайберген Айсин ағай физикадан, Құдайберген Әйтенов ағай тарихтан, осы кісінің

жұбайы Бикен апай қазақ тілі мен әдебиетінен сабак берді. Сапа ағай бастауыш 2, 4 сыныптарды оқытты және дене шынықтыру пәнін жүргізді.

Келесі жылы елдің көбі кеңшар орталығына, Қызылтуға қоныс аударып көшіп кетті, балалардың аздығынан жетіжүлдік мектеп жабылып, бастауыш сыныптар ғана қалды, оның өзі көпке бармай мұлде жабылды. Қасым, Сапа ағайлар Омбы қаласына көшіп кетіпті, Құдайберген Айсин кеңшар орталығына қоныс аударыпты.

Кәкім Ахметов ағай интернаттың менгерушісі болып қызмет істеді, ол кісі 1958 жылы Қызылтуға көшіп, «Колос» кинотеатрының директоры болып істеді, аудандық мәдениет бөлімін басқарды. Біраз жылдан соң жогарғы жақтың қаулысымен «Тельман» бөлімшесі XXII партсьезд атындағы кеңшардан белініп, жеке өз алдына шаруашылық болып құрылғанда, ол кісі партком хатшысы болып сайланды, зейнеткерлікке шықанша 15 жылдай осы қызметті абыраймен атқарып, алдыңғы қатарлы партия қызметкері болды. Откір, алған бетінен қайтпайтын, еңбегіне адаптация шешен, орыс болсын, қазақ болсын алдына жан салмайтын азамат еді. Менің әкеммен жасты еді, 92 жасқа қаражан шағында Талшықта тұрып қайтыс болды.

Құдайберген Эйтенов ағамыз Отан соғысының және еңбектің ардагері болған. Кезінде Жогары партия мектебін бітіріп, Шарбаққол аудандық партия комитетінде һұсқаушы болып абырайлы қызмет істеген. Екі тілге де майыр, сөйлегендеге айызынды қандыратын өте білімді, мәдениетті, кішіпейіл азамат болды. Ол заманда Ресейде, біздің азаматтардың өте қабілетті болғанымен, есуіне жол жок еді. 1960 жылы Ленинград ауданының «Бостандық» кеңшарына көшіп келіп, мектепке мұғалім болып орналасады, біраз жылдан соң «Ленинград» кеңшарына қоныс аударып, мектептің оку ісінің менгерушісі болып еңбек жолын жалғастырады. Жұмыс бабымен мектепке барғанымда ағамыз «үйден шэй ішіп кет» деп болмай үйіне алып баратын, апамыз да зыр жүгіріп тамақ дайындаушы еді. Бикен апамыз екеуі төрт қызы, бір үл өсіріп, тәрбиелеп, оларға жогары білім берді. Қазіргі уақытта қыздары Раиса, Роза, Рәзия, Фалия әр салада қызмет істеп жүр, жүртқа өнеге болатындағы азаматшалар.

Жогарыда аты аталған балалармен үшінші сыныпты бірге бітіріп, барлығымыз жан жаққа тараганмен, оқуымызды аяқтап, әр салада қызметтер атқардық. Қайырбек Қызылтуға аудандық

комсомол комитетінде сектор менгерушісі болып істеді, басқада қызметтер атқарды, Қызылту аудандық қаржы бөлімін басқарды, өз жұмысын адал атқарып көзге түскен соң оны Қекшетау облыстық қаржы бөлімі менгерушісінің орынбасары етіп тағайындағы. 1997 жылы Қекшетау облысы жабылған соң, қалалық қаржы бөлімін басқарып абыраймен зейнеткерлікке шықты.

Әділбек мектепте мұғалім болып өз жұмысын жақсы атқарып, беделі өсіп, ұйымдастыру қабілеті болған соң, мектеп директорлығына жоғарылатылды, сол қызметтен зейнеткерлікке шықты. Ақылбек Шарбаққөл аудандық тұтынушылар одағының бас есепшісі болып қызмет атқарды, қазір зейнеткер.

Сол кезде бізден жоғары оқыган Зейілғабиден (Зәйкен дейтінбіз), Кенжебай, Жетпісбай деген балалар болды. Олар ауылдың жетіжылдық мектебін бітіріп, совхоз орталығындағы орга мектепті аяқтап, жоғары оку орындарын тәмамдап, біріншісі мұғалімдік мамандығын алып, сонынан Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданында селолық кәсіптік техникалық училищенің директоры болып істеді. Ленин ауданы ашылғанда Талшыққа көшіп келіп тұргын үй коммуналдық шаруашылық мекемесін басқарды. Бір өкініштің өмірден ерте озды. Кенжебай Қостанай, Жезқазған қалаларында архитектор болып қызмет істеді, Жетпісбай да аудандық ішкі істер бөлімінде қызмет атқарып жүріп, дүниеден ерте өтті.

Ол кезде біздер ойын баласымыз, кішкентай кезіміз. Жаз болса қылыш, наиза, садақ жасап, жаңа салған баздың ішінде соғыс ойнаймыз, ыстық күндері, ауылдың шет жағында жүрттың үй сылауға балшық алған жерлері бар, сол апандарға суга түсеміз, одан үйге келген соң шешелеріміз жарты күн суга түсіріп, әлгі үстімізге жүққан қорыс батпақтан тазалайды. Күн жауып, жер батпақ болса қолдан істеген шыңжыры бар зырылдауықпен балағымызды түріп алып, жалаңақтанып, лайдың ішін олай бұлай кезіп шабамыз да жүреміз. Ол кезде бозбалалар алтыбакан құрады, кешке қарай ауылдың жастары сонда жиналып сайрандайды, біздер болсақ, соларға қарап мәз боламыз. Жастар бастанғы жасайды, солардың есігінен сығалап, кейде ішіне кіріп кетіп, тамақтарына ортақтасамыз. Қыс болса «боқ таяқ» ойнаймыз, шаңғы төбеміз, оны бізге Амангелді деген ересек бала жасап береді, дүкендікінен кем емес, астын тіліп фабричный қылыш болып береді, сондай шебер еді, қылыш, наизалардың барлығын сол жасайтын. Шана да істеп

береді, онымен сырғанақ тебеміз, ол үшін биік дәңес жер керек. Іздегенге табылған демекші, бізден жогары алтыншы, жетінші сыйыпта оқитын Макпұза деген қыздың үйі дөңесте болды, ылдига қарай сырғанақ тебуге қолайлыш, жиналып барып сонда ойнаймыз, кейде әлті апайымыз бізбен бірге сырғанайды, кейде «жыны» келгенде бізді қуады, әйнегінің алдында сырғанақ тебу кімге ұнайды дейсің.

Кейде қыстың күні қызық көріністердің күәсі боламыз. Басқа ауылдан қыз алуға келген құдалар ат шанамен келеді. Оларды ауыл жігіттері жайдақ атты мініп алып, шауып келіп (әрине мықты жігіттер) жегілген аттың доғаларын білектеріне іліп алып кетеді, аттары доғарылып, мазақ болған құдалар әлгі жігіттерге қыз көрімдіктерін беріп, әрең құтылатын.

Жазда үлкен айт мерекесінде бүкіл ел болып бір жерде ағаштың қойнауында малдарын сойып айт шалатын, балалар соның басында, екі аяқтың арасына таяқтарын қыстырып алып, этшу ойнап, аксақалдардың берген жіліктеріне тойып, бір жасап қалатын, онда окуға бармаган кезіміз.

Бұл ел үйымшыл болды, халықтары өте жақсы, бір бірін сыйлайтын, бірліктері мен тірліктері бір, ықылас ниеттері кең болатын.

Ораза кезінде ауылдың молласы Фалиғаппар үйінің төбесіне шығып азан шақырып, ауыз ашар кезін хабарлайтын. Моллекенің жас мөлшері сол кезде менімше 60-қа толмаған болу керек. Сакал-мұртты, көз тартар үлкен кісі болды. Үйі бізге жақын, орталық көшениң бойында қатарлас тұрды, күні бойы ол үйдің жанынан бәлен рет өтемін, ойын баласымыз гой, әлгі кісіге кездескен сайын «қассалаумагалейкүм» деп сәлем берем, ол кісі «уагалейкүмассалам» деп жауап бергеннен кейін, «мына Сәбиттің баласы қандай сәлемшіл» деп раҳмет айтатын, баламын гой оған бір қоқып қалатынын, кейде тағы бір раҳметін алайын деп жүгіріп бұрылып барып, сәлем беретінмін. Моллекен әкеймен бір кездескенде күліп осы жағдайды айттып, Қайыржан балан сәлемшіл, болашакта үлкен азамат болсын депті. Әкей айтатын «бір сәлем берсең жеткілікті» деп, оған мен қараймын ба, бір жағынан раҳметін алайын деп, екінші жағынан әлгі кісіні қөрсем болды гипнозы бар адам сиякты, сәлемім өзінен өзі аузынан шығып кететін.

Содан далада тұрып ол кісінің азанын тыңдал болған соң үйге хабар беру менің жұмысым болатын, өйткені ол жылдары біздің

үйде әжем, шешемнің анасы болды. Сол кісі ораза ұстап, намаз оқытын. Марқұм әжем мені өте жақсы көретін, асық жинап оларды әртүрлі бояулармен бояп, сақаға қорғасын құйып беретін. Сондай жуас, кішіпейіл, дәңгелек жұзді, аққұба өнді, жұқа келген кішкентай кісі болды. Мен де ол кісіні сондай жақсы көрдім, сонынан қалмайтынмын, қарындасты Сараны қойнына алып жататын. Шешем қайтпай тұрып екі жыл бұрын Манасайға, үлкен қызы Қалипаштың қолына кетті. Өйткені, ол нағашы апайдың жұбайы Қабдырахман апатқа ұшырап қайтыс болғаннан кейін, жалғыз қалды. Содан әжем қөніліне медеу, өзіне сүйеніш болайын, бала шағасын бағысайын деп қош айтсыып жүріп кеткен.

Сонау 1958 жылдан 1967 жылға дейін әжемді көрудің сәті түспеді. Тек сол жылы 10-шы сыныпта оқып жүрген кезімде, қыскы каникулда, «Менжин» кеңшарының Кеңащы ауылына барып, әжемді, нағашы апамды, бөлелерімді көріп, оншақты құн аунап қунап жатып, қыдырып қайттым. Сонда әжем сені де көретін күн бар екен гой деп көрісіп жылап еді. Содан кейін ол кісіні көруге жазбады, мен әскер қатарында жүргенде 1969 жылы өмірден өтті. Одан кейін нағашы апаймен араласып тұрдық, балаларының құдалығына да қатыстық, қазір де бөлелермен қарым қатынастамыз. Қайтыс болғанда марқұм әжемнің жасы 75-ке таяп қалды гой деп ойлаймын. Ол кездегі үлкендерден қай жылы тудың деп сұрасан, сиыр жылы, мешін жылы деп жатады, ал, енді айын сұрасаң қайдан білейін, жүрт айтады, қатты аяз болған, бораннан кез ашпайтынбыз дейтін. Енді біреулері шабындық шабуға шыққан уақыт немесе қойлар қоздайтын науқан кезі деп жауап береді, осыдан кейін күнін сұрап мазалаудың өзі ынғайсыз..

Есіме түсіп отырган бір жағдай, кейде Барлыбайдың үйіне барған кезде әдейі апамыздан сұраймын «жасыңыз нешеде?» деп, «ой, қайдан білейін, нақты туған жылымды білмеймін, үкіметке Ленин келіп ақ пен қызылдардың араласып жатқан кезі гой», «ой, апа ау, олар бес жыл араласты гой, сонда қай жыл?» деп мен де қоймаймын, «әй, мымынды ашытпаңдаршы, әупірімдеп зейнеткерлікке шықтым, пенсиямды аламын, маган одан басқа не керек, мына сендер аман болындар» дейтін. Тыңдап отыргандарымыз қарқылдап күлетінбіз, келесі барғанда апамыз бірінші болып, «әй, Қайыржан менің жасымды сұрама сен білесің гой» дейтін ойнап. Ол кезде, бертінде үлкен кісілердің жастарын

сұрау, кімнің қалай туыс болатынын аңғару дегенді кім біліпті. Қартаймай, өмір бойы жас болатында жүре бердік қой, әкешешеміздің жаңында құнделікті өмірмен құніміз өте берді, оның қалай өткенін байқамаптыз, тіліміз бен дінімізден айрылып мәнгүрт бола жаздаптыз.

Қарап отырсақ, өзіміз де ел ағасымыз, бірақ, әлі де білмейтініміз көп. Әйттеуір, егемендік алып, дербес мемлекет болдық. Жас еліміздің атагы дүниежүзіне жайылып, танылып келеді, болашағы бар елдің халқымыз деп ойлаймын, Отанымыздың гүлденеуіне, көркеюіне сенемін.

Біздің кезіміздің кейбір жастары, әсіресе, қалалықтар қазіргі уақытта да ата-аналарының қайда туып өскендерін білмейді, туыстарын ажыраты алмайды, ата-бабаларының кім екеніне мән бермейді, дедушка, бабушка, внук, племянник деп соға береді, оларға өз атаң да бір, нағашы атаң да бір, бауырың мен бөлен де, немерещ мен жиенің де бір қалыптан шыққандай. Сондықтан бәріміз, әсіресе, жастар осының барлығын және қазақ айтқандай жеті атамызды, руымызды білуіміз керек. Бұл менің ұлтшылдыққа уағыздап, атага, руға бөлінейік дегенім емес, біз ұлтжанды адам болып, жаңа заманға тәрбиеленуіміз қажет, барлығынан мағлұматымыз болуы керек.

Ең басты мәселенің бірі мемлекеттік тілімізді дамыту, ол әр адамның парызы, қай ұлт болмасын өзінің тілін білуге оны дәріптеуге міндетті. Мемлекет тарапынан барлық жағдайлар жасалып жатыр, бірақ барлығымыз сол мүмкіншіліктерді пайдаланып жатқамыз жоқ, әлде де әттеген-айлар көп, кейбір лауазымды қызмет атқарып отырган азаматтар өз ана тілдерін қорлайды, мемлекеттік тілді терен менгермейді, басқа тілдерді қосып шұбарлайды, тілдерін әрен дегенде бұрап бір-екі ауыз сез не сөйлем айтқан болады, оның өзі кішкентай баланың жаңа шығып жүрген тіліндей, осыны көріп, естіп отырып терен ойға кетесің, өз-өзіңен күйінесін, ренжисің. Қазір заман басқа, алға койған мақсаттарымызды, үкімет белгілеген бағдарламаларды орындаудымыз керек, басқаша ойлаудымыз қажет, өзгеше жаңа өмір сүруге талпынуға тиістіміз.

Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен деген ұлы Абай атамыздың сезі бар, сондықтан, біз ондай ғұлама адамдардың айтқандарын әсте ұмытпаудымыз керек, өткен заманың жақсысын дамытып, жаманың ысырып тастау қажет. Қазіргі уақытта Президентіміз үш

тіл білу қажет деп отыр, ол меніңше, ете дұрыс, өйткені, біз алдыңғы қатарлы ел боламыз десек, орыс, ағылшын тілдерін білуге тиістіміз, сол тілдер арқылы біз алдыңғы қатарлы ғылымды, жаңа технологияларды оқып үйреніп, менгереміз, ол өзіміздің ғылымды, отандық әндірісті әрі қарай дамытуға ықпалын жасайды. Керек десен басқа тілдерді де үйрен, өз қара басым көп тілді менгерген адамды ете сыйлаймын, оның болашағы бар, мәдениетті, көп оқып-тоқыған адам еңбеккор болады.

Менің айтайын дегенім, өз тілінді жете біліп тұрып басқа тілді үйренуге талпынсаң сүйініш, ал, өз тілінді білмей тұрып, басқа тілге еліктесен ол күйініш. Бір сез бар ғой, қанша орыстың тілін жетік менгерсен де орыс бола алмайсың деген, меніңше, оның қажеті де жок, неге десен сенің қаның қазак.

Кейде автобустарда немесе көшелерде үлкен апа-аталарымыз тілі келмей жатса дағы немере-шөбересімен, жиенімен орысша сойлесіп жатады, естіп отырсаң ете тұрпайы, бұл мәдениеттілік, көп білгенділік емес, топастық. Оның қажеті қанша, мүмкін олардың әке-шешесі орысша сейлесетін шыгар, оған біз де кінәліміз, сол кездегі қоғам да кінәлі болды. Қазір заман басқа, жағдай басқа, балалар үйде тіл білмесе қазақ бала бақшасына апар, үлттық мектепке бер. Әр үлттың өз тілі бар, соны дәріптеу керек, салт-дәстүрін сақтау керек. Сондықтан, біздің жастардың, болашақ жеткіншектердің құлактарына осы сөздеріміз іліксе деген ойдамын.

1960 жылдың шілде айында Бекмұқамет ағайдың ертеде шықкан ағаш кабиналы «ЗИС-100» машинасымен өзіміздің еліміз Қарашілікке көшіп келдік. 1962 жылы біздің жанұяға екінші шешеміз Шемшібану қосылды, ол кісіден өмірге Қайырболды, Қайыр, Гүлмира бауырларым келді. Олар да үлкен азамат болды. Қайырболдының үлкен баласы Аян Щучьеведегі әскери кадет корпусын бітіріп, Талдықорған маңайында әскери қызметтін атқарып жүр. Екінші Раяны шешейдің қолында, Кішкенекөл мектеп-гимназиясының оқу озаты, қызы Ақбота Кекшетаудагы Ж.Мусин атындағы педагогика колледжін бітірді. Гүлмираның баласы Дәниятр Нетропавлдың қазақ-түрік лицейін бітіріп, грантпен Астананың жогары оқу орнында оқып жатыр, болашак тарих мугалімі.

Ол кезде елде жаңа салынған ақ шаңқай үйлер, қатар-қатар тізілген көшелер, аула, үй араларында топырлап ойнаган бала-шага, көшеде өз шаруаларымен жүріп жатқан машина мен тракторлар, жаяу жүргіншілер, бірен-саран ат-арбалыларды да көруге болатын.

Елдің шетіне шықсаң, табын-табын қара мал, мыңғырган отар-отар кой, алыстан көрінетін үйір-үйір жылқылар, далаға қарасаң, ұшантеніздей болып жасыл шүйгін шеп өсken, үніліп қарасаң көкжиек қана көрінетін еліміздің жазиралы кең жазық даласы болатын. Соган сай күннің де көзі де жарқырап, самал желдің жылы лебі есіп, тып-тымық ауа райында, ашық аспанның астында тап-таза ауаны жұтып тұрып біраз ойларға бой алдырасың.

Жұмыстан сон кешке қарай жастар да көшеге шыға бастайды, олардың айналдыратындары ауылдагы мектептің стадионы, торитындары клубтың маңайы, кешке қарай бүкіл ел болып үлкен-кіші, бала-шага жиналып барып, кино тамашалайды, ал, енді үнді киносы келді десен օған хабарландырудың қажеті жоқ, Қазым бір балаға айтса болды, әп-сэтте бүкіл ел біледі, содан ауылда сол түні бір үйде жарық болмайды, свет өшірүлі, халық тайлыш-тұяғымен, жапа-тармагай, асығып-үсігіп, әүпірімдеп клубқа жетіп бос орындарға жайғасады, жетлегендері экесінің үйінің төрінде жатқандай еденге шалқаяды, кейбір сиыр сауып кешігіп келген апа-шешелеріміз әй шешек тұр, орын бер деп балаларды орнынан куып жатады, ал енді кейбір жұмысы жок үлкен кісілер бір-екі сағат ерте келіп клубтың алдында жайланаңып темекі шегіп, насыбай тартып, шырт-шырт түкіріп, әңгіме-дүкен құратын. Сонымен, түннің ортасына дейін үнді киносын тамашалап, Қазым қандай, екі сериялап бір-ақ әкелетін, үйді-үйге тарасатын, барлығы үйлеріне жеткенше гу-гу етіп, әлгі киноның әңгімесін жалғастырады, балалар қандай, бір-бірімен жағаласып, әй, олай емес, былай деп езулейді, Фонтомас киносы десен олардың одан сайын естері шығып, арқалары қозиды.

Сиырын сауып үлгермеген кейбір жас келіншектер үйге келісімен белдемшелерін тартып, қолдарына су, сұлгілерін алып, шелек ұстап, сиырларының бауырына жармасады, үйқылы-ояу танының жарығымен қай сиырын сауып, қайсы сауылмаганын шатастырып, басы қатып, мезі болып, әлгі көрген кинолар көз алдына елестеп, бұл не қылған махаббат деп, көзі қарауытып, ақырғы сиырды шала-шарпы сауып, есендіреп әрәң дегендес орнынан тұрады.

Кейбіреуі әлгі киноның әсерімен жолдағы тұрган тіреулерден ұстап, мас кісішіне тенселіп барып, үйіне әрәң дегенде кіріп төсегіне жалп етіп құлайды.

Пысықтаулары малын айдал таңғы өріске қосып, күйеуінің тамагын эзірлеп, әмпәй-жәмпәй болып, үрлеп-қағып, бірнеше рет айналып-толғанып, тамагынды ондал іш, жұдел қалма, кешке ертерек орал керексің, тағы да үнді киносы болады дейді, ертеген жексенбі гой жақсылап дем алармыз деп жұмысына шығарып салады.

Содан әлгі кинолар бітіп, келесісі қелгенше ешкімнің, әсіресе, әйелдердің аузы жабылмайды, олар үйді- үйдің жаңына жиналып алып, бақайшағына дейін талдаپ біраз диспут құратын. Ондайда бүкіл шаруа жайына қалатын, сиыр бұзау емізеді, бұзау таяқ жегізедінің кері болатын.

Шынын айтқанда осы заманда сол уақытты, балалық шағынды есіне түсіріп ауылды сағынасын, өсіп-өнген жерінді сағынасын, дос-жарандарды сағынасын, тіпті, өтіп бара жатқан өмірді сағынасын. Сондықтан, әр адамның елі болсын, соны сағынатын жүргегі болсын дегім келеді

Ауылға барғанда кейбіреулерлермен шүйіркелескенде, шетте жүрген елдестерімізді, жолдастарымызды еске түсіріп әңгімелессек, әй, ол елге не істепті, қандай еңбегін сінріпті дейді, менінше, ол кате түсінік, әрбір адамның өзі істеген жеріне еңбегі сінеді, жоғары қызметте болса сол аймаққа еңбегі сінеді, тіпті, биіктен көрінсе бүкіл елге еңбегі сінеді.

Біз Көкше өнірінен шыққан хан-батырларымызды, ақын-жазушыларымызды, сал-серілерімізді, әнші-жырауларымызды, ғалым-окымыстыларымызды, мемлекет және қогам қайреткерлерін айтып мақтанамыз, оларды мақтан тұтамыз, расында, солай болу керек. Ал, енді төмен қарай түссек, әрбір ауылдан ғалым, ақындар шыға бермейді. Біздің елдің азаматтары, жерлестеріміз біздер, Үлкен Қараойдан шыққан қазіргі уақыттағы жалғыз академигіміз Кенес Қажымұратовты неге дәріптемейміз, неге мақтанбаймыз, сол Аюқар ауданының басшылары құлақ қағыс болып сол кісінің есімін Талшық басының бір көшесіне берсе, осы мәселені ел болып көтерсе, басында жүрген азаматтар мұрындық болса, халық құптар еді. Осы уақытқа дейін қай елде болмасын өшпей жатқан Красивая, Строительная, Торговая көшелерінің бірін жойып, Талшықта ондай көшелер болмаса басқасы бар шығар, сол кісінің аты жазылған тақтайша бір көшедегі үйлердің мандайшаларында жарқырап тұрса, сол көшеге сән берер еді және Құлықөлдің аты өзгертіліп, сол кісінің атымен аталса, өте жақсы болар еді. Өйткені, ол кісі жас кезінде сол кеншарда токарь болып жұмыс істеген.

Біз неге ұмытуымыз керек кезінде республикаға аты жайылған, Алматыға әртістікке шақырган, Қызылту, Еңбекшілдер аудандарында сottың төрағасы болған, өзіміздің алтынышың тумасы, жez таңдай энші Тақау Сейітовты.

Неге ұмытылып бара жатқан айтыскер ақпа ақынымыз Жұматай Мәдиевті мадақтамаймыз?!

Елімізден шыққан қаламы ұшқыр облысқа белгілі журналист, облыстық «Көкшетау правдасы» газетінің бөлім менгерушісі болып істеген Қайыргелді Аягановты қалай ұмытамыз? Қайыргелді ағамыз 1917 жылы елде туған. Бұл кісінің туған ағалары Эшербек, Мақит, экелері Аяган.

Қайрекең бастауыш сыныптарды елден оқып, артынан Әубәкіров Жақияның кенесімен Омбы облысының аудан орталығы Полтавкада оқып оныншы сыныпты бітіріп шыгады.

Ал Жақия ақсақал Эшербектің келіншегі Шәкира апайдың туған ағасы. Ол кісінің оқығаны-тоқығаны көп, көзі ашық адам болған екен, Омбының педучилищесін бітірген. Ол кезде әркімнің қолы жете бермейтін үлкен оку ордасы болды.

Содан Қайрекең елге оралып «Үлен Қарой» ауылсоветінің хатшысы болады, ол кезде оның төрағасы болып Әлібеков Мұқаметжан ағамыз істейді. Кейінірек бұл кісі Қызылту аудандық партия комитетінде қызмет атқарады.

Біраз жылдан соң Қайыргелді Аяганов Қызылту ауданының «Қызылту» газетіне меншікті тілші болып орналасады. Кезекті аудандық комсомол комитетінің конференциясында бірінші хатшы болып сайланады. Сонынан аудандық газеттің редакторы болып істейді. 1940 жылы оны Алматыдағы үш жылдық совпартшколаға жібереді. Оны ойдағыдай бітіргесін сол кездегі өзіміздің Солтүстік Қазақстан облысының «Ленин туы» газетіне жолдама алады. 1944 жылы Қекшетау облысы құрылғанда облисполкомның өнеркәсіп бөлімінің менгерушісі болып қызмет істейді, көп ұзамай облыстық «Кекшетау правдасы» газетіне партия тұрмысы бөлімінің менгерушісі болып ауысқан екен және бір мезгілде республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі болыпты, КСРО, Қазақ ССР Журналистер одагының мүшесі.

Қазіргі жастар, мектеп қабыргасындағы балалар жоғарыда айтылған ағаларымыз туралы хабарсыз болуы мүмкін. Соңықтан, бұл салада ауқымды жұмыс жасай алатын, көп мүмкіндіктері бар білім, мәдениет мекемелері. Соның ішіндегі жүрген азamatтардан көп үміт күтеміз.

Ал, енді өзімізben тетелес өскен, ел азаматы, аудан, облыс колеміне мәлім айтыскер ақынымыз Қапез Халевовты қалай үмытамыз. Менің ойымша аудан көлемінде Жұматай Мәдиеv скеуінің атына арналып айтыстар ұйымдастырылса, басқа да мәдени шаралар өткізілсе, одан ешкім ұтылmas еді. Қызмет бабымен сыртта жүрген талай азаматтар бар. Не істепті деген сөзді қойып, соларды еске алып, жас жеткіншектерге жеткізіп, ауылда еңбек еткен соғыс, сіңбек ардагерлерін айтып тиісті бағаларын беріп отыру керек.

Кино демекші, содан кейін бертіндегі «Изаура» атты кино шығып, бір бәле болды, бір жақсысы ешқайда жиналмайсың, ешкім bogет жасамасын деп бір бөлмені жауып алып, телевизорды қосып қоясын, құдайға шүкір, ол кезде бәрінде бар, кешке қарай болатын кезінде масаның ызылы гана естілетін, содан теледидардың алдында тырп етпей, демінді анда-санда алып, біреу байлап қойғандай пәлен сағат тағжылмай отырасың, жұмыста да ондай отырмас едін, зорласа да. Ал, Изаурада отырасың, ел көшіл кетсе де отырасың. Ол кезде ауылда далада ешкім журмейді, мал келетін уақыт, келгені келді, албардың қақпалары ашық, келмегенін үй-үйді аралап жүріп артынан тауып аласың немесе таңтертең басқа үйден өріске өздері шығады, кеншілік заман, ұрлық-қарлық жоқ. Кейбірулері осы телевизордың басындағылар да санасыз, күндіз неге қоймайды екен, әйтеуір, ешкімнің жұмысы қалып бара жатқан жоқ деп қынжылатын.

Қазіргі уақыт тамаша, кабельныйын көресің бе, тарелкасы барды көресің бе, цифровойды көресің бе, үйдегі әр жанның өз еркісі, өйткені, бөлме сайын бір-бір теледидар, жатып көресің бе, тамақ ішіп отырып көресің бе, өз еркін. Толып жатқан арна, әр адамның талғамы әр түрлі гой. Соны білгендей телеарналар да бір-бірімен жарысқандай. Біреуі боевик, енді біреуі өмір хикаясын, кейбіреуі клиптерін, спорт дейсің бе, мәдениет дейсің бе, әйтеуір, неше түрлі бағдарламаларын көрсетіп жатады, әлде біреу біздің үйде елу төрт канал көрсетеді деп мактанса, енді біреуі біздікі жетпіс екіге барады деп қопияды.

Қазір не көбейді, түркі, кәріс кинолары жол бермейтін болды, бір жағынан бұл құптарлық та іс, өйткені біздің салт-дастырлерімізге жақындау, тәрбиелік маңызы да зор сияқты. Үнді кинолары әліде болсын, халықтың көnlіндеге, қазір «Келін» деген фильм жүріп жатыр, әлгі кино болғанда біреулер тамағын ішпей, күзетте отырғандай қалшиып отырады, қайсы бірі басқа бөлмеде

атыс-шабысты тамашалайды, енді кіші немерелерің келсе, түсінбесе дағы бапан, бапан («Балапан» арнасы) деп жүгіріп жүреді, лажсыздан үлкен залды соларға, басқа бөлмені әйеліңе бересін, өзін кухняға барып көрген кинонды аяктайсың.

1960-1961 оку жылында мен төртінші сыныпты Мұқыжан Бекбалтин ағайдың алдынан оқыдым, бұл жылы ескі ауылдағы мектеп жабылып, елге саман кірпіштен қабыргасын қалап сабак оқитын үш бөлмесі бар және мұғалімдер кабинеті мен барлық сабактарға қажетті заттарды сақтайтын лабораториясы бар жаңа мектеп салыныпты. Бұл мектептің бірінші директоры болып Қызылту аудандық оку бөлімінің бұйрығымен Мұбәрак Сәдуақасов ағай бекітілді, ол кісі бұрынырақта бірнеше жыл «ескі ауыл» мектебін басқарып, артынша «Жаңаауыл» кеңшары құрылғанда, сондағы мектептің директоры болып істеген, ете тәжірибелі басшы, адамгершілігі де жақсы, адамға жұғымды, теріс мінезі жок, өр көкіректікten ада, мәдениетті, білімді, ақжарқын азамат болды. Мектепке Советтердің 8-ші съезі атаяу берілді, ол кездे жетіжылдық болатын. Сәбит әкей оку ісінің менгерушісі болып бекітілді. Бірінші ұстаздарымыз болып Қайролла Жахин, Құләндә Сералина апай (директордың жұбайы), Оразкен Нұргожин, ағайлар, орыс тілі мен әдебиетінен Мишин деген азамат, бастауыш мектепке сабак беретін осы кісінің жұбайы Евдокия Федотовналар келді.

Әкей математикадан сабак берді, көп үндемейтін, сөзге сараң, түсі сүйк, мінезі қатты, математиканы шертіп отырып, мыңца шегелеп құйып беретін мықты ұстаз болды, ол кісі сабак өткізгенде масаның ғана ызылы естілетін. Тактаға есеп шығарып жатқанда біреу – міреу күбірлесіп қалса, артына қарамастан әлгі баланың атын айтып тыныштыққа шақыратын, оқушылар бір жағынан қорқатын, бір жағынан сыйлайтын. Сондықтан болар көп балалар математиканы жақсы игеріп, сонынан математика пәнінің мұғалімдері, экономист мамандары болды. Әкей 52 жыл ұстаздық етті, ауданда соншама уақыт бұрын-сонды ешкім істеген жок, облыс, республикада да шамалы болған шығар. Ол кісінің еңбегі елеміл «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі» белгісі берілді, бірнеше мактау грамоталарымен марапатталды. Соғыс ардагері ретінде өніріне оншакты медальдар тағылды.

Құләндә апай қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс берді, өз сабагының «профессоры» болды, мінезі қатты, өні салқын, көп сөйлемейтін кісі еді.

Қайролла мұғалім химия, биология пәндерінің маманы, өз інін жетік білетін, сыныпты баурап алатын, тақырыпты жақсы түсіндіретін, әдістемесі өте жақсы, байсалды, саспайтын, бірқалыпты, күлықшыл, сыйлы азamat болды. Ол кісі еңбек пәнінен де сабак берді, бес саусағынан бал тамған өте шебер кісі болды. Сол кісінің басшылығымен мектептің маңайына ағаш егіп абаттандырдық, күнде катлованнан шелекпен су тасып суарып, юрлагандай қылып сол ағаштарды өсірдік, әттен, не керек, 25-30 жылдан кейін әлгі ағаштар кесіліп, отқа жағылыпты. Зая кеткен сіңбек пен уақыт-ай десеңші, кесуге қандай кісінің қолы барды екен.

Мұқыжан мұғалім сабакты түсіндіре білетін, қатты сөйлейтін, тыныштықты талап ететін. Оразмен мұғалім бастауыш сыныпты оқытумен бірге, дene шынықтырудан сабак берді. Кейін бұл кісі өз мамандығы бойынша қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс берді.

Кейінірек Асылғат Қажахметов, Мұхамедияр Шәпенов, Көпей Мұхитденов, Мұтәш Габдуллин, Шынтемір сияқты агалар сабак берді, содан оларға жас мұғалімдер келіп қосылды, олар Рашид Молдабаев, Н.П.Трончук, М.Я. Левчук, Хапез Халелов, М.Ш. Шайсултанова және Г.Д.Бертебаева. Бертін келе олардың қатарын Мұтәй, Зикен мұғалімдер толықтыруды.

Көпей орыс бастауыш сыныптары мен дene шынықтырудан сабак берді. Сол кісінің алдынан бірінші сыныпта оқыған Балтабаев Жәнібек, Мұхамедиев Телеубайлар жоғары білім алып, әр салада қызмет атқарды, қазір біріншісі Кекшетауда республикалық азық-түлік корпорация филиалында инженер болып істесе, екіншісі Ақмола облыстық жер катынастары басқармасында аға маман болып қызмет атқаруда.

Бұл мұғалім спортты дамытуда да ерекше көзге түсті, өмірі ойнамаған стол теннисін де ойнай бастадық, столын Қайролла мұғалімнің көмегімен қолдан жасады, өйткені, оны сатып алуға мектепте қаражат деген болмайтын әрі дүкендерде де кездеспейтін. Мектептің жанынан спорт алаңын жасап, мектеп директоры Мұкеннін аркасында биіктігі бес метрлік арка жасап, соған кальцо шығыршығын, қолмен жоғары өрмелейтін саты, канат орнаттыруды. Заводской турник орнатылды, баскетбол, волейбол, футбол алаңдары жасалды, балалар соның маңайынан шықпайтын, биіктікке, ұзындыққа секіретін, ядро, найза, граната лақтыратын секторлар жасалды, бум орнатылды, гимнастикалық бұйымдар, шанғы, конькилер сатып алынды, бір сөзben айтқанда, аудан

бойынша жап жақсы спорт алаңдарының біріне айналды. Өзіміз де біраз спортын шұғылдандық, ауданда өтетін окушылар спартакиадасына қатысып, сегізжылдық мектептер арасында жақсы жетістіктерге жетіп жүрдік. Ол кезде Жексенбай Таубаев, Қазым Ләтіпов, Асқар Нұрпейсов, Айтжан Айсин, Марат Кринмайер, Қапез Халелов, Женіс Олжабаев, мен жеңіл атлетика мен шаңғыдан жақсы көрсеткіштерге жетіп жүрдік. Қөпей өзі керемет спортшы болды, шаңғыдан, еркін күрестен аудан чемпионы атанып, облыстық жарыстарға қатынасқан. Ол жан – жақты азамат болды, бізге фото үйірме ашып, суретке түсірудің қыр сырын үйреткен, соған еліктеп мен, Қайырден, Женіс фотоаппарат сатып алғып, суретке түсіріп, оны жасайтын қабылетке де жеттік. Мұғалімдер арасында бокстың әдіс айлаларын үйретіп жататын. Өзі ақжарқын кішіпейіл жігіт болды, бізде істеп жүргендеге сырттай Петропавл педагогикалық институтының физика математика факультетіне окуға түсken болатын. Артынан басқа институтқа ауысып экономист болып шықты, кезінде Қызылту ауданының Қызылту РСХО – сында парторғлаузымына дейін көтерілді.

Мұтәш мұғалім спорт деңгейін одан әрі дамытты, спорт алаңын қоршаумен қоршатты, жиектеріне ағаш еккізіп, отыратын орындықтар істетті, керемет үлкен стадион болып шықты. Қазіргі уақытта 80 жастан асқан сыйлы ақсақал қажы Мұтәләп (шын аты) атанып отыр, ол кісінің жары Мәдинә апай да қажылыққа барып қайтты.

Кейіннен Мұтәш ағай мұғалімдіктің эстафетасын маган ұстадты, мен де бір оку жылы дene шынықтырудан сабак бердім. Осы жылдары мен, Қазым, Женіс, Мұхамедтер совхоз футбол командасының құрамында ойнап, аудан біріншілігіне қатысып жүрдік. Жексенбай екеуіміз қазақша күрестен аудан біріншілігіне қатысып, чемпион да болдық. Мектептегі спортты дамытуға менің де қосқан үлесім бар. Ауылда бірінші рет катлованда хоккей кортын жасап, осы ойынды ойнайтын болдық, сол кезде жақсы ойын өрнегін көрсеткен окушылар Амантай Халелов, Мереке Құсайынов т.б. болатын, бұлар футболды да жақсы ойнайтын.

Мұтәш Қабдоллаұлы артынан өз мамандығы бойынша сабак беріп жүрді. Бұл кісінің аздаған өлең жазатыны да болатын. 2012 жылы ол кісінің «Ұрпақтарымға өсінет» деген кітабы жарық қөрді. Соның ішінде ондаған өлеңдері бар, арасынан таңдал «Астана» атты өлеңін оқырмандардың назарына ұсынып отырмын.

Айналдым сенен Астана,  
Кеп ұлтқа болдың баспана.  
Жан-жағына нұр шашып,  
Он жасқа толдың жас қала.  
Ислам дінінен қуат ап,  
Шалқи берсін тірлігің.  
Аскактай берсін құн сайын,  
Ынтымақтастық, бірлігің.  
Қонған жерін де жайлыш екен,  
Ел-жұртың мындалап өсетін.  
Ұясы болыш ұлтымның,  
Бақытты өмір кешетін.  
Атағың қенге жайылып,  
Атыңды таныт әлемге.  
«Қазақтар ұлы халық !» деп,  
Әлемге барлық дәлелде.  
Тәнірден тілек тілеймін,  
Тып-тыныш тірлік кеше гор.  
Айбынды қалам Астана,  
Өсе бер, елім, өсе бер!

Төртінші сыныпта мен, Мәди Әміржанов, Женіс Олжабаев, Қартақ Бекбалтин, Сүйіндік Шәрімов, Раушан Біләлова, Боташ Шайсұлтанов, Амантай Дәрдин, Қалима Қосмаганбетова бірге оқыдық. Біздің сынып жақсы еді, тәртібіміз жаман болған жоқ, ал сиді б-шы сынып ең шуылдағыш болды, ондағы оқыған Сайлау, Қапез, Айтжан, Аскар, Нұрахат, Әнәр, Амантай және Зияда атты оқушылар үзіліс уақытында алыс – жұлыстан қолдары босамайтын, қабинеттің шаны көтерілетіні сондай, әлгі балалар бірін – бірі көрмейтін. Бесінші сынып қыздарының өнерлері тек алтысып жұлысып Қайырденді ойнат ұрып соғып, жұма сайын көзілдірігін сынидыру болатын, бірақ, ол да есесін анау мынау қыздарға жібере қоймайтын. Бұл сыныпта Елубай, Қайырден, Бәшен, Барлыбай, Жәлел, Қалкен, Асылбек, Құлпаш, Мәруәш, Күміс, Балкен, Сара, Куәштар оқыды. Мектебімізде жалпы саны 70-ке тарта оқушы болды.

60 жылдары ауылда төрт көше, 70-80 үй болатын, еңбек стемін деген адамға жұмыс табылатын, халықтың көбі механизатор,

қалғандары мал шаруашылығында істейді, әйел адамдар науқан уақытында ғана жұмысқа тартылатын.

Ол кезде бөлімше басқарушысы болып Сыздык Омаров ағамыз істеді, бұрынғы «Ворошилов» колхозының төрағасы, сол кезде аудан бойынша беделді адам болды, ол уақытта Қызылту ауданының алдыңғы қатарлы колхоздарының бірінен саналып, тасы өрге домалап тұрган кез.

1962 жылдан бастап құрметті демалысқа шыққанша Әшім Балтабаев істеді, ол кісі маган жездей болады. Зайыбы Қапса апай біздін әкеймен үш атадан қосылады, соғыс және еңбек ардагері. Бұл елді көркейтуге ол кісінің көп еңбегі сінді. Бөлімше әр жылдары жақсы көрсеткіштерге жетіп отырды. Экономикасы нығайып, халықтың әл-ауқаты жақсара түсті. Үкімет пен партия Әшекеннің еңбегін елеп орден, медальдармен марапаттады. Арасында әр жылдары Баттал Әлімжанов, Нәби Әміржанов, Еслям Шамгұнов бөлімшени басқарды.

«Жаңаауыл» кеңшары 1957 жылы құрылды. Бұл шаруашылыққа сол кездегі Үлкен Қарой ауыл Советінің құрамында болған «Жаңа өмір», «Қарасу», «Қайраткер», «Өркениет» колхоздары енген. Оның орнын белгілеу үшін, екі рет халықпен ақылдастан Қызылту аудандық атқару комитетінің төрағасы Кәмәли Мырзақметов сол жерге бірінші қазықты қаққан екен.

Жаңаауылдың бірінші директоры болып Шоң Рақымов істеді, бір-екі жылдан соң оны Сухотеплый ауыстырып, артынан Украинаға көшіп кетті, ол кісінің баласымен 1968 жылы Байқоңырда Совет Армиясының катарында бірге болдым, фамилиясы есіме түсіп, танысқаным бар.

1962 жылы кеңшар директоры болып Петр Дмитриевич Щерба келді. Бұл кісі келгеннен кейін шаруашылықтың экономикасы түзеле бастады, егін шаруашылығымен айналысу түзу жолға қойылды, жердің құнарлылығын арттыру қолға алынды, агрошаралар уақытында және сапалы жүргізіле бастады. Кеңшардың шет жағына қарай Қарасу өзенінің бойына бес гектардай жерге қолдан суландыратын огород жасатқызыды, оған арнағы су сепкіш техника алғызып, әйелдерден бригада ұйымдастыртқызып, ұлты кәріс Нью деген бас агрономының жұбайын бекітті. Олардың жұмыстары алға басты, бұл огородта өспейтін жеміс болмады, картоптың қөвшілігі соншама Жаңаауыл, 8 съезд, тілті, Қызылту мектебінен келген окушылар әрең дегендे

жинап теріп бітіретін. Алынған өнім жердің астынан әдейілеп қазып жасалған машина кіріп шығатын үлкен қамбага сыймайтын, қырыққабатта есеп жоқ, сәбіз дегенің тонналап есіп, шошқаға азық болатын, қалғанын елге әкеліп қошқарларға беруге бір баздың ішіне төгетін, оларға берілгеннен қалғаны үсіп кетпесін деп халықта таратылып, бала-шаганың аузынан қалмайтын. Кейбір қеңшарлар асханаларында жеткізе алмайтын. Огородтың қызығын мектеп интернатында тұрганда көрдік, тамақты асханадан ішетінбіз дәмді тамақтармен қатар, неше түрлі салаттар жасап беретін, тамақ тоқ болатын, сонда тәрбиеші Бораш ағамыз айтатын, «это вам не откормсовхоз, учиться надо» деп. ол кісінің айтайын деген «сөндерді бордақлауға жинағамыз жоқ, сабак оку керек» деген сөз, ягни, жаңыашығандық.

Қара мал басы көбейіп, қеңшар қой шаруашылығына айнала бастиады, оларға жаңадан мал қоралары салынды, сол кездегі аудан көлеміндегі озат шопан Бекішев Олжабайға Тал ауылында жаңадан төрт белмелі үй салып берді.

Жаңаауылда МТМ, гараж, қеңшар қеңсесі, құрылыш участкесі, клуб, асхана, мұғалімдерге арнап жаңа екі қабатты сегіз пәтерлі үй, Талшық жақтан кіре берісте коттеджге ұқсайтын екі қабатты төрт пәтерлік бес үй салынды. Бір отбасының пәтері екі қабатта болатын, жылу мен су кіргізгенде расында да коттеджден кем емес, жылына он шақты екі пәтерлік үй және жеке отбасына арналған үйлер пайдалануға беріліп отырды. Қошелерге электр жарықтары орнатылды, грейдерлер жүргізілді, абаттандыруға көп көңіл бөлініп, үйлердің жаңына сырттан әкелінген тал ағаштар егілді, сөйтіп қеңшар орталығы жасыл желекке айналды. Бұл жұмысты Қарашибілікке де жургізді, Петр Дмитриевичтің сұрауымен және оған үйіткы болған Советтердің 8 съезі атындағы мектептің директоры Мұбәрәк Садуақасов орталықтан ауылымызға ағаш әкеліп балаларға таратып, әр үйдің жаңына еккізді және оны өзі қадағалады.

Кеңшар басшысы бөлімшеге де көп көңіл бөлді, шымнан салған жертеlegenе орналасқан дүкенге жаңадан үлкен дүкен салғызып берді, жетім бала құсап әр үйдің босағасын арапап жүрген көшпелі қенсеге жаңасын салғызды, бұрынғы электростансаның жаңынан жақсы жабдықталған ұстахана ашқызды, оның иесі болып Шамғұн ағамыз тағайындалды. Бұл кісі өте шебер болды, колынан келмейтін іс жоқ, қажет болса, соқа жасайтын да қабілеті болды. Соқа демекші, баяғыда согыстан кейінгі кезде аудан басшылары ат-

шанамен жүретін уақыт, басқа көлік жоқ. Солардың бірі жұмыс бабымен колхозга келіп ат басын ұстаханаға тірдейді, ішке кірсе сол кездегі Шамғұн ағамыз сияқты егде тартқан аудан қөлеміне эйгілі ұста соқа соғып жатса керек, әлгі бастық олай-бұлай айналып жүріп, бітіп қалған соқаны қарап тұрып ақсақал мына соқаңыз маған ұнады, бірақ ана жерінде бір тесігі жетпейтін секілді депті. Әлгі ұстаниң мінезі шәлкек болса керек, тілінің де ілмешегі болыпты. Е басеке, қырық шакырым жерден қара айғырды терлетіп келгесін бірдене деп қырту керек қой деген екен. Сол сияқты біздің ағамызда мықты ұста және ағаш шебері болды, сынды да жақтырмайтын. Экеге тартып бала еседі демекші, Шәкененің баласы Еслем дә шебер болды, сегіз қырлы бір сырлының нағыз өзі, ұсталықтан да хабары бар, ағаш шебері. Неше түрлі сервантарды, залдың, ас-су бөлмесінің шкафтарын, ас ішетін дөңгелек тапал, қонақтарға арналған биік столдарды ою-өрнектерін жасап істей береді, қаладағы базарда сатылатын жиһаздардан бір кемі жоқ. Ол да жоғарыдағы ұста секілді сын кетермейді, бірдене айтсан мә өзің істеп ал деп бұрқан-талқан болып барлығын лактырады, өйткенше, он-солынан шығып күрдай жоргалап, Есеке деп мақтауынды жетістірсөн, ойлағаныңдай қылып қатырып істеп береді.

Электростанса демекші, ауылда 1963 жылға дейін «С-80» маркалы трактордың моторы қойылып ауылға жарық беріліп тұрды, Яков Бриль моторист болды, шамды сағат түнгі 12-ге дейін жағады. Оның тамагы тоқ болатын, ақмағанбеттен аузыы босамайтын, өйткені, біреудің үйінде той-думан болса, сол үйдің иесі баласының қойнына бір көсек ет пен бір шишиш қыстырып, дядя Яшаға сәлем айт, жарықты екіге дейін жақсын дейді, олай деп айтпаса да дядя Яшаның ол кезде «лимиті» бітіп, әке десен де ары қарай жақлайтын, ойы тек үйге жету болатын.

Содан кейбір үйдің пысық әйелдері барлық шамдарына құдай берген тегін керосинді құйып, пөзірегін сүртіп, жылтыратып дайындал қояды, кезінде сенек, шоланға дейін жарық жағылады, тіпті фанардың өзі көзін сығырайтып, анда-санда жыптылықтатып, мен мындалап пөгірепке түсуге дайын тұрады.

Ал енді өмірі уақыты жетпейтін кейбір әйелдердің свет сөнген кезде берекесі кетіп аспалы шам, білтелі шам дегендерді іздең, құргыр қайда қалған деп шыжбалақтап, кейбір апа, женгелеріміз ана бұрышты, мына бұрышты тұрткілеп, үйдің астан-кестенін шығарып, күйеуіне сарайдағы кирогазды тауып алып жақшы деп

шыуыс көтереді, қүйеуі болса, аузына бауырсақ тығып қойған шашмадай жөнді-жөнсіз бірдеңені міңгілрейді, жарықпен әрең жүрген кісі қараңғыда не істемекші, есігін де табалмай жүреді, қызып алған конактар мына жарықтың сөнгені қандай жақсы болды деп кіркүлдалап күліл, стақандагы аңы суларын қылғыта береді, әлгі үй хөзяйкасының борша-борша тери шығып, қараңғыда көзі қарауытып құлай жаздал, әрең дегенде ересек баласына әй, шешек көршіге ырып шам алып кел дейді, әлгі бала олар жатып қалды десе, қызыл шірден жатып, не әкетіп барады ол маңұлықтарға деп тепсінеді. Содан не керек, біраз уақыттан сон әйтеуір, бірденелерді жиыстырып шам жақса, қалғығаны бар, ұйықтаганы бар, отырганы ын, барлығының басын қосып, тойды жалғастырып шәй-пәйләрін беріп шығарып салады.

1962 жылдары жаңа электрожүйелер тартылып, электр қуаты келді, көшелерге түнгі шамдар койылды, әлгі уақыты жетпей жүрестін әйелдердің қолы босады, электрошайнеңектер, шектросамауырлар, кипитильниктер, кір жуатын машиналар пайда болуды, бір сөзben айтқанда, Ильичтің шамы жарқырап халықтың көзі ашылды. Эрбір үйлерге орталықтандырылған радио нүктелері орнатылды, көп үйлер бұрынғы жәшік секілді батареясы бар радиоларын шығарып тастал, светке қосып жүргізетін радиолалар шіл бастады. Бір адам айттуши еді, жайқалған Жетіүім деп, солай демекші, еліміз жайқалып, жасылданып, ауылдың еңсесі көтеріліп, үлдесніп шыға келді.

П.Д. Щерба бұл кеңшарға көп қызмет жасады, аяғынан түргызды, оның еңбегі ұмытылуға тиісті емес.

Бұл кісінің оң қолы болып адал қызмет істеген, елінің алдыңғы қынтарлы совхоз болуына қомақты үлесін қосқан елге беделді, сыйлы, әмір бойы бір ғана қызметте болған директордың шаруашылық жоніндегі орынбасары Бәйкен Тәжмиев. Бұл кісі өз жұмысын жетік білестін ете қабілетті, іскер адам болды. Кеңшардагы құрылыш мәселеі түгелімен осы кісінің мойнында, оған директордың басы нұуырып балтыры сыздамайтын. Қандай стройматериал керек болса, соның барлығын Омбы облысының мекеме басшыларын тік түргызып, тауып алып таси беретін, ол жақта оны құдайдай қарсы шытын. Кейбір кеңшар директорларының салы суға кетіп, тақтай, шапи, шифер, цемент, кірпіш тұрсын, шеге табаалмай жүргенде, бұл кісінің құрылышы қызу жүріп жататын. Стройчастоктың басында күжетті құрылыш материалынан аяқ басып жүретін жер болмайтын.

Байекен құрметті демалысқа шыққанша осы жұмысты абыраймен аткарды, бұл совхозда бірнеше директор істеді, бұл кісі олардың бабын емес, олар оның бабын табуга тырысатын, неге десеніз үй салудың жоспары орындалмаса, аудан басшылары директордың басынан сипамайтын, обкомның құрылыш беліміне дейін шақыртатын. Бұкіл Жанаауылдың үйлерін осы кісі салды десек, артық айттылмаған болар еді.

Петр Дмитриевичтің тағы бір жұмыс десе жаңып тұратын өндіріс жөніндегі орынбасары, Оразбай Шемшиңұров болды. Қылышылдаған жас жігіт, шаруашылықтың бас зоотехнігі. Ол кісі директордың орнында қалғанда оның жоқтығын білдірмей, жұмысты шыр айналдырып жүргізетін. Кеншардың қой шаруашылығын өркендестуге көп еңбек сінірді. Ол кісінің еңбегін елеп, жоғарғы жак бұрынғы Уәлиханов ауданы «Чапаев» кеншарының директоры, сонынан Ленин ауданы құрылғанда ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы етіп бекітті.

П.Д. Щерба 1967 жылы қызмет бабымен ауысып, Чкалов аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, сонынан 15 жылдай Қызылту ауларткомының бірінші хатшысы болды.

Осы тұста парторг болып, Қызылту аудандық партия комитетінің бұрынғы екінші хатшысы Айдархан Темірбаев ағамыз істеді, бұл кісі де кеншардың экономикасын көтеруге, халықтың тұрмысын жаксартуға өз үлесін қости. Коммунистер, жалпы бұкіл халық сыйлады, ол кісі туралы жақсы пікірде болды. Екі жылдан соң ол кісіні аудандық «Қызылту» газетінің редакторы етіп бекітті, кезекті аудандық партия комитетінің конференциясында екінші хатшы болып қайта сайланды. Ол кезде Советтер Одағы Коммунистік Партиясының бірінші хатшысы Никита Сергеевич Хрущевтің саясаты солай болатын, партия қызметкерлері екі жылда ауысып тұруы қажет. Ол кісі сонынан Көкшетау облыстық партия комитетінің бөлім менгерушісіне дейін жоғарылады, содан зейнеткерлікке шықты.

1963 жылы парторг болып «Чернитов» кеншары бастауыш партия үйіміның бұрынғы хатшысы Меркен Исаұлы Исин келді, соғыс және еңбек ардагері, жиырма шақты орден, медальдармен маралатталған, соның ішінде бөле жарып айтатыны, соғыстағы ерлігі үшін алған «Қызыл Жұлдыз» ордені. Бұндай дәрежеге екінші бірі жете бермейді. Бір хроникалық киножурналда да көрініп қалғаны

шыр. Ол кісі өте беделді болды, бір беткей, шенің бар, жүзің бар ғасымайді, айтатының көзінді бадырайтып тұрып айтып салады, бірақ, іншайтатын, кекшіл смес, адамгершілігі мол, бір адамға жамандық жисаған кісі емес, аздап аңқаулығы да болатын. 1970 жылдан бастап қыннеткерлікке шыққанша 16 жыл Ленинград аудандық халықтық биңқылау комитетінің төрағасы болып істеді. Сол кезде мені жақын шыртып інісіндей көретін, Жанаауылдікісің ғой деп. Қазір Кекшетау қылasyнда тұрады, 2012 жылы 90 жылдығын атап өтті.

1967 жылы кеңшар директоры болып Төрекан Сұханұлы Шахин келді. Кеңшардың экономикасы дамып тұрган кез, ол кісі жұмысқа мығым болды, елге ерінбей қызмет жасады. Жанаауыл шудан бойынша іргелі шаруашылыққа айналды, 1972 жылы 16 мың гектар жерге бітік егін шығып, бір жарым миллион пүт астық жиналды, шаруашылық жылдың қорытындысы бойынша 2 миллион сом пайда тауып, облыс қолемінде бірінші орынга шықты, осы сибесінің еленіп Төрекан Сұханұлы Ленин орденімен марапатталды. Қырашілік ауылшының көшелеріне грейдер істеткізді, катлован қызырды, клуб, белімше кеңесесін салғызды, мектепке бөлмелер қосқызды. Ол кезде «Жанаауыл» кеңшарында отыз мыңға жуық қой болды, саулықтардың басы көбейді, олардың 100 басына шакқанда 80-82 қозыдан алынды. Төкен 1973 жылы Ленин ауданы құрылғанда аудандық атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Сонынан шаруашылықты Жамбыл Әбдірәшітов, Серғазы Жұмабаев, Қыратай Раев, Қайырбек Шәпенов деген азаматтар басқарды.

1960 жылдары Қарашилік ауылы өркендей бастады, шынжыр шабанды, донғалақты тракторлар келді, бір жылы бірнеше жана машина берілді, бортовойларды Куандық, Рәббәни, Қемәш, симосвалдарды белем Әміргали, Хамет, Бекмұхамет ағайлар мінді. Қой басы да көбейді. Жұмыс қолдары жетіспей, балалар да енбекке шыртыла бастады. Мен 5 сыныптан бастап жазғы демалыс айларында шоп шабатын машиналарға отырып, малға азық дайындау науқанына қатыстым. Ол кезде шөп дайындау бригадасының бригадирі Қайырбек Исин болатын, есеп-қисапты жүргізетін Сыздық, ғагидолла, артынан Иманғали болды. Трактор жүргізуші Қабдолла, бүл ағамыз агрегат басшысы, олай дейтінім трактор соңына жеті шөп мишинасы (шика дейміз, сенокосилка) және тырнауыш тіркеледі, әрқайсысына бір адам керек, солардың жетеуі балалар, оларға бас-кез болатын бір үлкен адам болады, ол кісі Шәмшүэли, ол кезде жасы 40-ки толмаган азамат, мінезі бір қалыпты, біздерге дауыс көтермеген

адам, шекаларымыз сынып қалса, қалай ондауын үйрететін, не езі істеп беретін, кейде ондайтыны көп болса, ол шиканы ағытып кететін, загонды бір айналып шыққанша ондаң қоямыз, кейбір балалар былығып екі айналғанша істей алмаса, Қабдолла сазайын беретін, колмен емес тілмен. Бір-екі жылдан соң Шәмшүәли ағамыз ауырып қалып, ол кісінің орнын Тасболат ақсақал басты, ол кісі де бізге жайлыш болатын, балаларға керегі де сол ғой. Бертіндері ол кісі Үлкен молла болды.

1963 жылдың бір қүні тұскі үзілісте кеңшар директорының міндетін атқарушы Оразбай Шәмшінұров жанында бір кісі бар келе қалды. Шамасы П.Д. Щерба демалыста болу керек. Олар біздің жағдайымызды сұрап, мактап жатыр, балаларға одан артық не керек, төбеміз көкке екі елі жетпей қалғандай болдық. Артынан бұл кісі кім деп сұрасақ, ол Қызылту аумақтық-өндірістік ұжымдық шаруашылық-кеңшар басқармасының парторғі Василий Никифорович Зуб екен. Бұл тұстары Н.С. Хрущевтің кезеңі, райкомның аздаپ рөлі кеміген кез, басқару органдарының функциялары өзгерген уақыт. Келесі жылы Никита Сергеевич орнынан түскеннен кейін бұрынғы құрылым қайтадан қалпына келтіріліп, басшылықты партия комитеті өз қолына алды. Содан В.Н. Зуб Қекшетау облыстық партия комитетінің екінші хатшылығына дейін көтерілді.

Айтжан, Нұрақат, Сайлау, Алпысбай, Боташ, мен бір-бір шикада отырамыз. Таңғы сағат 7-ден оянып, кешкі 9-ға дейін шеп шабамыз, тұскі үзіліс ыстық күндері 12-ден 3-ке дейін, сонда 10 сағат жұмыс істейміз. Ол кезде аралдың шебін шабамыз, киіз үдіе матрас төсеп жерге жатамыз. Аспазшымыз Қабаңың зайыбы Бигайша, тек тамағымыз тоқ болатын. Баланың істегені білінбейді демекші, шаршau деген жок, кешкі тамақты ішіп алтып, үлкендердің үйікта дегенін елемей, сағат 12-ға дейін аксүйек ойнаймыз немесе чихарда, тіпті болмаса 100 метрлік қашықтыққа жарысмыз, ересек жігіттер де қосылып қалатын. Кейбір азаматтар шала орысшылап, «до татыра, до татыра жүгіреміз» дейтін. Татыр жер (сор ғой, солонец) шыныдай теп-тегіс болатын. Айына 80-90 сом ақша аламыз, ол кезде көп қараждат, содан қыркүйек айында кәмелетке толмаған балаларға жұмыс істеген артық сағатымыз үшін, 200-250 сом қосымша ақша төлейді. Сөйтіп әке – шешелеріміз бір байып қалатын. Бұрын ондай ақша төленбейтін, бұған себепкер болған және кеңшар басшыларына заң жүзінде дәлелдеген, біздің

Бригадага есепші болып келген Сыздық Омаров ағамыз еді. Ол кісі шілдесінде, білімді, бірбеткей адам, орысша, қазақшаға да тілі өткір болыды, бәлкім, оның сол мінезі шаруашылық басшыларына шипмаган шығар, сондықтан, бөлімше басшылығынан аластатылды. Ол ағамыз өртеде колхоз төрагасы болған кезде, Қызылту ауданы бойынша алдыңғы қатарлы, сыйлы басшы болған.

Ол кезде демалыс деген жоқ, науқан уақыты, сонда біздің ғалстайтініміз жауын, бала деген сол ғой, өйткені, ауылға сол күндері шаша апарады, қызырып, футбол, волейбол ойнап, киноға барамыз, ол кезде кино бөлімше кеңесесінің дәлізіне қойылады, 20-30 кісі шаша сыйды, клуб жоқ, мектептің жаңына орналасқан үй. Кино қоюшы Қойшыбай Исин деген ағамыз бригадаларды аралап, елге де кино көрсетіп тұратын, әр жылдары киномеханик болып Қиынғерді Әміржанов, Абылайхан Шамғұнов, бертін Қазым, Костялар істеді.

Сонымен, келесі күні жұмысқа бару керек, танертең сағат 5-те Қибашының үйінін жаңына жиналамыз, өйткені, тракторға тіркелген, телешкемен келеміз. Осы уақытта келмеген бала қалады, содан шашыла жаяу жалпылап жетеді, онда барған соң біраз сез естиді.

Ол кезде жаңымызда «МТЗ -5» донгалақты тракторлардың «құлагын» бұрайтын азаматтар Әміржан, Қайыржан, Нұркен, Қуандық, Совет, Еслем, Сұлтан, бөлем Аман (Амангелді) есімді шашылдаған жас жігіттер, көбісі үйленбегендер. Біз Тал ауылының миңдайын шабамыз, ал, енді екінші агрегат Кенбайда, шөпшілер сондайы ағаш үйде тұрады, онда тракторшы Александр Бриль болды, шашашилардың басшысы Қаби ақсақал, онда Жексенбай, Қазым, Әнір, Қатез, Елубай, Амантай, Жәлел, Барлыбай, Викторлар істеді, көйде жексенбі күндері үйге келе жатқанда балалар ойнап, әлгі шығыны телешкеден итеріп түсіріп кетеді еken, сол кезде соңынан жүгіріп келе жатып «немене сен отыра, мен жүгірә мә?» депті, шашашилардың шамалы болды. Сондай қызықтар да болды. Кейде үлкен жиғіттер ойнаған болып, тамақ ішіп жатқанда артыңдан келіп, супқа пе борщқа қолын тығып жіберіп, үлкен кесек етімізді, қағып алыш, жеп қоятын, сонда бізге қалатыны сорпасы.

1962 жылы қуанышылық болып, бүкіл Совет Одағы бойынша етін шықпай, жүгерінің нанын жедік, оның өзі тапшы болды, сол жылды тракторға шана тіркеп, халықты Қызылтуға, «Май» кеңешарына наан сатып алуға апарады, сонда бір қолға бір бөлікке наан шаша береді. Ол жылды халықтың берекесі кетті. Үкіметтің қаулысы шығып, бір отбасына бір жылқы, бес қой немесе бір сиыр, бес қой

ұстауга ғана рұқсат берілді. Бұл қате саясат жергілікті жерлерде қатаң жүргізілді, тауыққа дейін есепке алынды. Ауылды жерлерге екі қабатты, отты өзің жағатын, әжетханасы далага орнатылған үйлер салынды. Бұл кездегі саясат қаланы ауылмен теңестіреміз, 80-шы жылдары коммунизм орнатамыз деген ұранмен жасалған утопиялық қадам еді. Сол ұранымен көпкө ұзатпай Хрущевті де шығарып салды, оның орнына Л.И. Брежнев келді.

Осы жылы шөп те шықпай, малды аман сау қыстан алып шығу да проблемаға айналды. Дәп сол жылы аралдың қамыс шабуга кірістік. Соңда шынықырылға тракторға екі ақ шика тіркеледі, одан артыққа техниканың құші жетпейді. Загон салу үшін бригадир Қайырбек Исин ағамызың салт атқа мініл алып, трактордың алдында жүрреді. Қамыстың биіктігі сондай, шамамен 3-4 метрдей, қалың орманға ұксас. Әлгі кісі алдында жүріп отырғанда элсін-әлсін тракторист оны көре алмай адасып қалатын. Сөйтіл аралдың бүкіл қамысының құртылып, тұқанның жанынан бес мая көтерілді. Не керек, ит қорлығын көріп шапқан қамыс іске аспай, сол маяда жатқан бойы жатты, ақыры, төрт бес жылда шашылып бітті. Өйткені, Жамбыл облысынан әкелінген және өзімізде дайындалған шөп сабанмен әүпірімдеп мал қыстан шықты. Қамысты құртқаннан бір пайдасы, келесі жылы сол жерлерге жақсы шөп өсті. Сол кезде 2000 тоңнадай шөп дайындалатын. Аралдың шөбі әлі күнге дейін шабылып, маңайдағы елді мекендерге сатылады, нарық заманы. Оған халық үйренді.

Жетінші сыныптан кейін «МТЗ-5» маркалы тракторға мініп жаңа шыққан КП-4 маркалы екі қынды шөп шабатын (сенокосилка) тіркемені тіркеп шөп шаптым. Ол жылы бала Витяга да тіркемесі бар әлгіндегі трактор берді, экесі механизатор болатын, сынса сол кісі көмек жасайтын, маган көмек беретін бригадир Қайыргелді Дәрдин ағамызы, әйтеуір, тракторымыз екі үш айға қалай тепкілесек те шыдан шығатын. Шөп шапқанда загонымыз Қадыр Мұхаметқалиевпен қатарлас болатын, өйткені, бізге бас көз болатын сол кісі. Бізден бір жыл бұрын тракторға Сайлау мінді, ол тырнауыш тіркеді. Келесі жылы шынжырылғы «ДТ-54» тракторын Алпысбай мінді, ол шөп маялайтын сырма сүйретті. Шаруашылыққа оқушы балалардың көмегі көп тиетін, қыз балалар да қарап қалмайтын, жазғы уақытта еңбекке араласып, қой қораларының іші сыртын сыйлайтын, атап айтсақ Зикен, Алтын, Құлпәш, Мәруәш, Құміс, Құләпәш, Балкен, т.б. бұл жұмыстың аяқтамай тыныштық таппайтын.

Бұл жылдары атагы шығып, республикалық, облыстық, аудандық газет— журналдардың бетінен түспейтін қос ару Майра, Мөрбән апаларымыз трактордың «құлагында» ойнайтын кездері. Ішларға үлгі болған сол кездегі атақты тракторшы келіншек Кәмшәт Дөненбаева болатын. Қостанайдың аруы сонынан еңбектегі жетістіктері үшін Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. Содан кейін біздің елдің екі қызына құмартып, басқа жерлерде де қыз келіншектер механизатор бола бастады. Облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Владислав Борисович Косарев үл жақсы бастаманы құлтап, жер жерге ұран тастап, қыз келіншектер мен жас жігіттерден комсомол—жастар бригадасын құра бастады.

Майра апамыздың үстіне қамзол, берік киген суреті «Қазақстан әйелдері» журналының бірінші мұқабасына шықты. Артынша ол кісі Алматының қыздар педагогикалық институтына оқуға түсіп, оны ойдағыдай бітіріп, биология пәнінің мұғалімі мамандығын алып шықты. Қазіргі уақытта құрметті демалыста, Сұлтан ағай екеуі түтін тутетіп, төрт бала өсірген сыйлы отбасы. Мөрбән апайдың да таңдағаны мұғалімдік болды.

Бұлардан кейін «К-700» тракторының «құлагын» бұраған кслініміз, Оралбай інішектің келіншегі Қанипа, ол жемісті еңбек стілі, соның арқасында әр жылдары аудандық партия комитетінің мүшесі, аудандық Советтің депутаты болып сайланды.

Жаңаауылдан Шолпанда «К-700» тракторында істеп, еңбек үзаты болды, облыстық Советтің депутаттығына сайланды.

Өзіміз болсақ онынши сыныпты бітіргенше жазғы демалыс уақытында тракторда істедік. Жетінші сыныптан кейін мені шөп шабу науқанының соңғы кезінен босатып, механизаторлар жетіспеген соң жүгері шабатын комбайнды сүйретуге жіберді. Ол кезде үл техника тракторға тіркеліп жүретін және үстіне кісі отыратын, олар қындарын, қалактарын жоғары көтеріп немесе түсіріп, жүгерінің биіктігімен қалыптастырып отыратын. Сол жылы мұндай комбайнға әйел адамдар да отырды, соның ішінде Захардың келіншегі Майра апай да бар. Менің тіркеме комбайнима Қинаят мінді. Бөлімше басшысы Әшекен мектеп директоры Мүкеценен мені оқудан 20 күнге сұрап алып, осы жұмысты бітіргенше ұстады, сонымен, мектепке құркүйектің сонында бардым. Басқа балалардың да оқығандары шамалы, ол кездері кеңшар үш—төрт гектар жерге картоп еgetін, екі ауылдың мектеп окушылары соны қазып, жинайтын.

Мектеп өмірі де қызықты болатын, әртүрлі үйірмелер үйымдастырылып, шаралар өтетін. Драма үйірмесін Күләндә мұғалім басқарды, Рашид домбыра оркестрін үйымдастырды, Мұтәш мұғалім вальс биін үйретіп, диспуттар өткізетін, Мария Яковлевна неше түрлі сахналық билер үйрететін. Эртүрлі мерекелік құндерге арнап окуышылар пьеса қойып, концерттер үйымдастыратын.

Халық сахнада Қайырденді жақсы қабылдайтын, ол тақтақтарды нәшіне, ыргагына келтіріп, қатты дауыспен жақсы оқитын. Жалпы, ол өжет мінезді, айтқанынан қайтпайтын бір беткей болды, кітаптарды көп оқитын, зерек, алдыңғы қатарлы окуышылардың бірі еді, қай сабакты болсын беске оқитын. Сол кезде оқу озаты Қалез, Әнәрлар домбыра тартып, ән шырқап, аудандық окуышылар көркемөнерпаздар байқауына қатысып, жүлделі орындар алып жүрді.

Мектепте шахмат секциясы жұмыс істеді, оны Сәбит мұғалім жүргізді, ол кезде ауылда бір адам шахмат ойнай білмейтін, бұл ойынды көп балалар үйренді және үлкен жігіттердің арасына тарай бастады, Зәкәрия, Есләмдар жақсы ойын өрнектерін көрсететін, кешке қарай кітапхананың бір жақ бөлмесіне жиналып, сол ойынның дебюттерін үйренетін. Окуышылардың ішінен Сайлау, Барлыбай, Аллысбай, Құләпштар шахматты жақсы ойнады, кейінгі балалар да үйрене бастады.

Ол кезде мектепте октябрят, пионер, комсомол үйымдары жұмыс істеді. Мен, Елубай, Женіс, Мәди, Асылбек, Құлпәш, Балкен, Раушан сегізіміз 6-7-ші сынып окуышылары Қызылту аудандық комсомол комитетіне барып БЛҚЖО мүшелігіне өттік, ол кезде комсомолдың бірінші, екінші хатышылары болып Серік Алдабергенов, Рашид Айтхожин істеді, жоғары оқу орындарын бітіріп келген жас жігіттер, комсомолдан кейін ол кісілер әр түрлі салада қызметтер атқарды, сонынан Секен аудандық газеттің редакторы, Рәкен қәсіптік-техникалық училищенің директоры болды. Мениң ойымша Рашид Өтебайұлы партия, совет органдарының жоғары лауазымды қызметіне лайық еді, бірақ, ол кезде номенклатура деген бәле бар, жергілікті басшылардан қолдау таптай, барымен базарлап қанағат етті. Ол кісі өте алғыр, білімді, сезге шешен, жұмысқа тиянақты, халықтың алдында беделді болды.

Содан 1965 жылы Советтердің 8-ші съезі атындағы деңгежылдық мектепті тәмамдадық, көбіміз Қызылту орта мектебіне үшінші сынылқа окуга кеттік, онда бір тоқсанға жуық уақыт оқып күлдік. Содан бір күні тәрбие ісінің менгерушісі Рашид Өтебайұлы Қарашіліктен келген балаларды жинап алып, Жанааулда орта мектеп ашылды, сонда ендігі оқуларынды жалғастырасындар деді. Есектің алдында грузотакси дайын, мектеп директоры Қали Әндеңұлы өзі келіпті. Бұл мектептің жанынан интернат ашылған екен, сонда келіп орналастық, совхоздың ескі кеңесі, бірақ жақсы жомидуден өткізген, қырлап сырлап керемет қылып жайнатып койған, жап жаңа кереуеттер, судай жаңа төсек орындар, асханадан үші мезгіл тегін тамақ ішеміз, көйлек көк, тамақ тоқ демекші, тек оқуышынды оқи біл. Бізден басқа «Май» кеңшарының, Жана тұрмыс аудыларының, Колостың, Тельманнның, Киевтің, Айсарының, Галиның балалары келді, сонымен 30 шақты оқушылар жиппелдік. Интернаттың менгерушісі Еслэмбек Көпішев ағай, Гарбисшілері болып Боращ, Сартай ағайлар істеді. Тәртіп қатаң, шигенмен, баланың аты бала гой, анда санда алысып жұлдысып шашап қаламыз, Боращ ағамыз келсе иығымыздан сал басқандай, мысықша жоргалап, тік журіп, тік жатамыз. Ол кісі оқу залы стейнің табалдырығын дәлізге ұластырып, екіге бөліп бормен сиылл қояды. Өйткені, сол жағында ұлдардың бөлмелері, он жиында қыздардың бөлмелері, сабак сұраймын десен де шашастырмайды. Біздің сыныпта Боташ, Мәди, Бәшен, Амантай, Сиртай, Төлеген, Қабдолла, Орынбай, Қайыргелді, Елубай, Сара, Інгила, Құлпәш, Куәш, Елемес, Раушандар оқыдық. Еслэмбек шимміз да күні бойы сонда, балалардың сабағын тексереді, тәртібін қындалайды, шахмат ойнайды, Омар, Аймахан, Мұхамедтер жақсы шахматшылар болды. Біз 10-шы сыныпта оқыған жылы біздің мектептің шахматшылары ауданда бірінші орын алып, құрамында Әмир, Сернияж, Әмірзак, Құләпәш бар командамыз Қекшетауда болған облыстық жарысқа қатысты.

Біз оқыған жылдары облыс көлемінде оқушылардың шидірістік бригадалары құрылып, үлкен карқын алған. Осындағы пригада біздің мектепте де құрылды, оған жер бөлініп, совхоз тракторлар, комбайндар, егін себу, жинауға қажетті басқа да ауыл шаруашылық техникаларын бөлді. Басы-қасында жүрген, осы шаруаның барлығын ұйымдастырган мектеп директоры Қали

Хадесұлы. Жылдың қорытындысы бойынша бұл бригада облыс бойынша екінші орыннан төмендеген жоқ, талай сыйлықтар алды, бірінші орынды Арықбалық ауданының мектебі босатпайтын. Олардың жері құнарлы, алатын өнімдері әлдекайда көп болатын. Бұл бригаданың белді мүшелері Өмірзак, Қанат, Бағдат сияқты т.б. окушылар болды.

Мектебіміз жана оқу жылына дайындалудан да облыс бойынша бірінші үштіктен түспейтін, соған орай өзіне тиесілі сыйлықтардан кенде қалған емес. Білім көрсеткішіде жоғары болатын. Үкімет осы оқу ордасын басқарып отырган Қали нағашының еңбегін жоғары бағалап, өз басын екі мәрте Еңбек Қызылту орденімен және бірнеше медальдармен марапаттады. Осыншама уақыт мектепті басқарған және екі орден алған директор республикада жоқ шығар деп ойлаймын. Наградаларының саны 20-та жетеді, оның үстіне Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері. Бұл кісі мектеп директоры болып 40 жыл істеген адам, соның 25 жылында Жанаауыл орта мектебін басқарды. Сол ұзақ жылғы орасан еңбегі ескеріліп бұл мектепке Қали Хадесовтың аты берілді. Бұл кісі өмірінің бір-ақ жылын қатардағы мұғалім болып өткізді. Тельман мектебінің директоры болып жүрген кезінде, 1959 жылдың жазында Шурик (біз солай деп атайдының) деген баласын «Коммунизм» кеңшарында тұратын әке-шешесі Хадес пен Хабибага апарып тастанды, олар ол баланы сұндетке отырығызады, содан біреу Қызылту аудандық партия комитетіне домалақ арызды айдал жібереді, көреалмаушылық қашанда жанымызда жүреді ғой. Арыз аудандық партия комитетінің бюросында талқыланып, Қалағана партиялық қатаң сөгіс беріп, директорлық қызметтен босатады. Ол кезде партиялық тәртіп қатаң болатын. Орнына оқу ісінің менгерушісі болған Сәду Әбжанұлы Әбжановты қояды. Келесі жылы жоғарыда айтылғандай Жанаауыл мектебіне директор болып бекітіледі. Ол кісі мен Жәмилә апайдын 12 баласы болды, оның 4-і жастай дүние салды. Жәмилә нағашы апайды, балалары барлығының Жәмә дейтінбіз. Ол кісі өте кішіпейіл, аққөніл, бәрінің көңілін табатын, ақылды, парасатты адам еді. Тұңғышы Мұбәрак (жас кезінде ата-әжесі, әке-шешесі Мібәшке, біздер Вася деууші едік) жеті жасынан бастап орыстың үйінде пәтерде тұрып, 1-ші сыныптан бастап Омбы облысының Полтавка аудан орталығының оңжылдық мектебін бітіріп шықты. Содан Омбы жоғары аскери училищесін бітіргеннен кейін Хабаровск қаласына жолдама алып,

біраз жылдар бойы әскери қызметін сонда атқарды. Москва қаласында әскери академияны ойдағыдай бітірген соң, КСРО Корғаныс Министрлігі оны Германиядағы Кеңес Әскерлерінің шектеулі контингентіне жібереді, сонда полк командирінің орынбасары болды. Қазақстан егемендік алғаннан кейін де әскери қызметін жалғастырып, Қарағанды қаласында дивизия штабында қызмет етті. Сөйтіп, Қатардағы лейтенанттан полковник шеніне дейін ости. әлі де қатардан қалған жоқ, Шучье қаласындағы Ш. Уәлиханов атындағы кадет корпусында сабак береді әрі бастықтың орынбасары. Тік мінезді, турашыл, бетің бар, жүзің бар демейді, адамгершілігі өте мол азамат. Оның інісі Райымжан екеуіміз ( жас кезінде Райкош лейтінбіз ) тетелес өстік, мектеп бітірген соң кеңшарда есепші болды. Ақкөніл, жайдары, кісіге жақын тұратын көвшіл жігіт еді. Мұбәрәк екеуі әкесі Қалағаң сияқты баян, аккордеон, сырнайда ойнаушы еді. Әттен, ғұмыры қыска болды. Басқа балалары: Ішүйржан, Төлеген, Сансызбай, Асылбек, Нәсипә, Әсия жоғары білім алып, әр салада қызмет атқарады.

Бізді білімге жетелеген мұғалімдердің арасынан сынып жетекшіміз Жагыпар Аққаров орыс тілі мен әдебиетінен, Мұратбек Шәйкенов қазақ тілі мен әдебиетінен, Әбілгазы Қанаев химиядан, мектеп оку ісінің менгерушісі Степан Бақтыбаев физикадан сабак берді, біраз жылдасын Ленинград аудандық партия комитетінде қызмет істеді, аудандық оку белімін басқарды. Ол кісінің жұбайы Клара Степановна неміс тілінен, Тендік, Фалияш апайлар математикадан, Салтанат апай ағылшын тілінен, Б.А. Самойленко машина ісінен дәріс берді. Ол сонынан Ленинград аудандық пария комитетінде белім менгерушісі қызметін атқарды, бірер жылдасын ішкі істер беліміне аусып, зейнеткерлікке подполковник шенімен шықты. В.П. Шейгең дене шынықтырудан сабак берді. Ол артынан Шучье ауданының бір кеңшарының директорына дейін көтерілді. Барлығы да өз мамандықтарын терең менгерген, оқыту әдістері жоғары деңгейдегі оқытушылар болды, бізге жақсы білім береміз деп барлық күш–жігерлері мен, білімдерін жұмсады.

Мұғаліміз Мұратбек Шәйкенов зейнеткерлікке шыққан соң олең жаза бастады. 2010 жылы баспадан «Кеш оралған өлең» атты кітабы жарыққа шықты. Расында да бұл кісі өлең жазуды тым кеш быстады. Осы кітабынан «50 жылда ел жаңа» деген өлеңін келтірейін.

## 50 жылда ел жаңа

Ауылым Үлкен Қарой көгінде сен,  
Тұрасың жүргегімнің тәрінде сен.  
Қай жерде, қай қалада жүрсөң дағы,  
Ұмытпа ауылынды елім десен.

Қарауыл, Керейменен қоныс қонған,  
Жайлауы екі ауылдың малға толған.  
Жастары бір-бірімен тату есіп,  
Халқына ежелден-ақ бақыт қонған.

Ол кезде Тың игерген заман еді,  
«Кеңестің» бол дегені болған еді.  
Бес колхоз бірігіп, совхоз болып,  
«Жаңаауыл» совхозы боп белгіленді.

Ел болып, қоныс жайын ақылдасты,  
Осы жер лайықты деп макұлдасты.  
Екі елдің ақсақалы басын қосып,  
Белгілеп жаңа орынды, қазық қақты.

Біз үшін биік тау, аскар дайын,  
Мен қалай үлкендерді еске алмаймын.  
Ең алғаш ел басқарған Мәжікен атан,  
Негізі Дәуіт-Жантай Жаңажолдан.

Керейден аты шыққан Мейрам едің,  
Ешкімге шешендік пен сез бермедің.  
Жастар-ау, кешегі өткен Сыздық атан,  
Аты шықты ғой колхоз басқарған.

Өтіпті содан бері дәл елу жыл,  
Елу жыл қарал тұрсақ, ол бір ғұмыр.  
Бүгінде сол жылдары туған бала,  
Есейіп, ага болып, қасымда жүр.

Бірталай ел басынан заман өтті,  
Талайлар елімізге келіп кетті.  
Жеті жыл ел басқарған Төрекhan да,  
Шәйіт боп бүл дүниеден өтіп кетті.

Елімізге кімдер келіп, кімдер кетіп,  
Одан бері бірталай заман өтті,  
Кешегі Мәулит, Кенес, Олжабайлар,  
Аянбай өз еліне еңбек етті.

Ей, азамат, бірі едің сен де көптің,  
Азды-көпті халқына қызмет еттің.  
Талай жақсы ауылымы келіп еді,  
Орны бөлек ішінде Қаратайдың.

Қареке, жеті жылдай ел басқардың,  
Халқымызды соңынан ертіп, көш бастадың,  
Еселі еңбегіне халқың риза болсын,  
Бүгіндеги имандылыққа бетті бүрдыйң.

Көргендер Жаңаауылды жақсы дейді,  
Қайырбек ел басқарған іскер басшы дейді,  
Шаруасы күннен- күнге алға басып,  
Жағдайымыз жақсарып, ел көркейді.

Келгелі жиырма жылдан асты,  
Кайрекен халқыменен араласты.  
Жақын тартып біреулерді қайнаға ғып,  
Кейбіреулермен іш тартып бажаласты.

Мен бүгін бәрін бірдей айта алмаспрын,  
Аздаған кемшіліктер байқалмасын.  
Бүгінгі көпке айтар тілегім сол,  
Ауылымыздың іргесі шайқалмасын.

Жастайынан өлең жазып ақындықпен айналысқан, жақсы үстаздарымыздың бірі Степан Жакияұлы Бақтыбаев Орал облысының тумасы, сол жерде педагогикалық институтты физика мамандығы бойынша ойдағыдай бітіріп шығады. Жолдамамен Қокшетау облысы Қызылту ауданының Жаңаауыл мектебіне келіп

орналасады. Осы жерде үйленіп, балалы-шагалы болады. Сәкен жайда жұмсақ, жуас кісі болғанымен, сабакта қатты болды, өз сабагын жақсы менгерген мұғалім, орыс, қазақ сынылтарының екеуіне де сабак берді, одан кәдімгідей тайқақсып қорқатынбыз. Бұл кісі әдебиетші болмаса да әдебиет пен мәдениетке жақын тұрды. Домбыра мен мандалинді жақсы менгерген адам. Сол кезден бастап өлең жазып жүретін, талай өлеңдерін аудандық «Қызылту», облыстық «Көкшетау правдасы» газеттерінен оқыған болатынбыз. Ленинград аудандық партия комитетінде қызмет істеп жүрген кезімізде, республикалық Жазушылар одағының «Жалын» журналын алатынмын, кезекті нөмірін оқып отырсам, Степан Жақияұлының «Өмір жолын қараша үйде бастады» атты өлеңіне көзім түсті. Көрші, бір үйде тұрамыз, подъезіміз бір, жерден жеті қоян тапқандай жүгіріп үйіне бардым, «Сәке сүйінші сізден, бір өлеңіңіз орталық басылымның біріне шығыпты» деп қолына әлгі журналды ұстарттым.

Содан бері жазып жүрген өлеңдерінің басын қосып, 2005 жылы баспадан «Күндерден өткен белгі көп» деген кітап шығарды. Бұл кітабына алғысөз ретінде өзіміздің бетке ұстар ақын, жазушымыз, республикага танымал қаламгер, Қазақстан Республикасы Жазушылар Одағы Ақмола облыстық филиалының төрағасы Төлеген Қажыбаев өз пікірін білдіріпті. Онда Төкен былай деп жазыпты: «Степан Бақтыбаевтың ақындық келбетін тым ертеректе танығандардың бірімін. Оның іштен бұлқынып шыққан өлең жолдарынан табиғи тазалықты, мінсіз мөлдірлікті сезінетіндей едік...» дейді. Бұл өте жақсы баға деп ойлаймын. Сәкенің екі-үш өлеңіне сіздер көніл аударсын деп отырмын. Бұл сол «Жалын» журналына шыққан өлеңі, өзінің аты не себепті Степан болған.

### **Өмір жолын қараша үйде бастады.**

Мың тоғыз жұз отыз сегіз... шілде еді,  
Шабындықта шырмауыктар гүлдеді.  
Аз ауылдың кәрі-жасы өлеңдереп,  
Күтіп журді жылжымалы киноны.  
Қызығынан өміріне алып құт,  
Біздің халық думан сүйген, жарықтык.  
...Қайқаң белден полуторка бері асты,  
Күткендерді қуанышқа қарық қып.  
Үй сыртына ілінгенше экран,  
Өзек жақта шырқалып та жатыр эн.

Жарықтанып сала берді жайсан тұн,  
Проектор мен жерошактардың отынан.  
Ақ патшадан зорлық көрген қан қақсаپ,  
Ақ батыры жауға тиген қол бастап,  
Казактарды қызықтайды қазактар,  
Тепсөн жерге жатып алып жамбастап.  
Экранга сүйкеніп бір құнажын,  
Жүгірткізді балалардың біразын.  
Кино тоқтап қауқылдасты көрілер,  
«Бәрекелді батыр десіп РАЗИН.  
Кедей менен шаруаның досы анық,  
Озбырлардан жүр екен ғой өш алып».  
Осы кеңес аяқ асты бұзылды,  
Жақияның келіншегі босанып...  
Кино қалды қызық болып той үсті,  
Күткендер көп жас әкеден сойысты.  
Манаудың жалғыз жаңынан қараша үйге ел ойысты.  
Ку кедейлік салды әкеге салмагын,  
Амалы не тістегенмен бармагын.  
«Көрші ауылдан кой іздесек» деп еді,  
Шофер жігіт қызықтанып бармады.  
Күрен шайдың босап талай кессі,  
Жұз граммен толғанда еттің есесі.  
Дастанда қызған шакта мәжіліс,  
«Ат қояйық»-деді кіндік шешесі.  
Киноны жүрт отырғанды мақтасып,  
Жас балалар батыр атын жаттасып.  
«Разиннің атын қою керек» деп,  
Сәбиге есім тапты біреу тап басып.  
...Осы тұні молда құран ашпады,  
Қалжа пісіп, мұжілмеді бас тағы.  
Осы тұні орыс атты бір қазак,  
Өмір жолын қараша үйде бастады.

Сонымен, Сәкен ағамыз Степан Разинмен адас болып шыға келді. Себеп болған кино. Бұл кісі Қали Хадесұлымен жиырма жылдай бірге істеген. Енді менің нагашыма арналған өлеңді келтіріп отырмын.

## **Ұстаз аға**

Аз болар білімдігің,  
Ұстаздық үлесі екен жүректінің.  
Ұқырды өзің айтқан ақыл-кеңес,  
Ұстазға да ұстаздың керектігін.  
«Ер болсан елің сенен ұлы іс күтед,  
Үй болсаң тұтініңді дұрыс тутет».  
Қаладан бес жыл оқып келген біздер,  
Алдыңнан таптық тағы институт.  
Көзге айтып кемшілігін, осал жерін,  
Қуандық көріп, шәкірт тәселгенін.  
Тыныссыз өткен жылдар зейнетіндей,  
Жарасар омырауында қос орденің.  
Дәл бүгін болмасаң да дана кәрі,  
Талай шоқ сен тұтатқан жанады әлі.  
... Алдыңнан тәрбие алып отыргандар,  
Шәкірттің шәкіртінің балалары.

Менің досым Тоқтабай Қозғановқа арнап жазған Степан  
Жақияұлының тағы бір өлеңін оқырман назарына ұсынып отырмын:

## **Өлімің қатты батты-ау қабырғама**

Алдында қалғаннан соң қабырғана,  
Бой алдым көнуге де сабырға да.  
Шәкіртін ұстаз жерлеу, бұл не сүмдыш,  
Өлімің қатты батты-ау, қабырғама.  
Мойнына ел сенімін арта алатын,  
Жігіт ең көрген өмір салтанатын.  
Жез таңдай шешен едің жүрт алдында,  
Сөйлегенде тілінен бал таматын.  
Көп еді берерің де, айтарын да,  
Келмейді-ау, енді дүние қайтарымға.  
Бір кіндіктен тараған үшеу емес,  
Алты бала өсірдің қамқорында.  
Өлсе де өмір күреспен, айқаспенен,  
Талайға ізгілікпен ой тастап ем.  
Келтірмей ақыл табар алпысқа да,  
Түбіне жетті дүшпан-науқас деген.

Алдында қалғаннан соң қабырғана,  
Бой алдым көнуге де, сабырға да.  
Шәкіртін ұстаз жерлеу сұмдық екен,  
Өлімің қатты батты-ау, қабыргама.

Сәкең қызмет пен өлеңді бірдей үлгеріп жазып отырды. Менің ойымша бұл кісінің біраз өлеңдері кітапқа кірмей қалған сияқты. 2005 жылдан бері де жазылған өлеңдері болуга тиісті. Олар сақталса, аргы тарихтары не болар екен...

Барлығымыз да алдынан оқыған мұғалімдеріміздің үмітін ақтаган сияқтымыз, әр салада хал қадіретіміз бойынша жұмыс істедік, істеп те жүрміз. Солардың арасында Енбек Қызыл Ту, Құрмет Белгісі ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған, кезінде Кокшетау қалалық Кенесінің депутаты болған, Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасының иегері, Құрметті теміржолшы, беделді азаматтардың бірі Бәшен Теміржанов, 40 жыл теміржол саласында қызмет атқарды, өте іскер, өз жұмысына мығым, қабілетті жан, зайыбы Файни екеуі екі бала өсіріп тәрбиеледі, әрқайсысының өз отбасы бар. Баласы Азamat әке жолын күштеп жоғары оқу орнын бітіріп, теміржолшы болды.

Мәді Әміржанов Алматының халық шаруашылық институтын аяқтап Үәлихан ауданының «Еңбекшілдер» кеңшарында табаны құректей 20 жылдан астам уақыт бас экономист болып қызмет істеді, біраз жылдар бойы Ақжар ауданы экімінің аппаратында еңбек етті. Ақжарқын, бірқалыпты, асып саспайтын, біреуге жамандық ойламайтын, жолдастыққа адап, аздаған мысқылы бар азамат.

Омар Жұнісов, Алматы ауыл шаруашылығы институтын ғәмамдап, инженер механик мамандығын алды. Бірнеше жыл Қызылту жөндеу зауытында механик, инженер, бас инженер болып істеп, сонынан осы зауытты басқарды. Мектепте жүргенде жақсы оқыды, өте зерек болды, мінезі бірбеткей, айтқанынан қайтпайтын, қызметке беріліп істейтін, өте адап азамат болды.

Кенжебек Шайсұлтанов Караганды дәрігерлер институтын бітіріп, Қызылту аудандық санэпидемиологиялық стансасының бас дәрігері болып істеді, осы сала бойынша Көкшетау, Ақмола облыстық мекемелерін басқарды, республикалық теміржол СЭС-нің бас дәрігеріне дейін көтерілді. Іскер, білімді, ізденімпаз, алдына қойған мақсатын орындашығатын, туған туыстарына қамкор, көпшіл, мінезі бірқалыпты жігіт.

Телеген Мұхамедиев Волгоград ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, инженер механик болып шықты. Біраз жылдар

бойы өз саласында мамандығы бойынша қызмет атқарды. Мектепте жүргендеге ұян, ұндемейтін, момын жігіт болатын, сейлей сейлей шешен боласың, көре көре кесем боласың демекші, Төлегеніміз бертін ашылды, сөзшең, ойыншыл болып шыға келді.

Қыздардан жоғары білім алғандардың ішінде менің жарым Құләпәш Алматы қыздар педагогикалық институтын бітіріп, математика пәнінің маманы болып шықты. Жұматай Бақиянова Көкшетау педагогикалық институтын аяқтап, математика мұғалімі болды. Үміт Қараганды мемлекеттік медицина институтын бітірді. Клара Исина, Клара Махатова, Раушан Мұхамеджарова, Гүлмайра, Шолпан Серікбаевалар, Гаяля Васильева, Зайда Қияшева жоғары оку орындарын бітіріп, әр жерде ұстаз болып істеді. Басқа аты аталмаған балалар да өмірден өз орындарын тауып, беделді де лауазымды жұмыстар істеп, халық құрметіне ие болып, Отанымызға адал қызмет етті.

Үлкен Қараой әр уақытта алдыңғы қатарлы ел болған, сонау соғыс жылдары Қазақстанда бастама көтеріліп танк коллоннасын жасауға қаражат жинау жұмысы басталғанда, алдыңғылардың бірі болып осы колхоз ұжымы 64 мың сом аударған, Сыздық Омаров сол кездегі заемға жазылып, 6000 сомды қолма-қол аудан орталығындағы митингте табыс етілті.

Осы ретте айта кету керек, алтынши елінің соғысқа қатысқан ардагерлерін: Ахметжанов Рақымжан, Әлібеков Мұқамеджан, Әбішев Айдархан, Әбілдин Бекболат, Әділов Хисмат, Біләлов Ашубасар, Балтабаев Әшім, Балтабаев Бәуен, Балтабаев Нұргали, Белгібаев Шәрім, Бәбішев Әміржан, Бештаев Смагұл, Есенов Шамра, Жұмабаев Қөшкен, Жүкенов Раббани, Жұнісов Қаби, Исабеков Әміржан, Кешеубаев Төлеубай, Құсайынов Қайыргелді, Құсайынов Сүлеймен, Қазиев Қамалиден, Құспеков Қаусыл, Қойбагаров Мұқамеджар, Қожахметов Сәбит, Қауазов Сәкен, Ләтіпов Шайхислам, Ләтіпов Нәжімиден, Мырзабаев Мұқаметқали, Мұқамедиев Қуандық, Мәжитов Пазыл, Нұртазин Қадіржан, Нығыметов Сәден, Төрежанов Тастанбек, Танатов Мұқамедияр, Ҳасенов Ҳамзә, Ҳасенов Абдырахман, Ҳасенов Қабиден, Шегебаев Қашпыл, Шайсұлтанов Шәмшуали.

Ұлы Отан Соғысынан оралмаған боздақтардың есімдері: Абдырахманов Тілеш, Абуов Нығымет, Ахметов Жәкуда, Ахметов Пазыл, Әбілдин Тасболат, Әбеев Әміржан, Әбеев Домагай, Әбілов Әмен, Әзмаганов Сейтқали, Әлібеков Қайыр, Байманқұлов Шәйкен, Байманқұлов Жәнкен, Белгібаев Ахмет, Бекмаганов

Қапсалам, Ғабдоллаұлы Солтан, Досжанов Сапар, Досұлы Дағанас, Ісінгелдин Қенжетай, Есенгелдин Нұрмаганбет, Есенов Жұмабай, Жанбазаров Қарім, Жетімеков Зайниден, Жүккеев Құдері, Жұнісов Қойбагар, Жұманов Шәмші, Исаbekов Қайыржан, Көздібаев Серікбай, Құсайынов Ысқақ, Құсайынов Смағұл, Қалиев Боранбай, Құлмаганбет Сүлеймен, Ләтіпов Махмет, Мұқымов Рамазан, Нығметов Дүйсенбай, Нұрмаганбетов Тәшмаганбет, Саларов Жетпісбай, Самалықов Тоқтамыс, Хасенов Қабдырахман, Шәкенов Шоқай, Ысқақов Шәріп.

Елде ақыл айтатын, бетке үстар ақсақалдарымыз болды, олардың ішінде біраз жерге белгілі, сөзге шешен, беделі жоғары, алдына ешкім шықпаған Мейрам, еңбек ардағері Ысқақ ақсақалдар, Қажымұрат, Қази, Мұхамедқали моллаларды ерекше атап өткен жөн. Соңғысы 1960 жылдардың орта кезінде 4-5 жыл Алматы мешітінде істеп келген өте зиялыш адал болған. Жас кезінде Қызылту ауданы бойынша түйе балуандар күресінде талай рет мерейі үстем болған екен. Елге енбегі сіңген бөлеміз Әутәліпов Мұхамеджан, Әлібеков Мұхамеджан, Әміржан, Дәрде, Шайсұттан, Һұргали, Шәрім, Жүкен, Жақия, Кекімай, Әбілқай, Қашпыл, үш Әшамғұн, Орынбай, Құсайын, Габбас, Назықен, Есмұқан, Зикен, Саттар, Кәдіржан, Қажыбай, Теміржан, Сәкен, Темеш, Біләл, Тәстемір, Зәкәрия, Төлеген ақсақалдар. Келесі буын моллалары немере ағам Кәдірқан, Каусыл, Дәүіт, Тасболат, Қуандық ағалар. Содан кейінгі ел ағалары бөлем Әміргали, Нәби, Мәдияр, Хамет, Бекмұхамет, Жұмажан, Сагидолла, Қабдолла, Қайыргелді, Мұстақым, Зәкәрия, Канащ, Әміржан, Қайыржан, бөлем Мәсіғұт, Қантай, Жұмабек, Темір, Бекеш, Мөмен, Әбәш, Дөскен, Ережеп, Ібәри, Әміржан, Әмен, Дүйсенбай, Ашу, Қалел, Қайыргелді, Жамбыл. Зәкәрия ағамыз сол 60-шы жылдары күреспен де айналысып, талай рет Қызылту ауданының чемпионы атағын жөніп алды.

Сол кезде атақты балуанымыз, Ұялы елінің азаматы Ахметжан Қазымбетов Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, республикалық «Қайрат» спорт қоғамының терағасы Қызылтуға келген сапарында, әдайілеп Жетіүйге келеді, сыйлы азаматты Әшім жездей мен Зәкәрия қарсы алады, ол кісі, «сен бізде оқы, сенен атақты балуан шығады» деп, Зәкәрияны Алматыға шақырса керек, бірақ, Зәкәрия ол кісінің шақыруын қабыл ала алмапты, ейткені, ол кезде қолында жалғыз кәрі шешесі мен кәмелетке жетпеген інісі болып, соларды тастап кете алмапты. Ол кісіден үлгі алған інілері Қайкеш пен Қайырбек Жолдасбаевта боз кілемге шығып, жүлделі орындар алып жүрді.

Елде біраз жұмыстар тындырып, жарыс көшбасынан көрінген, ағалары Олжабай, Шәріп, Көрімдердің ізін басып, жақсы жетістіктері үшін үкімет наградаларына ие болған шопандарымыз Өсербай Уалиев, Жұсіп Әубекіров, Қайыржан Тәуекелов, т.б. Жас буыннан шыққан еңбек майталмандары Раш, Қамариден, Нұркен, Бақыт, бөлем Мұқамеджанов Энәр (Әнуәрбек), Куандық, Қамит, Қайырбек Жүкеновтер.

Ауылымыздың барлық үлкен кіші азаматтары қысы жазы таусылмайтын ауыл шаруашылығы науқандарын әрқашанда үйымшылдықпен өткізетін. Қой шаруашылығының жұмыстары тіпті көп болатын. Сонысына қарамай, сол кезде техникум бітіріп келген зоотехник Сайлау мен мал дәрігері Алпысбайдың көп еңбектері сінді. Жас жігіттер барлық білімдерін жұмсап, жұмысқа жауапкершілікпен қарап, осы саланың өркендеуіне өз үлестерін қости. Қыскы уақытта қойлардың өлім жітіміне жол бермеу, әсіресе, кой төлдеу науқанына аса көніл белінетін, қозыларды аман есен сақтап, өсіру мол ұқыптылықты талап ететін. Сондыктan, бұл кезде әйел адамдарды да жұмысқа тартатын. Үйде отырған жас қыз келіншектер сақпандыққа баратын, бұл жұмыс өте ауыр, жауапкершілікті қажет етіл, таңның атысы, күннің батысы қозыларды қабылдау, оларды ауыздандыру, нашар тугандарына тіпті көп көніл беліп өлім – жітімнен сактау. Бұл жұмыстарды көп шопандар абыраймен өткізіп, әр 100 саулыктan 85-90 қозы алатын. Содан жаз шығысымен қой қырқу науқаны басталады, бұл жұмысқа бүкіл ел болып ат салысатын. Осы жұмыс кезінде социалистік жарыс жарияланатын. Алдарына жан салмайтын, жарыс көшінің жалауын желбіретіп жеңімпаз атанатын белді қырықтықшылар арасында Қайыркеш, Жаңылдық, Құләш, Бағила, Сақыпжамал апаларымыз жүретін. Бұл жұмысқа балалардың өзі көп қолқабыс тигізетін. Қойларды қырықтықшылардың алдына алтып келу солардың міндеті, 10-12 жастагы балаларга бұл оңай жұмыс емес. Кейбіреулері шаршап шалдығып жүретін. Бұл жұмысқа мұғалімдер де ат салысатын, Қайролла ағай қайрақшы болса, әкей маркировщик болды, престелген тюктардың сыртына мәліметтерін жазатын. Бұл жұмыстар біткен соң қойларды кубкаға түсіретін, ол жұмысты кілең балалар атқаратын. Бұл жұмыспен катар, шөп дайындау науқанының қызып жатқан шағы. Оған қатысқан механизаторлар азаннан тұрып, қас қарайғанша жұмыс істейтін. Содан кейін орақ науқаны басталатын, күннің қысқа уақыты, жауын шашыны тағы бар, шық түсетін кез де алыс емес.

Сондықтан, диқаншылар еңбекпен өсірілген егінді қысқа мерзім ішінде сапалы жинап алу үшін егіс басына ерте шығып, тұскі, кешкілік тамакты загонның басында ішіп, тұнгі сағат бір-екіге дейін жұмыс істейтін. Осындағы ерен еңбектің арқасында ғана Қазақстанның миллиард пүт астығы жиналатын.

Егін орагы ойдағыдан аяқталысымен, сабан тасу, судігер жырту, қысқы қар тоқтату, көктемгі тағы басқа да агротехникалық жұмыстарды жүргізу, трактор, комбайндарды жөнде, алдағы науқанға сақадай сай қылу кезек күтіп тұрады. Ауыл сибеккерлерінің осылай жыл бойы күйбендеп жүріп, өмір сүру корінісін көз алдыңа елестетсөн, нағыз ерліктің, Отан сүйгіш патриоттықтың нышанын көресін.

80-жылдардың басында еліміз көркейді, төнірекке қарасаң отар отар мыңғыраған қой, жайқалған егін. Халықтың тұрмысы жақсарды, ол кезде ешкімнің елден кететін ойы жоқ, қырық үйықтаса да түсіне кірмейтін. Ауылда 600-650 адам тұратын, соның ішінде 170 шақты оқу жасындағы балалар жаңа салынған онжылдық мектепте дәріс алатын, ол кездегі мектеп директоры Қапез Халеловтан бастап барлық мұғалімдер әкейдің алдынан шыққандар. Сол кездегі ауыл өмірінен біраз тарихқа үнілгендей боласын, жүргегін елжіреп куанасын, жастық шақты еске аласын.

Сонымен, 1968 жылдың мамыр айында 1949 жылы туған біраз жігіттер Кеңес Эскерінің қатарына шақырылдық. Кетуте 3-4 күн қалғанда елдегі ағайындар, көрші – қоландар болашақ жауынгерлерді, біздерді дәмге шақырып, аман есен барып келуімізге шілтілектерін айттып, бата беріп жатыр. Ол кезде бұл жақсы бір дәстүр болатын. Өздеріміз де қалатын достармен бас қосып, мәре сәреміз. Ол кезде әскерге баруды үлкен патриоттық борыш санаймыз. Ұиенкоматқа барғанда қашан жібересіңдер, қайда болса да барамын деп дік дік етеміз. Ал, енді әскер қатарына шақырылмаған жігіттер ренжиді, өздерін кем көреді, қорлық санайды.

Сонымен мамыр айының ішінде Жеңіс, Барлыбай, Құрмандар Монголияга кетті. Алпысбай екеуімізді осы айдың 15 күні шығарып саламыз деп, Мұтәш ағай, Рашид, Қапез, Қазым, әкей Ленинград аудандық әскери комиссариатына алып келді, бисқа жолдастар жұмыстан босамай бара алмады, өйткені, егін себу науқаны қызы жүріп жатқан уақыт. Ол кезде военком Барабанов деген подполковник, аман саулық жол тілеп шығарып силды. Шығарып салушылар Дәуіт стансасынан елге қайтты, біздерді военкоматтың офицері Көкшетауга дейін апарып,

«покупательдерге» тапсырды. Экей бірге барды. Екі күн облвоенкоматтың тақтай нарында жаттық. Осы екі күн бойы экей бір-екі сагатқа рұқсат сұрап ішке кіреді, сөйтіп бізге күніне екі үш рет қатынайды, тамақсыз болмасақ та кірген сайын сөмкесі бос болмайды, бұрын маңайдан темекі нісі шықса ұрсатын әкем, енді өзі шылым таситын болды. Экес деген сол ғой. Өзінің қайда қонып жүргенін сұрамаппыш да.

17-сі күні поезга мініп, ақыры, жолға шықтық ау. Қайда бара жатқанымызды ешкім айтпайды, жолдағы қалалардан біз сияқтыларды жинал, әрбір разъздерге тоқтап, әупірімдеп екі күн сапар шегіп, баратын жерге де жеттік. Қарасақ Төретам деген станса, әскери машиналар тосып тұр екен, соларға отыргызып, 40 шақырым жердегі 2-ші площадкага апарды. Сагат күндізгі 4-тің кезі, содан моншадан бір ақ шықтық, суға түсіп, әскер киімін киіп, далада сапқа тұрсақ, бір-бірімізді танымаймыз, Есілбай Көпішевті әрен таптым. Алпысбай сол маңайдағы басқа бөлімге кетті. Берген киімдері жазғы екен, басымызда панама, үстімізде шалбарымен, шолақ жең, жағасы ашық гимнастерка, аяғымызда бәтеңке, аты ғана солай, әйтпесе қонышы жоқ етікке үқсайды. Кешкі асты ішіп алғып, казармаға орналастық. Содан не керек, 15 күн карантинде болдық, күні түні әскери тәртіпке дайындейді, күніне 4-5 сағат плацтан шықпаймыз, ана жақ мына жағын өлшегендей әскери маршты үйренеміз. Ол жақта (Қызылорда облысы) күн ыстық, 40 градустан түспейді. Бұдан басқа да сабактар жүреді, саяси сабак, әскери жарғыны жаттаймыз, ОМП, дене шынықтыру, АК автоматтың күніне сан рет шашып, қайта жинаймыз, 3 шақырым қашықтыққа жүгіреміз, оның өзінің уақытын санайды. Казармада бірнеше рет 45 секундтың ішінде шешіндіріп киіндіреді, түнде дабыл қағылады. Не керек, кешке ұшып жығыламыз, бас жастыққа тиісімен үйкіға кетеміз. Таңғы алты жарымда тұрып тағы сол күнделікті оқу үйрену, әскери өмірге жақсызап дағылану. Кейбіреулері алтап ыстыққа шыдай алмай, плацта құлап жатады, кейбірі аяқтарын қажатып ақсандал жүреді. Тұсқі тамаққа гимнастерканы шешіп жалаңаш барамыз, күннің ыстықтығы сондай. Белгіленген күн де жетті, ант беру рәсімі де болды, бәрімізді батальондарга бөлді. Сонымен, жауынгерлік қызық өмір басталып кетті, мен байланыс ротасына кеттім, Есілбай басқа батальонға барды, бірақ, полкымыз бір, үйге хат жазғанда г.Ленинск-8 в/ч 25741 «Д» деп аты жөнімізді жазамыз. Екеуіміздің үш қабатты казармаларымыз плацтың екі жағында. Ол онда жалғыз қазак, мен мұнда жалғыз қазақлын, анда санда кездесіп тұрамыз.

Бұл атақты 2-ші площадка екен (двойка дейді). Осы космодромнан дүниежүзінің бірінші гарышкері Юрий Алексеевич Гагарин ұшқан екен. Біздің кезімізде талай космонавтар гарышқа ұшқан болатын. Маңайымызда 2-3 шақырым шамасында 4-5 бөлім болды, ол кезде олар ракеталарды айға ұшырумен айналысады, көбі жер асты ракеталарын сынайды. Жанымызда 1-ші площадка болды, онда құрылыс батальоны тұрды, кезінде, сонда Кенес Қажымұратов, Қайыргелді Есмұханов, Жанаауылдан Қайыржан Малғаждаров үшеуі әскерлік борыштарын бірге өтепті.

Осы орайда айтайын дегенім, бірінші гарышкердің ұшуына ғильтанысты атақты ақынымыз, Қазақстанның Халық жазушысы, әдебиет зерттеушісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Олжас Сүлейменов дүниежүзінде бірінші болып орыс тілінде «Земля, поклонись человеку!» атты поэма жазғаны белгілі.

Осы ағамыз туралы көрнекті ақын, Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қадыр Мырза-Әли ғылай дейді:

«Бүкіл жұмыр жерге ортак перзент бола жүре белгілі бір үлгітын ұлы болу, орысша жазып, қазақ ақыны болу, басқаларды білмеймін, Олжастың өз басына жарасып-ақ тұр. Неге екені белгісіз, ол маган үнемі жаңғақ ағашын еске салады. Жаңғақ қай жерде де жаңғақ. Бар мәселе-оның тамыры мен жапырағында...»

Енді Олжас Сүлейменовтың «Адамға табын, жер, енді!» атты жаңған поэмасының қазақшага аударылған нұсқасынан қысқаша үзүнді.

... Неліктен

Жуық жүлдyz ұран бізге? Неліктен  
жыр арқауы-қыран тұзде? Неліктен  
сұлтулықтың асқақ бәрі? Неліктен?  
Жауап берер жырауды ізде! Суарып  
дариялар даламызды, Жарықпен  
жайнатады қаламызды. Жүрек-Жер  
айналады ұршығында, Шүйкедей  
ширатып сай-саламызды.

Бола ма биік көкті аласартып.

Әйнекке жабысасын,

Ая салқын...

Көзіңе жылы ұшырап алыс оттар,

Кетеді бәрінің тез бағасы артып.

Үзіліп шықтық Жерден ақыры біз!  
О, Адам!  
Адам нағыз батырыңыз!  
Бір ғасыр бір-ақ сәтте өте шықты,  
Шаттықтан шатынап бар шатырымыз.

Үзгенде қолын жерден Адам-атам,  
Басталған тұнғыш ғасыр  
Ғаламат ән.  
Көтеріп тұрган зілдей қолын жанға  
Жер беті болмай ма тан,  
Бола ма таң?!

Бұл нағыз жеңіс еді.  
Болды қызық.  
Сен Жерден адамды да алдың үзіл.  
Фарышты қара тұнек нұрландырып,  
Басталып жана ғасыр,  
Занды бұзып.

Әйнекте туган жерің,  
Жалды қырың,  
Әдемі әннен ыстық мал дүбірі.  
Үн-түнсіз тұрды достар полигонда,  
«Ертерек емес пе?!»-деп қалды бірі.

Бұйырса,  
Шөлгे көл боп түнегенмін.  
Жел болып көк теңізде түлегенмін.  
Қара жер,  
Кәрия жер,  
Табын маган!  
Тәнірің,  
Құдайың да мына меммін!

Теңселіп Ай да көктे  
Сайрандаған,  
Қара Жер зыр айналып,  
Ойрандаған.

Дүние дөңгелесе,  
Жалбарынбас  
Қапсағай,  
Атан тәсті қайран бабам!

Шыққандай алғаш рет шаранадан,  
Үзіліп шықты-ау, Адам Жер-Анадан.  
Ақыры жеңіп тынған ер перзентке  
Долы деп,  
Дарқан деп ел қарамаған.

Жер нұры үзенгілес  
Қатарымда,  
Көп нәрсе көрінбейді отты арында.  
Үстінде туған жердің  
Қағар едім,  
Көрінбес қанат жүлдyz сапарында.

Жазира бар ма мына далама тен!  
Ғарышқа сол даламды ала кетем.  
Аспанның сәуірдегі сан жолында  
Ақ жолы Гагариннің алабөтен.

Жігітсің,  
Ерлік,  
Сенім талап еткен.  
Ғарыш пен Жер картасын ала кеткен.  
Жұмыр Жер  
Тұрлі-тұсті жол иірінен  
Ұршыққа ұқсайды ма,  
Кара көктен.

Сол кезде Олжас Сүлейменовты талай мемлекет шақырып осы поэмасын тұндаған екен.

Осы Ю.А. Гагарин үшқан площадканың плацында күнде развод болады, полк командирі полковник Тимошин, өзінің орынбасарлары, подполковники Патрушев, Смирнов, Сериковтарды ертіп келіп, батальон командирлерінің қысқаша

рапорттарын тыңдал, оларға нұсқау беретін. Содан соң бүкіл батальон бірінен соң бірі сап түзеп солардың алдынан өтетін.

Біздің ротаның командирі майор Хныкин, орынбасары капитан инженер Налётов, взвод командиріміз ага лейтенант Лущенко, соңынан лейтенант Чесноков болды, жаңа ғана оку бітіріл келген, бізден бір ак жас үлкен. Взвод командирінің орынбасары ага сержант Глотов, бөлімше командирі кіші сержант Шалашов болды. Бізден бір жарым жыл бұрын эскери борыштарын өтеп жүрген сержанттар Левченко, Мальцев, ефрейторлар Маршалкин, Яковлев, Еременколар. Жақсы жігіттер, біреуі сен «молодойсың» деп айтып көрген емес. «Дедовщина» деген мүлде болған жоқ, неге десеніз, алдыңғы қатарлы эскер құрамы болдық, эскери тәртіп мықты болды.

Олар кеткен соң мен взвод командирінің орынбасары болым. Менімен қатарлас бірге жүрген жігіттер Фокин, Павлов, Слюсарев, Бубенко, Сторожев, бізден кейін келген жауынгерлер Фахрутдинов, Хомяковтар өздерінің міндеттерін адал орындал, «Совет эскерінің үздігі» деген белгімен марапатталды және полк туының жаңында суретке тусу құқығына ие болды.

Біздің рота рейтинг бойынша полктің алдыңғы қатарлы құрылымдарының бірі болды. Снымен қатар, спорттан да жақсы көрсеткіштерге жетіп жүрді. Футболдан алдыңғы үш орынның бірі біздікі еді, 1969 жылы 9 балуаннан құралған командамыз да жарыс жеңімпазы атанды, олардың ішінде Королев, Павлов, Бубенко, Иванов т.б. болды. Мен полк чемпионы атанып, дивизияның біріншілігіне қатыстым, командамыз, жиырманың ішінен, алтыншы орын алып келді.

Біздің алаңдан тек қана космонавттар ұшатын. Біз солардың ұшуын қамтамасыз өтетін бір буыны болатынбыз. Ракета ұшатын обьектінің жер астындағы бункеріндегі ұшуды басқаратын мемлекеттік комиссияның жұмысын телефон, басқа да байланыс құралдарымен қамтамасыз өтетін біздің ротаның офицерлері мен жауынгерлері еді. Біздің взвод телеграф, басқа да қупия байланыс түрлері арқылы комиссия мүшелерінің Мәскеудегі комиссиямен жұмыс істеуін жүзеге асыратын. Мемлекеттік комиссияның мүшелері корабльдердің бас конструкторлары, ірі ғалымдар, инженерлер, космонавттар болатын.

Космонавттар гарышқа ұшатын күні үш төрт сағат бұрын эвакуация болатын. Полктан тек қана біздің ротадан, байланысты қамтамасыз өтетін аз ғана жауынгер және күзет ротасының шағын

жекерлері қалатын. Басқа батальондар тегіс 2-3 шақырым жерге лейін барлық қару-жарагымен, противогазға дейін алып, марш брасок жасайтын, космонавттар үшпай олар қайтпайтын.

Біздің взводтың жұмыс орны МИК КО-да болатын (монтажно - испытательный корпус космических объектов), бес қабатты объект, жартысы ракетаны құрастыратын үлкен ангар болатын. Біздің жұмысқа КПП-дан (контрольно-пропускной пункт) МИК-ке отетінбіз (монтажно – испытательный корпус), содан жердің астымен (патерна дейді) жұмыс орнымызға келетінбіз. Орқайсымызда 2-3 пропуск болатын.

Бір күні аяқ астынан дабыл қағылды, космонавттар үшатын кез емес, «не болып қалды» деп таң қалдық. Содан барлық солдаттарды жинап, 600 орындық клубқа 1000 сарбаздың барлығын кіргізіп, 2-3 кино көрсетіпте, сыйғаны креслоға, сыймаганы еденге отырады, үйқыны ұнататындары фойеге орналасады, кейбіреулери скінші қабаттағы космонавттар мұражайына жайғасады. Есік жабулы, ешкім ешқайда шықлады, күзет бар. Мен ол кезде взвод командирінің орынбасары болатынын, командирім Vadim Петрович Лущенко екеуіміз жұмыс орнымызда кезекшілікте қалдық. Эйнектен қарасақ, космонавттар үшатын объектіге қарай оншақты «Чайка», «Волга» автокөліктері тізіліп кетіп бара жатыр. Артынан естісек, Чехословакия үкіметінің басшысы мен СОКП-ның бас секретары Л.И. Брежнев екен.

Екі жылдың ішінде космонавттар Николаев, Береговой, Егоровпен кездесіп, автографтарын алдым, ол кезде қолтанбаларын комсомол билетінің соңғы бетіне қойдырамыз, ейткені, ол жоғалмайтын және ескерткіш ретіндеге сақталатын құжат.

Сонымен екі жыл екі күндей болмай ете шықты. Есілбай скеуіміз бірге қайттық, жолда Алматыға соғып бір екі күн Құлпәш, Құләпәш, Қайырден, Мәдилермен қаланы аралап қыдырыдық. Ол кезде олар студент болатын. Кеңес агайдың үйінде болдық, Гүлсара женгеміз екеуі жақсы қарсы алды.

Біз елге келген соң басқа жігіттер де оралды. Бұл кезде бізден скі үш жас үлкендігі бар жігіттер бөлем Аман (Амангелді), Әнэр, Жексенбайлар нағыз тәжірибелі майталман механизаторлар болып алған. Аман біраз жылдан соң кеншар басшыларының қолқа салуымен ауылда электрик болды. Ол бірқалыпты, жұмсақ мінезді, бос сөзде шаруасы жоқ, жұмысқа жауапты, іскер жігіт, ауылдың аяулы азаматы болды. Гаухартас женгеміз екеуі 3 қыз, 3 үл тәрбиелеп өсірді.

Содан бұлардың қатарына механизатор болып Елубай, Женіс, Барлыбай, Жәлел, Сүйіндік, Құрман, Макмет, кейінірек бөлем Қайрат, ішішектер Оралбай, Барлыбай Қадырқан ағайдың баласы қосылды.

Елубай жұмысқа ерте араласты, сегізінші сыныпты бітіре сала тракторга мінді, комбайнға мініп, диханши да болды, Ленинградскийдің СПТУ-ынан арнағы курс бітіріп «К-700» тракторын жүргізді. Оның еңбегін бағалап, аудан комсомолдары 1972 жылы 16-шы облыстық комсомол конференциясына делегат етіп сайлады. Жұмысқа ерінбейтін, жауапкершілігі мол, тік мінезді, алған бетінен қайтпайтын. Сол мінездің арқасында жұмысқа ысылып, тәжірибе жинақтап бригадир болды, сонынан бірнеше жыл бөлімшені басқарды. Бәлен жыл елге адал қызмет етті, үкімет наградаларымен марапатталды. 1966 жылы Күміс екеуі қосылып, отау тікті, 5 бала тәрбиелеп өсірді.

Мектепте оқып жүрген кезинен көзге түсken, оку озаты, талапкер бала-Қапез, окуын ойдағыдай бітіріп, елдің мектебіне мұғалім болып орналасты, сырттай оқып Қарағанды педагогикалық институтын тәмамдады. Көп жылдар бойы ұстаздық етті, алдынан талай бала дәріс алды. Мектеп директорына дейін көтерілді. Кекшетауға қоныс аударғаннан кейін «Бұқпа» газетіне тілші болып орналасты. Өмір бойы армандаған арманы орындалды, талай мақалалар жазды, әзіл-шыны аралас әңгімелері де шықты. Жасынан талаптанып, мектеп кабырғасында жүргенде өлеңдер жазды. Бертін келе айтыскер ақын болды. Бірақ, көп өлеңдері сакталмағандықтан жарық көрген кітабынан тыс қалды. Эне міне кітап шығарамын, өлеңдерімді жинақтаймын деп жүргенде, қамшының сабындаған қысқа өмірі таусылып, сүм ажал ортамыздан алып кетті. Арман орындалмады... Мәруәш екеуі 1967 жылы көңіл қосып, отау құрды. Ол да сырттай оқып, Қарағанды педагогикалық университетін бітіріп, математикадан сабак берді. Екеуі жеті үл-қыз тәрбиелеп өсірді, барлығын оқытып, жогары білім алғызыды, олар әр салада қызмет істейді, Кекшетау қаласында тұрады. Арамыздан күнде ақын шығып жатқан жоқ, сондықтан, барды бағалауымыз керек. Ертеңгі болашак үрпак Қарашилік ауылынан шылқан жігіттерді, Қапез сияқты ұстазды, журналисті, айтыскер ақынды білуге тиісті. Мен осы жерде оның бір шығармасын келтіруді жөн көрдім. Ол Жаңаауылдың төл мерекесіне арнау ретінде жазылған.

## Жаңаауылға – 35 жыл

Жаңаауылда бүгін міне, басталды той,  
Дұр сілкінді жаңаша Үлкен Қарой.  
35 жыл мерейтой көптен күткен,  
Кешеден келіп жатыр қыр менен ой.

Сөз білер жанмен қазақ таласа ма,  
Асылға артық болмас баласа да.  
Армысың, өнер сүйгіш халқым менің,  
Армысың, кіші іні, үлкен аға!

Қаданы алғаш рет қадағандар,  
«Жаңаауыл» деп атын да атағандар.  
Бұл күнде арамызда болмаса да,  
Кезінде еңбегі үшін бата алғандар.

Бір кезде колхоз еді Ворошилов,  
Тұрленді тың келген соң түрен тиіп.  
Болашақ Жаңаауылдай зор совхоздың,  
Қадамын бастап берді Шоң Рахимов.

Жанғыртып тың даланы қуатты үндер,  
Жалғасты бір бірімен түн мен күндер.  
Сол кезде еңбек еткен Мәжкен, Қөпей,  
Әшім мен Мұбаракты білмейді кімдер.

Жас жігіт сол кезде Бәйкен аға,  
Директордың тізгінін мықты ұстаган.  
Бұл күнде байсалды ата атанады,  
Басынан бақ дәулеті бір де ұшпаған.

Арнаймыз агаларға әдемі әнді,  
Сыйлаган бәрімізге өмір сәнді.  
Біз бүгін құрметпенен еске аламыз,  
Ардақты абзал ага Төреканды.  
Бұл өмір күннен күнге алға асады,  
Бір үрпақ бір үрпақпен жалғасады.  
Совхозға қолтаңбасын беріп кеткен,  
Оразбай, Қаратай, Щерба жанған бағы.

Ежелден енші берген Қызылтуым,  
Көрсеткен ойын тойдың талай нуын.  
Арнайы келіп отыр агайындар,  
Бұл тойды тойлагалы бізбен бүгін.

Қазақтың Шоқан шықты даласынан,  
Айналдық сол қазақтың баласынан.  
Кезінде ұлы галым дәріс алған,  
Туыстар келді Омбы қаласынан.

Жігіттер, Жанаауылдың бәрі жайсан,  
Уақыт аз, жеke –жеke қайсын айтам.  
Совхоздың тен жартысы Жеті үйімде,  
Аралға сыймай кетер қойды жайсан.

Жігері жалындаған тұла бойда,  
Табыспен келген бүгін осы тойға.  
Зор сенім және табыс тілейміз біз,  
Жұмабек, Қайыржан, Жұсіп, Өсербайға.

Шәпеновтың достары отыр дәл қасында,  
Қалмайды қалтарыста, қалқасында.  
Бұл тойды дүрілдетіп өткізеді,  
Еңбек сүйгіш халқының арқасында.

Осы елдің туып - өскен бел баласы,  
Бұл күнде халқы сыйлар ел ағасы.  
Ардагер, ақсақалдар, көп жасаңыз,  
Елімнің аман болсын кәрі – жасы.

Жанаауылдың төрінен ән кетпесін,  
Қарашибілік ауылынан сән кетпесін.  
Күзгі орақты шабытпен қарсы алайық,  
Жерімнен бітік өскен дән кетпесін.

Орамал тон болмайды, жол болады,  
Ашылған құшагымыз мол болады. Риза  
болса жиналған осы халық, Батасы  
бізге берген сол болады.

Бір емес, талай жерде той басқардым,  
Шырқадым домбыраммен той бастарды.  
Ал енді рұқсат болса бәріңізден,  
Халайық осымен той басталды!

Бұл өлеңінде Жаңаауылдың 35 жыл ішіндегі өткен өмірін қысқаша бірнеше шумактарға сиғызып, тарихын паш етіп отыр. Бұл олеш жолдары «Өлеңім бала кезден жолдасымсың» атты кітабынан шынында.

Қазір «мода» болып кетті гой, мен де ел сияқты 55 жылдығымды Көкшетаудың бір мейрамханасында атап өтіп едім. Сонда маган арнап шығарған өлеңін де келтіре кетейін.

### Бажам Қайыржанға

(55 жылдық тойына)

Қош келдіңіздер, барша ағайын - туыстар,  
Қайрекеннің атаулы бұл тойына.  
Қашан қазақ сарандықпен шек қойған,  
Тойы менен тойға сояр қойына.

Ердің жасы елу десек егер де,  
Сол елуге бесті тагы қосыпты.  
Қызылтуда ескерсе егер елүін,  
Көкшетау да осы тойын тосыпты.

Туып - өскен жері де оның құнарлы,  
Сондықтан да, жақсылыққа құмар – ды.  
Ал, әкесі Сәбен болса алдынан,  
Жұз мындаған шәкірттерді шығарды.

Он жетіде Құләпәшқа ғашық болп,  
Көз жазбады, бірге оқыды, бір жүрді.  
Жасы әйтеуір, кәмелетке толғанда,  
Отау құрып көнілдері бір тыңды.

Мектебінде физрук болды Қайрекен,  
Содан кейін комсомолға ауысты.  
Құләпәшін қолтығына қысып ап,  
Алматыда партшколды тауысты.

Райкомда хатшы болды талай жыл,  
Жастық жігер талай жұмыс атқарды.  
Балалар да өсіп өніп, ер жетіп,  
Немерелер қызығы да басталды.

Қоршаган балаларың аман болсын,  
Дүшпаниң арам ойы шабан болсын.  
Немере-шөберелер ортасында,  
Қартаймай жүзге жетер заман болсын.

Былайғы ел оны ұстаз ретінде білсе, әдеби орта ақын деп таныды. Ол шынында да Қазақстан Республикасы білім беру саласының үздігі деген атаққа ие-тін. Ал, ана сүтімен дарыған ақындығы ше? – деп жазады ол туралы жас ақын Бақытбек Нұралин, сөйдейді де Қапез қаламынан жыр болып төгілген ақындық қасиет адам жаңының бар құлиясы сыртқа актарылғандай әсер береді деп түйін түйеді». Біз де сондай ойдамыз дейді ағамыз, белгілі журналист Мәтен Бижанов. Кезінде облыстық «Көкшетау правдасы» газетінің редакторы болған, тәуелсіз «Бұқла!» газетін де басқарған Мәкенінің ойына біз де қосыламыз.

Осы тұста Қапездің кезекті облыстық ақындар айтысындағы өлең шумақтарын еске алып отырмын. Қапездің ақындар айтысындағы өлендері:

### Зеренді ауданының ақынымен кездесуі

#### I кезек

Сөйлейін сөз кезегі келгеннен соң,  
Халайық сеніп маган бергеннен соң.  
Арқауы сөздерімнің болсын байлық,  
Кенелген бақытты елім шатыққа мол.

Дауысым шартарапқа шарықтасын,  
Өлеңім өлең залын қалықтасын.  
Осындай шат заманда отырганда,  
Қалайша катарынан қалыспақсың.

Домбырам дауысым дауыс қосты,  
Достарым шабыттыма шабыт қосты.  
Жырлайық бұл өмірдің жеңістерін,  
Жасасын жарасымды жақсы достық.

Арайлы Октябрьдің шұғыласы,  
Бұлақтай ағып жатқан жырдың басы.  
Жеткізген қай кезде де женістерге.  
Кеменгер ұлы Ленин партиясы.

Болжаған алдағыны Ленин көзі,  
Жатталған жүректерде Ленин сөзі.  
Ғасырдан ғасыр асып ілгерігे,  
Бақытқа бар халықты бастар өзі.

Тіліме мерекені тиек етем,  
Шоқтығы осы жылдың биік екен.  
Бесжылдықтың шешуші кезеңінде,  
Ерлерім екпінменен еңбек еткен.

Біздің ел еңбек елі, ерлер елі,  
Тасытқан бақыт, байлық, берекені.  
Қазақтың даласынан ән шалқытқан,  
Тойлаймыз 60 жылдық мерекені.

Атсын деп тыштықпен арайлы тан,  
Бақытқа жету үшін барлық адам.  
Жасампаз коммунистер армиясы,  
Халықлен бірге басып келед қадам.

Бейбітшілік туымыз ұранымыз,  
Ешқашан таусылмайтын жыр әніміз,  
Планета үстінде бар елменен,  
Әрқашан берік достық құрамыз біз.

Тәгілген шаттықпенен ән мен жыры,  
Ашылған ақ ниетпен адапты.  
Үн қосқан барлық елдің балалары,  
Үлкен той халықаралық бебек жылы.

Тоғысқан игі тілек ойларының,  
Ақындар құтты болсын тойларының.  
Әдемі ән, сұлу жырды тәгілтейік,  
Тыңдастың қырымыз бен ойларымыз.

Ал, кәне жыр сайсын бастаймыз ба?  
Халықты бір серпілтіп тастаймыз ба?  
Ерлерді сөзімізге арқау етіп,  
Ақынның, жырдың көзін аштаймыз ба?

### П кезек

Қанатын күннен күнгө сермен кең,  
Табысын жас ауданың жырлаймын мен.  
Зор сенім және бақыт біздер үшін,  
Аталғаны ұлы Ленин есімімен.

Бір асу бүтін таңда аскандаймыз,  
Қалайша бүтінгіге шаттанбаймыз.  
Жоспарын бесжылдықтың орындауда,  
Ешқандай қындықтан жасқанбаймыз.

Мен дагы айтар сөзге шешілейін,  
Атайын ерлерімнің есімдерін.  
Орындауга асыққан жігерімен,  
Атақты съезіміздің шешімдерін.

Далаға мына жатқан салып көзді,  
Арнайын тың ерлері, саған сөзді.  
Қажырлы қайтпас, қайсар диқандарым,  
Уақытты екпінімен басып озды.

Тиімді пайдаланып өнім көзін,  
Орынданап партияга берген сөзін.  
Жоспарын мерзімінде аяқтады,  
Совхоздар Тельман, Чехов, Партьезім.

Тың жерге алғаш рет соқа салған,  
Жылма-жыл жақсы күтіп өнім алған.  
Бар бізде шебер диқан Әбдікәрім,  
Миллиардқа ұлес қосып орден алған.

Тараған еңбекпенен Кәмшэт аты,  
Ой салды жас қыздарға жазған хаты.  
Тракторшы Шолпанайдай қарындас бар  
Облыстық Советтің депутаты.

Кеш жатып, таң сәріден ерте тұрып,  
Жаз жаңбыр, қыс боранды серік қылып.  
Жылқышы Ермек ағай қыран дерсін,  
Жиырма жыл қолында оның құтты құрық.

Жарыстың жаршысы боп жалындаған,  
Еңбекте қамалы жоқ алынбаған.  
Биылғы күзгі орақта Петровский,  
Талай рет озып шығып жүлде алған.

Көркейіп өсіп келед жас ауданым,  
Толтырып құрылыспенен қала аумағын.  
Гүл егіп, жасыл желеқ жамылдырып,  
Құлпыртып жасадық біз жастар бағын.

Атақты элеватор салынады,  
Астықтың керуені ағылады.  
Келер жылы келе қалсаң біздің жаққа,  
Іздеген бар керегің табылады.

Элеватор алтын дәнді күндіз-түні,  
Толассыз, кідіріссіз қабылдайды.  
Отанға мол астықты жөнелтуде,  
Ауданым графиктен жаңылмайды.

### III кезек

Ақынның қолға алайық сын садағын,  
Өзгертіп бір азырақ жыр қадамын.  
Сездің гой, іргелі аудан болсаң дағы,  
Кей жерден қырағы көз мін табарын.

Бар еken бір ағаныз көпті көрген,  
Тұрагы Викторовка деген жерде.  
Жаңашылдар Эйнс пен Суровицкая,  
Үйіне он төрт тіреу қойып берген.

Сыздықов фамилиясы білгің келсе,  
Еңбегі сіңген көрінеді талай елге.  
Есінде болсын, Құләш, пенсионерге,  
Зор құрмет көрсетеді біздің жерде.

Құләш-ау, ауданыңды араладым,  
Жетістік пен кемістікті сарападым.  
Болсанда мәдениет қызметкері,  
Қалайша ойламадың жастар қамын.

Біреудің ұтыласың сөзіне ерсен,  
Көрінер көз алдында бәрі көркем.  
Көлеңкелеп көрінген кемшілікті,  
Айтысқа қатысасың несіне сен.

Нан болса, ән боларын білмеймісін,  
Қатарыңнан қалыспай жүрмеймісін.  
Міндеттемен орындалмай қалды емес пе,  
Сөзбенен бірге шықпай қайрат күшін.

Жуырда жұртшылыққа беріліпті,  
Мәдениет сарайы Зерендіде.  
Әумесер алып ұшпа бір бұзакы,  
Терезесін қиратқан бір-ақ түнде.

Айтысам деп менімен төктің-ау тер,  
Өнерді сарапайтын міне, осы жер.  
Мадақтап жетістікті айта берме,  
Кемшілікке бір уақыт көз салып көр.

Егерде тегін концерт көргің келсе,  
Бара ғой Дороговка селосына.  
Клуб жоқ, оның орны болар кенсе,  
Қызыққа бір кенеліп қаласың да.

Үлгілі совхозыңды мақтайды елін,  
Еш адам жамандамас тұрган жерін.  
Құрылышы тұрғын үйдің болса дағы,  
Сол жерден клуб үйін таппай келдім.

Менде ой жоқ замандастым, өкпелеттік,  
Алайда, бұл сезіміз көпке жетпек.  
Бос уақытын тиімді пайдалана алмай,  
Жастары сенделуде Қөктеректін.

Айтайын тагы бір сөз саспа, тыңда,  
Болдым мен Қарабұлақ совхозында.  
Шуылы дым естіртпес колорифер,  
Кора емес, гүлдеп тұр клубында.

Қыс мынау келіп тұрган есік қағып,  
Далада тұра алмайсың малды бағып.  
Ортагаш, Игіліктे азық цехын,  
Көрдегейсің барғаннан соң қолыңа алып.

Қаттырақ айтыңқырап кеттім бе тым,  
Жақсы гой болған да өзара сын.  
Атыңа өнерің сай болмаса да,  
Менімен айтысам деп таласасын.

Көргенімді ешқашан жасырмаймын,  
Немесе артық айтып асырмаймын.  
Көкейіме оралған ойларымды,  
Ақтармай ақын досым, басылмаймын.

Сонымен жыр сайысын доғарайық,  
Кемшілікті түзетуді қолға алайық.  
Келер жыл тагы да кездескенде,  
Бұларды қайта айналып сөз қылмайық.

Ал, Құләш, сау болғайсың осыменен,  
Төгілді домбырамен біраз өлең.  
Демінді ал, терінді сұрт, көп қысылма,  
Еліңе болса амандық, тагы келем.

деп тамамдайды өзінің айтысын. Ол талай облыстық ақындар шынына қатынасып жүлдегер атанған азамат.

Осындай аяулы азаматымыздын бірі Қазым досым. Ол да шыныл жастарының арасында ең беделді азамат болды, оның шаматтығы керемет, жолдастыққа адапт, жұмысқа тәпі, тиянакты, спірбесткей жігіт еді. Бір кездері ауылда клуб мәңгерушісі болып, кино да жүргізді. Сенбі, жексенбі сайын ойын сауық, би үйімдастыратын, лотерея ойнатады, теннис ойнаймыз, биллиярд өнір, кітапхана ішінде шахмат, дойбы, не керектің бәрі бар. Мереке күндеріне арнап жастар концерт үйімдастырып, пьеса қояды.

Жақсы актердің бірі Сапар болатын, Сүйіндік дененде шымырлатып, нақышына келтіріп тақлақтар оқып беретін. Қазіргі клубта халық толып отыратын. Осы шаралардың басы қасында жүріп ұйымдастыратын Қазым болатын. Содан ол бригадаға есепші болып ауысты. Елубай екеуі Шагалалы совхоз -техникумын сырттан оқып бітіріп, агроном мамандығын алып шықты. Ленин ауданы ашылған уақытта аудандық комсомол комитетінің ұйымдастыру бөлімінің менгерушісі болып қызмет істеді. Гүлжиян екеуі отау құрып 3-4 баланы дүниеге әкелді.

Сүйіндікпен бір сыныпта оқыдық, ол сол кезде әдебиетке жақын тұратын. Төртінші сыныптың мектеп багдарламасындағы екі-үш парақтан тұратын Ер Чапай тақлағын шегелеп тұрып жатқа айтатын. Сол кезде Ер Тарғын, Қобыландыларды жатқа билетін. Өзі ежет болды, көзі ойнақы, өткір болатын, күші жетпесе де біздермен алдысып жұлысып ойнай беретін, , үзіліс біткенде кейбіреуінің партасына кнопкa қоя қояды, немесе циркуль ұстайтыны бар, одан кейін не болатыны белгілі гой, қып-қызыл төбелес. Қазіргі уақытта елдің молласы, окунының терендігін білмеймін, ал, енді ол құран оқығанда анау мынау моллаларын далада қалатын сияқты көрінеді. Мақамы керемет, сондықтан, ол құран оқыса аспан күніреніп тұрғандай болады. Жоғарғы жақтан дәріс алса, одан асқан молла болмас еді деп ойлаймын. Сүйіндік әдебиеттің сүйгендіктен және өзінің талабы, ыңғай болғандықтан, азды-көпті өлеңдер жазып жүреді. Ақын болмаса да, соларға ұқсаймын деп, талаптанып бәрін жазып жүрген қойын дәптері де бар. Аздаған олпы-солпсызы болса дағы, адал енбегі гой деп алпысыншы жылдары аудан орталығымыз Қызылтуда аудандық соттың тәрағасы болған, сол кездегі жезстандай әнші, республикаға аты шыққан, бірнеше мәрте лауреат атанған жерлесіміз, өзіміздің Үлкен Қараойдың асыл азаматы, алтыншының тумасы Тақаудың 60 жылдығына арналған өлең-жырын ұсынып отырмын.

Қарасу Үлкен Қарой жағасында,  
Мың тоғыз жуз алпыс бірдің жазында.  
Ат жарысып, балуан күрес болды,  
Алпыс жылдық Тақау агай тойында.

Тақаудың Қызылтуда сот болғанын,  
Осы күні біреу білер, біреу білмес.  
Жағдайын бұқараның ойлап өткен,  
Адамның бәрін бірдей бауыр еткен.

Ешбір жан, еш жаққа жапа шегіп,  
Алысқа не Қыырға кеткен де емес.  
Билікті дұрыс айтып, тура жүріп,  
Демеген орыс және мынау неміс.

Қызылту ауданының әр жерінен,  
Төгілтіп келіп жатыр жорғаларын.  
Бірнеше ақ киіз үй қойған тігіп,  
Бір үйде ақын отыр өлең айтып.

Жазғы тұн күндізгідей, ай да жарық,  
Шылпылдап секіреді суда балық.  
Қыз-келіншек су түбіне теңге атып,  
Өнерпаз жігіттерді түрдес сынап.

Лактырган теңгелерін алып шығып,  
Жігіттің құндыздайын сушылары.  
Колынан қыз бәйгесін алып жатыр,  
Түбіне Қарасудың жеткізбей-ак.

Жылқышы Баттал мен Ермек те жүр,  
Күн қызбай жіберсін деп бәйге аттарын.  
Су төгілмес ақ мандай жорғасымен,  
Сыздық ағай осы тойды басқарып жүр.

Орынбай бір кездегі ат бапкери,  
Сын көзімен аттарға қарайды.  
Шабатұғын сәйгүліктерді алып кел деп,  
Жұмсайды тұңғышы Елубайды.

Байсары ат шабатын жер межені,  
Салқынмен баар жерге жетейік деп.  
Ақ орамал тартқызып балаларға,  
Тізілдіріп бәйге аттарды алып жүрді.

Аттар шапты жиырма шақырымға,  
Тұлпарларға бөгет болар татырың ба.  
Балалар ұрандатып келе жатыр,  
Даланы төгілдіріп құйрық жолға.

Бірінші болып бәйгені алды кер ат,  
Шабандоз бала алды сағат.  
Жапты шапан ат иесі Есмұханға,  
Былғары ертоқым сыйлады Орынбайга.

Екінші болып келді орыс торы,  
Құлактың түбі дағы суланбалты.  
Көрген жұрт шуылдасып қолдап жатты,  
Аспанға лақтырып, өңбегің бар деп Орынбайды.

Бибіштің Қайыргелдің жүгіре басып,  
Орынбайга ақ самауыр жатыр беріп.  
Осы тойды үйымдастырған серкем-ай деп,  
Сыздыққа кілем жапты Тақау келіп.

Жұматай домбырасын келтіріп бабына,  
Құттықтайды халықты өлеңменен толғана.  
Бір киіз үйде әңгімешіл ақсақалдар,  
Ортасында шежіре айтып ысқақ отыр.

Бұл кісінің көп еді тоқығаны,  
Арабша, қазақшадан оқығаны.  
Әңгімені төгілдіріп айтқан кезде,  
Үмыт қалады тамақтары алдарындағы.

Боз кілемде балуандар түр қатар,  
Он батыр бас жүлдеге таласып отыр.  
Олардың сегізі әр жерден келген екен,  
Аугалидің Зәкәриясы, Жолдасбайдың Қайырбекі бар еді елден.

Жауырыны жерге тимей бала жастан,  
Зәкәрияның жас кезінен аты шықкан.  
Екі жақтан алма-кезек жамбасқа алып,  
Белдескенін іштен алып, шалып жыққан.

Бас жүлдеге Зәкәрия алды қойды,  
Қайырбек онымен ұстаспады.  
Екеуінің жақын еді туыстыры,  
Осы емес пе онын азamatтығы.

Қайырбекке жазғы етік тартты сыйга,  
Сықырлатып кніп жүр деп аяғыңа.  
Қайынның қабығын сап тіккен етік,  
Сал-серілер киетін баяғыда.

Қолынан Орынбайдың шыққан етік,  
Анадайдан кезді тартар жалт-жүлт етіп.  
Әйелдер таңдай қағып қызығады,  
Жүргенде шеки басып сықырлатып.

Бір мезет тартыска да берді кезек,  
Корқақтар қауіп айтып безек-безек.  
Жетектеп балаларын әйелдер жүр,  
Ат басады әрмән жүр деп, ойбай шешек.

Жылқышы Баттал шықты қақ ортаға,  
Жүректі қайсың барсың тартысуға.  
Қанекей шығындар деп бауырларым,  
Тақымынан нендей асай құтылмаған.

Сол кезде шықты Есмұхан маң-маң басып,  
Кісі емес асығатын жанталасып.  
Ұлықсат болса егер көпшіліктен,  
Жылқышымен осы жолы тартысамын деп.

Есмұхан да осал емес шымыр дене,  
Жасынан өскен жігіт ат үстінде.  
Жетектеп Мұхамедияр кер бестіні,  
Алдына Есмұханның алып келді.

Есмұхан бісмеллә деп атқа мінді,  
Аруаққа сиынады буып белді.  
Байтайлақ бабам өзің қолдай гөр деп,  
Қарсыласына осылайша бұрды бетті.

Ортасында екеуінің ұзын арқан,  
Тартысып бір-біріне жақындасқан.  
Екі атта үзенгі соғып қатарласқан,  
Баяғының батырындей тайталасқан.

Көпшілік қызыға тұрды күліл,  
Бір кезде таңқаларлық болды бір іс.  
Батталды шапшаңдықпен көз ілеспес,  
Есмұхан ат үстінен алды жұлып.  
Көпшілік тұрды сонда шайқап басты,  
Жылқышыны не ғып құдай қара басты.  
Күш атасын танымас деген бар гой,  
Қайткенменен Есмұханның мысы басты.

Қарқылдал үстін қағып тұрды Баттал,  
Әй, өзің құрық алып қасыма кел.  
Жылқышы ғып алайын мен өзінді,  
Суыққа боларсың сен төзімді.  
Сол кездің адамдары жақсы-ау, шіркін,  
Еш қандай білдірмейді көңіл кірін.  
Әзіл айтып бір-бірімен жатыр ойнап,  
Бұл қалай тез біткен аударыспақ деп.

Батталға бір тұлыпты жапты апарып,  
Далада көп жүретін жылқышы деп.  
Ақ тонды Есмұханға тартты сыйға,  
Бұл дагы тұзде жүрер азамат деп.

Куанғаннан тұрды Баттал төгіп жасты,  
Дәл сендей көргем жоқ деп азаматты.  
60 жылдық құтты болсын тойың Тақау,  
Жүзге жетіп жығылсын жасың Тақау.

Мерейің әр қашанда болсын үстем,  
60 жылдық тойыңа бір тай берем.  
Досың бар, дұшпаның бар ел көретін,  
Менің саған мінгізген атым болсын.

Қайырбек Өтеубаев сөз сейледі көтеріліп,  
Құттықтап мерейтойды тебіреніп.  
Осы тойды үйымдастырган Сыздығым-ай,  
Мың мәрте есе берсін атағың деп.

Екі күннен бері сыйлап жатқан,  
Үлкен Қарой топырагыңдан айналайын.  
Сый көрсеткен жігіттерге рахмет айтамын,  
Осындай ынтымағыңдан айырмасын.

Аяңдап сарбауырмен Әшім жүрді,  
Қауіп-қатер болмасын деп осы жерде.  
Кім білер көпшіліктің арасында,  
Ұрынып қалмасын дау-жанжалға.

Келесі сөз бергенде Тақау ерге,  
Домбырасын бір азырақ желтіндіре,  
Өлеңді үсті-үстіне төпілдettі,  
Баяғы Біржан, Ақан серілерше.

Еліме мың рахмет жатқан сыйлап,  
Келгем жоқ ағайын деп жылу жинап.  
Өзімді таныстырудым елге келіп,  
Жүрсін деп ұрпақтарым есіне алып.

Сүйіндік осылайша ауылымызда өткен Тақаудың 60 жылдық тойына арналған өлең-жырын аяқтайды.

Ел азаматы, досымыз Барлыбай да жақсы жігіт еді, ойыншил, айтатын сөзін кері жүтпай айтып салатын, көмек сұраган кісіге әрдәйім қол ұшын беретін. Ел десе тік тұрып, ішер асын жерге қоятын жігіт еді. Ленин ауданы құрылған соң, бір екі жылдан кейін ол ішкі істер бөліміне жүргізуші милиционер болып кірді. Сонынан Саратовтың екі жылдық милиция мектебіне қабылданып, оны ойдағыдай бітіріп лейтенант шенін алып шықты. Содан алған мамандығы бойынша Талшыққа оралып, МАИ-дің жол инспекторы болып қызметке орналасты. Біраз жылдан кейін Ленинград ауданына ауысып сол қызметін жалғастырды, бір азаматтың басына жетерліктең беделді болды. Жиырма жыл еңбек өткен соң жасына байланысты зейнеткерлікке шықты. Өмірден ерте озды, зайыбы Марал бала шағасына бас көз болып Талшықта тұрып жатыр.

Алпысбай елде мал дәрігері болып қызмет істеді, Қотыркөлдің ұғырыс атаяу Қатаркөл, қазір солай дейді) зооветтехникумын бітірген. Сол кезде өзіміздің ауылдың жігіттері Салыков Сайлау, Ақметжанов Еслембек, Раббаниев Сапар, Жүженов Қайырбектер үшірге оқыды. Алпысбай бажам ауылда бәлен жыл мал дәрігері болып, абырайлы еңбек етті, білімді, жолдастыққа берік, ана мынада жұмысы жоқ, көп сөйлемейтін ауыр мінезді жігіт. Құдай косқан қосағы Құлпәшпен бес баланың эке шешесі болды. Гүнгыштары Мұратбек, одан кейінгілері Азамат, Махабbat, Ақылбек, Куанышбек. Ол жылдары Құлпәш поштаның бастығы болды. 1980 жылдары Алпаған қызмет бабымен Ленинград шуданына көшті, аудан басындағы «Куйбышев» кеңшары директорының орынбасары болып орналасты, Омбының ауыл шаруашылығы институтын сырттай оқып бітірді. Денсаулығына шийланысты басқа мекемелерде қызмет істеп құрметті демалысқа шықты. Қайда істеседе сыйымды, сыйлы азамат болды. Қазіргі уақытта Кекшетаудың жаңындағы Красный Яр селосында тұрады.

Боташ пен Махмет те шопырлық мамандықты игеріп, абырайлы еңбек етті, отбасын құрып, балалы шағалы болды. Біраз жылдан соң Талшыққа қоныс аударып, алдыңғы қатарлы автобус жүргізушілері болды, басқа да қызметтер атқарды. Махмет қазір қокшетаулық. Боташ Талшықта тұрады, өте байсалды, кішіпейіл, бірқалыпты, ана мынада жұмысы жоқ, момын, сыйлы азамат.

Ауылда қалған Амантай да өзінің адаптация мен аудандық жағдайда аудандық жоспарлау бөлімін басқарды, жеті-сегіз жылдың ішінде аудан экономикасының шығайюына өз үлесін қости. Сол жылдары Алматыға барып, минимум тапсырып, аспирантурага түсті. 1984 жылы, сол кездегі истананың дәм тұзы тартып Алматыға көшіп кетті. Сонда білім, мұнай–газ министрліктерінде экономист болып істеді, содан кейін Минтяжстройдың КРУ-ында ревизор болып қызмет атқарды. Соңғы жылдары заманың ағымына қарай кәсіпкерлікпен шынанысты. Қазіргі уақытта зайыбы Элия екеуі де құрметті демалыста, бала шағасына бас көз болып, немерелерін тәрбиелеуде.

Біздің ардакты алтыншы елімізден, Үлкен Қараойдан тұңғыш ғалым, Қазақстан әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі,

экономика ғылымдарының докторы, профессор Кенес Қажымұрат шықты. Бұл ағамыз 1963 жылы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, экономика факультетін алдына жаңадан отау тігіп, Алматы Халық шаруашылығы институтына айналған соң 1967 жылы осы институтты бітірісімен Қазақ ССР Ғылым Академиясының Экономика институтының директоры, академик Сактаған Бәйішевтің ұсынысы бойынша осы ғылыми–зерттеу институтына ғылыми жұмысқа шақырылды. Сейтіп қатардағы экономистен директордың ғылыми істер жөніндегі орынбасарына дейінгі есу жолынан өтті. Ол зерделі экономист зерттеуші, ұлағатты ұстаз ретінде сінірген енбегі үшін Қазақ Республикасы Ғылым Академиясының Құрмет грамотасымен, бұрынғы КСРО Бүкілодактық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің қола медалімен, «Еңбек ардагері» медалімен, талай Алғыс хаттармен марапатталды. Оны үш бірдей академия: Қазақстан Республикасы Әлеуметтік ғылымдар, Халықаралық ғылымтану, Еуразиялық академияларына толық мүше етіп сайдады. Ол кісіні біз мақтан тұтамыз, біздің елдің атын шыгарғанына қуанамыз. Гұлсара женгей екеуі екі бала тәрбиелеп өсірді. Әттеген өмірден ерте өтті.

Жерлесіміз, атакты айтыскер ақын Жұматай Мәдиев ағамыз бір жылы республикалық ақындар айтысына қатысып, бағы жаңып, классик жазушымыз Сәбит Мұқановтың (жюри төрағасы болуы керек) колынан шапан киіп келген ақын.

Жұматай ағамыз туда біткен дарын. Ойын тойда халықтың сұрауы бойынша өлең шығарып айтқанда, арқасы қозатыны сондай, төрден босағаға, одан өз орнына жорғалап барғанын сезбей қалады екен.

Жұматай сурып салма ақындардың ішіндегі шоқтығы биік тұрған ақын деп үлкендер айттын, туда біткен дарын, ол қызып кеткенде тоқтату кын болатын. Жұмекен өнерінің шет жағасын бала болсақ тағы естідік, көзімізben көрдік, нағыз ақпа ақын болатын. Кезінде ойламады ма, реті келмеді ме, әйтеуір, қайбір себептермен артында жазба мұрасы қалмаган сиякты. Айтысып жүрген уақытында, ол кезде Қызылту ауданына қараймыз, былай деп жырлағаны бар.

Атагы елге әйгілі әуел бастан,  
Елімнің әрбір құні бір бір дастан.  
Шарықтап, шабыттыма ілеседі,  
Әнімді қосып алып шырқап аспан.

Нұр алған Октябрьден атырабым,  
Күн сайын жаңартумен жатыр әнім.  
Қожаберген, Шөже, Домак, Әлкейдей,  
Кім сүймейді өзі өсken топырағын.  
Көз салшы, Қексендір, Сілетіме,  
Сары дала, менің шалқар ауданыма.  
Көлемі емін - еркін тенденсе алар,  
Бүкілі бір Францияның аумағына.

Осы орайда ардагер журналист жазушы, Алматы қаласында ғұратын Есмұханбет Айтмагамбетовтың естелігінен бірер деректер көлігірейін, бұл кісі ол кезде «Қызылту» газетінде қызмет істеген. 1958 жылы Қекшетауда тұңғыш ақындар айтысын ұйымдастыруға үйткы болған белгілі ақын Еркеш Ибраһим, облыстық мәдениет мискармасының бастығы Мұсіреп Есенжанов еді.

Содан Қызылту аудандық партия комитетті Жұмataй Мәдиевті осы айтысқа жіберетін болып үйгартып, жаңына «атқосшы» ретінде Есекеніді белгілепті. Бір күн бұрын Жұмекен осы үйге келіп конаады. Үйде шал кемпір бар, ол кісілер де мәз майрам, қол қусырып қарсы алып, қазақтың қонақжайлығын көрсетсе керек. Бір әңгімалы сәтінде шай кайнатып, самауыр алып өткен Есекеннің көліншегін көріп қалған Жұмекен былай депті:

Келінжан самауырды алып кірді,  
Шөл қысып отырғанымды қайдан білді?  
Мол тастап дастарханға бауырсағын,  
Қойыпты қант кәмпітін неше түрлі,  
Леп күлдірсе, енді бірде:  
Есмұхан жан екенсін қолың ашық  
Отырмын соны көріп көнілім тасып.  
Құмар ем қою шайға жас құнімнен,  
Құйсыншы ана келін шайін басып,  
Леп отагасын да бір іліп өтіпті.

Ертеңінде Омбы – Қызылту – Қекшетау бағытындағы ғимолеттің Қекшетауға ұшуға тиісті екен.

Лұс ауа ақынымыз даладан үйге кіріп келіп былай депті:

Көп қызық байқаганға болып жатыр,  
Байгеден талай жүйрік озып жатыр.  
Есмұхан, жол жүретін ойың бар ма,  
Самолет Омбыдан келіп қонып жатыр.

Екінші күні 15 акпандар айтысы да басталып кетілті, ағамыз Еңбекшілдер ауданының ақыны Қабиден Жаудинмен сез таластырады. Бірінші болып сез бастаған біздің ақынымыз:

Жұматай қашан әнге тынған еді,  
Қолы да домбыраға жылдам еді.  
Ежелден ән мен жырдың кең ордасы –  
Есен бе, Қабиденім, Біржан елі!

деп төгілткенде зал дүрілдете қол соғып, қошеметін көрсетіпті.

Содан шабытына шабыт қосылып былай депті:

Қабиден маган тәндес келе алмайсың,  
Шаңына Қызылтудың ере алмайсың.  
Отанға 25 миллион пүт астық берем,  
Мұны сен бес жылда да бере алмайсың!

Сондагы айтқаны, Еңбекшілдер ауданы бес-ақ миллион пүт шамасында астық тапсырады екен.

Арқасы қозған Жұматай Қызылтудың мемлекетке тапсыратын астығы бір облыстың, мәселен, сол кездегі Гурьев (қазіргі Атырау) облысының астығына тең екенін тағы бір еске сала келіп, осынау кең жазира байтақ даласынан айнымай жаратылған өзінің де шабытының шалқар, тынысының кең екенін тілге тиек ете сөйлепті. Сөйтіп тағы бір кезегі келгенде былай депті:

Ән салсам, Ермектей мен еркін кетем,  
Даламдай шалқып жатқан тынысым кең.  
Тақау боп, Закерия боп жыр төгілтсем,  
Төбесін мына залдың селкілдетем!

деп шырқағанда тыңдал отыргандардың сүйісіне қол соғуынан залдың төбесі шынында да селкілдеп кеткендей болса керек.

Былайша жырга қосқаны, осы ақындар айтысы болып жатқан уақытта Ермек Серкебаев жерлесіміздің абыройы аспанга өрлеп, ҚСРО халық әртісі атагын алыпты. Ал, енді Тақау Сейітов өзіміздің Советтердің 8-ші съезі ауылының тумасы, алтыншының азаматы, Жұматайдың жерлесі, атақты жестандай әнші, республикалық байқаудың лауреаты, Үкілі Ыбыраймен кездесіп батасын алған, атақты әнші Жұсінбек Елебековтың алдында ән шырқап Алматыға шақырылған, сирек кездесетін әншілердің бірі.

Екі күндік додадан кейін ақындар айтысы да мәресіне келіп жетті. Еркеш Ибраһим, қазылар алқасының тәрағасы төрелігін айтып, Жұмекенің екінші орын алғанын хабарлап, оның

шынысының булыға шыққанын, тынысының еркін ашылмаганын шып айтса керек. Себебі саҳнада, жерде кілем үстінде отырып шытысыпты, ол кісі толық денелі, етженді адам болған, мүмкін соңдықтан солай болуы. Дегенмен, Жұматайдың өлеңді іркілмей сұрып салатын өнеріне ақын Еркеш риза болғанын да жасырмапты, – дейді жерлесіміз Есмұхамбет Айтмағамбетов, сол сипардағы Жұмекенің «атқосшысы», белгілі журналист – жазушы.

1971 жылы Ленинград аудандық комсомол комитетіне шұқауышы болып жұмысқа орналастым, артынан бөлім менгерушісі болдым. Ол кезде бірінші хатшы болып В.С. Крячков істейді, екінші хатшы С.Н. Волкова, бөлім менгерушілері П.Н. Авдеенко, О. Логвин, сектор менгерушісі Н. Калинина, секретарша Г. Логвин. Аппаратта жетеуіміз істейміз, аудан бойынша 15 кеңшар, Талшық, Дәуіт, Аңықөл поселкелері бар. Бұлардың ғарлығында 5 мынға тарта комсомол мүшесі есепте тұрады. Барлық кеңшарларда еңбек ақы алып істейтін комсоргтарымыз бар. Солардың бірі Жанаауылдан Қазым дос. Владимир Крячков бір жақсы жігіт болды, Қазыммен дос, кейде елден онымен еріп, Елубай, Алпысбай, Қапездер келіп қалады. Кім келсе де үйіне шарып үстелін жасап, ана мынасын ашып, тамақ қоятын. Кейде әлгі жігіттер жұмыстары бітпей қалса сол үйде конып қалатын. Таңертең Қапез бажа айтады еken, мана оянып шалқамнан жатырмын, көзіммен жан-жақты шолсам бір тайғаның ішінде жатқан сияқтымын, содан кезім бұлдырап, басым айналып, истанырала деп атып тұрдым, сендер үйқыдастындар, ал, тайга болып елестеген Крячковтың залындағы үлкен бір жарым метрлік осіп тұрган гүлдер еken. Сейтіпті де қарқылдан құліпті. Расында да ол үйде бұрыш-бұрышта сабактары ағаштай 2-3 гүлдер тұратын. Марқұм құлықшыл еді. Ал, енді ол Жанаауылға барғанда Қазым құлайындау күтетін. Облыстар біреулер келсе, Володя Қазымға шарытын, оның жұмысы да жаксы, қонақ күтуі де тамаша.

Содан 1972 жылы аудандық комсомол комитетінің кезекті есеп беру сайлау конференциясының өтетін мерзімі бекітілді. В.С. Крячков жасына байланысты басқа жұмысқа аудысатын болды, шудандық партия комитеті оның орнына кісі дайындал қойыпты. Конференция жұмысына аупарткомның бірінші хатшысы И.А. Һыжков, аудандық атқару комитетінің төрағасы А.Ж. Дәулетов, райкомның хатшысы З.Ә. Әлібеков, облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы В.Б. Косарев қатысты. Осы

конференцияда аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып Қ.Т. Ысқақов сайланды. Бұған дейін Жаңауыл мектебінде оку ісінің менгерушісі болған және физика пәнінен сабак берген.

В.Б. Косарев қазір Парламент депутаты. Облыстық комсомол комитетінің екінші хатшысы А.Б. Жақыпбеков сонынан аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, аудандық атқару комитетінің төрағасы, Қекшетау облыстық әкімдігінің аппарат басшысы болып істеді. Бұл кісінің орнын басқан Х.Х. Сағадиев Қекшетау қалалық партия комитетінің екінші хатшысы болып істеді, соңғы кезде облыстық әкімдіктің аппарат басшысы болды. Облыстық комсомол комитетінің хатшысы В.А. Брынкин, Торғай облысының әкіміне дейін өсті. Тағы бір хатшысы З.К. Бұқабаева облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болды. Сол кезде обком комсомолдың үйымдастыру бөлімінің менгерушісі болып істеген В.А. Терешук, қазір жазушы, Қекшетау қаласының құрметті азаматы.

Ол тұста семейліктердің бастамасымен ауданда мал шаруашылығында комсомол жастар бригадаларын құру жөнінде жогарыдан нұсқаулар түсіп жатты. Содан «Айсары» кеңшарында, директоры С.Ж. Атамбаев, парторг А.Д. Черемхин, «Чистяков» кеңшарында, директоры А.Н. Нұргасымов, парторг Т.Х. Хажымұратов әлгіндей бригадалар үйымдастырылды, бұл оңай жұмыс болған жок, Қайырбек қунде сонда шабатын, үш төрт отарға жас жігіттерді жинап, олардың басын біріктіріп, бригадирін бекітіп, тәлімгерлерін сайлап, оларға ферма басынан үй салғызып, төсек орын дайындалап, музыкалық аспаптар сатып алып, жастарға қой баққызып, осындай бригадалар құрғанымыз бар. Екі жылдан соң бұл жастарды конкурсыз оқуға жіберіп отырдық, әрине оқимын дегенін. «Менжин» кеңшарының Бәйтес бөлімшесінде сауын сиыр фермасында да осындай бригада құрдық. Бұнда 28 жас сауыншы, комсомол мүшелері жұмыс істеді, бөлімше бригадирі Қапкен Қанапиннің еңбегі зор болды. Ол кісі өте байсалды, жұмыс жағдайын терең білетін адам, үйымдастыру қабілеті өте керемет, үлкеннің де, жастың да тілін табатын, басшылар ол кісіге толығымен сенетін. Жас сауыншы Құлзира Балтабекова жылда аудан бойынша алдыңғы қатарда болып, әр сиырға шыққанда орта есеппен 3500 литр сүт сауатын, облыста да бұл көрсеткіш жаман болмады, жастардың арасында бірінші орында жүретін. Тағы бір сауыншы М. Илиясова да одан қалыспайтын.

1973 жылдың жаз айында біздің ауданға осы бригаданың жұмысын көремін деп Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің бірінші хатшысы З.К. Камалиденов, облыстар В.Б. Косарев келді. Заңаш Камалиденұлы сонынан Қазақстан коммунистік партиясы Орталық комитетінің хатшысы, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының тәрагасы, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тәрагасы қызметтерін атқарды.

Сөз реті келген соң айта кетейін, бұл кісінің орнын Куаныш Сұлтанов басты, біраз жылдан соң ол кісі Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің ұйымдастыру-партиялық бөлімінің мемлекеттік, кейін Премьер-Министрдің орынбасары болды, қазір Парламентіміздің депутаты.

Бұл кісінің орнын басқан Серік Эбдірахманов комсомолдан кеткен соң біраз лауазымды қызметтерде жұмыс істеді, көп жылдар бойы Парламент депутаты болды.

Содан ол орынтақça Нұргали Тасмаганбетов жайғасты, бұл кісінінде еңбегі зия кеткен жок, біраз жылдан соң Президент шеңберінің басшысы, Премьер-Министр, Алматы, Астана қалаларының әкімі болып қызмет істеді, қазіргі уақытта Қорғаныс Министрлігін басқарып отыр. Еліміз егемендік алғаннан кейін комсомолдың үні өшті, кадрлар сабактастырығы үзілді.

Жоғарыда айтылған Алматыдан келген қонағымыз Бәйтесте қолып, жұмыспен танысып, жақсы баға беріп кетті. Содан сол жылдың күз айында Орталық комитеттің екінші хатшысы Геннадий Васильевич Митрофаненко жолдас келіп кетті, жас ұжымның жұмысы ол кісінің де ойынан шықты. Артынан бұл кісі Москва қаласына ауысып Бүкілодақтық студенттер құрылыш штабының үшістығы болып кетті.

Келесі жылды «Восход» кеншарының №4 бригадасы комсомол жастар бригадасы болып қайта құрылды, бригадирі Михаил Полуэктов болды, бұл бригаданың жас комбайншысы Прокопий Полуэктов жыл сайын егін жинаудан жақсы нәтиже көрсетіп, ез өрнектері арасында облыс көлемінде алдыңғы қатарда болды, Құлымқышілікте тұрған Күлбәну апайдың баласы Нұракмет жисемінің бажасы Дәулет Омаров та жоғары көрсеткіштерге жетіп жүргіл. Осы бригаданың арқасында және жастығына байланысты, соңынан әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері қарқынды оркендер жатқан уақытта шаруашылық директоры Л.А.Рыжий

Қазақстан Республикасы комсомолы Орталық комитетінің кезекті съезіне делегат болып қатысты.

1973 жылы желтоқсанның 25-сі күні үкімет қаулысымен жаңадан Ленин ауданы құрылды. Бұл ауданға бізден «Коммунизм», «Горький», «Колос», «Жаңаауыл», «Талшық» кеншарлары берілді, орталығы Талшық поселкесі болды. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып В.Б. Косарев сайланды, екіншісі хатшысы Т.Е. Елубаев болды, хатшысы болып М.В. Зуева сайланды. Аудандық атқару комитетінің төрағасы болып Т.С. Ивахин келді, ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болып О.Ш.Шемшиұров бекітілді.

Комсомолдың бірінші хатшысы болып Г.А. Пивнев, екінші хатшысы болып Шота Жәмішев сайланды, үйымдастыру бөлімінің менгерушісі болып Қазым Әбутәліпов бекітілді.

Сонымен, ықшамдалған ауданға айналдық. Жұмыс бұрынғыдай бастан асып жатты. Жастарды патриотизмге тәрбиелеу, оларды енбекке бейімдеу, алдыңғы қатарлы жұмысшылардың қатарына қосу, мамандық алуларына ат салысу, ойын сауық кештерін өткізу, түрлі фестивальдар үйымдастыру, мәдениагарту жұмыстарын жақсартуға, спортты дамытуға үлес қосу. Аудандық комсомол комитетінің тізгінің Қайырбек ұстагалы жұмысымыз ерге басты. Облыс бойынша алдыңғы қатарға қосыла бастадық, ол кезде әртүрлі рейтингтер болатын. Аппараттада өзгерістер болды, екінші хатшы болып В.В. Долгова, хатшы болып В.Т. Пыстогова сайланды, мен үйымдастыру бөлімінің менгерушісімін.

Ол кезде аудандық ДСО «Қайрат» спорт қоғамының төрағасы Мырзатай Айтжанов, өзі спортшы болды, еті тірі, жылтықай, жылпос, бірге істейміз сөйтіп жүріп ауданда спорттың беделін өсірді, баскетболдан өзі қатысып облыс бойынша жұлделі орындар алып жүрді, стол теннисінен де аудан құрама командасының сапында ойнаған С. Еслямов, В.Фастишевский, М. Айтжанов облыс біріншілігінде жұлделі орындарда болатын, волейбол да жақсы дамыды әйелдер командасы жұлдегер атанып журді, құрамында С. Айтжанова, В. Гуменникова, Т. Борщёва тағы басқалар болатын. Футболдан «Кузбасс» кеншарының құрама командасы ауыл-село футболшылар арасында облыс жеңімпазы ретінде, соның намысын қорғал республикалық жарысқа қатынасып Жамбыл облысына барып жұлделі үшінші орын алып келді, соның басы-қасында жүріп

үйымдастырған, өзі белсенді ойышылардың бірі болып жақсы ойын орынегін көрсеткен Мырзатай. Артынан талай лауазымды қызметтер штікарды, қазіргі уақытта зейнеткерлікке шықсадагы жұмыстан қалған емес, облыстық экология басқармасында қызмет істейді.

Ол кезде жастар күніне арналған шаралардың бірі жастар фестивалі еді, сол тойға асқан жауапкершілікпен қарап, мұкият үйінде алғандағының барынан қаралған жақсы өткізетінбіз. Аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, шудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Қайырбек Ысқақов бастап бәріміз күні түні үйқы-күлкі көрмей бір ай үйінде алған жақсы өткізетінбіз. Ол той өзіміздің «Чистяков» көңішарының жаңындағы қалың қайын ағаштардың қойнауында, жайқалған көк майса шөптің үстінде, сондай табиғаты жақсы көремет жерде өтетін.

Әр совхоз, басқа да кәсіпорындар мен мекемелер өздерінің шақшаңқай киіз үйлерін тігіп, іштерін ұлттық киім-кешекпен, ыдыс-шықпен, қазақтың ою-өрнектерімен безендіріп, үздік киіз үй ғайқауына қатысатын. Маңайында толған бала-шага, әдемі қазақтың ұлттық киімін киіп сыландаған, қигаш бел, ұзын бүрімді, қарақат көз, қыр мұрынды, оймақ ауызды сұлу қыздар, әр істі көз тартар әдемі қамзол мен бөрік киген, маңайларына көз салмай пан жүретін сұлу келіншектер, қазан-ошақ маңайында буын бүркіратып жылқының қазы-картасын, қойдың басы мен жамбасын басқа мүшелерін де бабына келтіріп пісіріп жатқан нағыз іспаз жеңгелеріміз, үйдің ішінде жарасымды бөрік-шапан, мәсі киген, жайланағып отырып әңгімеге ерік берген қуатты ақсақалдар, бастарында жаулық тартқан орамалдары бар, үстеріне ұнамды өюлармен көмкерлеген шапан киген ардақты әжелеріміз бен шапаларымыз, сәл төмендеу орналасқан қазақтың сал жігіттері, нағыз әрістерше киінген әншілер, қазақтың қара домбырасын шертіп отырған күйшілдер... Осыларға қарап отырып, ойга кетесің, қазақтың тарихына үңілесің, ата-бабамыздың өмірін бір уақыт көз шілдің тарихына елестетіп, шолып шығасың. Дағаға шықсан тез арада жабдықталған стадион, ипподром. Спорттың бірнеше түрлерінен шудан біріншілігі өтетін, оның ішінде қазақ ұлттық ойындарына көп мән беретінбіз, халықтың көп тамашалайтыны, арқаларының қозатыны, дүрлігіп у-шу болатыны, бөріктерін аспанга ататындары, қып-қызыл дауга айналып, кейде қызыл-шеке болып төбелескес лейін баратыны бәрі де есте. Өзіміздің ата-бабамыздан келе жатқан салт-дәстүрімізге айналған аламан бәйге, қыз қуу, күміс алу

оыйндары, балуандар белдесуі, оның ішінде түйе балуан жарысы да болатын. Сол күні шопандар тойы да аталағы өтеді. Бір жағында көркеменерпаздардың байқауы ұйымдастырылып жататын. Жеңіске ие болған спортшыларға, социалистік жарыста жақсы көрсеткіштерімен жеңімпаз атанған шопанға, көркеменерпаздар байқауының лауреаттарына мақтау грамоталар тапсырылып, қымбат сыйлықтар мен марапатталатын еді. Халықтың көп жиналышп, көп жүретін жерінің бірі сауда-саттық ұйымдастырыған алаң, бұл жер түскі уақытқа дейін топырлаған адам, аудандық тұтынушылар одағы бұл тойга жақсы дайындалып, облыстан тауарлар әкеліп ұзыннан-ұзақ дүнгіршектер орнатып, сауданы жандандыратын, әсіресе халықтың бірін-бірі басып-жанышп, кенірдесіп жатып, бір-біріне кот бермейтін жерінің бірі жібек барқыт пен үнді шайын сататын жер болатын. Сонымен, бұл тойға бүкіл кеншарлардан, елді мекендерден, кәріден балаға дейін жиналышп, мәз-мәйрам болып, көріспеген ағайындармен қауышп, мәрә-сәрә болып, екі күн аудан бойынша той тойлап, халық жақсы көңілмен, жадырап елдеріне оралушы еді.

Комсомолда істеп жүрген біраз нұсқаушыларды 1972 жылдың сәуір айында Алматы қаласына республика комсомол мектебіне бір айлық оқуға жіберді. Сенбі күні сағат күндізгі екіге облыстық комсомол комитеттің бірінші хатшысы Владислав Борисович Косарев жинал алышп, онда барғанда сабакты жақсы оқындар, Қекшетау облысының мәртебесін сактаңдар, біз республика бойынша алдыңғы қатарлы комсомол ұйымымыз, тәртіп жағын да байқаңдар. Алматы жоғарғы партиясы мектебінің қабыргасында оқисындар, тұратын жерлерін Республика комсомолы Орталық комитеттің жатақханасы болады деп бізге көп сенім артып шығарып салды. Облыс бойынша тоғыз жігіт жиналдық. Содан кейін ұйымдастыру бөлімінің менгерушісі Виктор Александрович Терещук қабылдап қашан шығатынымызды, қалай баратынымызды, кайда тұратынымызды айтып, жол билетімізді, іссапар куәлігін бергізіп, жылы қоштасты. Петропавл-Алматы поезына отырып, жүріп кеттік. Вагонымыз плацкарт, орындарымыз қатар-қатар, бәріміз біргеміз. Кілең жас жігіттерміз, бойдакпыз, оргамызда жалғыз Сұлтанбек қана үйленген, Қызылтудың жігіті, тағы бір Үәлиханның жігіті бар, үш қазақпыз. Жолға тамақты барлығымыз бірігіп алғанбыз, барлығы жеткілікті. Жігіттердің арасында гитарамен өлең айтатындар бар екен, әнгіме айтылады,

шілдіттар жалғасады, ауыз жабылган жоқ, ойын-құлкі, бүкіл шигондағы отырғандардың көздері мен құлақтары бізде, арамызда Кесілдерден келген Вася Васьковский деген бар, гитара да ойнайды, күлықшыл, жылпос жігіт екен. Не керек, Алматығада жеттік, тоғызымыз да бір комнатаға орналастық, барлығы жақсы, тек бір қолайсыздығы шетте, кірпіш зауыты жақта екен. Оку орнына келгенше пересадкамен бір біржарым сагаттай уақыт жүреміз, ішкі сагат тоғыздан кешкі алтыға дейін сабак, содан соң қаламен танысу, мәдениет-шараларға бару, көркіті жерлерді аралау, әйтеуір, не керек шаршап-шалдығып кешкі сагат 10-11-лерде аман-сау орынызга жиналады. Қунделікті іс-әрекетіміз осы. Сенбі, жексенді құндері тағы қыдырыс, сонымен біз Алматыға, Алматы бірге риза болғандай. Көбінесе Сұлтанбек екеуіміз бірге жүреміз, ол ірі денелі, көркем жігіт, созгеде майда, аспай-саспайтын мангаз келген, он-солын білетін, өмірді көп көрген кейіп танытатын, прасында жымып, менің ойымды тап деп тұратын жігіттей корінетін. Соның аузына қараймыз, не шешсөн солай болады дегендей, сейтіп жүріп арамыз жылып бір-бірімізді түсініп, жақын жолдас болып кеттік. Оның таныстары көп, кілең Қызылтудың оку оқитын студент жігіттері. Екеуміздің жұбымыз жазылмайды, кейде ҚазПИ-ге барамыз, ол кезде сонда сырттай тарих факультетінде оқиды екен, одан орталық почтампқа барамыз, ол келіншегіне телефон шалып, сейлеседі. Ол кезде ұялы телефон жоқ, қазір құдайдың рахаты, шаршамасаң сагаттап сейлесесің, жастарда бір смес, қымбат телефондардың екеу- үшеуі жүреді, қалтага салған көл орамалмен бірдей. Соткалары шылдыр етсе болғаны, бирлігін бірдей алып қайсының шылдыrlағанын білмей естері шұысқан адамдай дал болатындары бар. Бір жағынан шешесі шондал жатса, екінші жағынан жігіті, не қызы, немесе тағы біреулер мазалап жатады. Әйтеуір, бір баста екі құлақтың ғана болғанына тәубе деп отыра бересің. Ал, енді автобусқа мініп жүрсөн біраз уақыттан сон көзің қарауытып, басың айналып шынынен көтеріліп мас адамдай шыққанша асығасың. Басыңың спикинасы барлар қалай отырады екен, жүкті әйелдерге тіпті де қын шылгар. Автобуста отырып, неше түрлі өсек естисің, естіген құлақта жиғық жоқ деген оймен отыра бересің, одан қалды, кейбір шалдар кемпірлеріне звондал, әсіресе, көзі соқырлар, мен үйде отырмын, шылага шығып дәретханага барайын десем мәсім жоқ, күрып кеткір, кийда қойдың деп жатады. Кемпір де құлақтан керен бе, әлде у-

шудан естімей жатыр ма мына жақтан, эй, қақпас үйде отырсаң отыра бер, мен келгенше ешқайда шықпа, адасып кетесін, мәсі киіп, ып-ыстық үйде не экетіп барады дейді. Кейбір шалдар кемпіріне звондал жүгірмек немерем қайда, жылаған жоқ па, мені іздеғен жоқ па, айналайынды мен үшін шұмәтәйінән бір сүйіп қойши деп жатады. Енді бір шал бауырына салған тентек немересімен сейлесіп жатып, әкен келгесін экесінің аузынан бір жіберіп ал, жарай ма деп жатады. Енді бірде кемпірі шалына звондал, эй, ана немерене жейтін бірдене ала кел десе, мына жақтан шалы эй, ол баланың өз экесі бар емес пе, единицам бітті деп телефонды қойын қалтасына сұңгітіп жібереді. Ал, енді бір жас қыздар орысша-қазақша арапастырып подружкасымен сейлесіп жатыр, кеше как отдохнула, вообще қалай екен, ол саған ұнады ма, маган шустрый сияқты көрінді, через чур, бакстары бар ма екен, ә, ә үйге поздно келдім дейсің бе, онда ұнған гой, молодес, чао. Енді бір жігіттер қыздарына звондал өліп-тальып жатады, элі үйдесің бе, ауырып қалған жоқсын ба, тұнде кеш келіп ұйықтал қалым дейсің бе, жұмысың қайда, жарайды мен де бір мероприятияга баруши едім, таң ата келетін шығармын, мүмкін болса ертең кездесерміз солнышко мое дейді. Бір жас келіншек күйеуіне телефон соғып, мен кешке келгенше үйді жинап тاماқ істеп қой, стираканы қосып баланың ползуноктарын жуа сал, арестонды қосып қой, кешке ваннага түсемін, жұмыстан кейін кафеге туған күнге барамыз дейді, ана жақтан эй жаным мен жұмысқа асығып жатырмын, тұнгі кезекке барамын деп акталып жатыр күйеуі. Келіншегінің ана жақтан ышқынған дауысы естіледі, обойдешся, завтра бастығына өзім звондаймын, разберусь с ним, ана бала жылап қалмасын деген кезде сотка пик-пик деп үзіліп кетті. Тағы бір әйел байына звондал, эй, сумелек сен осы бастығынды құзетіп қашанғы отыра бересің жұмыста, үйдегі кемпір нан жоқ деп жатыр, тез үйге барып кел, менің уақытым жоқ, педикюр мен медиқюр салонына барамын деп қысқа қайтарады, ана жақтан күйеуінің акталған дауысы шығады, жарайды, апаратын менің бастығым жаңа ғана секретаршамен мейрамханаға кетіп еді, бүгін келе қоймас деп телефонын өшіреді.

Неше түрлі әңгіме, өсек естисің, соның қызығында отырып, кейде барал деген аялдамаңнан асып кетесің. Қазір рахат, скайф арқылы үйде отырып суретін көріп жанында отыргандай қай қала болсын, Қазақстан ба, Ресей ме, басқа мемлекет пе, сейлесе бересін, жаңа таныстар табасың, өмірлік қосақ іздейсің, не керек,

бәрі тамаша. Оны айтасың, заманы солай ма, мектеп табалдырығын көрмеген балалар компьютерге жармасады, үйге келген Ақмарал, Қымал, Гүлжан қыздарымыздың әлі тілі шықпаган Жанерке, Еркежан, Аиса деген ботақандары құлактарынан сотканы ғүсірмейді, талтандап әрен жүрсе дағы соган таласады.

Алматыда Сұлтанбек пен жүргенде айтушы едік, осы рация сияқты телефондарды неге шығармайды деп, сол күнге де жеттік. Техниканың дамыған кезі гой.

Сонда жүріп Сұлтанбек келіншегіне звондаган кездे бірде сойлеседі, кейде хабарсыз қалады, байланыс жоқ дейді, абонент полмай қалады, т. б. себептер болады. Содан оку аяғына жақындала көледі, зачет, емтихандарды ойдағыдан тапсырып шығып, азын-аулақ жүгансымыз бар. Содан автобусқа мініп, өзіміздің аялдамадан түсіп жигтақханаға бет бұрып келеміз, біраз жер бар еді, мен аздаш шаршап қалып керек, Солтанбек арқалап алтыпты, жауынды, сом денелі жігіт болатын, құдайға шүкір, әлде де кем емес, мені қаңбақтай қормейді, содан жатақханага жақындағанда өзім әжептәуір күжірейіп, ми. Сөке, андан көтер, құлатып алма, барғасын таяқ жейсің деп қоямын. Екеуіміз дос болдық, әлі күнге дейін қарығы-қатынастамыз. Содан бір айлық окуымыз аяқталды. Республикалық комсомол мектебінің директоры Е. Калинина колымызға оку бітірген қоюлігімізді ұстасып жол амандығын тіледі. Пойызға билет алып қойынмыз, Қекшетаудан үйге жететін ақшамызды, тамақ ішетін тынғасынімізді жеке салдық, енді төзірек вокзалға бару үшін екі такси ұстадық, біреуінде төртеу, екіншісінде бесеуміз, таксист біреуінді шимаймын дейді, біз оған көнеміз бе, ақшамыз біткен, уақыт болса тиши қалды, ылғы жас жігіттер қысылып-қымтырылып отырдық, шоңыр орыс жігіті еken қазір гаишніктер ұстаса сендер қорқытып мінілі деймін деді, біз оған сен милиция жоқ жермен жүр деп жекіріп қоямыз, содан вокзалға жеткесін ол ақша сұрайды, әрбіруіміз қалтада қылған тындарды жинап бердік, ол жартысына да жетпейді еken деп ойнізге кері лақтырды, спасибо деп қоямыз, біздің бір жігіт ғомиандап жүгіріп шашылған ақшаны жинап жүр, на пиво хватит деп қояды. Сонымен аман-сау Қекшетауға оралдық, қош айтысып шудандарымызға тарадық.

1974 жылы шілде айының бір күнінде райисполкомның пұсқашысы Михаил Рассказов телефон шалды, сен маған кел, оғыде нұсқаушылық орын босады, біздің хатшы К. Ж. Мизанбеков тені сол жұмысқа алатын болды, ауаткомның төрагасы А.Ж.

Дәулетов қарсы болмапты деді. Жұма күні сағат тәнгертенгі онның кезі болатын комсомолдың бірінші хатшысы Қ. Үсқақов обком комсомолға жиналысқа кеткен, екінші хатшы Долгова Валяға кіріп мен райисполкомға жұмысқа кеттім деп айтып шықтым, ол қарсы болған жоқ, алдында сөз болған, Қайырбек біледі дедім. Содан Қоспи Жакышұлы мені алғып, Асылбек Жәзиұлына кірдік. Ол кісі біраз әнгімен кейін табыс тіледі, мен рахметімді айтып шығып кеттім. Михаилмен бір кабинетке орналасып бір күн жұмыс істедім.

Кешке үйге келіп, қуанышымды жасырмай Құләпешқа айттым, жас болса 25- ке келді қашанғы комсомолда отырамын дедім, ол құлтап қуанып жатыр. Дүйсенбі, жұмысқа бардым планеркада болдық, ойымда ештеңе жоқ, бір уақытта В. Долгова звондайды, тез кел екеуімізді райком партияның бірінші хатшысы И.А.Рыжков шақырып жатыр деп. Жүргімді қолыма ұстагандай екі иығынан демім шығып, аптығып-үсігіп, асып-сасып, шалынып-сүрініп, Қайырбектің кабинетіне жеттім, не болды Қайреке, тыныштық па деймін. Саспа, қазір Валя екеуін «Дед»тен (Иван Алексеевичті барлығы сыйлас солай деп атайды) ондап таяқ жейсіндер деп күледі. Иван Алексеевич менің райисполкомға кеткенімді біреуден естіген болуы керек Қайырбекті шақырып алғып, Қожахметовті райкомның ұлықсатынсыз неге жібересін, бүкіл кадрлар, оның ішінде комсомол ерекше, аупарткомның номенклатурасында деп ұрса бастаганда Қайырбек Теміржанұлы мен болғам жоқ, білмеймін, эрине, сіздерсіз жібермеуші едім деп құтылып кетіпти. Содан Валя екеуіміз сүмірейіп И.А. Рыжковқа кірдік. Ол кісі бізге жарты сағат ұрысты, басымыз салбырап, иықтан су кеткендей үлкен кабинеттің босағасында тұрмыз. Екі метрге жуық, енгезердей кісі ғой, бізді жеп қоярай қорықтық, осымен, барлық жұмыстан айрылдық қой деп ойладық. Содан ақырында, мен жаңа Асылбек Жәзиевичпен сейлесіп, Қожахметовті қайтарып аламыз дедім деді. Ал Қайыржан біз сені байқап жүрміз, біраз уақыттан кейін райком партияға нұсқауыш етіп аламыз, боссындар деді. Рахмет деп міңгірледім, ол кісінің ұрықсаны үшін бе, әлде жұмысқа аламын дегеніне ме, өзім де білмеймін. Шығысмен Қайырбекке кіріп шықтым, не болғанын Валентина айтады, мен Асекене барып келейін дедім. Асылбек Жәзиұлына кіріп кешірім сұрадым, ол агамыз маған дүрсе қоя берді, мен райкоммен келісілген шаруа шыгар деп ойладым деді. Содан не керек, бір сағаттың ішінде ауданның екі бастығынан онbastай таяқ

жес, жүргім орнына түскендей болып, денем жайылып, райкомға келіп, бұрынғы өз орныма сылқ етіп отыра кеттім.

Сол кезде ойлап отырсам, райком партияның нұсқаушылары болып Қайыржан Малгаждаров пен Аманжол Ақметжанов істеді, екеуі де жас жігіттер, біраз жыл істеп қалған, тәжірибе жинақтаған, соларды бір жерге жоғары қызметке жіберетін шыгар деп жорамал жасадым. Ойлаганымдай Қайрекенді «Коммунизм» кеншарына шартторғ қылып сайлады, С.Т. Крячковтың (Крячков Володяның жесі) орнына, ол кісіні Бостандық сельсоветінің төрағасы етіп орналастырды, Әбекенді Колос совхозына шартторғ қылып сайлады, Ішановтың орнына. Олардың орнына Володя Крячков пен Әскер Саржігітов келді, келесі жылы біріншісін селолық кәсіптік техникалық училище директорының оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары қылып жіберді, екіншісін аудандық жинақ кассасының бағастығы етіп бекітті. Олардың орнына райкомның нұсқаушысы қылып мені және Келдібай Қадыровты алды. Екеуіміз обком партияның ұйымдастыру-партиялық бөлімінің меңгерушісі Н.В. Кирностың қабылдауында болып келген соң 1975 жылдың 6 қазанында жұмысқа шығып бір кабинетте отырдық.

Келдекен өте кішіпейіл, мінезі биязы, жуас, білімді азамат болды, жолдастары Келдыш деуші едік. 1977 жылы ауданда «Алтыкөл» кеншары ұйымдастырылды, оны сонда бас зоотехник қызметіне ауыстырды. 1980 жылы Ауыл шаруашылығы Министрлігіне ауысып ага зоотехник қызметін атқарды. Зейнеп әлсүмбеттік қамтамасыз ету Министрлігінде қызмет істеді, екуі Азамат пен Әйгерім деген боталарын әлпештеп өсірді, казір олар шіматылық болып кетті, қарым-қатынасымыз жақсы.

Сонау жылдардағы мектеп қабырғасында жүрген балалық шығымыздагы махаббатымыздың ұшқыны жалындал, нағыз өмірлік махаббатқа айналып, 1973 жылдың кантарында Құләпеш екеуіміз шыға құрып үйлену тойын жасадық. Тойымыз, Құләпештің қызыры курста оқып жүрген жылы қысқы каникулда болды. Алматыдан бірге оқып жүрген дос қыздары Майқамал, Раушан, Бану, Мәриям, Шәмши, Шәрия, Нұриша келді. Сол жылдың жазында Құләпеш Алматы мемлекеттік қыздар педагогикалық институтын тәмамдалғанда оралды. Ленинградскийге жұмысқа орналасты, бір қыс СПГУ жатақханасының бір бөлмесінде тұрдық, келесі 1974 жылдың наурызында райкомның жаңа салған екі қабатты үйінен екі бөлмелі шетер берді. Жаңа өмір басталды.

Күләпәштің әкесінің аты Нұргали, шешесі Күлбәрәм елдің сыйлы адамдарының бірі болды. Нұргали атайдың оқығаны болмаса да, тоқығаны мол болды. Соғысқа барып, жеңіспен оралған азамат, келісімен еңбекке араласыпты. Бәлен жыл Қызылту райфосының агенттік қызметін абыраймен аткарды, содан күрметті зейнет демалысына шыкты, омырауы бірнеше медальдарға толы болды. Руы керей, енді біреулер аталарын сұрастырып айтып жатса, ол кісінің жауабы, әй, ата айтысып қайтесіндер, барлығымыз бір Мендібайдан тарадық дейтін. Сол кісі айтқандайын, Қарашибілік ауылының адамдары бір біріне туыс, барлығы бір атадан тараған. Қазіргі уақытта ағайындарымыз одан сайын жақындасан, қазақ атамыз айтқандайын күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық демекші, көбі бір бірімен құда болған, одан қалды қарсы құдалар да барышылық, елдің жастары алыстан арбалаганша жақыннан дорбала деген мәтеді ұстанып, алысқа шықлады ау деймін. Біз елден ерте кеттік қой, ауылға барғанда туыстығын, қарым қатынастығын сұрасан, басын айналып шатасасың. Оның ешқандай сөкеттігі жоқ, тіпті өте жақсы, елде бірлік болады. Солардың бірі өзіміз, елден қыз алған. Сонымен, Нұргали атай мен Күлбәрәм еней жеті бала тәрбиелеп өсірді. Үлкені Күлпәш, содан кейінгілері Күләпәш, Нұргатша, Жәнібек, Роза, Жанат, Қазбек. Барлығы да үлкен азамат болды, Күлпәш Алпысбай бажаммен Красный Ярда тұрады. Балалары жеке отау құрган, Махабbat жоғары білім алды, Қекшетауда, Мұратбек Астанада, Азамат Қекшетауда тұрады, жұмыстары бар.

Нұргатша жастайынан өжет болды, өр болды, ақыры, талаптың арқасында Алматыға барып, атақты АХБК-ға жұмысқа кірді, сонда істей журіп Алматының мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына сырттан окуга түсіп, ойдағыдай бітіріп шыкты. Мамандығы бойынша Алматының мемлекеттік кітапханасында кітапханашы болып қызмет істеді, абырайдан да кен де болған жоқ, ақыры, зейнеткерлікке шығып, құрметті демалыста, үйі бар, жап жақсы өмір сүріп жатыр.

Жәнібек, Ғұлбаршын екеуі үйленіп, өз мамандықтары бойынша қызмет аткарады. Үш бала тәрбиелеп өсірді. Үлкені Еркін зангер, қазіргі уақытта өз мамандығы бойынша қызмет істейді, Аслан қазақ түрік лицейін тәмамдап, «Болашақ» бағдарламасы бойынша Англияға окуға түсті, оны ойдағыдай аяқтап, мұнай газ саласының инженері мамандығын алды. Қазір өз мамандығы бойынша Атырау облысында жұмыс істейді. Жұлдыз атты аяулы, сүйікті қыздары жоғары оку орнын бітірген, тұрмыста, Астанада тұрады.

Рауза құдай беретін азаматша, ойлаган ойынан қайтпайтын кійсар жан, іске тиянақты, ұжымында беделді жұмыскер, Астанада тұрады. Үш балапаның есіріп – бағып, ешкімнен кем қылмай іәрбиелеп, барлығын өкіткіп, жоғары білім алғызды. Ақнұр, Берік, Алмагүл өз мамандықтары бойынша қызмет істейді, барлығы өз шілдіна жеке отау, балалы шагалы бақытты жандар. Барлығы Астаналықтар.

Қазбек баланың кеңекесі, өз ісіне жауапты, енбеккор азамат, Астанада тұрады, жұбайы Күләйім екеуі бір мекемеде істейді. Тек Жашнат қана ойлаган арманына жете алмады, техникум бітіріп, өз міншілдіктерінде мал дәрігері болып істеп жүріп, апатқа үшінген, бұл дүниеден ерте өтті. Өмір деген осы.

Үйленгендің кейінгі күндердің бірінде Құләпеш неше биламызың болғанын қалайсың дейді. Мен ойланбастан төртеу деңгейін, аузыма құдай салды ма, әлде жай ойнап айта салдым ба, ол ырасын білмеймін. Содан солай болды да, 1974 жылдың 19 наурызінде үлкен қызымыз Ақмарал дүниеге келді. Ертеңінде бүкіл әмбебаптық сенбілік болатын. Елге барып әке шешейлерге хабар беру керек, сондықтан Қайырбек Теміржанұлынан сұранып баратын болдым, райком комсомолдың ГАЗ-69 машинасының реті келmedі, ойткені, аппарат қызметкерлерін сенбілікке апару керек. Бізде үйсқауышы болып істейтін Виктордың коляскалы «ИЖ» мотоциклі болатын, сонымен, Жексенбай Даукеновті алып жолға шықты, ауа риіні жап жақсы болатын, кешке қайтып келмекшіміз, бұл жұма күні болатын. Ауылға аман есен барып, Жексенбай сүйіншісін сұрап кері қайттық, Жанаауылға жеткен соң жауын жаумасын ба, содан Қайырден үйіне, Талшыққа келдік. Элия тамақ дайындалғанын, ас ішіп, жуып жатырмыз. Біраз жерге барыптыз, кететін үлкіт болды, сагат кешкі тоғыздың шамасы. Қардың еріген кезі, оның үстінен жауын қосылды, дала мидай батпақ. Ленин ауданының күршілғанына бір жыл да болған жоқ, Қайырден райпланның торағасы, үйі элеватордың манайында, ПБ-нің жанында, жол жоқ, грейдерге шыға алмаймыз, мотоциклді итерсең де қозғалмайды, доңғалақ пен крылоның арасы батпаққа тола береді, оны аршимыз, итереміз, содан әупірімдеп Талшықтың аргы басына, ДЕПО-ның прызы жағына шықтық ау. Алдымыз жайылма су, тағы баттық, Жексенбай екеуіміз әдетімізben итереміз, Витя мотоцикл шыққанда сен тоқтама, біз мініп үлгереміз деймін, содан мен артқы сиденьеге отыра салдым, менің орным сол болатын. Витямен жүріп келеміз

тағы баттық, Жексенбай тұс итерейік десем, люлькада оным жоқ. Бір бәле болды-ау деп ойлаймыз. Оны іздейтін жағдай жоқ, тірі болса Қайырден үйіне келер, Витя соның үйіне жүр дедім. Танғы сағат алтының шамасында өліп – талып мотоцикл бізді емес, біз оны сүйреп сол үйге жеттік. Есіктің алдына келсек Жекеңнің шалбары штакетникте жайулы тұр. Әкем базардан келгендей қуандым-ау, тірі екен деп. Үйге кірсек, Әлия, екеуіне тамақ беріп отыр, аналардың жағалары жайлауда демекші, езулері бір жиналмайды, қарқылдап құліп отыр, Жексенбай шамасы түндегі оқиғаны айтып отыр гой. Біздің де үстіміз жетісіп тұрган жоқ, киім ауыстырып, шайға отырып, Жексенбайдан сен қайда болдың деймін. Мотоциклді екеуіміз итерген кезде, ол мініп үлгере алмай сол жерде қалып қойыпты. Содан олай жүріп, бұлай жүріп жол таппай шаршап, кішкене дем алайын деп бір столбың жаңына тізе бүктім, қалғып кетіппін, біруақытта шошып оянсам аралдың ортасында отырғандаймын, жан – жағыма қарасам дария су дейді. Енді қайда барамын деп жанымдағы электр бағанынан ақыл сұрамасым бар ма. Әйтеуір ес кіріп жанған светтерге қарсы жүріп, тізеден келетін суды кешіп, әлгі су қоршауынан шықтым, сейтіп бір өлімнен қалғандай болдым деп қүледі. Жылы үйге кірген соң бойымыз жазылып біраз ойнап құліп отырдық. Сендерге кеше қоныңдар дедім гой, сол керек деп, езуlep Қайырден де болмайды. Содан бір екі сағат ұйықтал, жолға шығып, аман есен үйге жеттік.

Үйге келісімен ет асып, тамақ дайындал, сенбіліктен келетін жолдастарды қарсы алуға дайындалдым. Сағат бестің кезінде Қайрекен, Олжекен, Ақан, Әсекен, Бәкен, Жекендер де келді. Кішігірім той. Біраз уақыт отырдық, тамағымыз бітті, ақаң жеткілікті. Содан Ахмет үйге Бақытқа телефон шалады, көрші тұрамыз, бізге бірдене жеткіз дейді. Бәкен білгендей бауырсақ пісіріп жатыр екен, ол бір табакты әкеліп шарбақтың аргы жағынан береді, бергі жағынан Ахаң қабылдап алады, сол маршрутпен бірнеше рейс жасалды. Сейтіп бауырсақ тасып жүрген оның көзі бірінші этаждың, біздің подъездे тұрган жәшікке туседі. Ашып қараса іші толған банкадағы огурцы, помидорлар, оларды тарелкаға салып, алдымызға қойып жатыр, біраз сілтеген соң, оған соншама банканы неге әкелдің, Бақыт ренжімей ме дедім. Сенің банкаларында Бақыттың қандай шаруасы бар дейді, біздің банкалар баяғыда біткен деймін мен. Мына коридордағы жәшік кімдікі, содан тасыдым дейді аузы мұрны қисаймастан Ахмет. Масқара

болдық кой, ол көрші Недашковскийлердікі деймін, әйелі бізде районда істейді. Ақаң айтады, олар есебін біледі дейсің бе, үш шигрлік банкінің үшеуін ақ алдың деп құледі, тәйірі соны сез қылыш тұрсың ба, ол ет емес, шөп шалам емес пе дейді. Жігіттер, коршыңнің салаттары керемет тәтті екен деп қарқылдал құліп, жеп житыр. Ол орыстар бізге жәйдән – жәй салат беруші ме еді, мына Қийыржанның тұнғыш қызы туғанда бір тойып едік деп жеңдер лейді қалжындағ Ахмет. Содан ойнап құліп біраз отырып тиастиқ. Сол кезде жасымыз 24-28-дегі жігіттерміз. Аздап тойып шығап біреу айтыпты гой, адасып барған жиырма шақырымдық жерді, е, не көрмедік, Тұғыржапқа да барғамыз деп. Сол құсап жистық шақта не болмайды. Біздер тек жаксы қылықтар жасадық, жимандыққа барғамыз жоқ. Сәду Әбжанов агамыз айтатындағ шида санда бір бауырсақ жейтінбіз, онысы бір жұз грамм болатын. Жистық шақ ұмытылмайтын кез, есте қалатын заман. Сол жігіттермен жолдастығымыз берік болды. Қазір барлығымыз да ісінегірміз, өмір деген қамшының сабындаш шолақ демекші, шымырап өтіп жатқан күндер, содан бері қырық жыл өтіпті. Кейде отырып ойласаң өмір тарихың көз алдыңа оралады, сол кезен, істеген ортаң, қызметтес жолдастарың, дос-жарандарың, оның шиіндегі біздің ортамыздан ерте кеткен, осы кітапта айтылған үлкен шілдемдер, ұлагатты азаматтар, қайран достар еске түседі, қамығасың ши коясын, өмір солай.

Сол кезде жас болған соң бір бірімізben қалжындағай береміз. Шір күні Бақытжан Шаубаев, ол кезде районда нұсқаушы, Қийыржан жүр кеттік дейді, қайда деймін, жұмыстың аяқ кезі жұма күні болатын. Колындағы папкасын ашып бір арызды көрсетеді, жогарғы бұрышында районның бірінші хатшысы И.А. Рыжковтың колы қойылған, «изучить и доложить» деп жазыпты. Бұны не қыл дейсің деймін, ол айтады, қазір Саржігітов Әскерге барамыз, ол көнде районның нұсқаушылығынан ауысып жинақ кассасының очистигы болған, оған сенің үстіңнен арыз түсті деп, әлгі қағаздағы китаптың қолы мен нұсқауын ғана көрсетеміз, мәтінін оқытпаймыз, сөйтіп оны наказайт етейік дейді Бақытжан досым. Содап екеуіміз жинақ кассасы қайдасың деп тарттық, келсек досекен досымыз кабинетінде столдың аргы басында күжірейіп отыр. Амандық сұрасқаннан кейін, ол сез тартып, иә жүре қылышсындар, бірденелерін бар ма деп ыржияды.

Бәкен, эй, Әсеке бізде бірдене болса, сенсіз де тамағымыздан өтеді, бірақ, осы жолы біз емес, сен қоясың дейді, біреу емес, екеу деп нықтап қояды. Сендерге бірдене қоятындаи немене, жынды қойдың басын жеді дейсіндер ме деп, анау да шалқаяды. Содан келісім бойынша Бақытжан әлгі арыздың тек басын ғана көрсетіп, жабуга болады, бірақ, ол оңай шаруа емес, оны өзін де түсінесін, сондықтан какой подход, такой отход демекші дүкенге зымыра дейді. Әсекен бірдене айтайын десе айтамайды, тек ерні жыбырлайды. Бір уақытта ол қипақтап отырып, әуелі арызды оқытындар сосын ойланайын дейді. Бәке, жұр кеттік, қусаң құмалақ түспейтін өзіміздің Әсекен емес пе, менің уақытым жоқ, дүйсенбі келеміз де арыздағы жазылған кісілермен кездесіп, олар не айтады, соны жазып береміз, ол әлі бұл қызметке бекіген жоқ, міндегін атқарушы деп, мен дұңқ ете түсірдім. Ол орнынан атып тұрып, Қайыржан қатты кетпе, дүкен міне тұрган жоқ па, темекі шегіп отыра тұрындар деп шығып кетті. Содан әлгіндей болмай досымыз оралды, қолында портфелі бар, орнына жайғасып сөмкені ашып, ішінен тіске қыстыратын бірденелерді алып бір ақанды столға қойды. Бәкен екеуіміз бір бірімізге қараймыз, екеу болу керек еді гой дегендей. Ол маған көзін қысады, мынаны жондап алайық сосын көрерміз деген сияқты. Содан әлгіміз бітті, әңгімеміз жараса бастады, Әсеке, екіншісі қайда дейміз. Ол, арызды оқытындар, сосын көреміз деп мінгірлейді. Көрсетпесендер осы тойғандарыңмен баراسындар, біреу-ақ алғанмын дейді. Эй, тышқан мысықпен ойнамас болар деп Бәкен аяғының ұшымен столдың астындағы сөмкені тұртіп қалғанда, шөлмек сылдыր ете түсті. Әсекен Бақытжанға жалт қарады, біліп қалдың-ау ә дегендей, Бәкенің жүрегі орнына түскендей болды. Содан біз әкел дейміз, ол бермейді, ашық «соғысқа» кеткендей болдық. Әйтеуір алдан сулап екіншісін де алып, баратын орнына жібердік. Болған соң ол бізге арызды көрсетіндер дейді, қайдағы арыз, жоқ нәрсені жерден қаз дейсің бе дейміз. Содан болмай манағы қағазды оқып, басқа кісінікі болған соң, тынышталып, мені алдағандарың үшін тағы біреуін алып келейінші деп болмайды. Жоқ, жетеді, раҳмет деп әрен құтылдық. Есelerінді қайтарамын әлі қулар, деп қалды.

Ол кезде мерекелер күніне арналған транспоранттар жазылып, мекемелердің маңдайшасына ілініп, жалаулармен безендірілетін. Ауданда бірлі жарым ғана художник бар, барлық мекеменің сұранысын үлгере алмайды. Содан Әсекен Бақытжанға телефон

сөйлп, ол үгіт-насихат бөлімінде нұсқауыш, бүкіл нұсқауды сол үшіншілайтын, Бәке, не істеймін, лозунг жазатын художник таба шымай отырмын дейді. Бұл мәселе расында проблемный вопрос, оған керек деп Бәкен шалқаяды. Трубканың екінші жағынан анау жиленіншты дауыспен көмектес, ертең секретарлар тексерсе таяқ жеймін гой дейді. Онда менін шаруам қандай, таңертең тексеремін, шулі тұрсын деп мына жақтан зіл дауыс естіледі. Әсеке, болмадың-шу резервте бір художникім бар еді, онымен қалай расчет жасайсың лейді Бәкен. Колма қол бес сом беремін дейді қуанған Әсекен. Ол бес сомынды өзің бір жеріне қыстыр, ол оған жазбайды, оны әлі қондіру керек, келісі ме жок па, ол қыын мәселе, ана мынаған көне салатын кісі емес, мінезі қысық. Жарайды он сом береді дейін. Жарты сагаттасын звонда, сонда анығын айтамын деп телефонды қоя салады. Бәкен менің кабинетіме жүгіріп келіп, саған жұмыс шытым, кешке екеуіміз Әскерге барып лозунг жазып береміз дейді, ол менің жазатынды біледі, райкомға жазамын гой. Уақыт бола қояр ма екен деп мен шалқаямын, ол өзі транспоранттын қызыл материалмен тартып дайындал қояды, саған ол жарты сагаттық кина жұмыс қой деп Бәкен жалпақтайты, он сом беретін болды дейді. оны мен продуктыға айналдырамын гой деп күледі. Алтылған уақытында телефон шылдыр ете қалды. Ана жақтан не болдың, Бәке деген дауыс естіледі. Әрен дегендеге көндірдім, беретіні аз екен дейді, бірақ ақшасы керек емес, екі шөлмек дайындастын жақсы тамағымен деген жауап алып жатыр, сағат шілтіда тос деген нұсқау алды. Барсақ Әскер жымындал маган қарайды, жайшылық па деп қояды, артық ауыз қайдан келді деп тұрган шығар. Ал, ендеше мен кеттім Бәке дедім әдейі, ол, әй тоқта, тоқта мынаған кім келетінін әлі айтқам жоқ, өй, Әсеке-ай, художникіміз осы Қайыржан гой деп шырылдал жүр. Мен бүрқан шалқан болып кетемге салдым, содан екеуі тізелеріне жығылғандай бол жалынбасы бар ма. Кетейін деп тұрган мен жоқ. Сонымен, жарты сагатта жұмысты тамамдадым. Барлығы дайын екен, біраз қалыңдастып тараастық. Содан бір жылдай Әскердің лозунгісін жигіш журдік, кейде Әсекен Бақытжанды тастанап кет деп куланады, ол менен қалайын деп тұр ма, жазатын кездे менің ізімді андиғиды. Келесі жылы заказ жоқ. Бәке, Әсекен тірі ме деймін, ол оған телефон шалады, ана жақтан маган художник керек емес, ол художникімен өзің жарылқан, менің лозунгім ітулі тұр деп жауап китады. Барып көрсек шынында да жана лозунг, кім жазды деп

сұрасақ бізді кекетеді, сендерден басқа художник құрыл қалып па дейді. Енді бұрынғы таксаны біз алып барып, отырған соң сұрасақ, былтыргы жазған өз лозунглерің гой. Ертең мереке өтісімен алып тастап, складқа жауып қоямын, жүрттікі сияқты өңі кеткенше, жыртылғанша тұрмайды. Так что, сендер маган бес жылға дейін бір тиынға қажет емессіндер деп бізді келеке қылады. Сөйтіп, Әсекен бізден құлығын асырды келіп. Өзі жалпы жақсы жігіт, ешкімге жамандығы жоқ, аққөніл, жуас, аздал анқаулығы бар, жолдастыққа адал азamat. Бірге істеген соң жолдас деп ойнаймыз. Ешқашан көңіліне келген емес.

1975 жылы мен аудандық партия комитетінің үйымдастыру бөліміне нұсқаушы болып орналасқанда, бірінші хатшы Иван Алексеевич Рыжков болатын, екінші хатшы И.Н. Федусик, хатшы Э.И. Шалтыков, екі жылдан соң оны СОКП-ның Москвадағы үш жылдық қоғамдық гылым Академиясына окуға жіберді, диссертация қорғап, тарих гылымының кандидаты атагын алып шықты, бітірген соң Қазақстан коммунистік партиясы Орталық комитетінде қызмет атқарды, жоғары оку орындарында сабак берді, профессор, қазір саясаттану гылымының докторы. Бөлім менгерушілері А.И. Антоношкин, И.И. Самойленко, А.В. Гусев, Б.А. Самойленко, парткабинет менгерушісі С.К. Караболоватов, соңынан С.Ж. Бақтыбаев, нұсқаушылар В.А., Г.И. Берестов, Б.О. Шаубаев, К.К. Қадыров, Л.П. Недашковская, М.Г.Бережная.

Аудандық атқару комитетінің тәрағасы болып А.Ж. Дәүлетов ағамыз істеді. Бұл кісі жұмысқа берік болды, әр шаруашылықтың экономикасына талдау жасап, олардың басшыларына дұрыс сын айтып, ақыл-кенесін аямайтын, дұрыс жөн сілтеп, қалайша шаруашылықты алдыңғы қатарға қосу керектігін айтудан жалықпайтын. Соңғы кезде зейнеткерлікке шыққанша облыстық халықтық бақылау комитеті тәрағасының орынбасары болып қызмет атқарды. Иван Алексеевич екеуі істеген жылдары ауданда қара мал басы, оның ішінде сауынды сиыр және қой, жылқы басы әлдеқайда көбейді, мысалы «Айсары» кеңшарында 30-32 мың, «Чистяковта» 26-28 мың қой болды, сауын сиырлар 6-7 мыңның шамасына жетті, Ленинград РСХО-сында 5 мыңға жуық қара мал болды, бұл арнағы шаруашылық мал бордақылаумен айналысатын. Аудан бойынша егістік алқаптың көлемі ұлғайды, агротехникалық шараларды дер кезінде және сапалы жүргізуін арқасында егіннің шығымдылығы артты. 1972 жылы бұрын соңды болмаған егін

шыкты. Аудан бойынша мемлекет қамбасына 15 млн. пүт астық құйылды, сөйтіп, облыста Қызылту ауданынан кейін екінші орынды иемдендік. Аудан басшыларының осы еңбегін бағалап, үкімет шудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Иван Алексеевич Рыжковты Ленин орденімен, аудандық атқару комитетінің төрағасы Асылбек Жәзиұлы Дәүлетовті Еңбек Қызыл Ту орденімен марапаттады. Бұл марапаттан комсомол да сыртта қалған жок,райком комсомолдың бірінші хатшысы К.Т. Ысқақов өніріне медаль нақты. Басқа да еңбегі сіңген шаруашылық басшылары, озат диқандар да наградалардан кенде қалған жок. Бұл жылы «Қызылту», «Горький», «Бостандық», «Менжин», «Ленинград», «Восход», «Кузбасс», «Жанаауыл» кеншарлары бір миллион пүттән астам астық жинал, мемлекетке тапсырды, сөйтіп Қазақстанның бір миллиард пүт астық тапсыруына өз үлестерін қости.

Сол жылдары Қекшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Еркін Нұржанұлы Әуелбеков еді. Бұл ағамыз ел аузында шызып болып қалған, аса дарынды, мемлекет, әрі қогам қайраткері, ғимаша ұйымдастырушы, халқына шексіз берілген, елін ардақтай білген, жеріне жаны ашыған, облыстың экономикасын өркендеткен, Қокшетау қаласын ғүлдендірген, жаңартқан ірі тұлға ретінде санамызда қалды. Ол кісіні әр уақытта ардақтаймыз, мақтан үтамыз. Сол кезде партияның жолдамасымен жүріп, үш облысты, Қокшетау, Торғай, Қызылорда елдерін басқарып абыройлы, адал қызмет істеді деп білеміз. Бұған дәлел осы облыстарда, осы шаматқа арнап шығарған кітаптар бар. Сол кісіге арналып жазылған үш кітапты да оқыдым, бірінен бірі өтеді. Біреулер шылдамасын біздің жерлесіміз болған соң асыра мактаған ғой деп, олай емес, ол кісінің нақты еңбегі жазылған. Керісінше, біздің кітаптың кейбір тұстары осалдау жазылған, әлдебір азаматтар сын шытпақшы болып ыңғай танытқан, ондай кітап жазылғанда жеке бистың қамын жазбау керек, сені айдаладан жинал алып адам қылса, ондай үлкен Тұлғаға рахметімізді айтуымызға тиістіміз. Қазақта бір сөз бар, суын ішкен құдығына түкірме деген, содан сақ болайық ағайын. Ал Қызылорда мен Торғай облысында жазылған кітаптар асыра сілтегендік емес, ол кісінің басына табынғандық та смес нақты халыққа сінірген еңбегін, облысты өркендетуге күш-жігерін аямаған, білімін ірікпеген, қажырлылық пен табандылық корсеткен азаматты, елге, халыққа паш еткен кітап, үлкен Тұлғаға арналған туынды деп білу керек. Еркін Нұржанұлына Қекшетау

облысының, туган халқының алдында сіңірген еңбегі үшін 1973 жылы Социалистік Еңбек Ері жоғары атағы берілді. Бірнеше жылдан бері көкшелік қадірлі ақын-жазушыларымыз, соғыс, және еңбек ардагерлері, қаланың құрметті азаматтары көтеріп келе жатқан мәселе билік басындағы азаматтарға жетіп, алдағы уақытта мемлекет, қоғам қайраткері Еркін ағамыздың 85 жылдығына орай, Көкшетау қаласында ол кісінің мүсіні қойылса, халықтың үміті акталар деген ойдамыз.

70-ші жылдардан бастап аудан орталығының көшелеріне асфальт жолдар салынып, электр шамдары орнатылды. Жылдан жылға үй салу жоспары асыра орындалып отырды. Көшелерге ағаштар отырғызылып, абаттандырыла бастады. Барлық ауыл мен селоларда жаңадан 2-3 қабатты мектептер салынды. Мектеп окуышыларының саны төрт мыңға жуықтады, 450 шақты мұғалім жұмыс істеді. Ауыл селоларда жаңа типті екі қабатты бала бақшалар бой көтерді. Аудан орталығында үш бала бақша жұмыс істеді. Сол жылдары тас киыршықтарын үгетін зауыт салынды (Омбы-Дәуіт щебзаводы). Кәсіпорын жұмысшыларына үй сала бастады, омбылықтар жаңадан 5 қабатты 115 пәтерлі үй салды, екі пәтерлік үйден құралған 2-3 жаңа көше бой көтерді, оларға су, жылу енгізілді, көшелеріне асфальт жол салынды. Екінші мектепке жапсарлас, қосында жаңа мектеп бой көтерді. Жаңадан дүкендер салынды, екі қабатты халық банкісі мен үш қабатты жинақ банкісінің нысандары салынып, іске қосылды. Жаңадан салынған екі қабатты конак үйімен бірге, сол қатардағы және басқа да екі қабатты үйлер селога көрік берді. Денсаулық сактау мекемелеріне де көп көніл бөлінді, аурухана бөлімшелері ескі болғандықтан, күрделі жөндеуден өтіп отырды, жаңадан екі қабатты емхана іске қосылды.

Осы жұмыстардың басы қасында болып, үйымдастырып, іске асырып отырған аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Кәрім Шаймұратұлы Жұсіпбеков. Ол кісі өте іскер басшы болды, ауданга көп еңбегі сінді. Эр жұмыстың егжей тегжейін тексеріп, бақылауға алып отыратын. Кәрекен артынан Чистопол аудандық атқару комитетінің төрағасы болып қызмет істеп, көп ұзамай Көкшетау ауданының экімі болды, сонынан облыстық еңбек басқармасының бастығы болып зейнеткерлікке шықты. Артында мұрасы, бар саналы өмірін шолып өткен мазмұнды «Өмір шоқтығы» атты кітабы қалды.

1978 жылы облыстық партия комитеті мені Алматының Жоғары партия мектебіне окуга жіберді. Емтиханды ойдағыдан 120 кісіден 60 адам алынды, олардың жетеуі біздің Қекшетаудан, бір жігіт қана түсे алмады. Окуга қабылданғандардың ішінде Өшімов Қайыржан Чкалов, Тасболатов Ермек Үәлиханов, Айтмұқаметов Мендібай Куйбышев, Бәйкенова Гүлсара Еңбекшілдер, Геннадий Келлер аудандарынан, Растворов Владимир Қокшетау қаласынан еді.

Алматыда Қектөбенің астыңғы жағынан онға қарай кішігірім үй сатып алып, зайыбым Құләпеш екеуіміз екі қызымызбен, сол, жылы Самал туған, астанамызға көшіп бардық, ол бір біз үшін жиқсyz жылдар болды, мен Алматыда балаларымызбен төрт жыл тұрсаң, жан жолдасым Құләпеш институтта оқығаны бар, барлығы сегіз жыл тұрды.

Үйіміз кішігірім болсадагы өзімізге жетіп жатты, қыстың күні, желтоқсан, қантар айларында екі шелек көмір жағамыз, сол жетіп жатыр. Есіктің алдында екі үлкен черешня ағашы, екі слива, екі орік ағаштары болды. Алма, шие дегенің жұмыстың маңайында жеткілікті. Үйге жәшікке алма салып, посылқа жібереміз, қыстың күні бетін айналдырып, бізге ет салып жібереді. Жаздың күні үлкен шеранда салып алдыым, кетерде ол үйді аздал болсадагы, қымбатқа сатып кеттік. Бұл жерді Казречка дейді, осы маңайда он бес шакты үй партшколда оқытын жігіттер тұрдық.

Партшкол ректоры Оразай Батырбекұлы Батырбеков болатын, алдында Қазақстан комунистік партиясы Орталық комитетінің ұйымдастыру партиялық бөлімін басқарған. Ол кісі окуга түсken тыңдаушылармен жиналыс өткізіп, мән жәйді айтып, шлансыз білім алушымызға барлық жағдай жасалғанын хабарлады. Риңында да, бес қабатты жаңа оку корпусы, соншама қабатты екі жетекшіхана, бөлмелері екі кісілік секция, қонақ үй типте болды. Асхана, үш буфет, жинақ кассасы, пошта, киім тігетін, жөндейтін шелье, шаштараз салоны, спортзал, 400 кісілік клуб, жұмасына екі рет кино қойылады, республикаға келген киноны бірінші бізге көрсетеді. Қысқасын айтқанда, не керектің бәрі бар. Мектептің пуласынан көшеге шықсан, қарсы алдында «Самал» атты ғимаратында оқындағы залда «Арман» кинотеатры, жанында Республика Мәдениет сарайы (бұрынғы Ленин атындағы). Бұл шарлам оқу орны Абай, Ленин (қазіргі Абылай хан) даңғылдарының

кылышына орналасқан, атамыз Абай ескерткішімен, атакты «Қазақстан» мейманханасымен қатар тұр. Орталық партия комитетінен алыс емес, қаланың нағызы орталығы.

Сонымен, оку басталып кетті, оқитынымыз гылым алпауыттары: экономика, философия, гылыми коммунизм, СОКП-ы тарихы, т.т. Куратор оқытушымыз доцент Анатолий Ілиясұлы Жарменов, біздің топқа сабак беріп, курска лекция оқитын профессор, доценттер Р.Қ. Қайыргелдин, Р.Г. Аблакова, М.Г. Рязанцева, К.Д. Сидоров, С.З. Баянов, Б.Ғ. Ғабдуллин, Ш.Б. Бектаева, Б.Д. Жұмағалиев, Н.А. Фелифоров, Ш.Ә. Әміров, полковник К.С. Серікбаев, парторгымыз А.Д. Чепарухин, кәсіподақ комитетінің төрайымы Е.А. Марченко, проректор А.С. Колдашов. Деканымыз Лайық Әмірұлы Байдельдинов, профессор, философия гылымының докторы. Бұл кісі тәжірибелі, өмірді көрген, алдарынан талай обкомның қызметкерлері, райкомның хатшылары, басқа да партия, совет, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері шыққан. Білімдері терең, сұрыпталып алғынған кадрлар.

Оқытушылардың барлығы да өте тәжірибелі, өмірді көрген, алдарынан талай обкомның қызметкерлері, райкомның хатшылары, басқа да партия, совет, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері шыққан. Білімдері терең, сұрыпталып алғынған кадрлар.

Курсымыз үш топтан құралған, бірінші топта біз-партия қызметінен келгендер, екінші топ-журналистер мен идеологтар, комсомол қызметкерлері, үшінші топта оқитындар совет органдарының қызметкерлері. Курс бойынша 60 тындаушы бар, әрбір топ жиырма тындаушыдан тұрады..

Сонымен бізде оқитындар мен, Айтжанов Болат, Ужакин Юрий, Шойбекова Құләйхан, Собеский Виктор, Голубев Виктор, Воронина Наталия, Тоянбаев Совет, Шаповалова Тамара, Свинарев Владимир, Беркімбаев Семен, Казанкеев Виталий, Қантаев Әлиәкбәр, Адаев Есқожа, Әубәкіров Нұржан, Тимофеев Вячеслав, Жолдасов Абас, Пожаров Михаил, Қырғызстаннан Маликова Айгүл мен Аникеева Галина.

Біздің топтың қызы жігіттері өте үйымшыл, тату, бір біріне қажет болса, қол үштарын беруге даяр тұратын жандар. Оқу үлгеріміміз жақсы болды, бос уақытымызда бірге жүреміз, Алматының мәдени ошақтарын, көрікті жерлерін аралаймыз,

Менеу мұз айдынына барамыз, Қөктебенің басына шығамыз. Мәдени шаралардан қалмаймыз, концерттерді босатпаймыз. Не көрек, жақсы, есте қалатын заман болды. Қала көркіті, ағашы мол, архитектурасы галамат, әр нысанның өз өрнегі бар, бір – біріне үксимайды, сәулетті зәулім үйлер. Ая райы жалпы жаман емес. ҮШРЕНГЕН адам Алматыдан кеткісі келмейді.

Анекдот сияқты қызықтар да болатын. Бір күні кезекті семестр аяқталып, сессия басталды, емтихан тапсырып жатырмыз, политэкономияны тәмамдап философиядан шықтық, содан Болат Аліжанов, Құләйхан Шойбекова, Совет Тоянбаев, мен, тағы бір досымыз бар, төртінші этажда лифтіге отырып төменге түспекші болыдық. Сөйтіп келе жатырмыз, бір уақытта әлгі аты аталаған досымыз, «әй жолдастар мен жаңа философиядан бес деген баға шыуышы едім, бірақ бір – екі философтың аттары есіме түспей, төрт шының қалдым, маған әлгі ...әлгі ... не пайда болыпты, не ... қалай деуші еді, от черт возьми, ей, айтсандаршы не деуші еді ... е... е... әлгі гиморой (геморрой) пайда болыпты» - дейді, біз түсінбейміз. Одан Совет айтады, «әй гиморой емес, склероз шығар»- дейді. Ана дос келісіп жатыр, ия деп. Ал біз күл, күлкіден өле жаздадық. Болат шігады, «әй, бас пен артқы жақтың ауруын ауыстырып тұрган сен, рисында да склерозben ауырады екенсін» - деп күледі. Сол күлгеннен кешке дейін күлдік, группадағы жолдастарға айтсақ, олар домалап жатып күледі. Бір бірімізден таңертең амандық сұрасақ, гимороймен ауырып тұрмын деген сөз мәтел болып кетті. Осындай қызықтар да болатын.

Барған бетіміз, жетінші ноябрь мерекесі қарсанында әрбір облыстық партия комитеті біздерді құттықтап, шамалап ақша жібереді, Қекшетаулықтар да 30 сом алып қаламыз, оларына өз шілгисынызды айтамыз. Мереке болған соң аздап жуылады. Ал енді Өңгістік Қазақстан облысынан Абас деген досымыз болды. Оған скі-үш ай сайын 60-70 сом ақша келеді, переводтың қағаздары жигтақхананың бірінші қабатындағы пошта столында жатады, біріміз көреміз. Әлгі досымыз бес алтауымызды ресторанга шақырады, жанымызда 25 қабатты «Қазақстан» қонақ үйінің қызыл шыны дайын тұрады, сөйтіп, екі жыл солай болды, үшінші курста Абасымыз үйіне шақыратын болды, перевод келсе болды, жүріндер жұбайым бір леген ет асып қойды деп тұрганы. Олар табақты леген дейді, бізге ол ыдыстың аты не көрек, ішіндеңісі болса болды. Одан сұраймыз, бұл қайдан келіп жатқан ақша деп. Бергенді ішіп жендер,

басқасын қайтесіндер дейді. Төртінші курста досымыз үйді де қойды, легендеп ет асуды да қойды, жатақханадағы бөлмесіне шақыруға айналды. Абас, ресторандың қайда, үйін қайда, мына жатақханаң не, марканды до конца ұста, не теряйся деп, қалжың айтамыз. Оның жауабы дайын, үш жылда сендерге мүйіз шықты ма, енді қайтуға ақша жинап жатырмын, машина алу керек, сөздің қысқасы, колбасаның ұзыны керек демекші, сендерге енді осы колбаса жарайды деп қалжынмен жауап береді. Әлде де сұраймыз, еке шешен жок, қайын атаң жок, бар болса дағы 30-ға келіп қалдың, жануаң бар, 180 сом стипендия алатын сойталдай жігітке әрі жұмыс істейтін азаматқа кім ақша салушы еді. Тіс жармайды. Эйтеуір, ақыргы айлардың бірінде айтты ау. «Мен мына Жоғары партия мектебін бітірген соң жок дегенде горком (Кентау қаласынік) партияға нұсқауыш боламын, ал, сосын жігіттердің есуіне себепші болмаймын ба, сондықтан, ол жігіттер мені осы бастан авансировайтап жатыр» - деп күледі. Сондай жақсы дос болды, қолы ашық, ақкөніл, қалжынбас азамат. 170-180 сомнан стипендия алсақтағы, ол кезде бұл жарты соғымның құны, ақшаның артықшылығы жок болған соң, көпшілігіміз, жанға тимейтін, екі үш күнде бір баратын, оқуға кедергісі жок жұмыс істейміз.

Бір күні Есқожа Адаев, Виктор Голубев, мен Ленин даңғылына (қазіргі Абылай хан) орналасқан республикалық Телецентрдің ВОХР-ында (военизированная охрана) істейтін досымызға барып, оны қарама қарсы, жолдың арғы бетіндегі сыра зауытына барып кел дедік. Устінде қызыл жағалылар киетін кейлек, оларға да сондай форма беретін, қолында шелек, жүгіріп кетті. Қайтып оралғанда, жолдың үстінде жедел машиналарымен өтіп бара жатқан қызыл жағалылар тоқтай қалып, жігітім мына шелегінде не бар деп сұрайды, не барын өздері де сезіп тұр ғой, біздін дос «мына зауыттың подвалынан алдым, керемет суық сыра, свежий» - дейді. Мына үйде тұрушу едім депті, жанында тұргын үйлер болатын. Баяғыда сол үйлердің бірінде Кеңес Қажымұратов ағамыз тұрып еді. Ана ағайындар, ендеше құй ішіп көрелік деп, екі – үш стаканнан қотарыпты. Сосын айтса керек, ендігәрі ол зауытқа мына кейлекпен барма, ұят болады деп жүріп кетіпти. Олар ойлапты, біздін дос милицияда істейтін азамат екен деп, ақыл айтқан тұрларі. Бұның барлығын ағаштың ығында тұрган біз, достың жұмысы бітті, экетеді-ау, енді оқудан шығарады деп уайымдап тұрғанбыз, әлгі бізге жетісімен жерден жеті қоян

шықандай, арсаландаپ құліп, құшақтап жатырмыз. Ендігәрі бұл шуыттың табалдырығын аттасам желкемнің шұңқыры көрсін деп көзді. Келесі күні зауыттың КПП-сында (контрольно – пропускной пункт) тұрған досымызға айтсақ, ол біраз компандап, бұдан былай месін кезегімде келуші болмандар дейді. Алматыда оқыганда неше тұрлі қызықтар бола беретін. Жастық шақ ғой.

Алматыда оқыган кезде, сол АВПШ-ға (Алма – Атинская мысшая партийная школа) партия совет қызметкерлері бір айлық курска келіп, біліктіліктерін арттырып кететін. Сол кезде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы И.И. Небеснюк, хатшы А.В. Гусев, ауатком төрағасының орынбасарлары Н.Қ. Қабиев, И.И. Симойленко, тұрғын үй коммуналдық шарушылық және тұрмыстық қызмет көрсету қызметкерлері облыстық кәсіподак комитетінің төрағасы И.Н. Федусик (бұрын біздің райкомда екінші хатшы болған) әр уақыттарда келіп бір айлық курста болып кетті.

Ел жақтан кісілер келгенде куанып, туысымыздай қарсы шыныз, әрі бұл кісілермен бірге істедім. Барлығын үтеге қонаққа шықырып, бешбармак жасайтынбыз. Тек қана Иван Ильич, сен студентсің, біз сені қонақ қылуымыз керек деп, үйден әкелген гимактарын, конъагын ашып, И.А. Алимов, ол кезде Чистопол рийкомының бірінші хатшысы болатын, сонынан облыстық партия комитетінің хатшысы болды, бір белмеде тұрады еken, үшеуіміз оңра отырган соң, мен рақыметімді айтып кетіп қалдым.

Осы жағдайга байланысты бір қызық оқиға еске түсіп отыр. Үшінші курста оқып журмін, ел жақтан В.Н. Зеленцов, В.М. Ісеркин, А.А. Ахмеджанов келді, үшеуі де кеншарларда парторғ болып істейді, партшколада сырттай оқитын, госэкзамен тапсыруға көпген беттері. Осы тұста Иван Николаевич Федусик партшколада курста оқып жатқан. Содан әлгі жігіттер, ең қын пән философияны тапсырдық деп, қуаныштарымен бөлісу үшін Федусик екеуімізді Беркиннің бөлмесіне қонаққа шақырды. Бұл болмеде Владимир Михайловичлен бірге Аркадий деген «Фрунзе» кеңіншарының (Щучье ауданы) парторғі тұрады еken. Аманжол Ахмеджанұлы ауырып қалыпты, қалған бесеуіміз отырмыз, үстінде жағдегі тамақ толып тұр. Оны ішіп, әңгіме согып отырмыз. Жылғақхана гу-гу етеді, барлық емтихан тапсыруышылардың қуанышында шек жоқ. Содан біраз уақыт болды, сағат 12-нің көнінде жаттық, мен түнде үтеге барғаным жоқ. Әлгі Аркадийміз бір шығып, бір кіріп жүрген, басқа бөлмелерге барып жалғастырса

керек. Таңтерең тұрсақ, Иван Николаевичтің аяғына киіп жүрген қысқы етігі жоқ, желтоқсан айы болатын. Шифонердің ішінде, үстінде, кереуеттердің астында, кітап шкафының маңайында, ешқайда жоқ. Владимир Николаевич басқа бөлмелерден қарап сұрастырды, Аркадий киіп барып тастап кеткен шыгар деп. Солай болған болар, басқамыз ешқайда шыққамыз жоқ. Содан жоғалған аяқ киім жоғалды. Иван Николаевич сабакқа Беркиннің екінші аяқ киімін киіп кетті. Тұстен кейін Зеленцов екеуі ЦУМ-га барып, судай жаңа жақсы қысқы етік сатып әкеліпті. Кеше Федусик қонаққа шақырып қойған, содан кешке сол кісінің бөлмесінде қонақта болып, етігін де бірге жуып тараптық. Сонымен, Иван Николаевичіміз ескі етікпен келіп, жаңа етік киіп кетті. Жүре берсөң, көре бересің деген осы екен. Анекдотқа ұқсайтын әңгіме.

Етік демекші, тағы бір етіктің хикаясын айтайын. Қайырден Алматыға барып, біраз жыл білім беру Министрлігінде экономист болып қызмет істеген соң, Минтаяжстройдың КРУ-ына ревизор болып жұмысқа аудысады, бір кезекті командировкага Ақтөбе облысына барады. Поезден сапар шегіп, түнде дем алышп, таңертең тұрса қысқы етігі жоқ, олай іздейді, былай іздейді, сол жоқтан жоқ. Түсетін уақыт та болады, облыстың сол министерствоға қарайтын мекеменің лауазымды қызметкерлері қарсы алады. Вагонның алдына келіп тосып тұрған жігіттердің алдында үстіне қысқы пальто, басына құлақшын, аяғына үй тәпішкесін киген Қайырден тұрады. Содан менің досымды жігіттердің біреуі арқалап алышп машинаға отырғызып, қонақ үйге әкеліп орналастырады. Қайырден бар болған оқиғаны баяндайды, келесі күні жігіттер жаңа шетел етігін (ол кезде дефицит) сатып әкеліп береді. Сонымен, бұл досым да ескі етікпен барып, жаңа импортный етік киіп қайтады, командировканың арқасында. Бұл әңгімесін өзі айтып, өзі қүлетін.

Тобымызда Алматының тігін фабрикасында жұмыс істеген, Москваға БЛЖКО съезіне делегат болып барған, КСРО Жоғарғы советінің депутаты болған, Совет одағы Коммунистік партияның XXV съезіне делегат болып қатысқан Күләйхан деген қызымыз болды. Жұмысында жақсы мәртебеге жеткен. Оқуға да зерек болды, қоғамдық жұмысқа да араласып, мектеп парткомының мүшесі болып сайланды. Партиялық мектепті бітірген соң бір жыл өзінің істеген фабрикасында партторг болды, содан Алматы қаласының Фрунзе аудандық партия комитетінің хатшылығына сайланды, біраз жылдан кейін басқа салада қызметтер атқарып,

соңғы жылдары Алматы қалалық әкімдігінде жауапты жұмыста болды. Кішіпейіл, ақкөніл, салдырлаған, байсалды адам болатын.

Тағы бір азаматымыз, атыраулық Нұржан қой шаруашылығында істеп, жақсы еңбегі еш кетпей, Қазақстан коммунистік партиясы Орталық комитетінің мүшелігіне кандидат болған. Сабак окудан ерінбейтін, талапты, ақжарқын жігіт еді. Еліне барып бір үлкен кеңшардың партком хатшысы болыпты.

Болат Ақмола облысы Қорғалжын ауданының азаматы еді, еліне келіп райкомда үгіт – насихат белімінің нұсқаушысы болып қызмет істеп, осы белімнің менгерушісі, аудандық газеттің редакторы, пошта бастығы, облыстық мәслихаттың депутаты болды. Ол сондай ақ ойыншыл, кулықшыл, бір мойынмайтын, проблемасыз, ақжарқын, сенімі мол, сөзге майыр, кандай үлттың оқілі болмасын, сөзден жаңылдыратын, ақылды азамат еді. Әттең, омірі қысқа болды.

Юрий өз елі-Ақмола облысы Ақкөл ауданына келісімен кеңшарда парторг болып сайланып, сонынан директор болып жұмыс істеген, ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары болды, соңғы жылдары аудандық мәслихаттың хатшысы болып істеді. Жауапкершілігі мол, байсалды, орнықты, жақсы жігіт болатын.

Виктор Собеский, екі Виктор болды, сондықтан, фамилиясын жазып жатырмын, өз ауданына барып, кеңшарда парторг болып қызмет істеді, бертін аудан әкімінің орынбасары, мәслихаттың секретары қызметін атқаруда.

Виталий Торғай облысының азаматы. Кеңшарда бастауыш партия үйімінің хатшылығынан бастап Арқалық қаласы әкімінің орынбасары, монополияға қарсы белімнің тәрагасы болып жұмыс істеді. Қазір Астанада тұрады. Мінезі биязы, ақкөніл, айтқанға коніп қалатын, ешкімге жамандығы жоқ, жақсы азамат.

Есқожа құлықшыл, бірқалыпты, достыққа берік, ақжарқын, ишү деңгенді білмейтін, көнілді жігіт еді. Талдықорған облысынан болатын, өз ауданына барып аудандық партия комитетінде нұсқаушы, біраз жылдан соң парткомиссия тәрагасы болды.

Вячеслав Ақтау қаласынан, сонда тұргын үй – коммуналдық шаруашылығы саласында парторг болып қызмет істеп келген. Окуды жақсы оқыды, бәріміздің «ақсақалымыз», сол кезде жасы 36 қараган еді, біздерден 6-7 жас үлкендігі бар. Шагып алатын мінезі бар, құлықтан да ада емес, жалпы, жақсы жігіт, қоғамдық жұмыска

да араласты, курстың партбюро хатшысы болып сайланды. Оқуды бітірмей жатып, ақыргы курстан обкомның сұрауы бойынша шақыртылып, қалалық партия комитеті өнеркәсіп белімінің менгерушісі болып бекітілді.

Абас деген азаматымыз оңтүстіктің жігіті, кентаулық, оқуға дейін құрылышы болған, Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің мүшелігіне сайланған. Ашық мінезді, мойымайтын, көпшіл, жылпос, ете епті жігіт болатын. Оқуды бітірген соң райкомда істеп, артынан партияның жолдамасымен аудандық ішкі істер белімі бастығының саяси жұмыстар жөніндегі орынбасары болса керек.

Тағы бір «ақсақалымыз» торғайлық Элиәкбар деген жақсы азаматымыз болды. Ақкөніл, қолынан келсе қандай адамға болмасын қол үшін бергісі келіп тұратын, ағалық ақылын да айтып қоятын, кейде ойынды түсінбей қызыбалыққа салынатын, онсын жігіттер қызық көріп, «отқа май» тамызып жіберетін, бірақ, тез қайтатын, кек сактамайтын, анқаулығы да бар, жолдастары онсын да ойын үшін пайдаланатын.

Өзіміз де қоғамдық жұмысқа араласып тұрдық. Деканымыз Лайық Әмірұлының ұсынысымен курс кәсіподак ұйымының төрағасы болып сайландым. Содан ол кісі мені «Шалаев қайда жүрсін?» деп іздейтін болды, ол кезде Шалаев Москвадагы ВЦСПС-тің (Всесоюзный Центральный Совет Профессиональных Союзов) төрағасы болатын. Бірде маган ол кісі «Қайыржан, сен маган ренжіме, сен сол Шалаев құсан үлкен бастық болсын» деп жүрмін дейді, жақсы тілегіне ракметімді айттым. Әртүрлі мәдени шараларды ұйымдастырып, өткізуге мұрындық болатынбыз.

Бір күні төртінші курста оқып жүрген кезімізде деканымыз Лайық Әмірұлы келіп, біраз жігіттерді шақырып алғып, қазір «Қазақфильм» студиясына барындар, бір киноның массовкасына қатысасындар деді. Сабактан босатты, сонымен, күні бойы содан шықпай Қазақ фильмінің директоры, киноның бас режиссері болған Әзіrbайжан Мәмбетовтың «Жауши», «Гонцы спешат» атты екі тілде шықкан фильміндегі үш жуздін билері жиналған массовкаға түстік. Біз үшін бұл да бір өмірімізде ұмытылмайтын белес болып, жүргімізде қалды. Ескерткіш ретінде бас рөлде ойнаган Тұңғышбай Жаманқұловпен (қазір Әл- Тарази) суретке де түстік, арамызда Қазбек Зияшұлы Асқаров та бар, ол кезде партшколада бірге оқыдық.

Күләпәш жұмыс істейді, Ақмарал 30-шы мектепке оқуға өнірады, Самал бала – бақшада. Жазғы каникулда Алматыдағы, шайтандағы шағамыз – табамыз, екі ай құр отыруға болмайды. Демалыс құндері бала шағамызбен Горький атындағы паркке барып дем алып, қызырамыз, Медеуді аралаймыз, циркке, театrlарға, концерттерге, киноларға барамыз, орталық стадионға барып футбол көреміз. Сол жылдары Алматыға концерттік бағдарламаларымен Пугачева, Толкунова, Сенчиналар келіп, солардың концерттерін тамашаладық.

1980-ші жылдың тамыз айында Ленин мәдениет сарайында Қазақстанның және республика коммунистік партиясының 60-жылдығына арналған салтанатты жиналыс болды, бұл үлкен отырысқа Советтер одагы коммунистік партиясының бас хатшысы ІІ.И.Брежнев бастаған делегация мүшелері, барлық 15 одақтас республикалардың, Ленинградтың, Татарстан мен Башқұрстанның бірінші хатшылары қатысып, құттықтау сез сейледі. Димаш Ахметұлы Қонаев баяндама жасады. Бұл салтанатты жиналысқа арнайы куәлікпен бізден 3-4 тыңдаушы шақырылды, соның бірі мен болдым. Өте мазмұнды, мағыналы, терең сөйлегендердің қатарында менің ойымша Грузия коммунистік партиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Э.А. Шеварнадзе мен Беларуссия КП-сы орталық комитетінің бірінші хатшысы, Совет Одағының Батыры, партизан Н.М. Машеров болды. Шетінен бәрі сезге шешен гой, мемлекет қайраткерлері, әр елдің басшылары. Біздің Димаш Ахметұлының беделінің зор екені билайғы адамдарға айтпаса да көрініп тұрды.

1982 жылдың сәуір айында оқу бітіретін біздерді Қазақстан Компартиясы орталық комитетіне шақырып ұйымдастыру партиялық болімінің әрбір облыс бойынша инспекторлары әрқайсымызбен жеке жеке әңгіме өткізді. Кімнің кай ауданға баратынын айтып, Торғай облысына баратындарды сұрастырып білді. Ол кезде Еркін Құржанұлы сол облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болатын, жылда ұйымдастыру партиялық болімінің менгерушісін жіберіп, Қекшетау облысының барамын деген жігіттеріне бір саты жоғары қызмет беріп өздеріне шақыратын.

Сол жылдың маусым айында оқуымыз бітіп, мемлекеттік сұтихан тапсырып, екі жоғары-жоғары және саяси жоғары білім алды деген диплом алдық, сонымен, партиялық қызметкер және политолог болып шыға келдік.

Шаруамызды жинақтап, жанұямызбен өзіміздің Ленинград ауданына көшіп келдік. Келген соң аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы И.И. Небеснюк шақырып алтып, қал жағдайды сұрастырып болған соң, райком партияның бюросы сізді Ленинград аудандық арнайы шаруашылық бірлестігі (РСХО), бастауыш партия үйымының коммунистеріне парторт етіп сайлауды ұсынады деді. Партия айтты, біз дайын демекші, келісімімді бердім. Сонымен, 1982 жылдың тамызында осы шаруашылық коммунистерінің жиналышында мені парторт қылыш сайлады. Бұл жиналышқа Иван Ильичтің өзі қатысып, партия үйымының алда тұрған міндеттеріне токталып сөз сөйлемді. Менің түсінгенім, партия үйымының алдына қойған міндеттер маган жүктелген жұмыс. Бұл райкомның, коммунистердің маган көрсеткен үлкен сенімі, осы сенімді актау мен үшін абырай деп түсіндім.

Бұдан үш ай бұрын шаруашылық директоры болып В.Н. Руденко деген азамат келген екен. Василий Николаевич осыған дейін Кекшетау облыстық арнайы шаруашылық бірлестігінде бас инженер болып істепті. Екеуіміздің жас шамамыз тетелес 31-33-тәміз. Шаруашылық оған жалпы таныс, 40 мың гектардай жері бар, оның ішінде 12000 гектар егістік алқап, 3000 га көп жылдық және бір жылдық табиғи шөп алқабы және бірнеше гектар мал жайлымы, 4000-дай қара мал, 200 бас шамасында сауын сиыр. 40-қа таман К-700, 20-дан астам шынжырлы, доңғалақты трактор, 90 шақты комбайн, басқа да толып жатқан ауыл шаруашылығы техникасы болды.

Бұл шаруашылықтың негізгі бағыты мал өсіріп, бордақылау жұмысы. Басқа кеншарлар бізге салмағы 200 килограмнан кем болмайтын жас бұқалактар әкеліп тапсырады, біз оларды бордақылаап жеке салмактарын 430-450 килограмга жеткізіп, ет комбинаттарына жоғары қондырылған тапсыруымыз керек. Ол үшін тәулік сауын әр бас 400-450 грамм салмақ қосуға тиіс, жылына үкіметке 200 тоннадан артық ет тапсыруымыз қажет. Қойған нысананаға ойдағыдай жету үшін 4000 гектар жерге жүтері, 500 гектарға күнбағыс егеміз, 3000 тонна шөп, 2000 тонна сабан дайындаимыз. Құнарлы мал азығын дайындау цехы жұмыс істеді, соның өнімі және малға сүрлем мен сабанды араластырған азық, шөп пен жем, жылтыылған су беріледі. Мал тұратын баз жеткілікті болды, барлық 22 қораның есік әйнектері жөнделген, техникамен қамтамасыз етілген, 4-ші бұзау тұратын базға жылы болу үшін

жеке таралған. Малдың өнімділігін жақсарту үшін колдан келген мұмкіншіліктің барлығын пайдаланатынбыз. Көп жұмыс малшыларга байланысты болатын, олардың көбі өз жұмыстарын адал, тиянақты атқарды.

Шаруашылық орталығындағы бірінші болімшесінің басқарушысы Н.Титов болды. Малдың көпшілігі осында болғандықтан, оның жұмысы бастап асып жатты. Ол байсалды, салмақты азамат болды, өз жұмысын үлкен жауапкершілікпен атқаратын, малшылардың арасында беделі де жоқ емес. Екінші болімше Жаңатек ауылында 400 бас шамасында мал болды, олардың да жағдайы жаман болған жоқ. Сонымен, алға қойған мәжелерді ойдағыдай орынданап отырдық.

Ол кезде үәкілдер заманы, райкомның өкілінсіз жұмыс бітпейтіндей көрінетін, олар шаруашылыққа қысы жазы, жыл бойы бекітілетін. Бір жақсысы бізге анау мынау үәкіл емес, райсполкомның төрағасы Кәрібай Ахмеджанұлы Ахмеджанов немесе райкомның екінші хатшысы Кәрім Шаймұратұлы Жұсіпбеков бекітілетін. Бұл екеуі де іскер азаматтар, шаруашылықтың жәй-жапсарын терең білетін, қолдан келген комектерін аямайтын, ақыл-кенестерін айтып отыратын асыл азаматтар болды. Ол кезде «Ленинская пятница», «Единый политдень» деген айдармен аптаның жұма күндері саяси шаралар отетін.

Бұл күні И.И. Небеснюктің өзі де келіп, шаруашылықтың жағдайымен танысып кететін. Шаруашылық аудан орталығынан шылс болмағандықтан, ол кісі бізге 7-ші қараша ұлы Октябрь социалистік революция мерекесі күні де келіп қалатын. Таң аттай фермада жүріп, сол кісімен кездесіп қалатынбыз және келетінін хабарламай тосыннан келетін. Негізінде ол кісі жұмысқа берілген, жауапкершілігі өте жоғары, өзін де, басқаны да аямайтын басшы болды.

Директор В.Н. Руденко екеуіміз осында келген 1982 жылы егін орташа болды. Ұақытында пісті, арамшептен таза болды. Құз үзақ болып, шыққан егінді шашпай төкпей қысқа мерзім ішінде жинап алдық. Орташа гектар түсімі 12 центнерден айналды. Сөйтіп, мемлекет қамбасына 13000 тонна бидай тапсырып, жоспарды ойдағыдай орындан шықтық. Шаруашылықта бес бригада болды, олардың ішінде алдыңғы қатарлы 4-ші бригада болды, бригадирі И.Н. Щепетяқ, жұмысқа өте үлкен жауапкершілікпен қарайтын,

агротехникалық шаралардың барлығын дер кезінде және өте сапалы еткізетін. Сондыктан, мұнда бидайдың өнімі өте жоғары болып, гектар шығымы 15-16 центнерге баратын. А. Мосиенко басқарған үшінші бригаданың да бидай шығымдылығы жақсы болатын. Олардың жерлерінің құнарлығы басқа бригадаларга қараганда жақсы еді. Жалпы, егін шаруашылығы жаман болған жок.

Осы жылды егін науқанының қызып жатқан шағында, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Оразбек Сұлтанұлы Қуанышев аудан кеншарларын аралап, егін орагы қалай жүріп жатқанымен танысып, біздің шаруашылықта да болды. Бұл кезде бүкіл техника тоқтаусыз жұмыс істеу керек, күпнәлелер бір қатарда жатуга тиісті, оларға масақ кеппеуге тиіс, дестелердің астында түскен бидай болмауы керек. Комбайншылар қара жалау көтерсе немесе шамдарын жыптылықтатса, бәле болды деген сез. Бұл бункерге бидай толды машина қажет деген белгі. Егіс алқаптарының арасындағы жолдар асфальттай болу керек. Осы айтылғандардың біреуінен кемшілік табылса, жоғарыдан келген басшыдан таяқ жегенмен жаман сез естідім дей бер. Ол кісі науқанының нашар жүріп жатқанын көрсө, сол шаруашылықтың директорын машинасынан түсіріп, егіс алқабына тастап кететін. Эйтеуір, құдай жар болып, барлығы ойдағыдай болды, дұрыс қарсы алып, шығарып салдық.

1983 жылғы орақ науқанына уәкіл болып облыстық партия комитетінің хатшысы Бисен Жұмагалиұлы Жұмагалиев келді. Біздің шаруашылықта бірнеше рет болды, арнайы болғаның сыртында, «Киев», «Бостандық», «Восход», «Кузбасс» кеншарларын аралап қайтқанда бізге соқпай өтпейді, өйткені, жолдамыз фой. Сонымен, егін орагы біткенше И.И. Небеснюктің бақылауында боламыз. Жалпы, жағдайымыз жаман болған жок, жұмысымыз ойдағыдай жүріп жатты. Сонау 1972 жылы, ол кезде «Қызылту» кеншары болатын, директоры Г.Я. Беднарская, орта есеппен егін шығымдылығы гектарына 19 центнерден айналған. Содан біраз жылдан соң аудандық арнайы шаруашылық бірлестігіне (РСХО) айналып, 4-ші бригаданың 2000 гектардай құнарлы жерін «Бостандық» кеншарындағы Ленин орденінің негері Н.Я. Бектевтің 2-ші бригадасына беріп, шекара өзгеріп, біздің шаруашылықтың егіс көлемі және шығымдылығы азайды.

Тарихқа үнілетін болсақ, тың жерді игеру кезінде 1956 жылы Қазақстан тұнғыш рет миллиард пүт астық жинап, мемлекет

кімбасына құйды. Осы науқанның қорытындысы ретінде жүзденген шыл шаруашылығы еңбекшілеріне ерен еңбектері үшін ордендер мен медальдар табыс етілді. Соның ішінде осы «Қызылту» кеңшарының бірінші директоры Моисей Ануфриевич Беляев жолдасқа Социалистік Енбек Ері атағы беріліпті.

Бұл кісінің қүйеу баласы А.В. Черемхин Алматының Жогары шартия мектебін бітіріп келіп, «Айсары» кеңшарында парторғ болып істеді.

Осы елдің атауы Қызылту селосы Дәуіт стансасынан 11 шақырым жерге орналасқан, 1000-га жуық халық тұратын, оның 450 шақтысы шаруашылықта жұмыс істеді, 220 оқушы онжылдық мектептен дәріс алды. Мектеп директоры В.М. Тельминова болды, 100 шақты бала бақшага баратын, менгерушісі болып М.М. Глеба істеді.

Село біршама көрікті болды, үйлердің жанында жайқалған шағштар, көшесі асфальттанған, екі қабатты жана мектеп, бала бақша, екі қабатты әсем мәдениет үйі, екі қабатты қонақ үйі мен сауда орталығы, акырғы кезде жана салынған үйлер бой түзеді.

В.Н. Руденко үй салу бағдарламасын жақсы орындалап, аудан бойынша жарыс көшін бастап, жыл сайын 18-20 пәтер тұрғызатын. Селода шлакоблок цехи, пилорама жұмыс істеді, саман кірпіш те соккызды. Соның нәтижесінде бұрын тың игеру кезіндегі салынған екі үйлерде тұрған кісілердің көбі жана қоныска ауысты. Дәуіттен осы елді – мекенге дейін асфальт жол салынды.

Василий Николаевич жас директор болса да, жұмысқа жауапкершілікпен қарады, бас мамандардың бастамасын қолдан отырды, оларға жұмыс барысында үлкен талап қоя білді. Халық арасында беделді болды.

Осы кезде бас агроном болып Серікбай Жақияұлы Атамбаев істеді. Бұл кісінің түйгені мол, тәжірибесі көп, бірбеткей адам болды, айтатынын айтып салатын. Әлі есімде 1978 жылы, мен ол кезде райкомда нұсқаушы болып істеймін, қыс уақытында аупаркомның кезекті пленумы болды. Сол жыында баяндамашы И.И.Небеснюк те, жарыссе зге тұскен шешендер де Секенді біраз сынап өтті, ол кісі «Айсары» кеңшарының директоры болатын. Содан бір уақытта Серікбай Жақияұлы атып турегеліп орынды, орынсыз сынды өзі де айттып салды, сондағы айтқан бір сөзі, бізді сынамайтын осы ауданда кісі қалды ма, келсін-келмесін сын айтады, енді қалғаны ДСО «Қайрат» пен ДОСААФ қана деді.

Ол кісіні қолдап, бір жағынан езулеп, «Кузбасс», «Бостандық» кеншарларының директорлары Маришкин, Кульбаба шықты. Он бес жылдан кеншар басқарған, бастарынан сөз асырмады, егіннің арқасында алдыңғы қатарлы шаруашылық атанған, соның буынына пісіп жүрген азаматтар болған. Ақырында И.И. Небеснюк олардың мысын басып, пленумды аяқтады. Сынның көбі мал шаруашылығының артта тұралап қалғандығы туралы айттылды, әр сиырдан орта есеппен 2000-2200 кг ғана сүт сауылатын, майлылығы 2,6 пайыздық стандартқа жетпей жататын, 100 сиырға 50-55 бас бұзаудан аспайтын, тапсырған еттің қондылығы нашар, малдың өлім жітімі көп болатын, тері тапсыру деген ұмытылған.

Осы айттылғанның барлығы шындық болғасын, сыннан оң өзгеріс болмады соң, әлгі аттары аталған бастықтар бір жылдасын орындарын босатты, олар ол кезде талтаң басып, кісі тәңгермей, халық менің қыссам қолымда, жұмсам жұдырығымда деп жүрген уақыт. Ол кезде жазылмаған зан, жергілікті жердің азаматтары тек қана қой совхозының директоры болуы керек.

Сонымен С.Ж. Атамбаев Айсарыны біраз жыл басқарған соң РСХО-ға ауысқан кезі. Жоғарыда айттылғандай, алғыр да еткір адам болды. Жұмысын үлкен жауапкершілікпен атқарды, бұрын директор болдым екен деп директор мен парторғтің алдына түсіп көрген жоқ. Өте білімді азамат болды. Ол кісінің бір әңгімесі бар еді, 60-шы жылдың орта кезінде «Ленинград» кеншарына жолдамамен қызметке келеді, 9-дың кезінде келсем планерка жоқ дейді, содан 8-дің кезінде тағы жоқ, үшінші күні 7- де келсем, басталайын деп жатыр, бұны директор Шипилов айтпайды, жас маманды сына мақшы болған гой деп Секен қүлетін.

Бас инженер Н.Н. Лелью білімді, жұмысын адал атқаратын, өз саласындағы жұмысшыларға, мамандарға сөзін өткіzetін, бір айтқанын қайталамайтын және орындаатын, барлық цехтардың жұмыстарын бақылауда ұстайтын беделді азамат болды. Кейбір қисық шопырлар мен механизаторлардың өзі оның алдында сөзге келмей ұнъыргалары түсіп, сағы сыннатын. Үш төрт жылдан кейін «Кузбасс» кеншарына директор болып кетті.

Бас экономист болып Зиядицен Молдаганапов істеді, бұл азамат институтты бітірісімен бізге жолдамамен келді. Жас келсе іске демекші, жұмысына жауапты болды. Түсі де суықтау, мінезі де қаттылау, бригаданың учетчиктерін шырылдатып қысып жататын. Жалпы, білімді, жақсы жігіт болды. Содан біраз жылдан соң

Ісенинград ауыл шаруашылығы басқармасында жоспарлау экономикалық бөлімін басқарып, бастықтың орынбасары болды. Онда да өзін білімді маман ретінде көрсетті. Қазіргі уақытта Ақжар пуданы әкімінің орынбасары болып қызмет атқаруда.

Сол кезде қызмет істегендердің арасында бас зоотехник Серік Садыков, инженер-механик Мұхамеджан Смағұлов, сонынан осы шириуашылық ЖШС-га аудықтаннан кейін, сонын директоры болды, директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Н.Я. Мусиенко, ага прораб А.И. Левчук, МТМ-ның меншерушісі А.И. Хоронеко, тоқ меншерушісі И. Гаврищенко өз міндеттерін шыраймен атқарды. Бригадирлер И. Щепетяк, А. Мосиенко, Д. Есжанов, Н. Мулин, учетчиктер Темірқан Балтабаев, Қожақан Һіләлов, Александр Глеба, Сейілбек Жақыпов жұмыстарына жаупкершілікпен қарады.

Шопыр, механизаторлардың арасынан А. Калабашкин, М. Подгорный, К. Зиядин, Д. Сапаров, В. Лазоренко, Р. Нуруллин, А. Гемпельді атауга болады, бұлар жұмысты адал істеді және мақтауга түрарлық азаматтар.

Селолық советтің тәрағасы болып Бақытжан Омарұлы Шаубаев істеді. Бұл азаматпен бұған дейін райкомда бірге істегенбіз, содан ол кісі осы елдің онжылдық мектебінің директоры болды. Ақжарқын, жұмсақ мінезді, қулығы да жоқ емес, бір қалыпты жігіт болды, мамандардың, ауылдастарының арасында бісделсіз де болған жоқ, жолдас болдық.

Кесіподақ комитеттің тәрағасы болып В. Попов істеді. Жұмысты жаман істеген жоқ, ақкөніл, жуас, мінезі бірқалыпты, кішіпейіл, жақсы азамат болды.

1983 жылы қазан айының бір күні біздің селода К.А. Ахметжановтың тәрағалығымен райисполком күні өтті, оған орынбасарлары, бөлім меншерушілері, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, басқа да қызмет көрсету мекемелерінің басшылары қатысты.

Ақырында кенсенің мәжіліс залында қорытынды жиылыш болды, орта кезінде, уақыт шамасы төрт болуы керек мені ғелефонға шақырды, аргы жағында В.П. Чубко, райкомның үйымдастыру бөлімінің меншерушісі екен. Сені И.И. Небеснюк, райкомның бірінші хатшысы шақырады деді. Машинаға отыра салып ауданға барсам өзінде күтіп отыр екен. Кірген соң қал

жағдайды сұрап, сені шақырганым, екі аптадан кейін аудандық партия конференциясы болатынын білесін, сонда сені белім менгерушісі етіп бекітеміз, соған келіссен, бюроға ұсыныс жасаймыз деді. Мен сол жерде келісімімді бердім. Алдында екі-үш ай бұрын, одан кейін тағы бір қабат жұмыс бабымен келген райкомның екінші хатшысы Кәрім Шәймұратұлы Жұсіпбеков, Қайыржан, сен әлі жассың осында жүре бермекшісін бе, әлде басқа ойың бар ма деген сауал қойды. Менін мұнда істегеніме бір жыл да болған жоқ кой, Кәрім Шәймұратұлы, ештеңе ойлағаным жоқ және менің қолымда не бар, сіздер не айтсаныздар сол болады деп жауап бердім, ол кезде менің ойымда ештеңе жоқ, тек Күләпәшқа айттым да қойдым, сонынан бұл сез ұмытылып та кетті. И.И. Небеснюктен шыққасын ойласам, ол кісінің өзі де бізге жиі келіп тұратын, үш рет партжиналысқа қатысты. Кәрекен екеуі мені ертеден бақылап, сынап жур екен. Партиконференция күні де келді, ол кезде делегаттарды бір күн бұрын шақыратын, вайткени, тәртіп мықты, ертенінде сағат 10-да уақытында басталуға тиісті. Біз жүрейін деп жатқанда, обкомның екінші хатшысы В.Н. Зуб келіп, мал шаруашылығымен танысамын деп В.Н. Руденконы алып қалды, олар кештеу келді. Біздің делегация Ленинградскийгеге сағат бестің кезінде барып орналсты.

Сонымен, екінші күні партиконференция жұмысын бастады. Баяндамашы И.И. Небеснюк I сағат 20 минут сөйлеп, екі жарым жылдагы істелген шаруалардың барлығын таразыға салып өлшегендей, мән жәйді бүкпесіз, қыры мен сырын бояусыз, ашықтан ашық коммунистердің алдына жайып салды. Сын мен өзара сын да қалтарыс қалған жоқ. Содан жарыссөз басталды, бірінші болып маган сез берді, менен кейін де 13-14 кісі сөйледі, соны болып Василий Никифорович сез алып, аудан коммунистерінің, бүкіл еңбекшілерінің алдына біраз нақты міндеттер қойды.

Сонында бірінші пленум болып ұйымдық мәселе қаралды. Райкомның бірінші, екінші хатшылары және хатшысы болып И.И. Небеснюк, К.Ш. Жұсіпбеков, В.П. Чистякова сайланды. Бөлім менгерушілері болып: ұйымдастыру-В.П. Чубко, үгіт насихат-К.С. Қожахметов, ауыл шаруашылығы-К.Н. Қабылбеков, жалпы-К.К. Керейбаев бекітілді.

Тарихқа көз жүгіртсек Ленинград ауданы 1955 жылы 22 қарандыңда құрылған. Бұған себеп болған 1954 жылғы КПСС Орталық Комитетінің тарихи февраль, март Пленумы. Онда қаралған мәселелің және тыңайған жерлерді игеру арқылы халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудің мемлекеттік бағдарламасын шешу. Бұл-согыстан кейінгі партия басшылығымен жүзеге асырылған ең маңызды жұмыс та. Тың эпопеясы Қазақстанда, негізінен солтүстік «бұлыстарда бастау алды.

Партияның осы бағдарламасын жүзеге асыру үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің кезекті пленумы болып өтті. Осы пленумда республика бойынша 1954-1955 жылдары 6,3 миллион гектар тың жерді игеру міндепті қойылды. Кадрлармен қамтамасыз ету мәселесі қолға алынды, ол үшін БЛЖО Орталық Комитеті Үндеу жариялады. Оны қызу қолдаган Ресей, Украина, Белоруссия жастары комсомол жолдамасымен эшелон болып тыңға ағылып келіп жатты. Сондықтан, тез арада кеңшарлар үйимдастырып, шұғыл турде үйлер салу қажет болды, жаңа аудандар да ашылды.

Солардың бірі болып 1955жылдың 22 қазанында Ленинград ауданы құрылды, орталығы екі-үш ай «Алабота» кеңшарына орналасыпты, соңшама уақыт «Ленинград» кеңшарына аялдан, ақырында қазіргі тұрған жері Шат өзенінің бойына, Ақжар шатқалының жаңына қазық кағылыпты. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып Валентин Алексеевич Скородов сайланады.

1954 жылы Қызылту ауданының құрамында «Менжин», «Киев», «Бостандық», «Восход», «Кузбасс», «Қазан», «Қызылту», «Ленинград», «Коммунизм», «Горький» кеңшарлары құрылды. Содан олар 1955 жылы жаңадан ашылған Ленинград ауданына берілді. Бір айтатын жағдай, бұлардың көпшілігі жолдамамен келген тыңиелер қалалардың атауларымен аталды.

Бұл кеңшарлар құрылмай тұрғанда, осы аймақта Кіші Қарой ауыл Советіне «Жданов», «Бірлік», «12-декабрь», «Куаныш», «Буденний» колхоздары, Кусеміс, Томан, Байтөс, Кенащи, Қарасай, Көжек ауылдары еніп, артынан «Менжин», «Киев», «Восход», «Бостандық» кеңшарлары үйимдастырылды.

«Қызылту» кеңшарының маңайында, бертінгі Ленинград РСХО-сы, «Қызылту», «Қызыл жалау», «Жаңатілек», ертедегі «Сиыршы» колхоздары болған екен. Бұл ауылда сол кезде Қызылту

ауданының төңірегіне әйгілі бастауыш мектеп болыпты, онда кезінде Смағұл Сәдуақасев дәріс алған екен.

Ол кісі 1900 жылы сол кездегі Ақмола облысы, Шарлақ уезі, Қарой болысына қарасты Жарқын ауылында дүниеге келіпті. Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Ақжар ауданы, Ұялы ауылы. Бар болғаны 33 жыл ғұмыр кешкен Смағұл атамыз Омбыдағы қазақ жастарының «Бірлік» атты ұйымын ұйымдастыруға белсене кіріскең жасөспірім шағынан бастап қайғылы қазаға ұшырағанға дейін ұлт бостандығы мен азаматтық еркіндік жолында күресіп, Қазақстан автономиясының жан-жақты дамуына ат салысып, тер төккен. 1920-1923 жылдары Қазақ автономиясының жастар одагына жетекшілік еткен, 1921 жылы Қазақстан Орталық Атқару комитеті Президиумының және Бүкілressейлік Орталық атқару комитетінің мүшесі болған, төрт айдай Семей губревкомын басқарған, 1922 жылы Қазақ автономиясы жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары, қазак жерін аудандастыру бөлімінің бастығы, 1925-1927 жылдары Халық ағарту комиссары (министр) қызметтерін атқарған.

Әдебиетші, жалынды публицист ретінде ол ұлттық рухани саланың дамуына да үлкен үлес қосқан. Жиырмасыншы жылдары «Еңбекшіл жастар», «Кедей сөзі», «Еңбек туы», «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінің редакторы болған. Ана тілімен қоса, орыс тілін жетік менгерген, қаламы жүйрік Смағұл сол уақыттағы қазақша, орысша басылымдардың түгеліне дерлік өткір мақала, сырлы әңгіме, салиқалы сын жариялады. 1928 жылға дейін ірілі-ұсақты жеті кітап жазған.

Халық ағарту комиссары болып жүрген кезінде талантты жазушыларга көп қамқорлық көрсетілті, сонымен бірге, Қазақ мемлекеттік театрын ұйымдастырып, Қазақ педагогика институтын ашуга айрықша құш-жігер жұмсаған екен.

Сол кездің өзінде оның басты мақсаты ұлттық мемлекет құрып, қазақты бодандықтың бұғауынан босату болған екен.

Әкімшіл-әміршіл жүйе өз дегеніне жүрмейтін, айтқанына көнбейтін Смағұл Сәдуақасов тәрізді ұлт кесемдерінен қатты қорықты. Ақыры 1928 жылы мойнына талайлардың қанын жүктеген Голошекин мен оның жақтастарының армандары орындалып Смағұл атамыз елінен қуылады, Мәскеуге барып паналайды.

1933 жылы Одақтық мемлекеттік жоспарлау комитетінің ішінде тапсырмасымен жіберілген жұмыс орнында кенеттен кийтіс болды, өлімі күні бүтінгө дейін жұмбақ, қастандық жасалып шаңдырыды ма деген бұлдыры ақпараттар бар дейді кейбір тарихшы-журналисттерге шешілді.

Бұған дәлел Смағұл Сәдуақасұлының жары, алаштың икесүнкәр азаматы Әлихан Бекейхановтың тұнғыш перзенті Елизавета Сәдуақасова-Бекейханованың «Смағұлға қастандық болғанын ішім сезеді» деп елден барған ағайындарына мұнын шығуы немесе Смағұлдың қолында он бес жасына дейін ғарбиеленіп естияр болып қалған, 1989 жылы Омбы облысында шайындарының қолында дүниеден өткен Орынбасар Сәдуақасқызының «Ағатайым үйден таңертеңгілік кебенек киіп кетіп еді, артынан кебін киіп оралды» деп мұнара сыр шертіү де көп жайттан хабар береді дейді кейбір галымдар.

Бертін құрылған «Айсары» кеңшарының аймағында Қарағаш пүнгінде советтің қарасты «Айсары», «Бауырагаш», «Жаңа әдіс», «Малай», «Қарағаш» колхоздары, Сазбауыр ауылы болған екен.

Сол Сазбауыр ауылында 1893 жылы қазақ халқының көрнекті шығыны Сұлтанмахмұт Торайғыров дүниеге келеді. Экесі Әубәкір (Шоқпылт) сол кездегі дәулетті Шашардың ұлынан туган немере қызы Зұфнінгे үйленеді, бірақ, шешесінің өмірі қыска болады. Сұлтанмахмұт екі жасқа келгенде ол кісі о дүниеге аттанады. Содан кейін шешеден жетім қалған ол алты жасына дейін әжесінің ғарбиесінде болған. Кейін экесі екі ұлымен өздерінің елі ғаянауылға көшіп, Торайғыр кентіне таяу жерге қоныстанған. Торайғыров алғаш экесінен ескіше хат танып, 13 жасынан Мұқан, Әбдірахман, Тортай деген молдалардан дәріс алады. Өлеңге үйір, шығыстық сюжеттер негізінде жырлар туыннатқан Мұқан молдағұлымінің Сұлтанмахмұттың ақын ретінде қалыптасуына илі әсері болғанымен, ғаянауылдық Әбдірахман молданың қаталдығы, өлең шығарғаны үшін жас қаламгерді жазалауы оның дін мен молдалар жайлы теріс көзкарасының қалыптасуына негіз болған дейді.

1911 жылы жаңаша оқыған Нұралы ұстазының көмегімен қазақ, татар тілдеріндегі әдеби кітаптармен, газет-журналдармен танысады. 1912 жылы Троицкідегі Ахун Рахманқұли медресесіне түседі, бірақ мұнда бір жылдай оқыған ол өкпе ауруының тардабынан окуды тастанап кетеді. Содан ақындыққа көніл бөліп, екі жылдың ішінде жиырмада жақын өлеңдер жазып, «Зарландым»

атты ұзақ очеркін жарыққа шығарады. Осы тұста «Қамар сұлу» романын жазуды бастайды.

1914 жылы тагы жиырма шақты өлең жазып, 1915 жылы «Кім жазықты?» атты өлеңмен жазылған романын дүниеге әкеледі.

Көрнекті ақынымыздың бір өлеңін оқырмандарга таныстыра кетейін.

### **Мен қазақ**

Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын,  
Ұранға «алаш» деген атты аламын.  
Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ,  
Мен неге қазақтықтан сақтанамын?!  
Ерікті ен даланың құсынша ұшып,  
Ер жеттім кеңшіліктің сүтін ішіп.  
... Алтай, Ертіс, Сырдария, Есіл, Жайық,  
Арасын қоныс қылдым ірге жайып.  
Елім, жерім, қорғайтын ерім болып,  
Ер жеттім ен далада лықа байып.  
Ер Түрік үрпағымын даңқы кеткен,  
Бір кездे Еуропаңды тітіреткен.  
Кіргені есік, шыққаны тесік болып,  
Күнбатыс, Күншығысқа әмірі жеткен.  
Мен қазақ, қазақлын деп мақтанамын,  
Ұранға «алааш» деген атты аламын.  
Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ,  
Мен неге қазақтықтан сақтанамын!

1916-1917 жылдары Қатонқарағайда, Зайсанда болып орысша үйренеді, содан өз дегеніне жетіп, Томскіде орысша оқиды.

Торайғыровтың шығармалары 20-шы ғасырдың басындағы қазақ қоғамы шындығын, ондағы жаңашыл ой-пікірдің дамуын танытатын үлкен белес. Оның ізденістері «шындықтың ауылын іздеумен» байланысты, оның реализмі бұлтақсыз, жалтақсыз айтылған шындыққа, әлеуметтік тіршіліктің шынайы суреттеріне негізделген, оның тенденциясы да сыншыл деп жазады әдебиетші галымдар.

Сол кездегі шындықты суреттеген тагы бір өлеңін сіздерге ұсынып отырмын.

## Кедейлік

Кедейлік, сен жексүрын, тұсін, сұық,  
Іздемес сені адам керек қылып.  
Амал жоқ, ықтиярсыз құл қыласың,  
Маған салса, қасыма келме жуық.  
Жанды жеп сен гой мені арятатын,  
Күнің жоқ ат пен асқа жарытатын.  
Жыртықтан жылтылдаған жас денемді,  
Күнге қақтап, аязға қарытатын.  
Жарыттай киер киім, ішер асқа,  
Сөктіріп малы барлау надан, насқа.  
Жас көнілді қайғымен уландырып,  
Сенсің гой толтыратын көзді жасқа.  
Қинайтын жан алғыштай жанды сенсің,  
Тұсі суық жыланмен бірдей теңсін.  
Маған салса, кедейлік аты өшкірді,  
Дер едім, тұрмастай ғып жерге көмсін.  
Бірақ, сен өлмейсің ғой жаның берік,  
Құтқарсан, бар әлемді шыны өліп.  
Өлмесен де өлтірем өсе келе,  
Жұрмеспін жолдас болып саган еріп.  
Талайды осы күні-ақ, журмін көріп,  
Жалқауды қақпалайсың аттай мініп.  
Талаптының маңына жоламайсың,  
Талаптанып кууга өзімде ерік.

Айсары тәнірегінен шыққан көрнекті реалист ақынымыз Құлтанмахмұт Торайғыров Совет өкіметі орнаганнан кейін барлық омірдің шындығын қаз-қалпында өз өлеңімен осылай жырлайды.

Бұл ауданға халықтың көбі Ленинград (Санкт-Петербург) қаласынан келгендіктен, аудан атауы сол қаланың атымен аталды және сондагы Киров зауыты қамқоршы болып бекітілген екен. Нева өзенінің жағалауындағы Батыр қала мүмкіншілігінше барлық комегін аямаған көрінеді. Сол кезде Қекшетау облыстық партия комитетінің сұрауымен, Ленинград облыстық партия комитетінің келісімі бойынша 1959 жылы аудан орталығына Киров зауытының үжымы ақысыз сый ретінде Ленинге арналған ескерткішті орнатып беріпті, оны алып келген делегацияның ішінде сол кездегі аудандық партия комитетінің хатшысы А.И. Матвеев болған.

Бүкіл Ресейде ол кісіге қойылған ескерткіш ертеде алынып тастанған, Украина халқы да құртты, басқа мемлекеттерде де ертеде жойылған, Қазақстанда да жоқтың қасы. Жарықтық қырық бес жыл қажымай-талмай Ленинградскийде күні-түні тұрып, поселкенің, одан қалды, аудан халқына, келешекке жол көрсетіп тұрғандай, облыс орталығынан келген қонақтарға сәлем бергендей, он қолын алға сермен әлі күнге дейін тұгырынан тайған жок. Гажап, әлі қанша тұрар екен?..

Ауданың алғашқы басшысы болып аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Валентин Алексеевич Скороходов 1955 жылдың қараша айынан бастап, 1959 жылдың қарашасына дейін істепті.

Соңынан 1959 жылдың қараша айында бірінші хатшы болып Федор Трофимович Моргун сайланып, 1961 жылдың сәуір айына дейін істеген екен. Содан ол өзінің еліне кетіп Украинаның Полтава обкомының бірінші хатшылығына дейін көтерілді, 1976 жылы Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, 1995 жылы ауыл шаруашылығы ғылыминың докторы атағын қорғады. Көкшетау облысына арнап «Думы о целине», «Хлеб и люди» деген кітаптар жазды, мұнда Қызылту ауданын көп суреттейді. Тагы да он шакты кітаптары жарық көріпті.

Одан кейін аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып 1961 жылдың сәуірінен 1962 жылдың наурызына дейін Василий Никифорович Зуб істеді, содан кейін Қызылту ауданының бірінші басшысы болды, одан кейін обком партияның хатшысы, екінші хатшысы болып істеді.

Ол кісінің эстафетасын Николай Васильевич Кирнос алды, ол кісі 1962 жылдың сәуір айы, 1965 жылдың қаңтар айының арасында ауданды басқарды, осы уақыттан бастап ол Чкалов аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеді, содан кейін облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы, ұйымдастыру бөлімдерінің менгерушісі, облисполком төрағасының орынбасары қызметін атқарды.

1965 жылдың басынан, 1968 жылдың аяғына дейін аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып Иван Иванович Бугера істеді.

1968 жылдың желтоқсан айында аупарткомның бірінші хатшысы болып Иван Алексеевич Рыжков сайланды, 1977 жылдың тамыз айынан бастап ол облыстық әлеуметтік қамтамасыздандыру бөлімін басқарды.

1977 жылдың тамызында райком партияның бірінші хатшысы қолып Иван Ильич Небеснюк сайланды, содан ол 1988 жылдың кінан айында облыстық экология комитетінің бастығы болып кетті.

1988 жылдың қазан айынан бастап 1991 жылдың тамыз айына дейін аудандық партия комитетінің соңғы бірінші хатшысы және 1991-1992 ж.ж. аудан әкімшілігінің басшысы болып Николай Громенович Кулешов істеді, одан кейін ол облыс әкімінің орынбасары болып ауысты.

1992-1994 жылдары аудан әкімі болып Қайырбек Мақанұлы Шалабаев істеді.

1995-1996 жылдары ауданды Тұргын Ұлсақұлы Сыздықов басқарды.

1996-1997 жылдары соңғы аудан әкімі болып Анатолий Павлович Маковский істеді.

Сонымен, жоғарыда айтылған азаматтармен райкомның бөлім менгерушісі болып жұмыс істеп жатырмыз.

Отбасы болса, Қызылту селосында, ауа райы сүйтты, қылышын сүйретіп қыс келді, оның әр жағында алышын қуырып шын келді, кісінің есін шығарып алай дүлей согатын «жынды» боран да өзінің кезегін күтіп тұрған уақыт. Қөшейін десем үй жоқ, шындығында үй бар, ол үйді беретін кісі жоқ, кісісі бар ау, бірақ оның құлқы жоқ. Бұл кезде райкомның жаңадан салынған төрт штерлік хоттеджымак үйінің бір пәтері бос тұрған, өйткені, менің орнында істеген Н.В.Маврин Қекшетауға көшіп кеткен, бұл үйде райкомның төрт бөлім менгерушілері тұрған. Қалай ойласаң да маган тиетін пәтер, бірақ, әзірге берілер емес. Небеснюктің кімге бергісі келетінін білмедік. Ол да жарты жыл қасарысты, мен де шыдадым. Басқа пәтер ұсынылды, екі қабатты бұл үйде партшколға көтпей тұрғанда екі бөлмелісінде өзім тұрғанмын, ол да райкомның жаңа үйі, содан не керек, үш бөлмелісіне уақытша көштім. Сонда жарты жыл тұрдым. Ашулы қыс та өтті, жадыраган жаз келді. Әлгі үйден әлі де дәмем бар. Үмітсіз шайтан деген, анда санда Кәрім Шәймұратұлына кіремін, ол екінші хатшы, жақсы көретін ағамыз, Небеснюкке сезі өтетінін білемін, бермеймін деп айтпайды, ғосайық дейді. Тоспағанда не істейсің, қолыңдан келетін әрекетің болмаса. Асықлаған арбамен қоянға да жетеді дейді гой. Соның кері болдым. Шілде айының кезі, әйтеуір Кәрекенің көмегімен Небеснюктің рұқсатын алып, жарты жыл бос тұрған пәтерге

көштік. Ол кісі кім болмасын, солай сілесін қатырып алатын. Райком партияның бүкіл қызметкерлері осындай сынақтан өтті.

Жан тынышталды, жұмыс ойдағыдай, бірде 1986 жылдың 5-ші қараша күні мәдениет үйінде Ұлы Октябрь революция мерекесіне арналған салтанатты жиналыш өткіздік. Райкомның бірінші хатшысы И.И. Небеснюк баяндама жасады, жиналыштың аяқталғаны хабарланды, бәріміз орнымыздан түрдүк әдеттегідей Әнұран орындалуы керек, бірақ, пауза, бір уақытта аудандық атқару комитетінің төрайымы Гүлбарам Кәрімжанқызының аузынан «ой, боже» деген сөз шығып кетті. Бәріміз абдырап қалдық, содан бірнеше секундтен кейін Гимн ойналды. Содан жиналыш бітті. Бір сойқанның боларын ішім сезіп тұр. Жиналыштан соң концерт болатын, естітін сезіді осы жерде естіп алайын, ертеңге қалдырмай деген жаман оймен Иван Ильичтің жаңына барып, концертке қалыңыз дедім. Ылғи қалатын кісі, «какой вам концерт, пойдемте в кабинет» деді. Ұрсатының ішім сезгенмен жүрттың кезінше бәлендей ештеме демес, құтылармын деген ойым қабыспай қалды. Ол кезде мен райкомның үтіг және насиҳат бөлімінің менгерушісі болатынын. Бүгінгі шаруаның барлығы менің жұмысым. Ол кезде жұмысым дардай, райком партияның болім бастығы, сол кезде ана-мынаның қолы жетпейтін беделді қызмет, ел сыйлайды, соған қарамастан, енді И.И. Небеснюктің жаңында томпалаңдап, халық жауындағы келе жатырмын, екеуімізде де үн жоқ, ішімнен күлемін де, налимын, «әй, Хамит (микрофонға жауапты жігіт) атаңа нәлет, шыққасын бір сазайынды берермін» деп іштей кікініп келемін, тағы бір ойламаган жерден кезексіз таяқ жетітін болдым-ау деп қынжылып келемін. Біреу әкетіп бара жатқандай асығып-үсігіп райкомға кірдік. Ол кісі орнына жайғасқан соң не болды деді, содан болған жайды баяндадым. Микрофондарды реттейтін, пультті басқаратын Ералиев Хамит, ол Сіздің (солай деп көпшік қойып қойдым) нұсқауынызды бұлжытпай орындаимын деп түні бойы сахнаның төріне ілетін үлкен панноға Аврораның суретін салып ұйықтамапты, содан Сіздің баяндамаңыз кезінде қалғып кетіпті деппін гой, «андамай сейлекен ауырмай өледі» дегеннің кері болды. Бұл сезіме мән берсе дагы андамаган сияқты, ішімнен таубе дедім. Хамиттің орны бірінші қатарда пульттің алдында және ақсақалдар, мен болсам екінші қатардағы шеткі, өз орнымда отырмын (ол кезде барлығы сценарий бойынша солай жазылып қойылатын), оның дәп сол тұста

күнгіп кететінін жыным біліп пе деп дүнк ете түсірдім. Сонда оның айтқаны: «Кайржан Сабитович, сегодня революционный праздник, соответственно должна быть революционная обязательность» деп жымыяды. Ал, енді бар, концертінді қойғыз, мен үйге кеттім деді. Қайдағы бір таппайтын сөздерді табушы еді. Қайыржан Сабитович дегенде көнілім жібіл кетті, өйткені, осылай шағандың ұрыспайтынын білемін, Қожахметов десе біттім дей бер, шо енді Қайыржан дегені жақсы көріп айтқандығы. Ол кісінің де психологиясын білдік қой. Қатты кісі, қазымыр адам болды. (О)былыстың бір кіслері айтушы еді, анандақ кісіге шыдал, жұмыс істеп жүргендерің үшін сендерге бір-бір медаль беру керек деп.

Бірер күн бұрын осы салтанатты жиналысқа бірінші хатшының баяндамасын жазуға кірестім, содан бір күн қалғанда Иван Ильичтің кабинетіне барып қолына ұстарттым. Ол күні бойы басқа жұмыспен айналысып отырып үлгермей, кешке қарай қараса көрек, мүмкін маған сенген де шыгар, мен жазып жүрген бірінші баяндама емес. Ойда-жоқта кешкі сағат онның кезінде қабылдау болімінің кезекшісі телефон соғып, Сізді Иван Ильич шақырып жатыр деді. Кабинетіне кіріп барып едім, «Кайржан Сабитович, что Вы мне написали, лекцию или доклад» деді. Ол кісі өмірі бір кісіге ты деп көрген емес, вымен дінкенді күртатын. Уақыт тығыз болғандықтан солай болды дедім, мен де тездете салғанмын. Содан И.И. Небеснюк айтты, сізге үш сағат уақыт беремін, осы баяндаманы өндеп, сағат түнгі 1-ге дейін маған осында әкеліз жатырмын, үдін жұмысыда болған шығар, немесе мені сынайын деді ме, бірақ, мен ол кісіге талай баяндамалар, есептер жазғанмын. Содан кабинетіме кіріп, ол үстінгі қабатта, мен астында, түнде екі жынды отырғандаймыз. Содан жұмысқа кірісіп баяндаманы өндеп жатырмын, үдін Күләпәш звондайды тірімісің деп. үстінен Небеснюк шылдырлатады жақындааттың ба деп, айтеуір, екі қызынның ортасына түсіп, жынданғандай болып түнгі сағат он екі жарымда аупірімдеп бітіріп, Иван Ильичке апарып бердім, ішімнен әжептәуір болып қоқып отырмын, тапсырманызды орындаым дегендей. «Жарайды боссыз» деп келте қайтарды. Ертеңінде түске таман шақырып: «Кайржан Сабитович, неужели сразу нельзя было так написать, мы оба не выспались, хороший доклад получился» деді. Жұмыс бабында бұл кісі өзін де, өзгені де аямады, бірақ, әділ бағасын берді. Біз соған шынықтық.

Аудан басшылары Иван Алексеевич Рыжков пен Иван Ильич Небеснюктің қарауында жүріп, Николай Семенович Кулешов, Қайырбек Мақанұлы Шалабаев, Тұргын Ысқақұлы Сыздықовпен үзенгілес қызмет істегеніме ризамын. Барлығы да жақсы адамдар.

1985 жылы елге көп қызмет жасаган, бетке ұстар жазушымыз, Қазақстан Жазушылар одагының мүшесі, сол кездегі облыстық «Кекшетау правдасы» газетінің редакторы Жанайдар Мусин жұмыс бабымен ауданымызға келді. Ол кезде маусым айы болатын, қой қырку науқаны қызу жүріп жаткан уақыт. Аудандық партия комитетінде кездестік, ол кісі келген жағдайын айтып «Айсары», «Чистяков» кеншарларына барсақ деген ойын білдірді.

Жәкенін өтінішін қабыл алғып, Айсары қайдасын деп жолға шықтық, кеншардың кенсесіне кірсек Т.К. Қозғанов өз кабинетінде отыр екен. Орнынан тұрып, келген қонақпен амандастып, жөн сұрасып, өз орнына барып отырды. Төкен шаруашылық тіршілігін сөз етіп, қазіргі уақытта қырықтық жүріп жатқандығын, әр қойдан орташа есеппен 3,8 кг. жұн қырқып жатқандықтарын айтты, алдағы уақытта бұл көрсеткіш көбеюге тиісті, ейткені, кошқарлар әлі қырқылған жок деп шылдырлаған телефонды алды. «Жәке, редакциядан Сізді іздеп жаткан көрінеді, мана да звондап еді» деп телефонды ұстартты.

Ол кісіден ана жақтан газеттің ертенгі нөміріне басты мақалалардың қайсысын береміз деп сұрап жатқандай сияқты, ейткені, мына кісі ана мақаланы беру керек, дер кезі деп телефонды қойды. Тағы біраз отырып, қырықтық басына бардық, қойшылардың жағдайларын сұрастырып болған соң, қонағымыз Тоқтабай Қозғанұлы біз жүрейік, Чистяковкаға үлгеруіміз керек деп еді. Ол тұс кезі, ауқаттанып кетіңіздер деп болмаған соң, аялдауға тұра келді. Асханаға келсек, Тоқаның бешбармағы дайын тұр. Қол жуып дастарқанға жайғастық, бір уақытта Жәкенің көзі сол жақтағы қабыргаға орнатылған шқапқа тұсті, ол орнынан тұрып әлгінің есігін ашып Тоқтабай, мынаның автоматты кнопкасы іstemей ме, ішінде светі де, конъяғы да жоқ қой деді күлді. Содан бұл сөздің төркіні қайdan шыққанын әнгіме қылдық.

Тоқаннан бұрын кеншар директоры болып С.Ж. Атамбаев істеген уақыт. Бір күні ауданың басқа кеншарларын аралаған обкомның бірінші хатшысы Е.Н. Әуелбеков осында келеді, жанында аупарткомның бірінші хатшысы И.А. Рыжков бар. Еркін Нұржанұлы бүкіл қой баздарын аралап, шопандармен кездесіп, хал-

жүдэлдарымен танысады. Қойлардың күйі қалай, қора жылы ма, жемшөп жеткілікті ме, жалақыларың қаша, кеншар тон, пима бере мс. сіздерге қандай жагдайлар жасайды деп, тағы да көптеген үйректар қойыпты. Кездесу сонында облыстың басшысы оларға жемісті еңбек тілейді.

Директордың өтініші бойынша ол кісі тамакқа тоқтайды. Осының алдында ғана асхананың бір жағынан қонақ күтіп, ас беретін бөлме жасатып, ішін қырлап-сырлап қойған, екінші жағына шинан, кресло қойғызып темекі шегетін бөлме қылған екен. Ерекен шілмисіздың келетінін білген соң түзеткендегісі, онысы дұрыс та. Әрбір адам үйіне қонақ шакырса күні бұрын дұрыстап шийындалады гой.

Содан қонақтар асқа отырады, осы уақытта Серіkbай Жакияұлы орнынан тұрып, әлгі Жәкең көрген шкафқа келіп, жишиңдагы кнопкани басады, сол кезде оның есігі ашылып, шіндегі свет жағылғанда, екі қатар бойы конъяқ, арақ самсап тұрса көрек. Мұны Еркін Нұржанұлы көрмеген болып мән бермейді. Дистарханға бірдене көрек болып, Секең қарсы тұрган эйнекшенің жишиңдагы кнопкани басқанда есігі ашылып ана жақтан аспазшы қырап тұр екен. Сонымен тамак ішілді. директор үлкен қонақтарды жолға шығарып салып, қош айтysады.

Ал, ертеңінде Иван Алексеевичке телефон соғып, Еркін Нұржанұлының бізге келіп кеткендегі пікірі қалай болды деп сұрапты. Аудан басшысы, ол кісінің бәлендей ескертүі болған жок, бирлігі ойдағыдан сияқты дейді.

Осыдан бір ай шамасындағы уақыт өткенде Көкшетауда мал шаруашылығы мәселелеріне арналған облыстық семинар-көнес болады. Баяндаманы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Моисей Чжен жасапты.

Семинарда қорытынды сез алған Еркін Нұржанұлы біраз шудандарды, кеншар директорларын ондаш тұрып сынайды. Соның ішінде «Айсарыға» тоқталып, мен жуырда сол кеншарда болдым, оның директоры жаңын тұрган жас жігіт екен, бірақ, кой қораларын шралғанда жана технологиядан ештеңе көре алмадым, есесінен исханадағы қонаққа ас беретін бөлмесі түгелімен шитоматтандырылған, бір кнопкани бассаң, конъяқ мен арақ беріледі, екіншісін бассаң аспазшы даяр тұрады деген екен.

Облыс орталығынан келген Серіkbай Жакияұлы бүкіл кнопкa проводтарды алғызып тастапты, осы да жетеді, әйттеуір, қалай

болсақта облысқа атагымыз шыкты ғой, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы көрінген директордың атын атай бермейді дегеп. Осыны әңгіме қылыш біраз отырып, ас ішіп болған соң Тоқаңмен қош айттысып Чистяковкаға жүріп кеттік.

Совхозға келіп уақыт кеш болған соң басшыларды іздемей, тұра қырықтық басына бардық. Ондағы жағдаймен танысып, енді кетейік деп тұрганда, осы шаруашылықтың экономисі Қалел Әшімов кездесіп қалды. Амандықтан кейін сөзден сез шығып, Ж.Мусинге Қалекең «осы ауылдың аты неге Чистяковка, білесіз бе?» деді.

Содан Қалел Әшімұлы баппен әңгімесін бастады. Бұл ауылдың құрылуды үлкен бір тарих, ақсақалдардың айтуы бойынша 1910 жылдардың шамасында жер аударылып келген байлар Лазер, Малашенко, Атрощенко, Какалов переселендер осы елге келіп қоныстанады. Сол жылдарды Омбыдан жер өлшеуге землемер Чистяков деген келіп, содан елді мекен Чистяков деп кеткен екен. Негізінде Алқатерек ауылы, бұлай деп аталған себебі, ауылдың шеткі көшесінің бірі орналасқан ағаш қойнауын осылай деп атаса керек. Өз алдына кеңшар болғанша бұл ауыл Щучье ауданына қарап Жамбыл МТС-нің бөлімшесі болған. 1968 жылдың 20 қаңтарында жоғарғы жақтың шешімімен, жергілікті органдардың ұсынысы бойынша «Чистяков» кеңшары болып құрылған.

Коллективизация кезінде осы елде де колхоз құрылады. Ең қызығы, клубтың Щучье жақ бөлігінде «Красный труд» колхозы ашылып онда орыстар тұрады, Ленинград селосы жағынан «Бірлік» колхозы ұйымдастырылып, онда казактар тұрады. Бертінде де халықтың орналасуы сол шекара болып қалды.

Кезінде Лазер бай үй салып, дүкен ашқан. Ол дүкенді үй қылышп, бұрыныракта П.К. Еременко тұрган, қазір Қалелхан тұрады. Оның бір өзінде екі үй болған, Біреуінде О. Құсанов тұрган, екіншісінде Я.И. Тузик тұрды.

Бұл өңірге орыс байларымен қатар қазақтың байлары да қоныстанған. Солардың бірі - Тәти бай сол кезде, бертінгі Қызылтаң ауылының орнына қоныстанған, ол уақытта Көшагаш ауылы атанған, қазір де зираты бар.

Ал Қорам қажының жүрті «Краснофлот» кеңшарының оң жағына қарай орналасқан, ауылдың орны элі жатыр, Қызылтаң ауылынан үш шақырым шамасында. Ол жерде скважина бар, сол маңайда Алқатеректің жылқысы бағылады, оты мол жер.

Совет үкіметі тарап біткеннен кейін бұл ауыл қайтадан Ашқаралерек атын қайтарып алды. Елдің қысқаша тарихы осындай.

Қалекең әңгімесін одан әрі жалғастырды. 1964 жылы Қипелдің құдасы Сатыбалды Аймағанов деген ақсақал, атақты мишилалардың бірі, арабша сауаты бар, Чистяков ауылына көшіп келеді. Сол кісі «Айсары-Шорман» қисссасын жатқа білген екен, көшіде арабша жазылған дейді. Оны Қалекең құдасының аузынан ишай рет естіген екен.

Сатыбалды ақсақал 1964 жылға дейін Каганович атындағы көшхозда тұрыпты. Ол Чистяковқадан 20-25 шақырым шамасында, ပұрынғы «Краснофлот» кеншарының аймағында, артынан «Қайнар» кеншары құрылғанда соның маңайында қалыпты.

Содан кисса туралы әңгімені естіген алматылық Шәмен деген жиғушы біздің облысқа жолы түскенде, әдейі іздел барып, «Каганович» колхозынан Сатыбалды ақсақалды тауып алғып, қолжазбасын сұрап алышты дейді. Кітап жазбақшы болған екен, отрақ, ол ойы іске аспай өмірден өтіп кетіпті. Қиссаны аманат қылышп әйеліне мұрағатқа тапсыр депті. Бәйбішесі кейін солай шілдесе керек. Одан арғы тарихы бізге белгісіз деп Қалекең әңгімесін тұжтырады.

1990 жылы ақын-жазушы, ҚР Жазушылар одағы Ақмола облыстық филиалының төрағасы, buquerque облыстық «Кекшетау привидасы» газеті редакторының орынбасары Телеген Қажыбаев жұмыс сапарымен Ленинград ауданына келді.

Бұл ағамызды сырттай білгенмен жақын танысып, жүздесудің реті келмей жүретін. Соның сәті түскендей болды. Төкен сиякты шы елге мәлім, сыйлы азаматтар ауданға келгенде бір қуанып қыламыз. Неге десеңіз, олар көпті көрген, көп тоқыған адамдар. Іңидай ағамыздың жанында атқосшы болып ауданың кеншарларын аралатып, әңгімесін есту мен үшін үлкен абырой. Менің қызмет бабым да соған байланысты болатын, ол кезде шуландық партия комитетінің хатшысы болатынмын. Бұл жолы ол журналист ретінде келді. Кеншарларға сапар шегіп біразын араладық, ақырында ат басын «Чистяков» кеншарына тіредік. Һолған шаруашылықтарда директорлармен, қатардагы сұбекшілермен, еңбек озаттарымен кездесіп, барлық жағдайларымен танысты.

Бұл кеншарда шөпшілермен кездесіп, олардың қал-жағдайларын сұрастырды, шілде айында шөп науқаны қызып

жатқан уақыт. Бұл қой шаруашылығы болғандықтан, 27 мың бас қой болатын, 3000 тоннадан артық шөп дайындау міндеттемесі тұрған. Шөпшілер жылдағы меже осы, биыл да биіктен көрінуге тиістіміз дейді. Өйткені, бір және көп жылдық екпе шөптің шығымы өте жақсы деп қуаныштарын жасырмады. Бұл арнайы бригадаға шөпті шауып, жинап, таситын бүкіл техникалар шоғырланған. Былай қарасаң тоқтап тұрған техника көрінбейді, барлығы жұмыс үстінде. Төкен осы бригаданың басшысы Сұнғатты сөзге тартып, жұмыс қарқыны қалай жүріп жатқандығын, алға қойған жоспарларын қашан орында мақшы екендігін сұрастыруды. Ол барлық жағдайды түсіндіріп, биыл егін бітік өскен сияқты, біздің бригадада орақ науқанына қатысатын комбайншылар бар, соңдықтан, шөп дайындауды тамыз айының орта кезіне дейін, егін ору жұмыстары басталғанша аяқтауымыз керек деп сезін тамамдады.

Біз де машинамызды аудан орталығына бұрдық, жолшыбай әңгімелесіп келе жатып Төкен «былтыр «Махабbat әні» деген кітабым баспадан шығып еді, соның біреуін ескерткіш ретінде арнап алып шығып едім, соны езіңе ұсынамын» деп менің қолыма ұстадты. Мен рақметімді айтып, алдағы уақытта да талай кітаптарыңыздың шыгуына шын жүректен тілекtespiн дедім. Төкен кітаптың бірінші бетін ашып маган арнаған жазуын оқып берді. Онда былай депті: «Құрметті Қайрекене! Ел-жұрттымыздың мәдениеті мен өнерін дамытуға атқарып жатқан енбегіне әз табыс, тамаша жетістіктер тілеймін. Жолдастық көнілмен Төлеген. Астына Чистяков елі» деп жазып қойдым, мына елде бірге болғанымыздың күесі болсын деді.

Төкен туралы аз болса да сыр шерткен соң, оның Сәкен Жүнісовтің 60 жылдығына арнаған, сол кісінің «Сәкен ел жайында, ел Сәкен сері жайында» атты кітабындағы өлеңін келтірейін.

Өзің жайлы жыр толғау женіл емес,  
Онда жатыр тайталас, ерлік, егес,  
Онда жатыр Құргерей күніренісі,  
Онда жатыр жалғыз үй, есқі елес.  
Онда жатыр Қекшенің өткендері,  
Онда жатыр өмірдің өктем демі.  
Онда жатыр Ақтоқты армандары,  
Онда жатыр күн шуақ көктем лебі.

Онда жатыр сан тағдыр табысқаны,  
Онда жатыр тұған ел арыстары.  
Онда жатыр Ақанның қайғы-шері,  
Онда жатыр Құлагер шабыстары.  
Бәрі де бар өзінің өмірінде.  
Қапысыз күрыш қалам өрімінде.  
Жаныңың жарқылындай жасын ойлар,  
Шақ тұр-ау шарасынан төгілуге.  
Жетелеп бір қыырга ойлар сан сак,  
Арман не, өзіндей бір лаулап жансақ.  
Жүрерміз сағынышпен жақсы ага,  
Өзінмен бірге өткізген күндерді аңсал.  
Күтерміз жиі-жиі келісінді,  
Аңсармыз аймаласып көрісуді.  
Сағынар Сырымбеттің саласы мен,  
Құба бел Құлагердің тері сінді.  
Көрмеген Көюжендеттей қанат талып,  
Саяткер думанымен қанаттанып.  
Жөней бер Қекшетауға жиі-жиі,  
Алатау иығына жанап барып.  
Елінің сергек сезер мархабатын,  
Бір өзі әнші, күйші, арқалы ақын.  
Тек Сәкенмен сәндірек корінеді,  
Серілігің, салдығың, салтанатың.  
Алпыстың асуына талмай тартып,  
Жеттің бе шашанды шаң шалмай шалқып.  
Кекшемде көп ұлдардың бірі болмай,  
Сәкен боп тугандығың қандай бақыт !

1991 жылы Халық жазушысы, Сәкен сері Жұнісов ағамыздың жолы түсіл, біздін ауданға келіп қалды. Бұл жолғы сапары ауыл-мұсылылды аралап, халық пен кездесіп, алдымыздагы сайлауда Парламентке депутат болудан үміткер екенін білдіріп, өзіне дауыс беруді өтіне келіпти. Ол депутаттыққа балама ретінде өзін-өзі үсынып, Ленинград. Қызылту, Чкалов сайлау округінен түссе көрек. Ондагы ойы жерлестерім көлдайтын шығар деген болуы көрек.

Алдын ала айта кетейін, олай болмай шықты, өйткені, ол кезде жоғарғы жақтың ұсынған кандидаты өтетін, ол үшін жергілікті

органдардың бүкіл ресурстары жоғарғы жақтың кісісіне бағытталып жұмыс істейтін. Дегенмен, екі көршілес ауданға қарағанда біздің ауданның сайлаушылары Сәкен серіге дауыс бергенде, оларға қарағанда үш- терт пайызы артықтау болды. Бұны да біз өзімізге абырай деп есептедік. Өйткені, жоғарғы жақтың қысымына қарамастан осындай көрсеткішке жеттік.

Сол кезде мен Қызылтудың бір ел ағасы болған жігітінен естіп едім, сол Сәкен бізге не істепті деп. Ол ез аяғын дұрыс алтып жүре алтамай, ез қызметін дұрыс істей алмай жүріп, қол астындағы кішкентай мекемені басқаруга қабілеті жетпей журіп әлгі сөзді айтады. Өзінше жүрген жерінде жұртқа сөз бермей, ақыл айтпақшы болған ақылсымақ. Осындайлардан сақтасын. Оның өзінен сұраса, сен елің Қызылтуға не істедің деп. Не істеуші еді, ештеңе істеген жоқ.

Басқа елдерде сондай адамдар бізден шықты деп мақтанады, оны дәріптейді. Мениң де айтарым сол, әлгіндей пасық адамдардың ойларынан аулақ болуымыз керек. Одан басқа біздің жақтан аты шықкан кім бар, ешкім жоқ.

Не істеді демекші, Сәкен серінің істегенін ешкім қайталай алмайды, ол «Жапандығы жалғыз үй», «Ақан сері» романдарын жазды, баскасын айтпай-ақ қояйық. Ол Шығыс не Батыс жағына барып, сол жақты дәріптеген жоқ, біздің жақтың Ақан серісін шығарды. Әлгі айтқан кісі осы кітаптарды оқыды ма екен деген сұралк гуады.

Не істеді демекші, ол кісінің тагы не істегенін айтайын. Қ.З. Ақшаров Қызылту аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істегенде, Алматыға барып ағамызбен кездесіп, өз сауалын айтады. Елдегі электр желілерінің барлығы тозган, бәлен жылдан бері ешкім ауыстырған жоқ, бағаналары қиқы-шойқы болып сымдарын әрен көтеріп тұр дейді. Мұны тыңдал алған Сәкен сері осы сала Министрінің өзіне барып, келген өтінішін айтады. Содан ол кісі тәменгі жаққа нұқсау беріп, аз уақыттың ішінде Қызылту қотанының бүкіл электр желілерін тегін ауыстырып бергізеді. Бұл біздің ағамыздың сөзін жерге тастамағандық, оның беделінің зор болғандығының белгісі. Әлгі Министр оның қара басын сыйлағандығы, атагын сыйлағандығы. Сәкен сияқты екінің бірі Халық жазушысы емес, мықты ел танитын жазушыларымызыдан өзін белгілі, не көрнекті жазушы деп қана жазады, олардың атын атамай-ақ қояйын. Оның істегенін бүкіл облыс болып жасай алмаган.

Жоғарыдағы не істеді деген сөздің авторы мың жыл өмір сүрсег дагы мұндай жұмыс қолынан келмес еді, сондыктан, миңнедій пасықтарға айтайын дегенім, ең алдымен өзіңе кара, сосын мұртқа кінә тақ.

Сонымен, Сәкен сері ауданымызга келгендегі соң, бір-екі көңіларға бармақшы болып жолға шықтық. Мен ол кезде шынарткомның хатшысы болып істеймін. Машинаның «Айсары» көңіларына қарай зымырап келеді, жол бойы оның әңгімесін тыңдаған келе жатып қалай тез жеткенімізді сезбей қалдық. Ол алдын шыншылғында звондатқан жок. Машина басын мектепке бұргызыды. Мұгалімдер бөлмесіне кірсек, біраз ұстаздар отыр екен, біз келді жеткен соң олардың қатары толықты, атақты жазушымызды кімнің көргісі, тыңдағысы келмейді дейсін.

Ол өзінің Парламент депутаттығына кандидат болып іркелгендігін айтЫП, сайлау алдындағы бағдарламасын айтЫП берді. Мектеп ұжымының қалжагдайымен танысты. Мұгалімдердің арасынан бәлен жыл көрмеген Зәйкөш Смагұловты шыншылғында, амандық сұрасып біраз отырды. Кезінде Алматыда КазГУ-де бірге оқығандарын естеріне алды.

Онан шығып, алдында өзіміздің ақынның Тыныштық Шеменовпен кездескенбіз, ас ішіңіздер деген соң сол үйге бардық. Үлкен үстіндегі сөзден сөз шығып, Сәкен сері үй иесіне «осы елдің ісліктен Айсары деп атаған» деді. Содан Тәкең ел аузындағы шынызды айта бастады.

Айсары аты «Айсары-Шорман» аңызына байланысты қойылса керек. Кезінде Бағаналы руының атақты байы Ақламбеттің алты үлкендердің ортасында өскен Айсары қызы болыпты. Өзі де өте сұлу болған екен, қарасаң көз тоймайтын, өзіне жарасымды оймақтай шызып, қарақаттай қара күлім көз, қыр мұрын, кигаш қас, ұзын бұрым, бұран бел, айдың жүзіндегі үлбіреген алпақ беті, үстінен киген қамзолдың өнірін керіп тұратын алмадай екі төсі өзіне келісті, осының барлығы тек қана Айсары мүсініне біткен сұлулық деп ойлайсын.

Ол экесінің жылқышысы батыр тұлғалы, екі иығына екі кісі мінгендей, садақты серпе тартса жебесі біраз жерге жететіндей, білдесуге шықса жігіт шыдатпайтын қара күш иесі, өте сымбатты, аузызын ашса көмейінен ән төгілетін, қолына домбыра алса, саусағынан күй таматын сегіз қырлы, жігіттің көркемі Шорманға

өлердей гашық болады. Ол болса өзінің кедей, Айсарыға тәң еместігін түсініп, оған сөз айтуда тайқасиды.

Күндердің күнінде қызың мен жігіт кездесіп, Айсары Шорманга қоңіл білдіреді, «сенсіз өмірім қапас болады, әкемнің айттырган жеріне қоңілім толмайды, менің бақытым, жүргегіме қонған махаббатым тек қана сенсің, сени сүйемін, маған сенсіз өмір жок, мен сендікпін, қайда жур десең сонда барамын» деп ағынан жарылыпты.

Содан екі гашық қашуға бел буып уағадаласыпты. Бір күні уағда бойынша жазғы сәресі уақыты кезінде екеуі екі атқа мініп, біреуін жетекке алғып, махаббаттың қызуымен, гашықтың сезіммен Ерейментау жақтағы ауылдарынан шығып, Омбы жағын бетке ұстап жолға аттанады.

Қыздың үй іші сол күні түс ауа Айсарының үйде жок екенін біледі. Елдегі әңгіме бойынша Шорманның жоқтығы да белгілі болады. Жылқыда шабдар ат пен құла айғырдың жоқтығын білген Ақпамбет бай бір сұмдықтың болғанын сезіп, қызының Шорманның белінде кеткенін пайымдайды. Ол қызының жыртық шапанды, жалаң бұт кедейге шығуына қарсы. Ол кезде бұндай жағдай оның беделіне нұқсан келтіретіні хақ. Сондықтан, қуғынши ұйымдастыруға бел буады.

Бір балгердің арты қайыр болмайды жамандыққа соқтырады, сабанызға түсініз, ашуды ақылға жендірініз, сабыр қылышыз, қуғынши жіберменең дегеніне болмай, қыздың әкесі ұлдарына жағдайды айтып жол сілтейді, олар қару-жараптарын асынып жолға дайындалады.

Содан қос гашық екі-үш күн азып-шаршап, аттары да болдырып, жеткен жері Ақкөл болған соң, ат басын тартып аздаптынығып алмақшы болады.

Айсары мен Шорман сол елде екі күн болып, домбыра шертіп, ән шырқап, бақыт құшагына еніп, асыл арманымызға жеттік, тілегіміз орындалды деген оймен, елмен қош айттысып ұстаган бағыттарымен жолға шыгады.

Сол елдің халқы екі жастың шынайы махаббаттарын сезіп, тартқан күйлері мен эндеріне тәнті болғандықтан, келген қуғыншыларға олардың қай бағытты ұстанғандарын айтпайды.

Бір-екі күн жүргеннен кейін өздері де, аттары да шаршап-шалдығып, жүрістері өнбейді. Олар қаннен-қаперсіз келе жатып, арттағы қуғынши агаларын сезбейді.

Күгүншылар Ақкөлде қашқындардың қай жаққа бет алғанын тиір кү кемпірден біліп алады және олар шабдар аттың ізін танып ғашырына түседі.

Жолдан шаршап берекелері кеткен ғашықтар бір жерге тоқтап, әлем алмақшы болады. Аялдаған жерлерінде ән айтып, домбыра шергіші алаңсыз отырған бойларында, күгүншылардың жиңіштегінде салынғанын сезіп қалған олар аттарына мініп қаша жөнеледі. Домбыралары әлгі жерде қалып кояды. Содан әлгі жер Домбыралы аталып кеткен екен.

Келе жатып алдағы таудай болып көрінген төбеге жетеді. Үгінде шығып етекке көз жүгіртсе, сондартынан келе жатқан күгүншыларды көреді. Бұлар аттарына міне сала қаша жөнеледі. Қинша алға ұмтылғанмен жүрістері өнбейді, шаршаган аттарының шибысы бәсендейді. Біраз жүрістен кейін құла айғыр зорығып шөпді, басқа аттар да болдырады.

Күгүншылар тақала түседі, олардың біреуі садағын кезене бергенде, Айсары ағасын танып, агатай Шорманның кінәсі жоқ, ол мені алғып қашқан жоқ, оны мен алғып қаштым, өлтірсендер мені шаштап деп айғайлайды, ол дауыс аспан күніренгендей болып шөпіледі.

Бірақ, қаныпезер ағаларының бірі көздері қасқырдың күндеріндегі қанталаған, қан ішер иттер құсап садақты тартып көшігана, оның жебесі Шорманға жетіп қадалады. Айсары аруга да сол жердің топырагы бұйырады. Сондыктан, осы жер Айсары шашып кетіпті. Осылай қос ғашықтың тағдыры халық аузында аңыз болып қалған екен деп Тыныштық бұл туралы әңгімесін ғамамдады.

Жогарыда айтылған Домбыралы ауылы сол кездегі «Комсомол» мен «Простор» кеңшарларының ортасында. Ол елдің шыны бертінге дейін картада белгіленіп жүрді. 2000 жылы ол отгон үшікесінде төрт-бес жылдан бері ешкім тұрмагандықтан, Солтүстік Қазақстан облыстық мекемелері қызығынан қарастырылған, мен Уәлиханов ауданы экімінің аппарат басшысы болып істеп жүрген кезімде, ол ауылдың жоқтығын хабарлап, аудан экімі Ә.М. Сагитов қол қойған арнағы жауап жолдадық. Содан ол штау картадан алынып тасталды.

Тыныштық әрі қарай әңгімесін жалғастырып, бұрын бұл маңайда Қараағаш ауыл Советіне қарасты бес алты колхоз болған. Кейіннен осылардың жерінде «Айсары» кеңшары ашылды. Бертін ол

іргелі шаруашылықтың бірі болды, 30 мындан астам қой өсірілді, үш жүздей жылқы өрбіді, 10 мың гектар жерге егін себілді деді.

Халықтың әл-ауқаты жақсады. Жылына ондаган жаңа үйлер салынды, «Тамаша» ойын-сауық ошагы бой көтерді, іші сондай жақсы безендірілген, 200 адам сиятын той орны болды. Жаңадан кулинарлық дүкен іске қосылды, оның ішкі бір бөлігіне жарты кигіз үйге ұқсатылып жасалған, төсөніш, бөстек төсөліп тапал үстел жайылып, кымыз, шэй-пәй ішетін орынга айналды. Екі қабатты, іші жақсы жабдықталған мектел, жаңадан салынған екі қабатты бала бақша ғимараты, екі қабатты көз тартатын, бірнеше кластары, концерттік залы бар өнер мектебі. Қеншардың екі қабатты жаңа қенсесі салынған. Барлық көшелеріне асфальт төсөлген, жап-жақсы сая бағы бар, ортасына соғыс ардагерлеріне арналған ескерткіш орнатылған. Жақсы жабдықталған медициналық профилакторияда халық емделіп, денсаулықтарын түзейді. Екі қабатты дүкені бар, басқа ауыл-селоларға ұқсамайтын өте көрікті қеншардың бірі болды деп есептейміз деді одан әрі үй иесі.

Бұл елдің экономикасының нығаюына, өсіп-өркендеуіне, көркеюіне, көп еңбек сінірген, ұмытылmas із қалдырган директорлар Серікбай Жақияұлы Атамбаев, Тоқтабай Қозғанұлы Қозғанов. Бұл басшылар білікті, білімді, өте іскер азаматтар болды деп Тәкең сезін аяқтады. Ас ішілді, әңгіме бітті, біз қош айттысып жолға шықтық.

Таңертең Сәкен ағамыздың қайда баратынын сұрастырдым, оның ойы Сәду Әбжанұлының үйіне кіріп шығу болды, онымен КазГУ-де бірге оқыған екен, аман-саулық сұрасып біраз отырган соң асқа қарамай, қош айттысып «Колос» қеншары қайдасын деп жолға шықтық. Ол кезде біріккен аудан болатын. Бұнда келген соң қеншардың қенсесіне соқтай тұра қой базына барып, шопандармен жүздесті. Олардың қал-жағдайларын сұрастырып, біраз отырган соң Қызылтуға жүріп кеттік.

Келе жатып ойладым, бұл ағамыз неге бір басшымен кездеспелі, содан маган бір ой келді. Ол өзін өзі депутаттыққа ұсынып, жоғарғы жақтың кандидатымен балама ретінде түскен соң басшыларға кесірім тимесін деген ойы болған шығар деп түсіндім. Көп кездесулер де жасаган жок. Менімше депутат болуга Сәкен серінің құлқы да болмаган сияқты. Сонымен, Қызылтуға да жеттік, қош айттысып мен кері қайттым.

Сәкен ағамыз тек атақты Халық жазушысы, драматург қана  
шығармашылық оның ақындығы да бар, көлтеген өлеңдері өзінің «Сәкен сері  
жайында, ел Сәкен сері жайында» деген кітабына кірген. Осы  
компанияның бірінші хатшысы Мактай Рамазанұлы Сағдиевтің 70  
жылдығына арналған өлеңін оқырмандарға ұсынып отырымын.

### Ініден аталы сөз, баталы сөз

Өзінді, пілдей маңғаз Мактай ага,  
Женелді-ау жабыла жұрт мактап ала,  
Ал мен әзіл,  
қалжыңмен сөз айтайын  
Қазақтың той дәстүрін сақтап,  
ага.

Тұлпарсың оза шықкан  
жүзден жүйрік  
Күмән жоқ бізден оған,  
түзден күдік,

Армысың,  
дана болар,  
бала болар

Жетпістің иығына мінген жігіт.  
Тұрганда ақыл,

ойын,  
бәрі орнында,  
Әмәндә өз билігің өз қолында,

Ардағер мен жетімді жетелей бер,  
«Жұқ қалмайды,

деген бар,  
нар жолында»

Қогамыңың мәзірін,  
жайын ұқ та,

Асықпа,  
пенсияға қазір шықпа.

Тірі жанға қиянат,  
зорлығың жоқ,  
Күдайдан былайғыдан әзір бұқпа.

Дүниені шарлай бер атың барда,  
Шеккен нардай үйінде жатып алма,  
Мысық емес тышқаншыл,  
арыстансың,  
Нәсібің әзір сыртта,  
қатын алма.  
Найзан ұшы мұқалмай,  
қылыш сынбай,  
Сілтей бер жау шапқандай бір тұн тынбай,  
Өзі келер ажалға алаңдама  
Тарта бер жалтақтамай,  
түктен қынбай.

Қымсынбай жас атанып жүре бер де,  
Жиырма бестің өмірін сүре бер де.  
Жетпістегі кәріге ұқсаймын деп,  
Құдай берген бойынды не көрме.

Елден ерек бойын да,  
мойының да,  
Әзіл-қалжын,  
жарасқан ойының да.  
Серіліктен арылма,  
өлеңшіндер  
Тұншығып,  
қыңсыласын қойынында.

Ұқсайсың бір іс бастап, ұрандарда,  
Шаңқ етер құрлықтагы қырандарға.  
Ал, құрылыста, әр жүкті орны-орнына  
Ұқсайсың қойып жүрген крандарға.

Ұқсадың Арқалықта қырандарға,  
Көкшеде мойны керік крандарға,  
Сендей-ақ болған шығар батыр, тұлға,  
Тарихта,  
ел қорғаган Тұрандарда!

Еліңе жақсылықты үйіп жүрсін,  
Лайым шапағатың тиіп жүрсін!  
Кей шартық сыймай жүрсе шапанына,  
Халқыңа нар бойынмен сыйымдысыны.

Жұрттан ерен жарадын келбетің де,  
Сендей жандар аз келер жер бетіне  
Қолдай бер інілерді,  
Елбасын да,  
Ұялмай қарай алар ел бетіне.

Тұрғанда өн бойында өмір-күшін,  
101-ге жет армансыз өлу үшін,  
Елбасының мұқият жоспарланаған  
Отызыншы жылын да көру үшін.

Керексің сол жылдарды көру үшін,  
Қысқа өмірді ұзартып,  
өру үшін.

## О дүниелік жұмақта бабаларға Бұл дүниенің отчетын беру үшін.

Қолың жетті ел билер таққа шейін,  
Халқыңың медеу еттің аппақ мейірін,  
Қажыдым, қартайдым деп аузыңа алма  
Әзірейіл жанынды алар шакқа дейін.

Тойыңа жан қалмапты-ау шақырмаган,  
Күнің жок,  
дос азайып,  
тақырыланған,  
Замана сан өзгерсе,  
сен қалпында,  
Болса да,  
беті аулақ,  
акырзаман.

О қазагым, бұл тойын,  
бүгін сенің,  
Кетті ғой талай пірің,  
ірілерің,  
Мақтай аға-сынығы асылдардың,  
Бұзылмаган бүтіні  
тірілердің.

Ауыл көркі,  
барады, мал азайып  
Дала көркі  
барады аң азайып,  
Орны толар олардың,  
бәрінен де  
Орны толмас барады шал азайып

Үлкендерім,  
кеменгер даналарым,  
Тірлікте сирлемесін араларың.  
Мұхит-өмір жатқанда аласұрып,  
Адастырмас ақ желкен агаларым!

-деп аяктайды өзінің арнау өлеңін Сәкен сері.

1994 жылы Халық жазушысы С. Жұнісов 60 жасқа толды. Оның мерейтойы біздің облыста кеңінен аталып өтті. Бірінші кезеңі Қекшетаудың мәдениет сарайында ғылыми конференциямен басталып, соның құттықтаумен жалғасты. Барлық аудандардан делегациялар келді, соның ішінде біздің ауданың делегациясын мен бастап бардым, бұл кезде аудан әкімінің орынбасары болатынын. Бүкіл аудандардың өкілдері бірінен соң бірі құттықтап әкелген сыйлықтарын ұсынып жатыр, мен де солай істедім.

Артынан осы тойдың жалғасы оның туған жері Қызылтуда болды. Оnda да мәдениет сарайында Сәкен серіні құттықтау рәсімі өтті. Бұнда тек қана көршілес Ленин, Ленинград, Уәлиханов, Еңбекшілдер аудандарының делегациялары шақырылсын деп облыс әкімі нұсқау беріпті және оларды аудан әкімдерінің орынбасарлары бастап бардық. Сонымен той басталып кетті, құттықтау сөздер айтылып жатыр, сөз кезегі маган да келді, өз тілегімді айтылып, басқа аудандардан келген әріптерестерім сияқты әкелген сыйлығымды мерейтой иесіне тапсырдым.

Гой болатын күні ертерек барып киіз үй тіктік, ішін безендіріп күшірттып қойдық. Жылқы, қой еттерін пісіріп, сол ауданның оңсыздары кірсе ас берейік деген ойымыз болған. Сәкен агамыз оңрынай ауданның киіз үйлерін аралап жүріп рақметін айтып жатыр, оңдықіне кірген бойда жоғары шыгарып, астан дәм татқыздық. Сәкен серінің осы мерейтойына байланысты ақын Серік Гүрімбекұлының жазған арнау өлеңін келтірейін, жоғарыда шылған кітабынан алынды.

### Алпысқа келгенде

Көнелердің көзіндей,  
Кербез Қоқшениң өзіндей.  
Алмас қылыш секілді,  
Алпысқа келгені сезілмей.  
Тумысында тұра жолмен жүрмеген,  
Дұшпаның көзге ілмеген,  
Саясаты сәйкес келмеген соң  
Коммунистік партияға кірмеген.  
20 жасында «халық жауы» атанип,  
Аман қалған түрмеден;  
30-ға жұтынып барған,  
40-қа құтырып барған.  
50-де Габенмен тең түсіп,  
60-та Қалдарбектен ұтылып қалған;  
Ақан серідей,  
Сүйгеніне қосыла алмаған.  
Жаны жаратпаса,  
Көңілінің қошы болмаган.  
Басына батпандай іс түскенде  
Касында  
Қоғабайдан басқа досы қалмаған;  
Тақасқанмен тақасқан,  
Бақасқанмен бақасқан.  
Сафуанға соқтығып,  
Шерханмен шатасқан;  
Алпысқа келсе де,  
Адуын мінезі қойылмаған.

Талантын таразыға тартсаң  
Әуезовтың өзін әрәп мойындаған;  
Нагыз серідей  
Қызды ауылды қыықтаған.  
Нагыз қазақтай  
Түске дейін ұйықтаған.  
Досына ақ, адад,  
Жауына қабаған.  
Иттік жасаган кісіні,  
Кім болса да,  
Жағадан алыш,  
Сылқынп сабаган.  
Адалдыққа сенетін,  
Әділетке көнетін,  
Өзім деген кісіге,  
Кесіп берер қон етін,  
Кейде мына заманға риза болмай,  
Зашар суын сілтеп жіберсе,  
Артынан оның өзін  
Ақылмен женетін;  
Жазушылық жолында,  
Уақыттан ұтылмаган.  
Енді бүтін 60-қа келсе де  
Алдынан қызы қашып құтылмаған.  
Айтсаң сөз жетпес,  
Атсан оқ жетпес.  
Өзі кінәлі болса  
Найзаның ұшында,  
Қылыштың тұсында тұрса да  
Қыңқ етіп, үн қатпас.  
Көнілі Көкшетау,  
Өмірі Жұмбақтас  
Қасыретті қазақтың жеріндей  
Уа, ағайын!  
Ардақтасаң ұлысың болар,  
Жауға шапсаң қылышың болар,

Кім бар Сәкен серіндей!-деген екен ақының Секен, ол осы  
өлеңнің ішіне Сәкен серінің қырық жыл өткізген өмірін сыйғызып,  
қандай тенеулермен келтіріп ақиқатты жазып отыр.

1995 жылдың жазында твочествоның сапармен біздін ауданға көрнекті жазушы Сәбит Досанов келді. Сәбенмен қол алысып, шаш-саулықты білістік. Содан соң ол қалжындан, Қайреке жазушы үшін Сәбитті білесің бе, соның бірі мен Сәбит Досановтын, қалғанын шаш біле жатарсын деді.

Мен қағып алғандай Сәбит Дөнентаевты қалай білмейміз, ол жиілік турали, мектеп қабыргасында жүргендеге оқулық ғылдарламасы бойынша оқығамыз, Халық жазушысы Сәбит Мұқанов шиміндегі жерлесіміз, біздін Солтүстік Қазақстан облысының тумасы бол дедім. Мен тағы да жәй түрмай, Сәбе, менің әкемнің аты Сәбит бол дедім. Ә, ә онда сен де осал емес екенсің, біз Сәбиттер мықтымыз, шимолеттеп күласақ та тірі қалдық деп күлді. Расында да 80-ші жылы, мен партишколда оқып жүргендеге, ол мінген самолет Алматының шет ашында апатқа ұшырап, Сәбен аман қалған.

Ол әдебиеттегі алғашқы қадамын өлең жазудан бастаған. Мектептегі окушы кездерінен-ак, университет қабыргасында да мергімді баспаса з беттерінде көптеген өлеңдерін жариялад үлгерді. Сәбенің тұнғыш кітабы «Қайырлы тан» 1966 жылы жарық көрді. Үздін кейін де бірнеше кітаптары шықты.

С. Досанов әдеби-көркем сын жанрында да белсенді, жемісті еңбек етіп жүр дейді әдебиет саласындағы жолдастары.

Әдебиет пен өнердің көкейтесті мәселелерін тілге тиек еткен «Соны іздер», «Қазына», «Жүректің отын сөндірме» атты монографиялары бірінен соң бірі жарық көрді.

Жазушының «Тау жолы» романы қазіргі қазақ прозасындағы үлік туындылардың бірі деп есептеледі.

Ол әдебиеттің қызын жанрларының бірі драматургия саласында шаш жемісті еңбек етіп келеді. Оның «Дауыл», «Ертең бюро» шысқаларын халық театр сахналарынан көріп, жақсы қабылдады.

Романшы, әдебиет сыншысы, драматург, очерк шебері, публицист, және театр сыншысы Сәбенің көп қырлы, аса жемісті шыгармашылық өнері туралы қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткерлері жылы лебіздерін білдірген.

Ол өзінің еңбек жолын он жылдық мектепті бітіре салып, шудандық газеттің әдеби қызметкерінен бастаған, ол қазақ әдебиеттің әдебиеттерінде, содан соң «Жазушы» баспасында редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде белім менгерушісі болып істеді. Қаржыларынан әдебиет корын басқарды, халық шыгармашылығы және мәдени демалыс орталығының бас

редакторы болып істеді дейді, Сәбенің өмірбаянынан қысқаша деректер келтірген, оның дос-жаран әріптестері.

1985 жылы Сәбит Досановтың 50 жылдық мерей тойына арнап ақын Хамитбек Мұсабаев оған өлең жырын сыйлаган екен. Сонымен танысып көрініздер. Қаламгердің «Сүрінбей өткен мың синнан...» атты кітабынан.

**Досанов жалғыз алайда**  
Жыр жазу керек қалайда,  
Інілік ізет орайда.  
Қазақта не көп, Сәбит көп,  
Досанов жалғыз алайда.

**Жүректерді жаулаган**  
Сиқырлы сөзбен баураган  
Сәбен біздің кәдімгі  
Мұжановтан аумаған.

**Тұлғасы да, жүзі де,**  
Айнымайды сөзі де  
Ең аргысы құдай-ау  
Мұрты менен көзі де.

**Жомарттығы, кеңдігі,**  
Білімі мен білігі  
Дарқандығы даладай  
Ұқсап түр ғой барлығы.

**Дей алмассың бекергे,**  
Ауыратыны да жөтелге.  
Ұқсап қалған айнымай  
Барғаны да шет елге.

**Тамыр тартып теренген**  
Қадамын бастап өлеңмен.  
Іздел барып әдейі  
Бата алыпты Сәбенен.

**Сәбен сонда күліпті,**  
Әрлі-берлі жүріпті.  
Айнымайсың менен деп  
Аң-таң болып тұрыпты.

Талантсың деп таныпты,  
Жігерін оттай жаныпты.  
Екінші Сәбит сенсін- деп  
Арқасынан қағыпты.

«Қайырлы таң атқанда»,  
«Алтын күрек» соққанда  
«Бұлбұл үні» сыңғырлап  
Ауада қанат қақканда.

Болып үнсіз пәруана,  
Аңырапты «Аруана»  
«Қыран қалғымайды» деп  
Жар салыпты кең дала.

«Тау жолында» «Күн мен Тұн»  
Сәбең біраз жүрген-тін.  
«Екінші өмірге», «Соны ізбен»  
Сұнқардай самғап келген-тін.

Женгеміздің назына,  
Жасағандай базына.  
«Жүректің оты сенбеді»,  
Болғаннан соң қазына.

«Жер тағдыры» күткені,  
«Сексен бестің көктемі»  
Осыдан-ақ белгілі,  
50-ге қалай жеткені.

Жарқылдал тұрған алмастай,  
Риза болған жас-кәрі.  
Ереуіл күні ел бастар,  
Кісліктің аскары.

Сәкен сері, Олжастар  
Агалары, достары.  
Үлгі тұтып Сырбайды  
Махаббатты жырлайды.  
Сұлулықты көрсем деп  
Дүние жүзін шарлайды.

Америка, Англия,  
Швеция, Бельгия,  
Швейцария, Турция,  
Шри-Ланка, Индия.

Германия, Румыния,  
Чехия, мен Болгария  
Африка мен Финляндия  
Польша мен Монголия...

Бәріне де барыпты,  
Қазақ деген халықты,  
Біздің Сәбен әрқылы  
Талай елдер таныпты.

Француа Миттеран  
Тетчер мен Рейган.  
Сәбенің қолын қысыпты  
Танысындағай талайдан.

Әзіл айтсаң ойнақы,  
Кеткен емес бір қапы.  
Сәбен біздің әлі де  
Бозбаладай жинақы.

Арыстан жылды нар ағам,  
Алшаң басып жүр аман.  
Болмап па ең гой бір кездे  
Самолеттен де құлаган.

Күа бермей көлемді,  
Аяқтайын өлеңді  
Шарлап жүрген әлемді,  
Осал деме Сәбенді.

Керек мұны білуің  
Қадыр ағаң айтқандай,  
Көкірекке түюің.  
Құтты болсын уа, Сәбе,  
Жүректегі жиырма бес,  
Паспорттағы елуін.



ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық  
университетінің оқу озаттарымен кездесуі. Оң жақтан үшінші Бауыржан



2005 ж. Ақмола облысының үздік окушысы Бауыржан,  
сол жағындағы ҚР білім және ғылым министрі Бірганым Эйтімова,  
оң жағында облыс әкімі Мәжит Есенбаев.



1952 жылғы сурет. Оңнан солға қарай шешем Қамиза, әкем Сәбит, кіндік шешей, Қали нағашының жұбайы Жәмилә.



Балалар мен немерелердің ортасындамыз.



Бауыржаннын үйлену тойындағы сурет. Кұдамыз Куатбек, Құләпәш, Бауыржан, Арайлым, Қайыржан, құдағиымыз Қасиет.



Бауыржанның үйлену тойына келген туыстар неке сарайында.



Жас кезіміздегі сурет. Оңнан солға қарай. Қайыржан,  
Күләпәш, Нұргатша, Зейнеп, Келдібай.



Респубикалық окушылар олимпиадасына қатысқан  
окушылармен кездескен ғарышкер Токтар Әубәкіров.  
Оңжактағы бірінші тұрған Бауыржан.



Немереміз Әбдуәлімнің тұған күні. Оңдан солға қарай.  
Ақмарал, Қабдолла, Ділназ, Жанерке, Қайыржан, Әбдуәлім,  
Арайлым, Күләпеш, Дулат, Самал.



Алматы жоғары партия мектебінің тындаушылары, 1982 жыл.



Бауыржан, Арайлым, Әбдуәлім.



Қайыржан немерелері Аиса,  
Әбдуәліммен бірге.



Әбдуәлім



Бауыржан Непалда.



Бауыржан Дубайды.



Москве каласында оқитын аспиранттар  
Бауыржан, Дәният, Айдос.



Бауыржан Мәскеуде.



Бауыржан Санд-Петербургте.



Қайыржан, Құләпәш.

Осы жолы Сәбен ғамыз маган кездескендегі ескерткіш өзінде «Сүрінбей өткен мың сыйнан...» кітабын сыйлап еді, шеңбылай деп жазылған:

«Қадірлі інім Қайыржанға! Алланың нұры жаусын деп «Досанов». Екінші бір буклетінде: «Қадірлі Қайыржанға! Жұлдызың жарық болсын!»

Сонымен көрнекті жазушы Сәбит Досанов бізде бір күн болып көшіп піттысып, жүріп кетті. Жолыңыз болсын деп біз қалдық.

Күләпеш үйде дем алыста, бірінші үйде тұрганда, 1984 жылы Гүлжин қызымызды дүниеге әкелген, 1988 жылы Бауыржан Ұшымыз туды. Жануямыз ұлғайды, Ақмаралымыз - тұнғышымыз, Алматыдан бірінші сыйныпты бітіріп келген, Самал алты жаста. Осы қызымыз Алматыдан көшіп келген жылы, РСХО-да парторг болып көтеп жүрген кезімде мені циркке апарындар деп лаңдататын, пүшілда қандай цирк десенші, оның орнына мал көрсө, мына не кишинан құбыжықтар деп қорқатын. Қазіргі уақытта барлығы азамат болды. Ақмарал онжылдықты орысша оқып бітірді. Ол кезде мектеп директоры болып Т.Б. Әділжанов істеді, сыйнып жетекшісі Г.Н. Лучицкая, физика пәннің мугалімі болды. Математикадан III.К. Сыздықова, орыс тілінен А.Р. Есенова т.б. ұстаздық етті.

Ақмарал қызымыз кішкентай кезінен шапшаң болды. Еңбектеп жүрген кездің өзінде шкафтарды актарып, есіктерін дым коймай тарсылдатып, ішіндегі газет-журналдарды жыртып, кілемкілік жасап жүретін. Үш жасар кезінде есіктің алдында ойнап жүргенде оны торуылдаумен болатынбыз, көшеге шығып кете ме, не болады деп. Көрші үйлерде өзі шамалас балалар болды, солармен ойнайтын, көбінесе Қайырбектің қызы Гүлнэр мен Нұрғанянның қызымен жүретін, оны кешке үйге кіргізу проблемаға шынайратын. Күләпеш қолынан жетектеп алып үйге кіргізе алмай зіск болатын, ол есікті ашып оны үйге тартса, анау босаганы шынымен тіреп, тырмысып кері тартып біреу ұрып жатқандай болтадай боздайтын. Сондағысы қаранғы болса да далага шығып шынамақшы. Бір күні кешке қарай қызымыздан көз жазып қалдық, әрі-бері іздейміз жоқ. Шешесі екеуіміз екі жақтың көшелерін кезіп, қызымыз қалмай аралап жүрміз, кездескен адамдардан үстарастырамыз, ешкімнің көзіне түспеген. Қорыққанымыз сондай милицияға хабарлайық деп тұрганда, кинотеатр жақтан бір кісілер Нұрғанянның қызы екеуін жетектеп экеле жатыр. Күләпеш қарсы жүріп олардан қалай кездескендерін сұрапты. Кинодан шықкан

кісілердің көзіне, кешкі қарандылықта, сағат он жарымның кезі болатын, екі кішкентай қыздың өзен жақтан келіп қайда баарларын білмей тұргандары түсіпті. Олар бұлардың адастың жургендерін сезіп, кімдердің қызы екенін білу мақсатымен сұрастыра бастайды. Екеуінің де тілдері шамалы, қайда тұрасындар десе адрестерін білмейді, фамилияларын сұраса, біздікі Қожамет дейді екен, анау әйтеуір Варданан депті. Іздегенге кездескен демекші, әлгі екі келіншек ауруханада істейтін медсестралар екен, олар Вартанянның қызы екенін түсініп үйге әкеле жатқан көрінеді. Содан үйге келген қызымыздан сұраймыз ғой, қайда болдындар деп. Шала-шарпы сөйлейтін кезі, көше қыдырып өзенге бардық дейді, сонда өзен біздің үйден кейін ақырғы, төртінші көшениң аржагында.

Содан келесі жылы Алматыға көшкенде Ақмарапалымыз төрт жаста болатын. Бір жылдасын садикке орналастырдық, үйге жақын Ленин даңғылында, апарып алып келеміз, он бес минеттік жер. Партишколадан алыс емес, Медеуге баратын жолда.

1981 жылы сол садиктен алыс емес жердегі 30-шы мектептің бірінші сыныбына оқуға бердік. Екі ай шамасында апарып алып келіп жүрдік, таңертең апарсақ та кейде алып қайтуға мен окуда, Құләпәш жұмыста болғандықтан, реті келмей қалады. Содан қалай жүруді есіне сакта деп үйреттік, өйткені, тұра көше емес переулоктарды аралап жүреміз. Үйден жұз метрдей шыққан соң жол екіге бөлінеді, екі жұз метрден кейін қайра қосылады. Он жағындағы жол переулок, ол айналыстау, сол жағындағысы жалғыз аяқ жол, жалпақтығы бір, бір жарым метрдей гана. Бір жағы үйлердің огородтарының қоршауы, екінші жағы терендігі жеті-сегіз метрдей жарғабақ, аяғын тайып кетсе сайға домалайсың, әсіресе, қыстың құні қын. Ол жолды көрсетіп журген өзіміз, өйткені, демалыс құндері паркке немесе театр, циркке барып қайтарда шаршайсың және қолымызда бір жастан гана асқан Самалымыз бар.

Бір қундері таңертең қаранды кезде, көрінбей артынан қарап келемін, қай жолмен жүрер екен деп, Ақмарапалкам тұра жолмен тартып барады, дұрыс жолға түскенше қарап мен де оқуға кеттім. Үйге келген соң сұрасақ шынын айтады, ол жолдан сен құлайсың журме десек болмайды, ақырын байқап жүремін деп қояды. Оның көнбейтінің білген соң, жауынды, тайғанак, боранды құндері ол жолмен журме құлайсың деп түсіндірдік. Сондай ауа райында соңынан жүріп тексерсем, переулокпен жүреді екен, сөзді

түшіннен айналайын деп қуандым. Негізі ақылды болды, кейде әмбап қиқарлығы болатын, жасында шашаш болды, шешесінің шілдесін істеп көмектесіп жүретін. Окуды жақсы оқыды, бірінші смынгыты кілец беске бітіріп, грамота алды.

Жанымызда «Горный гигант» кеншарының алма багы болды, олар алма әкеліп Самалканың балалар кереуетінің астына тастаймыз. Ақмаралкамыз қай уақытта болсын әлгі аппортердан шашаш жей береді, сонда алманы бір-екі рет қана тістеп алып шоктыратын, көп болған соң солай істеген шығар, екі жастан аса 11-ші да солай істейтін.

Ақмарал екінші сыныпты РСХО-дан бітірді, үштен бастап онынның сыныпты №1 Ленинград орта мектебінде оқыды.

Мектеп бітірген жылы Целиноград кооперативтік техникумына оқуга түсіп, екі жылдан соң бітіріп шықты. Артынан Конкістау академиясының экономика факультетін тәмамдады.

Ор жастың уақыты келгенде тұрмыс құруы табиги занзылық. Қылға бала жат жұртқа жаратылған демекші, қызымызға Қызылту мудиңиңиң дәм – тұзы тартып Қабдолла қүйеу баламызбен отау күрді. оның әкесі Нұрсейіт куда жастайынан еңбекке араласқан, мөхінізатор болып жұмыс істеді. Жұмысқа тәлі, еңбеккор адам болды, 50-ші жылдардың өзінде Омбы облысының Шарбақкөл мудиңиңа қарасты «Екатеринославка» кеншарының Шақат ауылында ғүрганда үздік еңбектері үшін сол кездегі Сталиннің портреті бар Құрмет грамоталарымен марапатталған. Рұлары Құрман керей, ата – әмбаптарының қонысы Көбенсай ауылына, бұрынғы «Степной» көциларына, жақындал, 58-ші жылы Қызылтуға көшіп келеді. Көлісімен жол мекемесіне жұмысқа кіріп, зейнеткерлікке шыққанша шырайралы қызмет істеді, бұнда да марапаттан кенде қалған жоқ. Жайлы мінезді, ақкөніл адам болды. Әттөн, өмірден ерте озды. Жұбайы Ұмындық екеуі он баланы тәрбиелеп өсірді. Құдагиымыз да 60 жасқа жетпей өмірден өтті. Көп балалы батыр ана болса дағы нан шуытында жұмыс істеді. Ақкөніл, анқылдаган, сыйпайы, ешкімге қатты сез айтып көрмеген, жуас, сыйлы адам болды. Тұңғыштары Конкінбай, Гүлсім, Амангелді, Олжабай, Аманжол, Загила, Қабдолла, Айгүл, Сәрсенбай, көлпейлері Кенжебай. Барлығы да жеке шашаш құрып, балалы-шағалы болып, өз түтіндерін түтетіп отырған шімматтар. Бұл балалар өз кезіндегі сыйлы Ысқақ молланың існерелері. Ол кісі Ұлы Отан соғысының ардагері, басынан аяғына дейін қатысқан, талай немістің кезін құртқан снайперлер бөлімінің

мергені болыпты, атамыз көп үнде мейтін, түйік, шаруақор адам болды. Жұбайы Зейнеп апамызбен елу жылдан артық отасып, жеті бала есіріп, бақытты өмір сурғен адамдар. Ол балалары Қайролла, Нұрсейіт, Загила, Сәліма, Шәшібәну, Қабдулбари, Қабдулохап (Қабдолла, Өтәй).

Сонымен Ақмарал қызымыз осы жанұяның келіні болды. Еңбек жолын Қызылтуда аудандық статистика бөлімінде бастады, кейінірек жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде 12 жыл бойы істеп, қатардағы маманнан бастап менгерушісіне дейін көтерілді. Қазір Қекшетау қаласында тұрады, облыстық денсаулық сактау департаментінде бухгалтер болып қызмет істейді.

Қабдолла екеуінің бір ұлы, екі қызы бар. Үлкені Нұрсұлтан жиеніміз А. Мырзахметов атындағы Қекшетау университетіне грантпен түсіп студент болды, болашақ инженер, Ділнаز қыздары жетінші сыныптың шәкірті, оқу озаты, кішілері Жанерке екі жастан асты. Түккө түсінбесе де, тілі шықпаса да қарсы алып, шығарып салып аталап тұрады, бізге одан артық не керек?!

Екінші қызымыз Самал 1978 жылы жетінші сәуірде туды. Алматыда тұрғанда екі жасынан бастап ясли-садикке барды, ол жас кезінен жуастау болды, үйге алуға барғанымызда анадайдан көріп жылап қоя беретін, үйренген соң қойды. Бірінші сыныпты №1 Ленинград орта мектебіне барып орысша оқыды, алгашқы мұғалімі В.К. Стародубцева. Онжылдықты кілең беске бітіріп айрықша үлгідегі аттестат алып шықты. Содан Ш.Уәлиханов атындағы Қекшетау мемлекеттік университетінде түсіп математик болып шықты. Кейде, сенің атаң мықты математик болған деймін, расында да әкейдің алдынан оқыған келіні Құләпәш пен барлық балаларымыз математик, экономистер. Жоғары оқу орнын бітірісімен мектепте өз мамандығы бойынша жұмыс істеді. Біраз жылдан соң Қекшетау университетінде (Касымовский деп атайды) ұстаздық етті. Ш.Уәлиханов атындағы Қекшетау мемлекеттік университеттін бітіріп, екінші жоғары білім алып, бухгалтер болып шықты. Қазіргі уақытта облыстық темір жол ауруханасында бухгалтер болып қызмет жасап жүр.

Дулат екеуі екі ұл, бір қыз сүйіп отыр. Үлкендері Нұркен 8-ші сыныпта оқиды, окуы жақсы, Дарын 2-ге барды, оқу озаты. Бұл баласының атын Дулаттың өзі қойып еді. Ол былай болды, жаңа тұған нәрестеге ат қою керек, біз айттық таласпаймыз құда – құдагилар қойсын дедік, сол кезде Дулат айтты, Нұркеннің атын

жем Халел арғы аталарының есімімен атады сол жетеді, мынаган ишін озім қоямын деп, ананы бір, мынаны бір атайды, бірақ, бәрін үннайтын. Содан Бауыржан баламыздың бөлмесінен қабыргада кінтар – қатар ілулі тұрған арнайы жасалған мойынға іletін шықыларға көзі түсіп «Дарын» деген сөзді оқиды. Бауыржанның үш жылдық катарынан республикалық оқушылар олимпиадасына қатысқан шықыларындағы жазу, өйткені, бұл жарыс осындай айдармен өттегін. Содан Дулат жерден жеті қоян тапқандай залға кіріп келіп, парастың атын Дарын қоямын, Бауыржан нағашысына тартып сол шығындықтың жетістіктерге жетсін, жалпы дарынды болсын деп төбесі үккес екі-ак елі жетпегендей, арсаландап күліп, куанышында шек жок, бітті осылай болады деді. Сондагы сол Дарын Қекшетаудагы жиши салынған Президент мектебінің жанындағы бала-бақшадагы шығындықтың сыныбын өте жақсы бітіріп, атына сай білім көрсетті. Цүншіт пен Самалдың кішісі Еркежан деген ерке қыздары бар, үш жылдан асты, өтірік болсын, шыны болсын, кім баласы десен әреп жетепде ата бала деп мені мензейді, сәбидің сезіне мен де мәз бөлшамын. «Бала тілі - бал» деген осы. Кейде үлкендері нағашы ата, шығынны апа дегендеге Күләпәш екеуімдін үнжыргамыз түсіп қалады, өтінік, шындығы солай гой, өйткені, олардың өз атасы мен апасы бар.

Дулаттың экесі Халел құданың көрген түйгені көп, тоқығаны мол терең адам. Ертедегі еліміздің хандық заманындағы тарихтан бір кісіге бой бермей, бәлен кісіні сүріндіретін оқығаны көп білімді адам. Кенес үкіметі кезінде де саясаттан жаңылған адам емес. Ол көнде «Чистяков» (қазір Алқатерек ауылы) кеншарында кадр болімінің инспекторы, экономист болып қызмет атқарды, беделді шыром болды. Әлі күнге дейін 80 жасты алқымдаса да әңгіме шығында айызынды қандырады, арқанды қоздырады. Поэмалардан үйнілілерді, ақындарымыздың өлеңдерін жатқа согады. Ал енді оның той, қыз ұзату, шілдехана, құда құдагиларды қарсы алу, омыртқа дастархандарына бата бергенде алдына жан салмайды, көмейге өзі ағылып келіп жатқандай көрінеді, өз езіннен отырып шығындық, бұл неғылған есте сактау қабілеті жогары адам деп. Жысы үлкен болса да ойнаймын, әзілің жарасса атаңмен ойна демекші, кейде бір отырыста біздің данышпан сейлейді деймін, ол кісі сөзден жаңылмай менің айтқанымды қабылдағандай болып сол отырыстың ыңғайына қарай әңгіменің майын ағызады. Біраз көрген бүлгениміз, естігеніміз бар еді, бірақ, бұл кісі сияқты әртүрлі бата берген адамды кездестірген жоқлын.

Осыған орай сол кісінің беретін баталарының кейбіреуін  
оқырмандарға құлакқағыс қылайын.

### Ақ бата

Дастархан беті мол болсын,  
Көніліңіз дария көл болсын.  
Ұрпагының әрдайым көбейіп,  
Өз алдына ел болсын.  
Жас қосылсын жасына,  
Қызыр келсін қасына.  
Дүшпандарың күтпеген,  
Бақыт берсін басына.  
Қас қарғысы өтпесін,  
Ақ жолыңа жетпесін.  
Көмек күткен бір пенде,  
Ренішпен кетпесін.  
Арманыңыз тау болсын,  
Достарыңыз сау болсын.  
Дүшпаныңыз дүшпанга,  
Кек қуатын Тау болсын.  
Шалдықпасын жүргің,  
Талықпасын білегің,  
Ақ ниетті әмин де,  
Орындалсын тілегің.

### Асқа бата

Әуелі алла оңдасын,  
Мұхамед расул қолдасын.  
Қырық шілтен жебесін,  
Қызыр болсын жолдасын.  
Пенделердің басында,  
Еш жамандық болмасын,  
Өмірің несіпті келсін ,  
Арқалы бесікті келсін.  
Кемімес дәулет берсін,  
Бақ пен сәулет берсін.  
Қазаның ортаймасын,  
Көнілің картаймасын.

Асыңа берсін адалдық,  
Басыңа берсін амандық.  
Фани мен Бақида,  
Көрсетпесін жамандық.  
Үйің басқа толсын,  
Дастарханың асқа толсын.  
Бак-дәулет берсін басыңа,  
Құт-береке берсін асыңа.

### Жас жұбайларға бата

Қос акқудай көлдегі,  
Қызғалдақтай белдегі,  
Жас жұбайлар екенсін,  
Батамды берем сендерге.  
Шаңырақтарың биік,  
Босагаларың берік болсын.  
Бау-бактарың,  
Алма мен өрік болсын.  
Басыңда дәйім,  
Құлпырган құндыз берік болсын.  
Ақ жүзіне жарынның,  
Ақ кимешек керік болсын.  
Құдай қаласа,  
Көп ұзамай жерік болсын.  
Торсық шекелі ұл туып,  
Ол өзіңе серік болсын.  
Жүзге келіп жастарың,  
Аппақ болсын шаштарың.  
Шөберене ұрысқанда,  
Қалтырасын бастарың.  
Өсек аяңнан,  
Қас дүшпаннан сақтасын,  
Талтаңдан басқаннан сақтасын,  
Тайып кетсең,  
Қол үшін үзген достан сақтасын.  
Жаманның алдында,  
Жақсының жанында жүруге жазсын.

## Төкле бата

Бата бер десеніз бізге,  
Бата бердік сізге.  
Арқашан бізді,  
Той-думаннан ізде.  
Құдайым қуат берсін сізге,  
Ұрындырмай күзге,  
Жасынызды жеткісін жүзге.  
Құдайым қөктем берсін,  
Көктем берсе – көптел берсін .  
Құдайым жаздай берсін,  
Жаздай берсе – жазбай берсін.  
Құдайым күздей берсін,  
Күздей берсе – үзбей берсін.  
Құдайым қыстай берсін,  
Қыстай берсе – қыспай берсін.  
Құдайым көңілінді жас қылсын,  
Қастық ойлаған адам болса,  
Құдайым састырсын,  
Көңілін пәс қылсын.  
Қас дүшпанын болса,  
Қара таспен бастырсын.  
Құдайым абырайынды астырсын,  
Берекенді тастырсын.

## Туган күнге бата

Құтты болсын туган күн,  
Кіндігінді кесіп ап.  
Жібек жіппен буған күн.  
Шілдехана суымен,  
Алғаш рет жуған күн.  
Орап алып жәргекке,  
Белден жайлап буған күн.  
Ақ сүтін асыл анаңын,  
Емірене емген күн,  
Әкең келіп тебенін,  
Тебірене төнген күн.  
Қуанғаннан ел жұртын,  
Көрімдігін берген күн.

«Кімге тартты екен деп»,  
Бетінді ашып көрген күн.  
Туган күнін жыл сайын,  
Жұз жыл бойы тойлансын.  
«Не бердік деп, жыл сайын»  
Дос – жарандар ойлансын.  
Өсіп үрім бұтагын,  
Арманына жете бер.  
Өмір шексіз кек теңіз,  
Тоқтамасын, кеше бер.

Ол кісінің миына тоқыган ондаған баталары бар, солардың келбіреуі, бата үйреніп, тілін ұзарта ма деген адамдардың кәдесіне мириш қалама деген ойдамын.

Жұбайы Қайыржан құдағи да бірқалыпты кішіпейіл кісі. Құдағасын үш ұл, төрт қызы есірді, барлығы да бір бір үй иесі. 1 үңғыштары Әділхан, Ләззэт, Салтанат, Уәлихан, Мәнсия, Бақыт, Әнніт. Бұлар қызмет бабымен жан жақта жүріп жатыр, біреулері Алиматауда, енді бірі Астанада, қалғандары Ақжар ғуданында тұрады.

Ушінші қызымыз Гүлжан 1984 жылдың он жетінші қынтарында дүниеге келді. Жас кезінен бастап көп үндемейтін қылай мінезділеу болып өсті. 1990 жылы №2 Ленинград орта мектебінің қазақ сыныбына барды. Бұл мектептің директоры Т.Т. Исенова болатын. Бұл жылдары мен аудандық партия комитетінің членшысы болып істейтінмін. Жаңа заманың лебін сезгендей, тіліміздің, дәстүріміздің қайта оралатынын білгендей, бұл оныңмыздың ана тілімізде окуын қаладық. Сөйтіп Гүлжанның бірінші ұстазы Үміт Жәкетқызы Хаметовадан төрт жыл бойы дәріс алды. Осы мектептің жетінші сыныбын бітіріп, сегізінші сыныпты Ш.Алиханов ауданының орталығындағы №3 Кішкенекөл қазақ орта мектебінен бітірді, тоғызыншы сыныптан бастап Көкшетау қыласындағы №3 М.Ғабдуллин атындағы қазақ орта мектебінде оқыды, оны үздік бітіріп айрықша үлгідегі аттестат алды. Бұл кезде бітінде әлі Қызылтуда тұрганмен, оны қалада оқыттық. Мектеп бітіріп тест тапсырды, содан күнде орталық газеттерден қорытынды тізімді қараймыз, бір күні қолыма «Егемен Қазақстан» түсті, қарасам Гүлжан қызымыз республика бойынша он екінші орында тұр екен, көремет куандық. Сол жылы Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің информатика бөліміне түсіп,

оїдағыдай аяқтап шықты. Бітірісімен Көкшетау экономика және менеджмент институтында сабак беріп, екі жылдан соң өзі бітірген жогары оку орнына ауысып, сонда үстаздық етті. Осы университеттің экономика факультетін бітіріп, бухгалтерлік мамандық алғып, екінші жогары білім алды. Қазіргі уақытта Kokshetau Altyntau (Көкшетау Алтынтау) ЖШСінің ақпараттық технологиялар басқармасының инженерлік жүйесінде қызмет істейді.

Руслан күйеу бала Назарбаев зияткерлік мектебінде информатика инженері болып істейді, жогары білімді азамат. Гүлжан екеуі бір жастағы кішкене Аиса есімді қыздарын мәпелеп отыр. Ол да мені ата деп айтуда жарап қалды. Арасында Құләпешқа айтып қоямын, ертен бірер жылдан соң екеуіміз шал кемпір болған кезімізде үйімізді жинап, еденімізді жуатын осы үш қыз болады деп. Құдай қаласа ертең ак.

Русланның анасы, Сәуле құдағиымызы Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің оку бөлімінде қызмет істейді. Бұл кісінің әкесі Жағыпар Мусин зейнеткерлікке шыққанша осы жогары оку орнында қазак тілі және әдебиет кафедрасының менгерушісі болды, филология ғылымының кандидаты, доцент, белгілі ғалым.

Ол кісі Айыртау ауданының Мәдениет ауылында 1928 жылдың 17 шілдесінде дүниеге келген. Мектеп бітірген соң окуын Көкшетау педагогикалық училищесінде жалғастырып, оны ойдағыдай бітіріп шығады. 1950 жылы 22 жастағы Жәкен жоқшылыққа, кыншылыққа қарамастан, астанамыз Алматы қаласына барып, Абай атындағы Қазак педагогикалық институтының филология факультетінің қазак тілі мен әдебиеті бөліміне окуға түседі. Үздік оқыған Жағыпар Мусин сталиндік стипендияттық дәрежесін төрт жыл бойы иемденген, осы оку ордасын үздік бітіріп, Петропавл қаласына жолдама алған ол мұғалімдердің білімін жетілдіру институтына жұмысқа орналасады. Содан бірер жылдан соң сол қаладағы облыстық телестудияга қызметке ауысып, журналист болып шыға келеді. 1961 жылы Көкшетау қаласына қоныс аударып, облыстық «Көкшетау правдасы» газетіне қызметке орналасады. 1962 жылы жаңадан ашылған Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау педагогикалық институтына педагогикалық қызметке шақыртылады. Сонда жүріп кандидаттық дисертация қоргайды, доцент атағын алады, кафедра менгерушісі,

төккін, проректорлыққа дейін көтеріліп, лауазымды басшы қызыметтер атқарды. Ол ғалымның алдынан мыңдаған студенттер түріс шиды. Енбеккор, ұжымда сыйлы адам болды. Қарапайым, миңимендігі жоқ, үлтжанды кісі еді. Жұбайы Құлжан құдаги үрлеректеу қайтыс болды. Олар төрт бала өсіріп тәрбиеледі, үшкіндері Салтанат 31 жаста дүниеден озды. Содан кейінгі Сәуле құдыштымыз, Ләйлә, Талғат балаларының бәрі де жоғары білімді шимшігтар, осы күнде әр салада қызмет істейді. Олардан Жәкен құдыштың Руслан, Аскар, Зере, Адель атты немерелері бар.

Ұлымыз, болашағымыз, біздің әuletтің тегін жалғастыруши, Қожахметтің шебересі, Сәбиттің немересі Бауыржан 1988 жылы миңшімде бірінші ақпанда Ленинград селосында дүниеге келді, ол ғұлапта Күләпәш екеуіміз атын кім қоямыз деп дал болдық. Содан мен айттым, менің атым Қайыржан, қызымыз Гүлжан үйқас болсын Ішүйржан деп қояйық және Ұлы Отан соғысының Батыры атанған, ол азаматы, ер атамыз Бауыржан Момышулына ұқсан өссін дедім. Құләпәш костады, сонымен, Қазақстан Республикасының Ішүйржан Қайыржанұлы Қожахмет есімді жаңа азаматы тарихқа шеді. Егемендік алғалы тұрган еліміздің жас азаматы, болашағы шүниеге келді. Шешесі екеуіміз осы баламыз өсіп ер жетсе, жоғары оқу орнында оқыса, үйленіп отау иесі болса, бізге немере сүйгізсе деп армандағы, құдайға шукір, тілегіміз біртіндеп орындалып келеді.

Бауқеміз туған күні достармен кішігірім той жасаганымыз бар, Құләпәш ауруханада, өзім ет асып құттықтап келген жігіттерді қырсы алдым, біраз отырып тұнгі сағат он екінің кезінде саунаға өніреп отырысты жалғастырып таңғы алтыға дейін болыппыз. Армандаған ұлымыздың құрметіне қуанышты осылай бастадық.

Бауыржанымыз кішкентай кезінен орнықты болды, ізгріпсіздіктің не екенін білмей есті, бала бақшага барып жүріп, үйде ойнағанда кубиктерді әп сәтте түс-түсімен жинастыра қоятын, көбінесе құрастырмалы ойыншықтан кран жасап, неше түрлі үйлердің макетін жасайтын. Сонда ойлайтынбыз ол архитектор болатын шығар деп, олай болған жоқ, бірақ, миңдың ойлау қабілетін жастайынан шынықтырды ғой деп ойлаймын болашақ галым инженер-физигіміз.

Уш жасында бала бақшада жүріп санауды, оқуды үйренді, әжептәуір дауысы бар, өлең айтатын, мектепке барған соң қойып кетті. Барлық қыздарымызды музыка мектебінің домбыра, баян

кластарына беріп едік, бірақ, аяқтамай тастанап кетті. Олар бұл жағынан шешелеріне тартпады. Құләпәш, қыздарымызға кезінде консерваторияға оқуга түсsem әртіс болып кетуші едім деп ойнайтын. Ақырында олар атасы Сәбит пен шешесі сияқты математик болып шықты.

Ұлымыз оқуга да зерек болды, бірінші сыныптан бастап оқу озаты болып грамоталар алып отырды. Ағзам Тәстеміровтың баласы Әсет және құда Әділханның баласы Дәуренмен дос болды, олар стадионның арғы жағында тұратын. Бұл екі досы мектепке барапда Бауыржанды ала кету үшін біздің үйге соғатын, олар кіріп келгенде мен жымыйып құлетінмін және аяйтынмын, өйткені, олардың бойлары «бірақ қарыс», қолға ұстаган сөмкелері жерге тиіп тұратын, соны мықышындаң әрәң көтеріп мектепке кететін. Олар да мектепті аяқтап, жоғары оқу орындарын бітіріп, отау құрды. Әсет Астанада қызмет істейді, Дәурен Көкшетауда қызметте.

Бауыржанымыз 1994 жылы №2 Ленинград орта мектебінің қазақша бірінші сыныбына барып, үшіншіні бітірді, төртінші-алтыншы сыныптарды Уәлиханов ауданының орталығындағы №3 қазақ гимназиясынан бітірді. Содан Көкшетау қаласындағы қазақ түрік лицейінің 7-ші сыныбына түспекші болып конкурсқа қатысып екі түрлік тестен қажетті бал жинап, осы оқу орнына қабылданды. Бұған дейінгі сыныптардың барлығын беске бітірген.

Лицей директоры болып Ташиби Муаммер істеді, Бауыржан оқыған сыныптың жетекшісі Ибрағим деген түрік азаматы болды, негізінде мұғалімдердің дені сол елден. Лицей екі қабатты жақсы гимаратқа орналасқан.

Бұл оқу орнын ашуға мұрындық болған және көп тер тәгіп жұмыс істеген, жайлы оқу, жатақхана гимараттарын бөлгізген, республика бойынша бірінші үштік қатарында ашуға бел буып, кіріскең сол кездегі Көкшетау облыстық оқу бөлімінің менгерушісі Тельман Шәріпұлы Мұқышев болды.

Мұнда оқу окуға барлық жағдай жасалған, оқу корпусының оқу материалдық базасы жақсы, барлық кластар қажетті құралдармен жабдықталған, түске дейін сабак жүреді, түскі тамақтан соң оқытушылардың басшылығымен шәкірттер өз өздігінен келесі күннің сабактарына дайындалады. Жатақханалары күрделі жөндеуден өткен, жарық, жылы, жаңа жиһаздармен қамтамасыз етілген. Асханалары екі қабатты жатақхананың астына

орнапшықан, өте қолайлы, тамақтары дәмді. Лицеймен жапсарлас өрнекшисіп, екеуінің арасы коридормен қосылған, шәкірттерге шашының шығудың қажеті жоқ. Спортзалдары да бар. Оқушылардың үйине баруына тек қана сенбі, жексенбі күндері рұқсат етіледі.

Онда сабак төрт тілде жүреді, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, түрік тілі мен түрік тарихы, қалған пәндердің тарихы ағылшын тілінде жүргізіледі. Бауқеміз барлық сабактың көнең беске оқыды, әсіресе, математика мен физиканы жаксы көрді. Гончынышы, онынышы, он бірінші сыныптарда оқып жүріп физикадан қалалық, облыстық оқушылар олимпиадасына қатысып 1 ші орындарды жеңіп алғып, республикалық олимпиадага қатысып жүрді. 10-шы сыныпта оқып жүріп облыстың нағызын қорғап Қырғызанды қаласында өткен республикалық олимпиадага қатысты. Нұкетов атындағы университеттің ректоры қабылдап, сонда оқуга үсуге шақырып арнайы қағаз берді. Президенттің 10-ші орындың қызын Теміртау қаласының «Құрметті оқушысы» құжатын табыс етті. Еліміздің бірінші гарышкері, Қазақстанның Халық Қыншыманы, Кенес Одагының Батыры Тоқтар Әубәкіровпен кездесу өткізіп, суретке түсіпті. Келесі 2005 жылы 11-ші сыныпта оқып жүріп, физика пәнінен облыс жеңімпазы ретінде Талдықорғанда өткен республикалық олимпиадага қатысып келді. 2003 жылы Алматыга барып осы пәннен республикалық дайындықтан өтті.

Оміріндегі шешуші жыл – 2005 болды. Сол жылы емтихан ғапсырып, тестен өтіп, 120 балдан (ол кезде осындей бал болатын) 119 балл алғып, облыс бойынша 1-ші орын алды, басқа бір бала мүшіша көрсеткішке жеткен жоқ. Екінші орын алған түлек 116 балл неменденді. Сонымен қазақ түрік лицейін үздік бітіріп шықты. Содан миусым айының соңғы қүндері Тәуелсіздік алаңында мектептің топтірғен оқушыларға арналған салтанатты кеш болды. Алаңның түрінде орнатылған сахнаға Қазақстан Республикасының Оку және ғылым министрі Бірганым Эйтімова, Ақмола облысының әкімі Мәжит Есенбаев көтерілді. Бұл лауазымды адамдар оку үздіктерін шының жүректен құттықтап, оларға сәт сапар, ақжол тіледі.

Содан соң сахнаға емтихан тестісінің корытындысы бойынша облыста ең жоғары балл жинап бірінші орын алған, оку үздігі 11-ші орындаған шақырылды.

Министр Бірганым ханым мен облыс әкімі Мәжит мырза оны үздік оқушы ретінде құттықтал, шының ризашылықтарын білдірді және алдағы уақытта биік белестерден көрінуіне тілекtestіk

білдіріп, Бауыржанның мойнына 2005 жылғы «Үздік түлек» белгісін ілді және ескерткіш ретінде БТА банкінің алтын монетасын табыс етті.

Осы көріністі көріп тұрган мен ішімнен елжіреп, қуанып тұрып ойладым, балам бірінші белестен өтіп, жарқын өмірдің қақпасын ашқандай, арман баспалдағының алгашқы сатысына көтерілгендей, қолына бақыт құсы қонғандай, лайым осылай болғайсың, алла жар болсын деп ойымды тұжырымдадым. Құләпәшқа қарап, ол да бір терең ойдың құшағында екенін сездім. Эке шешеге бұдан асқан бақыт керек пе, біздің де бір орындалған арманымыз осы. Бауыржанды киноленталарға да, суреттерге де түсірді, бір екі күннен соң облыстық, қалалық қазақша, орысша, «Бұкпа» газеттерінің бірінші беттеріне суреті басылып шықты.

Сол жаз баламыз грантпен Англияның, Турцияның жоғары оку орындарына, Алматыдағы Әл – Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университетінің (бұрынғы КазГУ) ядролық физика бөліміне окуга түсті. Ақырында шет елдерге бармай таңдағаны осы оку орны болды. Бұл оку орны советтік заманда тенденсі жоқ, одақ көлеміне де әйгілі болған оку ордасы, әлде де тұгырын жогалтпаған алдыңғы қатарлы, болашақ мамандарды даярлайтын ордалы орталық. Бұл шаңырақтан талай алпауыт ғалымдар, атағы жер жаратын ақын жазушылар шықты ғой.

Қазір жаңа зәулім ғимаратқа орналасқан ондаған факультеттерде мындаған студенттер дәріс алады. Олар егеменді еліміздің болашағы. Бауыржан бұнда да үздік студент болды, қоғамдық жұмыстарға да араласты. Жатақханаға тұрмай, оку оку үшін қолайлы деп бір екі студентпен пәтерде тұрды. 4-ші курста оқып жүргенде Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Алматыға жұмыс бабымен барғанда, осы ірі оку орнының жағдайымен танысса керек. Сол жолы үздік студенттермен кездесіп, суретке түсken екен, сонда Бауыржан да болды, сол суретті орталық басылымдар өз беттеріне басып шыгарды, үйде қартішкесіде бар, сол фотосурет биыл көшедегі билбордқа ілініп, қаланың қак ортасында тұр.

Үздік окуы және қоғамдық жұмысқа белсене араласқаны үшін бірнеше грамота, дипломдармен марапатталды, соның ішінде есте қалатындардың бірі өз бейнесі бар, ғарышкер Талғат Мұсабаевтың берген Құрмет грамотасы.

Сонымен Бауыржан университетті үздік бітіріп, қызыл диплом шықты, мамандығы инженер-физик. Сол 2011 жылы Мәскеуге барып, Московский государственный университет физической физики деген оку орнына емтихан тапсырып, грантпен магистратураға түсті, Қазақстаннан жалғыз, Алла жазып, бұл оку орнында ойдағыдай бітіріп магистр болып диплом алып шықты. Мәскеудің басқа жоғары оку орындарында да әр облыстардан біраз қашк студенттері оқиды екен. Арапасып тұратын түрлері бар, адрессе мереке күндері, жұма сайын мешіттерде, осы Ресей штатасы Мәскеуде төрт мешіт бар екен. Бауке осы қалада Жүргенде Непалға, Дубайга барып, қызырып қайтты, Алматыда оқып жүргенде үш рет Турцияға барып келді.

Сонымен, Бауыржанымыз бізben ақыл қосып оқуды ары қарай жиілгастыратынын айтты, біз оған қарсы болмадық. 2013 жылы шынымыз Мәскеудегі ядролық орталығы университетінің аспирантурасына Ресейдің грантымен түсіп оқып жатыр. Мамшідьығы инженер-физик, ақпан айында аттестациядан өтіп шынының комиссия болашақ диссертацияның тақырыбын бекітіпті, күлші қаласа екі жылдан соң окуын бітіріп, ғылым кандидаты нөмінді шығады деген ойдамыз.

2013 жылдың қыркүйек айында баламыздың үйлену тойын откіздік, келін баламыздың есімі Арайлым, Жамбыл облысының шынықты Кордай ауданының орталығынан, Түркияның Димерель шыныдағы университетін бітірген. Құдамыздың есімі Куатбек, құдагиымыз Қасиет, қасиетті адамға Алла-тағала қуат береді демескін құда-құдагиымыздың есімдері бір-біріне жарасып тұр. Үлкен құдагидың аты Тұкан, Қуекенің шешесі. Құдамыз жоғары оқу орнын тәмамдаган, зангер, өз мамандығы бойынша біраз қызыметтер істеген, қазіргі уақыттың бизнесмені, құдагиымыз жоғары білімді, адвокат болып істейді. Біздің жақ, келін алсаң онғылдықтан алма дейді гой, ойын-шыны арапас, олай емес екен, шынындар әр түрлі гой, біздің құдалар да, баламыз да бізге өте ұнады. Мәдениетті, кішіпейіл, жайдары адамдар, Куатбектің шешесі Тұкан құдагиымыз көпті көрген, тоқығаны бар кісі көрінді, жасы 80-нен асса дағы құлығы қалмайтын көңілді, жайдары адам, сөйлегендеге соңді түйдек-түйдегімен түсіретін кісі екен. Бұл кісінің Назгүл, Раушан, Раухан атты қыздары мен ұлы Куатбек бар, біздің құдамыз. Құда-құдагиымыз бес қызды дүниеге келтіріп мәпелеп осіріп отыр, олардың есімдері Інкәр, Арайлым, Аяулым, Дәмелі,

Бегайым, екіншісі біздің келін баламыз. Үлкені жогары оқу орнын бітіріп, өз мамандығы бойынша зایыбы екеуде Алматыда банк саласында қызмет істейді. Құдалары Ғабиден, Алма, Алматы қаласында тұрады. Екеуде байсалды, кішіпейіл, жайдары, жақсы адамдар екен. Ғабекен ішкі істер Министрлігінің Академиясы бастығының орынбасары болып қызмет істейді. Ол жаққа барғанда біраз құдалар бардық, алыс жол, кейбір туыстар денсаулығына байланысты, қызмет бабына қарай бара алмады, ол жақта құдалардың саны 40-50-ге жетеді екен. Шу стансасынан машинамен тосып алып, кеткенше аяқтарынан тік тұрып күтті. Жаңа тапсырылған аппартаментке жайғастырып, баратын жерлерге апарып тұрды. Тойды бір мейрамханада өткізді, әлгінің кереметтігі сол, дуалдан кірісімен бір жұмаққа кіргендей боласың, соңдай керемет тапқырлықпен безендірілген, ауласына қаңылтырдан қазақтың киіз үйін тіккен, 4,6,8 кіслік жазғы летниктер жасалған, дәретханасының өзі кірсөн шыққысыз, су шашып тұрган неше түрлі фонтандар мен ағып жатқан бұлактар. Той жақсы өтті, салт-дәстүрлери біздің жақтағыдай, ешқандай ерекшелігі жоқ, бірақ, құдаларға қонағасы бергенде біздегідей құдага омыртқа ұсынбайды, жылқы жілігінің бір бөлігін береді екен, біздің табаққа омыртқа мен жіліктің жартысын экеліп, құда сіздерде қай мүше бірінші жүреді деп сұрады. Мен жауап берген соң маган омыртқа бұйырды, ал жанымдагы отырған бұрынғы құдага жіліктің басы бұйырды, ол сол жердің бұрынғы тұргыны, сонымен, қазақ атамыз айтпақшы, құда да тыыш, құдаги да тыыш бол отырдық, қазақта бір сез бар гой, туыс арасында жілік жүреді деген, мүмкін сол салт сақталған шығар ол жақта, етті турап экеледі, басқа ешқандай ерекшелік жоқ. Біздің жаққа келгендегі ерекшеліктері сол, өз салттары бойынша мейрамханада тойда отырып келіннің беташарына жақындағы, столдарында қалай отырды содан қозғалған жоқ, негізінде ол жақта беташарға жігіт жағын жеке шақырып той жасайды екен.

Атақты Қордай гой, 40 мыңнан астам халқы бар екен, осы елді басып Алматы-Бішкек жолы жатыр, бұл қаланың алшақтығы 15 шақырым дейді. Мүмкін содан болар, халықтың шоғырлануы, тұрмысы, әлеуметтік саламен экономикасының жақсарып өркендеуі. Жалпы халықтың хал-ахуалы біршама жақсы көрінеді. Көп қабатты үйлермен қатарласа салынған зәулім әдемі коттедждер мен көз тартатын жеке үйлер, толып кеткен мейрамханалар мен

шаруашылықтар, дүкендер мен дүңгіршектер. Қордайға кірер-кірместе шаруашылық, бәрі күні-түні жұмыс істейді, көше, тротуарлардың таралығы асфальтталған, аяқ-асты толып кеткен машиналар жаяу жүргіншілерге жол бермейді. Облыс бойынша жақсы дамыған шаруашылық бірі дейді.

1985 жылы Ленинград ауданы құрылғаннан бергі 30 жылдың шаруашылықтың ауданындағы экономикасы нығайып, әлеуметтік саласы мен мемлекеттік тұрмысы жақсарды. Жалпы халық шаруашылығы маселелері шешімін тауып, алға қойған жоспарлар орындалып отырды. Барлық мекемелер бірқалыпты жұмыс істеді. Ол кезде шаруашылығына аса көп көніл бөлінетін Ауданның егістік көлемі 120 мың гектарға жетті, барлық қара малдың саны 10 мың тостан асты, қой 60 мыңның шамасына жақынады. Егіннің шаруашылығы артты, ірі қара малды бордақылауда жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп, олардың қондылығын арттырып, үкіметке сапасы жақсы, ірі салмақты қара малдар тапсырылып отырылды. Эр сауын сиырлардың басына шаққандағы сүт көлемі шес түсті. Қой шаруашылықтарының жұмыстары өрге басып, жақсы нәтижелерге қолдары жетті. Еңбекте жоғары көрсеткіштерге жеткендері үшін жылда бір топ халық шаруашылығы озаттары үкімет наградаларымен марапатталатын.

Ауданның алты адамы Социалистік Еңбек Ері атағын алды, ошар: Шәкім Құсайынов, «Чистяков» кеншарының жылқышысы (1948 ж.), Моисей Ануфриевич Беляев, «Қызылту» кеншарының бірінші директоры (1957ж), Николай Федорович Козинец, «Горький» кеншарының бірінші директоры, (1957ж.), Василий Пиконович Азаров, «Восход» кеншарының бригадирі (1967 ж.), Анатолий Григорьевич Почтарев, «Менжин» кеншарының механизаторы (1971 ж.), Жайлаубай Өміргалиұлы Рамазанов, «Бостандық» кеншарының механизатор-жүгерішісі (1991 ж.). Оңдаган адамдар Ленин орденінің иегері болса, жүздеген адамдар басқа дәрежедегі наградалар алды. Көп шаруашылықтар егін есіру саласында жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Оның ішінде «Бостандық», «Кузбасс», «Восход», «Менжин», «Ленинград» кеншарларын атауға болады. Олар жылына мемлекет қамбасына 1-1,5 млн. пүт астық тапсырып отырды, басқа шаруашылықтарымыз да бітік егін есіріп, Қазақстанның миллиардтарына қомақты үлестерін қосып, еліміздің мерейін асуруға ат салысты.

Аудан бойынша әр жылдары шаруашылықтарды басқарған директорлар М.А. Беляев біраз жылдан соң өзінің елі Украинаның Чернигов облысына көшіп кетті, Н.Ф. Козинец өзінің елін тапты, Л.А. Рыжий соңынан Чкалов аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болды, С.Ж. Атамбаев, В.И. Демакин, А.Н. Нұргасымов, Т.Қ. Қозғанов, Н.А. Кислицкий Чистополье, Чкалов аудандарын басқарып артынша Қекшетау облысы әкімінің орынбасары болып қызмет атқарды, Н.М. Кульбаба, А.М. Карташов Ленин ауданы екінші рет ашылғанда райисполкомның төрағасы, Қекшетау облысының ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасарына дейін көтерілді, Қ.М. Шалабаев ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, райисполком төрағасы, Ленинград ауданының әкімі, В.Н. Руденко, В.И. Авдеенко соңынан райисполком төрағасы болды, В.И. Лагута, Ж.М. Сыздықов, Т.Қ. Торғауытов, Қ.Б. Рамазанов, Р.А. Тәстеміров, М.А. Молдагайыпов, Б.Н. Квачадзе, М.С. Лұқпанов артынша Қызылту, Ақжар аудандарының ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болып істеді. Олар адап еңбектерімен үлкен құрметке бөленді. Эрқайсысы өздері басқарып отырған шаруашылықтарының алда болғанын қалады. сол үшін көп тер текті, биік көрсеткіштерге жетіп, жоспар мен міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін бүкіл жұмыскерлерін жұмылдырып, оларға жан-жақты жағдайлар жасады. Озаттарға жаңа техникалар берілді, жаңа салған үйлер белініп, курорт-санаторийлерге жолдамалармен қамтамасыз етілді, үкімет наградаларына ұсынылды.

Директорлармен қоян-қолтық жұмыс істеп, үлкен іскерлік көрсетіп аса жауапкершілікпен бүкіл еңбеккерлерді алған міндеттемелерін орындауга жұмылдырып, күннің атысынан, түннің батысына дейін қажырлы еңбек еткен бастауыш партия ұйымдарының хатшыларын да ұмытуға болмайды. Олардың ішінде Қ.Б. Рамазанов, А.М. Сәтиев, Қ.У. Уәлиев және алдында райком комсомолдың бірінші, екінші хатшылары болып істеген жас партком басшылары Едіге Есенов, Ибрагим Сәттібаев, Галымтай Айтмұхамбетов. Бұлардың еңбектері дұрыс бағаланып Қайыргелді Бекентайұлы кеңшар директорлығына жогарылатылды, Аманжол Мұқаметқалиұлы май зауытын басқарды, Қайролла Уәлиұлы аудандық экология бөлімінің бастығы болды, Едіге Ахатұлы бұрынғы Қекшетау ауданының бір шаруашылығын басқарды,

ақырыңы кезде Ақмола облысының көш-қон басқармасының мөслихесінде дейін көтерілді, Ибрагим Сәттібайұлы Ленинград шуданы экімінің аппарат басшысы болды, қазіргі уақытта мықты қызметкер, Фалымтай Қасымұлы Ақжар ауданы экімінің орынбасары болып қызмет істейді.

Бастауыш партия үйымдары хатшыларының арасынан грекше ататын жанның бірі Сәттібай Қажкенұлы Қажкенов, ол кітеп 60-шы жылдардың аяғында «Киев» кеңшарының бастауыш партия комитетінің хатшысы болып қызмет атқарды, біраз жылдан кейін «Бостандық» кеңшарына ауыстырылып бірнеше жылдар бойы сонда партия үйымын басқарды. Мен райком партияда пүсқаушы болып істеп жүрген уақытта, осы партия үйымының құраторы болым, жиі барып тұрамын, сонда мені райкомның ырынші хатшысындай қарсы алып, күтетін. Тап інісіндегі көруші еді. Онысынан өзім ұялатынмын, сонда «сендер жассындар, болашактарын бар, бүгін хатшы болмасан ертең боласың, сол кезде үмітпасандар болды» деп қүлетін. Ол кісіні мен де ағамдай ыншылайтынмын. Сәкең коммунистердің, сол ұжымның алдында, ел арасында беделді, ете сыйлы болды. Бұл кісінің алдына ешкім шықпайтын, Сәкең айтса болды, барлық шаруа орындалатын, директордың қате істерін айтып, дұрыс шешімдер қабылдатқызып отыратын, әрине, көпті көрген, тәжірибесі мол, елге сыйлы адамды кийыстыру да онай емес, дегенмен кеңшардың директоры Н.М. Кульбаба Сәттібай Қажкенұлының сөзіне құлақ асатын, екеуі қоян-қолтық жүріп жұмыс істеді. Сәкең асып-саспайтын, байсалды, қылғбалығы жоқ, мәдениетті адам болды. Соңғы кезде деңсаулығына байланысты ауылсоветтің төрагалық қызметіне шұсты. 1984 жылы ауыр науқастан кейін өмірден озды.

Бұл кісіден кейін парторг болып Ермек Эменұлы Сыздықов сийланды, алдында ол кісі бәлең жыл кеңшардың бас бухгалтері болып істеген, аудан көлемінде беделді, елге сыйлы болды, жұмысқа тиянақты, кішіпейіл, мәдениетті жақсы азamat еді.

Директорлар мен парторгтар ауыл шаруашылығы саласын оркендетуге, халықтың әлеуметтік қал-ахуалын жақсартуға, ауыл-селолардың жолдарын түзетіп, көшелеріне асфальт төсетіп, жаңа үйлер, өндірістік, тұрмыстық қызмет көрсету және басқа да қажетті шысандар салып, әлеуметтік-экономиялық бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз ету үшін барлық тәжірибелерін қолданып, күш-куаттарын сарқ етіп, аянбай жұмыс істеді.

Соның нәтижесіде аудан көрсеткіштері жылдан-жылға жақсара түсті, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі мен сапасы жогарылады. Бұган дәлел, аудан республика бойынша әр жылдары өте биік көрсіткештерге жетуіне байланысты және социалистік жарыстың жеңімпазы ретінде төрт рет Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің, Министрлер Советінің, Қасіподактар Советінің және комсомолдың Орталық Комитетінің ауыспалы Туларымен мараپатталды. Бұган ешкім құмән келтірмеуге тиісті. Олар осы уақытта мемлекет мұрагатында сақтаулы. Бұл барлық еңбекшілердің, бүкіл халықтың тер төккен жеңісі, зор еңбегі. Соны солай деп бағалай білуіміз керек.

Ауданда екі элеватор, екі кішігірім астық қабылдау пункті, екі жол жөндеу участкесі, автобаза, нефтебаза, сельхозтехника, агросервис, агрохимия, Омбы-Дәуіт қызыршық тас зауыты жұмыс істеді. Бұлардың барлығы өз міндеттерін абыраймен орындала отырды.

Осы мекемелердің басшыларының ішінен өмір бойы астық қабылдау мекемесінде істеген, қырыргы жиырма жылдай Дәуіт элеваторын басқарған О.К. Жұмановты ерекше айтуға болады.

Р.Б. Көбелеков басқарған автобаза егін жинау науқаны кезінде шаруашылықтарға астық тасуға көмектесіп, жақсы жетістіктерге жетіп жүрді.

Жол участкесінің бастығы болған Н.Ә. Мұстафин өте іскер басшы болды, жауапкершілігі мол, алдына қойған міндетті орындармай қоймайтын. Осы қабілеттігін Нығметжан Әубакіруұлы райисполком тәрағасының орынбасары болып істегенде де көрсете білді. Әр адамның өз сүбесіне біткен әр түрлі мінезі болады. Нығаңның да қайыстырсан да майыспайтын, кім болса да ақиқатын айтатын тік мізділігі бар еді. Бір күні райкомның кезекті бюросы болардың алдында фойеде неге екенін білмедім, ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, райисполком тәрағасының бірінші орынбасары, аудандық партия комитеті бюросының мүшесі, адуынды, азулы Ю.И.Мельников пен сол кездегі райисполком тәрағасының орынбасары Нығметжан Мұстафин айқайласып, айқасып жатыр. Ештеңеден қаймықпайтын Нығаң бір уақытта анаған айтты, енді қоймасаң екінші қабаттан лақтырамын деді. Сонымен конырау шылдырлады, айқай бітті.

Содан көп ұзамай партия жабылды, структура өзгерді, басшылар ауысты, не керек Нығметжан да көпке бармады, бір-екі ай

Шілде отырып қалды. Күндердің күнінде аудан әкімінің орынбасары А.М. Глегенов маган қолқа салды, мен де ол кезде аудан әкімінің арианбасарымын, Нығанмен жақын жүретінімізді біледі, Нығметжан Құбылайұлымен кесдесіп, сөйлесейін деп едім қызмет туралы, соны же іктисад қалай болады деді, жарайды деп ол аманатты сол күні айттам, Ныға, Амантайдың айтқан қызметіне бар, райавтодордың оңсызына ұсынбакшы дедім. Содан келесі күні Нығметжан бастық тоғии шыға келді, өте іскер, алғыр жігіт еді.

Оның алдында бұл мекемені Халауиден Халелұлы Бейсенбаев пісікірган, ол Қызылту ауданының «Херсон» кеңшарына директор болып кетті, бұған дейін Еңбекшілдер аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас инженері болған, одан көрсетке жиырма жеті жасында Ленин ауданындағы «Талыш» кеңшарының директоры болып істеген. Аудан басындағы кеңшарда істеу өте қын, соның өзінде алты жыл істеп берді. Басқа шаруашылықты басқарғанда, ол лауазымы биік қызметте істеуші болі деп ойлаймын.

Аудан әкімінің орынбасары Амантай Мақышұлы Тілегенов көрсөн адам, жұмыс істейтін адамды тез арада таниды және оны ынтымак мүмкіншілігінше қолдайды. Ол өте білімді, байсалды, мәдениетті, қабілетті, жауапкершілігі мол, өзіне қарайтын өндіріс, шаруашылық тұтынушылар одағы, транспорт, құрылым, коммуналдық шаруашылық, телеком, пошта мекемелерін егжей-тегжейіне дейін қардас, солардың жұмыстарын дұрыс жолға қойып, бағыт-бағдар беріп отыратын. Іскер жігіттерді қолдап, біразына қызмет бергізіп, желкелеп отырып жұмыс істететін. Өз қарабасым Әбекенді өте сыйлаймын. Сыйлауга тұрарлық азamat. Біраз жылдар істеген соң, Әмбы-Дәуіт зауытына директор болып барып, кейін заманның шымына қарай кесіліп, жеке меншік саласына ауысты, қазір Әбекен мұқты кәсіпкер. 1983 жылдан бері жолдасты, ол басшы қызметкер, азamat ретінде де аудан көлемінде өте сыйлы болды. Жин-жолдасы Раушан да өте сыйлы, аюкарқын адам, аудан көлемінде мұқты бухгалтерлердің бірі еді.

Аудандағы мекемелерден үлкен ұжымның бірі ішкі істер бөлімі. 1960-шы жылдардың аяғында аудандық милиция бөлімін, (ол кезде орысша РОМ) дейтін, Жұмаш Омаров басқарды, содан ол кісі Кекшетау облыстық мемлекеттік автоинспекциясының бастығы болып ауысты. Ол кісінің орнын Зейнолла Абдрахманов басты. Оның орынбасарлары болып З. Шапалаев, В.К. Михель,

И.М. Ким істеді. Біраз жылдан соң Зәкен облысқа ауысып, Зекен Шапалаев Қекшетау аудандық ішкі істер бөлімін қабылдады, Виктор Карлович Щучье аудандық бөліміне бастық болды, Иосиф Михайлович, З. Шапалаев зейнеткерлікке шыққан соң Қекшетау ПБ-ін басқарды, төрт-бес жылдан кейін ол облыстық ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары болып тағайындалды. Зейнолла Абдрахмановтың орнын Ленинград аудандық ПБ-ін бастығы болып Ж.Ж. Жұнісов басты, ол кісі капитан шенімен келіп подполковник болып Тайынша ауданына бастық болып ауысты. Жәкен өз ұжымында, аудан активінің арасында беделді болды, ол талапшил, іскер, өжет азамат ретінде танылды. Көп ұзамай белімнің барлық көрсеткіштері жақсара бастады.

«Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын»-дейді гой. Бір күні Жетгіс Жұніс-ұлын іздеп беліміне соғайын деп машинамен сырт жағынан кірсем, ауланың іші у-шу, не болып қалды деп барсам, Жәкеннің айқайы, мені көріп одан сайын өршелене басты, «Қайреке, мына Назымбек лен Барлыбайдың үй салғаны бәле болды, өз басыма өзім ауру тілеп алдым, сол үйді бастатқызыған өзім едім» дейді. Жәке не болды деймін. Ол әлі болар емес, ашуының бәсендейтін түрі жоқ, басындағы милиция фуражкасын жерге біресе лактырады, біресе киеді. Айтсаңызышы, не болды? Мыналармен қалай жұмыс істеуге болады, мен директорлардан анау-мынау материалдар, краскалар аламын белімді жөндеуге, ал мына екеуі соны құртады деп Назекенді мензейді, ол өзінің орынбасары жаңа келген жігіт, онда үн жоқ, анда-санда мен ештеңе білмеймін зерттейік дейді. Содан сезге мен араластым, Жәке ашуынызды басыңыз, бұл жігіт жұмысқа жаңа келіп жатыр, олай істеуі мүмкін емес деп әрең қойғыздым. Ол кісінің құлығын сезіп тұрмын, біріншіден Назекене сес көрсетіп алдына шықпагандай үйретіп алу, екіншіден басқа сотрудниктерге профилактика, ейткені, олардың барлығы естіп отыр, форточкалары ашық. Анда-санда Жәкеннің ондай әдістері болатын, басқалар қорқатын және сыйлайтын. Азулы кісі болды, бірақ, ешқашан кек сақтамайтын, ешкімді жамандап жұмыстан шығарған емес. Содан Назекене көзімді қысып, саусақтарымды мензеп, жұмыс уақытын біткен екен, Жәке, күн де салқындармай қойды, көлге суга түсіп қайтайық дедім. Жарайды. Сіз айтқан соң барайық деді, өзіне де керегі сол болып тұр ма, қайдам. Содан Назымбек Байкенұлы бес минөт уақытқа сұранып, киініп келе қояйын деді, содан әлгі артынып-тартынып

шешіп, суга барып түстік, әңгіме айтылды, дем алдық. Жәкең ғибадыры, кеңкілдеп құледі, манағы әңгіменің бірі болмағандай, Нұсамбек саган мен ештеңе дегенім жоқ кешір, басқаларына сабак шешіп деп әдейі айтып жатырмын дейді.

Жәкең туралы тағы бір әңгіме. Жазғы уақыт, жердің бәрі көк шынып, құн ыстық, демалысқа шығып, нағыз дем алатын дер кез. 14 ауа Барлыбай телефон шалды, Қайыржан өзіндесің бе, келіп кеттіп бір жұмысым бар деді. Лезде жетіп келді, милиция рийкомпан алыс емес, келгендері жұмысының түрі мынау, ғемалысқа шығайын деп едім, Жетпіс Жұнісұлы бір жұма болды, қунда срттенмен тойдырып келеді. Қазір ол өзінде отыр, ауа райы керемет, көлге барып қайтайық, звондаши отпуск туралы сен айт, өртөң берсін деші. Содан телефон соғып, амандық сұрасып қысқаша анау-мынау әңгіме қайырыстық, қараймын, көңіл-куйі жиқсі. Жәке құн керемет, суга тұсуге сұранып тұр, жұмыс аяғында шынып келейік, Барлыбай да сұранып тұр (жерлес екенімізді білгін), сіз отпуск берем деген екенсіз, соны пайдаланайық, ертең берे салмайсыз ба, ол дайынмын деп жаңа келіп кетті дедім. Нұрекең жанымда отыр). Жарайды Қайреке, сіз айтқасын шықсаң шыныайық, настроение жақсы, тек Олжабай Құбиұлын алайық деді, әрине, онсыз жұмыс біттепейді гой, ала шығамыз дедім. Барлыбайға әмбетің айтыныз деді, ол естіп отырған, зымырай жөнелді. Көлдің әмбесінде отырғанда сөздің реті келгенде, Барлыбай, Жәкең саған өртсінен бастап отпуск беремін деп отыр, қайырлы болсын дедім. Менің сөзімді Жәкең де қостады. Барекең оған ракыметін жиудырып жатыр. Сонымен, біраз уақыт суға түсіп, дем алып тарқыстық. Келесі құні Барлыбай таң атпай рапортын жазып, арсаландап бастыққа кіреді. Ол мынауың не деп оқып шығып жыртып тастап, боссың дейді. Барекең ызага булығып, өңі қуарып, қопшыяғы дірілдеп, қалышылдап, бастықтың не істегенін, тұтығып әрсін айтты. Сенбі болатын, менің сезуім бойынша бастығың шуырып отыр дедім Барлыбайға, мейлі, жазамын деді ол. Содан шоңдап, амандығын біліп, Жәке не болды, Барлыбай ренжіп отыр ңеуім бар емес пе, ол жұлып алғандай кеше бізді ауырт деген кім өшір оған дегендеге, ол менде отыр, кешегі жерге барып келейік дейді мемдім. Жәкең қарқылдап құліп, бірге кірініз, рапортын ала кірсін, соғын кетейік, бүтін құн сенбі гой деді. Ол оны көрінген адамға қылемейді, ісінің барлығы ойын аралас. Біздің Жәкең міне, сондай жиқсі азамат болды.

Ж. Жұнісовтің орнына С.М. Метаев келіп орналасты. Сайлау Метайұлы байсалды, бірқалыпты, кішіпейіл, теріс мінезі жоқ, жақсы азамат еді. Ұжымын жұмысқа жұмылдыра білді, беделі де болды, орынбасарлары Вильгельм Вильгельмович, Назымбек Бәйкенұлы, ысқақ, Есен, Женіс, Рамаш (Рамазан), Қайыргелді. Оқас, Балтабай, Қауя, Тұрар басқа да жігіттердің барлығы сыйлады. Сәкенің сезін екі етпей орындауга тырысатын.

Ол келгеннен бері бір-бірімізді түсініп, жолдас болып кеттік, жанұямызбен қарым-қатынаста болдық. Жолдастыққа берік болды, қолынан келген көмегін аямайтын. Келіншегі Қорлан да жақсы адам, екеуі үш үл, екі қызы тәрбиелеп өсірді.

Сәкенің орынбасарлары болып В.В. Габерман, Н.Б. Жакиянов істеді. Бір күні аупарткомның кезекті бюросында ішкі істер белімінің жұмысы қаралды. Сонда И.И. Небеснюк өз сезінде сендер баяғыдан үш дос екенсіндер гой, әскер қатарында бірге болыпсындар, Алматы милиция мектебінде қатарлас оқыпсындар, сондықтан, бірінді-бірің колдап, дұрыс жұмыс істемейсіндер деп бірақ соқты. Жолдас болып жүрген біз де білген жоқпыз. Оның барлығының өмірбаяндарын зерттеп Иван Ильичті құлактандырған райкомның үйимдастыру белімінің менгерушісі В.П. Чубко екен. Васяның нашар, адамға жағымсыз жері, арага жік салу, біреуді қудалау болатын. Талай жігіттердің сонына түсті. Бірақ, райкомның бірінші хатшысы оның сезінің бірін тыңдаса, біріне құлақ аспады. Райком мен райисполкомның қарым-қатынастары да нашарлап кетті. Ол қызметте А.И. Антомошкин, И.И. Самойленко. істегенде барлығы жақсы болатын. Ешқандай топ болмайтын, барлығымыз бірге жүріп бір үйдің баласында болатындеймыз. Ол кеткен соң барлығы өз қалпына келді.

Жақсы азаматтардың бірі-Назымбек Бәйкенұлы туралы айтпауга болмайды. Ол біздің ауданға Қылышту ауданынан ауысып келді, жұмысқа берік, беделді, сыпайы, мәдениетті, адамгершілігі мол, біреуге жамандық жасаудан аулақ, жолдастыққа берік жігіт болды, бастықтың орынбасары болып істеді, артынша Арықбалық аудандық ішкі істер бөліміне орынбасар, сонынан бастық болды. Жанұямызбен араластық, керемет жолдас болдық, эйелі Гүлжан да өзі сияқты жайдары жақсы адам, екеуі алты бала мәпелеп өсіріп, тәрбиеледі, барлығы қызмет істейді.

Вильгельм Вильгельмович те қызметтін адал атқарып, біраздан оның Келлер ауданына ішкі істер бөліміне бастық болып кетті, алтыншы Министрлікке ауысып, лауазымды қызмет атқарды.

Ленинград ауданында қылмыскерлерді іздеу бөлімінің оның болып істеген А.С. Қажкенов бүкіл баспаңдақтан өтіп, Министрлікке барып қызмет атқарып, алтынша Ақмола облыстық II департаментінің бастығы болып келді, содан кейін СКО ішкі істер департаментінің бастығы болып ауысты. Менің білуімше, Ақын табанды, өте іскер, жұмысына берік, білімді азамат. Менің шілтін отырған азаматым Ақан Саттыбайұлы жоғарыда айтып кеткен, маган ага ретінде болған «Бостандық» кеңшарының парторгі болып істеген Саттыбай Қажкенұлының баласы.

Ақан басқа ауданға қызмет ауыстырып кеткен соң, оның орнанған Ы.Б. Тоқсанбаев жайғасты, соңынан Ысқақ Ботайұлы да ғимнін қызметтер істеп, Қостанай облыстық ішкі істер департаменті орынбасары болды. Тортай Ризанов Ненинградскийден ауысып Қызылту, Щучье аудандық ішкі істер ғимнін басқарып, Торғай облысының II департаменті бастығының орынбасары қызметтін атқарды. Ж. Мұқаншәріпов осы ауданда істеп, мол тәжірібе жинақтап, Қызылту аудандық ішкі істер ғимнін бастығы болды. Аға тергеуші Е. Күшембаев Чкалов ұлдардық мемлекеттік тергеу комитетінің бастығы қызметтіндегі оның. А. Тәстеміров СКО-да бір ауданың II Б бастығы қызметтін атқарды. А. Мұқалықов осы ауданға қайтып оралып, аудандық ғимніді басқарды. Б. Смагұлов Арықбалық ауданында орынбасар болып істеген, Т. Данияров Көкшетау аудандық II бөлімі оныстығының орынбасары болған азаматтар, соңынан Ақмола облыстық II департаментіне ауысып, біраз жылдар қызмет істеді. Іске да осындай лауазымды қызметтер атқарған Қайыргелді Шікенов, Балтабай Шәріпов, Оқас Әбдірахманов, Рамаш Габбасов, Қыяу Магауяновты атауға болады. Ленинград ауданының тумасы Ж.Л. Оразалин катардағы офицерден Көкшетау облысының мемлекеттік автоинспекциясының бастығына дейін көтерілді. Бұл оны ауданнан шыққан облыстық МАИ-дың екінші бастығы.

Жоғарыда аты аталған азаматтардың барлығы да өз қызметтерін адал атқарды, сондықтан, қызмет бабымен жоғарылап, шендері есті. Шындығында да біздің ауданының ішкі істер ғимнінен талай азаматтар жоғары лауазымды қызметтерге қол жеткізді, ол да ауданының беделі.

Аудандық тұтынушылар одагы да үлкен ұжымдардың бірі болды. Оның төрағасы болып он жылдан астам В.Н. Ромашенко істеді, содан кейін қызметі есіп, Солтүстік Қазақстан облысының тұтынушылар одагы төрағасының орынбасары болып кетті. Өте іскер, ұстамды, талапшыл, жұмысты жетік білетін, беделді басшы болды. Ауданда оның орынбасары болған бес жігіт басқа аудандарға ауысып, осы саланы басқарды. Оның бірі А.Е. Маркин Қекшетау облысы тұтынушылар одағының төрағасы болды.

Василий Николаевич ауысқаннан кейін орнына В.С. Домбровский келді, ол біраз жылдар қызмет жасады, жұмысын жақсы білетін, адамдармен тез тіл табысатын, ақкөніл, аздап жылтықайлау болды. Бұл мекеме де халыққа көп қызмет жасады, аудан орталығындағы дүкендер сол заманға сай етіліп, күрделі жөндеуден өтті, жаңа типтегі үлкен шаруашылық товарлары, гастроном, кітап дүкендері салынды, бұл нысандар қазіргі уақытта да далада қалған жоқ, кәсіпкерлер іске жаратып отыр. Сол кезде жаңадан салынған ат шаптырым жерді алатын өнеркәсіп товарлары дүкені іске қосылмаса да, қазір жабық базарға айналып, халыққа қызмет жасауда. Мекеме басшылары өз жұмыскерлеріне арнап жиырма шақты сәулеті көз тартатын әдемі үйлер салды. Менжин мен Қызылту селоларында екі қабатты қонақ үйі, асхана мен дүкендері бірге орналасқан нысандар халық игілігіне қызмет етті. Осы істелген қыруар жұмыстарға В.Н. Ромашенко мен В.С. Домбровский өз үлестерін қости. Владислав Станиславович бұл саланың жұмысын жақсы білетін, жалпы іскер адам болды. Көрші тұрдық, алғашқы жыл, көктем уақыты, қазақтардың қысқы соғымнан қалған етті тұздап, сүрлеп, қактайтын кезі. Бір күні ол менен Құләпәш етті тұтінге сала ма деді, мен әрине, оны қайтесін дедім. Оның соғым етінің алғанын білетінмін, әдейі сұрап тұрмын. Келлерде жүргендे алған етті жеп қоятынбыз, биыл шамалап сүрлеуге қазы қалдырып едім дейді. Ендеше Құләпәшша бер, сол іс қылып береді дедім. Екінші күні арсаландап келіп тұр, екі құлагы екі езуінде, қолында төрт қабыргасы бар, үй шаруашылығын өзі істейтін, пысық, женіл көрші болды, көршілік қарым-қатынасымыз жаман болған жоқ. Мынауың не дедім, қазы дейді, өзіміздің қазыны көрсетіп мына майы қайда дедім, оны кесіп алып, қыс бойы кәртөпке салып қуырып жел қойғамыз деп қарқылдан күледі, содан екеуміз де шек-сілеміз қатқанша күлдік, Құләпәш тә күліп жатыр. Ендеше, осылай жеп қоямыз деп қабыргаларын жиып-теріп қайра

шынын кетті, содан кейін қазыны білетіндегі болды. Біраз уақыт бойы менің көрсө болды қарқылдап күліп, енді қазыны келесі жылы жәйіміз деп қояды. Өмірде неше түрлі қызықтар болады, жүре берсек көре бересің деген осы.

Владислав Ресейге көшіп кеткен соң оның орнын К.С. Коцюмиренко басты, бұған дейін ол раймагтің директоры болған. Ол бірқалыпты, байсалды, ашу дегенді білмейтін, адаммен тез тіл пібысатын сыпайы, жолдастыққа берік, жаңы таза азамат болды, жүрген жерінде қулығы қалмайтын, қалжынды ұнататын азамат болып дос болдык.

Ерте кезде военкоматтың рөлі де, абыройы да зор болды. Ауданды істеген бес-алты военкомның ішінен екеуін тілге тиек отыскін. 1968 жылы эскерге аттанып бара жатып, Көкшетауга шылдағанда капитан шені бар, нағыз офицерді көрдік. Команда беруі, дауысы (командирски дауыс демекші) жүріс-тұрысы, обливоенкомға рапорт беруі басқа офицерлерден ерекше, әлгі кісіге қырай бергің келеді, тындаі бергің келеді, қызығасын, эскерге бара жиіткан біздерге ұлken әсер қалдырды. Нағыз эскери офицер дегенін алым, барған жерімізде осындай адамға кездессек көпті үйрениміз, шынығамыз, жақсы жауынгер болып, Отан алдындағы торышымызды абыроймен орынданап қайтамыз деген ой келді, жаңа қулишының пайда болды. Жақсы адамның әсері керемет екен. Кейбір офицерлер рапорт бергенде тұтығып, қақалып-шаашып жатады, жүрістері де солбырайған, жауыр аттың жүрісіндегі, сіровойдан хабары жоктай болып көрінеді. Содан дежурный офицерлерден сұрастырамыз мынау қай ауданнан деп. Олардың жиуабы, бұл капитан Володар (қазіргі Айыртау) ауданынан, өте керемет, ғажап адам дейді. Содан эскерге аттанып, екі жылдастын орылышып есепке тұру үшін военкомға рапорт беруге кірсем, кабинеттің төрінде екі жыл бұрын көрген капитан емес майор Б.С. Ішітабаев отыр, лезде таныдым. Аудандық комсомол комитетіне қызметке орналасқан соң жақынырақ таныстым, өйткені, шакыру комиссиясы дейді, соның мүшесі болым, район партияға ауысқан соң да сол комиссияның қатарында болым, менен басқа райисполком тәрағасының орынбасары, ішкі істер бөлімі бістегіның орынбасары, ауданның бас дәрігері О.К. Байгожин бар. Бұл науқан екі алтага созылады. Анда-санда мылтық ату орнына барып автомат, пистолеттен оқ атамыз. Бір жылы райисполкомның шешімімен шаруашылық директорларын, мекеме

басшыларын жинап алып, үш күндік оку-жаттығу өткізді. Қарағандыдан пушкаларын тіркең, арнайы әскери машиналармен, рациялармен жабдықталған бір топ оғиңдерлер келді. Әскери комиссар өзінің өжеттігі мен турашылдығын алға қойып, үлкен-үлкен директорларды борсаландастып жүгіртіп қойды, әлгілер әке-көк дег үш күннен кейін әрең қашып құтылды. Бір жылы сайлау болып, екеуімізді райкомның екілі ретінде «Менжин» кеңшарына жіберді, оның екінші сайлау участкесі Бәйтөс бөлімшесінде болатын. Бір күн бұрын барып, дайындықтарын көріп, танысатынбыз. Танертең жолға шықтық, Беке, жасының үлкен, подполковниксіз, сіз шаруашылық орталығына барыңыз, «Үлкен кемеге-үлкен айдын»-демекші дег сөзді қыстырып қойдым. Қайыржан, ондай құлығынды қой, біздің жасымыз үлгайды, жасарымызды жасадық, асарымызды асадық, ендігі үлкен жол сендердікі, мен Бәйтөске барамын деді. Ол кісінің осылай дейтінін біліп, әдейі сөз қозғағанмын. Өйткені, сайлаушылардың саны бөлімшеде орталыққа қарағанда үш есеге кем және үйымшыл қазақ ауылды, оның үстіне басқарушысы беделді, бүкіл ел сыйлайтын Қапкен Қанапин ағамыз. Бекеннің ойы сонда барып қымыз ішіп, ет жеп, дем алмақшы. Орталықта жұмыс істеу керек, үгітшілерді жанында ұстая қажет, журе алмайтындарға, ауру-сырқауларға урна мен машина жіберу керек, кейбір қыңыр сайлаушыларға комиссия мүшелерін жұмсайсың. Ол кезде социалистік жарыс секілді, сағат сайын аудандық комиссиядан телефон шалып, неге бөгеліп жатырсындар, ананың пайызы анадай, мынаның пайызы мынандай дег құлагына ызындал, мынды шірітіп, басынды айналдырып тастайтын. Болат Сейітұлы соның барлығын біледі. Ол сол күні Қапагаңа «сенің асқан етінді екеуіміз ғана жемейік, «өле жегенше, бөле же» деген сөз бар емес пе дег, кешке барлық шалдарды шақыртады, содан ас үстінде бұйрық береді, әскери адам гой, ертең таңғы сағат бес жарымда жанұяларың, туыстарың мен көрши-қолан, барлығын жиналып сайлау участкесінде келесіндер, митинг өткіземіз, сағат алтыда белгіленген халық қалаулары-депутаттарға дауыс береміз, келмегендерді партия мен үкіметтің саясатына карсы дег айыптаймыз дег төбеден ұрғандай сөзін аяқтайды. Бір минөттен кейін сөзін жалгастырып, сиырларынды дауыс берген соң сауып, өріске айдайсындар дег, артын қалжынға айналдырып, әнгіме-дүкен құрып, ас ішіп, мәз-мәйрәм болып, эрине, ақмагамбеттің көмегімен, ойнап-күліп тарқасады. Бұл кісінің

күшіндегі қалтасында жүретін. Тәнертең Бекеннің айтқаны  
орналасады, сайлауды сағат алты жарымда аяқтайды. Содан  
шундай комиссиядан қолайсыз болар, өтірік ақпарат беріп жатыр  
теп ойлар, сайлаудың біткенін, сайлаушылардың жұз пайыз келіп  
шының бергенін жарты сағатқа кешеуілдетіп сағат жетіде  
шабиришайды, сөйтіп, облыс бойынша бірінші болып бітіреді.  
Оғындағы кішігірім ауылдардың саны бесеу, соның ішінде ең үлкен  
бонимше осы Бәйтөс, соган қарамастан, Бекеннің ұйымдастыру  
жабдығында арқасында осындағы жоғары нәтижеге қол жеткен. Бұл  
шілдесінде алғыр, іскер, дембелше келген, орта бойлы, дөңгелек жүзді  
шым. Бекенмен арапасып-құраласып жүрдік, женгей де  
күшкішайлы, ашық мінезді, жақсы адам болды. Б.С. Балтабаев  
шілдесінде Кекшетау аудандық әскери комиссары болып қызмет  
пұнастырыды.

Оның орнына С.К. Жабагыбаев тағайындалды. Бұл кісі  
шілдесінде де сол комиссияның құрамындағы. Содан жақын  
шілдесінде, арапасып-құраласып кеттік. Серік Қажыкенұлы да іскер,  
жұмысқа мығым, айтқан сезіне берік, ете тиянақты, жүзі жылы,  
күштікейіл, адамға жақын тұратын, биязы мінезді азамат. Жасы  
үлкен болғанымен, мені Қайыржан Сабитұлы деп тұратын,  
шілдесінде сыйлады. Бұл кісінің де тасы өрге домалап, басты  
корсеткіш-әскер қатарына алушан жоспарды орындаған отырды және  
шілдесінде іске білікті дәрігерлерімен Олжабай Құбиұлы көп еңбек  
спірді. Аудан комиссиясынан өткен жастар облыс комиссиясынан  
көрі қайтарылмайтын, сондай мұқият тексерілетін. Сәкенің  
шілдесінде де мылтық атудан жарыстар өткізіп тұратынбыз. Женгеміз  
де шілдесінде, кішіпейіл адам. Кезінде Болат Сейітулы Кекшетау  
шілдесінде әскери комиссарлығынан зейнеткерлікке шығып,  
облыстық вонкоматқа азаматтық қызметкөр болып орналасты.  
Оның орнына әскери комиссар болып С.Ж. Жабагыбаев  
шілдесінде әскери комиссарлығынан зейнеткерлікке шығып, Бекеннің жолын қуып, облыстық әскери  
комиссариатқа орналасты. Қазір екеуі де құрметті демалыста.  
І күнінің де балалары әскери медициналық қызметтің  
попковниктері.

Аудан құрылғаннан бастап денсаулық сақтау саласы да  
піртіңдеп жоғары қарқынмен өркендей бастады. Ең бірінші  
шуруханалар щитовой үйлерде орналасты. Алғашында бас дәрігер  
 болып Екатерина Тимофеевна істепті, кейін Ткаченко, одан соң

Б.Я. Пленник бас дәрігердің қызметін атқарды. Аудан құрылған жылдары елді мекендерде медициналық пункттер ашылып, халыққа алғашқы медициналық көмек көрсете бастады. Содан жылдан-жылға олардың материалдық-техникалық базасы нығая түсті. Аудандық аурухананың бөлімшелері қебейіп, аурулардың жататын орындарының саны үлгайды. Балаларды емдейтін, әйелдер босанатын бөлімшелерге жаңа корпустар салынды. Екі қабатты емхана салынып іске қосылды, жаңа екі қабатты тұргын үйдін бірінші қабатынан жұмысқа қолайлы, келушілерге ынғайлы етіп бөлінген кең дәлізі бар, жарық та жылы бөлмелермен қамтамасыз етілген дәріхана ашылды. Туберкулезге қарсы емдеу ауруханасы көп жылдан бері тозыл тұрган, жұмысқа қолайсыз, орталықта орналасқан ескі үйден сырт жакқа жаңа салынған ғимаратқа ауысты. Санэпидстансаның үйі құрделі жөндеуден өтті. Бостандық, Кузбасс, Менжин селолық ауруханалары екі қабатты ғимараттарға көшірілді, селолық дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік пункттер қайта жабдықталып, құрделі жөндеуден өтті. Айсары, Чистяков, Менжин, Ленинград селоларында жақсы жабдықталған жаңа профилакторийлар ашылды. Аудан орталығынан дәрігерлерге арналып жақсы үлгімен салынған, ішіне су тартылған он алты жаңа үй салынды. Осылардың басы-қасында болып, талай-талай қыншылықтарды басынан өткізіп, ауданың денсаулық сақтау мекемелерінің жұмысын жақсартуға көп еңбек сіңірген, төрт ұйқысын төрт бөліп, күні-түні осы жолда шырылдан жүрген, өз ғұмырының ширек ғасырдан астамын осы ауданда өткізіп, ұжымына сыйлы, елге қамқор болған Олжабай Құбиұлы Байғожин.

Олжекен Караганды медициналық институтын бітіріп келіп, бірден балалар бөлімшесінің менгерушісі болып, жарты жыл бас дәрігердің орынбасары қызметін атқарып, 29 жасында бас дәрігер болып бекітіледі. Бас дәрігер болып істеген жиырма бес жылдың ішінде тар жол тайғақ кешу демекші, әр түрлі қын-қыстау уақыттар, бұралан жолдар да болды, солардан жығылмай-сүрінбей, дұрыс шешімін тауып, өзіне жүктелген міндепті абыраймен орындалап отырды. Талай жас дәрігерлердің тәжірибе жинақтауына ат салысып, тәлім-тәрбие беріл, өнеге көрсетті, жұмысты адаптациялық атқарды. Олжекен байсалды, басқаның ұсынысын бағалай білетін, пікірталаста өз ойын анық айтЫП, онысын қоргай алатын, білімді, аюкарқын, қулықтан да кенде емес, жолдастыққа берік, үлкен-

көпні бірдей сыйлай билетін, асыл азamat. 1996 жылдан бастап он  
жыл бойы СПИД-ке қарсы Ақмола облыстық орталығының  
бис дәрігері қызметін атқаруда. О.Қ. Байгожиннің көп жылғы еңбегі  
шіл кеткен жоқ, жақсы бағаланды. Қазақстан Республикасы  
Президентінің Алғыс хатымен марараптталды, «КСРО, Қазақстан  
Республикасы денсаулық сактау ісінің үздігі» белгілерімен  
шырайтталды. Пирогов атындағы алтын орденнің иегері атанып,  
шіл мі Қазақстанның Алтын кітабына жазылды. КСРО дәрігерлерінің  
оришиі және төртінші съездеріне қатысты, Қазақстан  
дәрігерлерінің төрт съезіне делегат болды.

Аудан орталығындағы дәрігерлердің дені жоғары білімді,  
жемірибесі мол, ақ халатты сыйлы жандар болды. Олар Қ.Ж.  
Жомсолова туберкулезге қарсы курс диспансерінің бас дәрігері,  
А.К. Мұздыбаев аудандық аурухананың бас дәрігерінің  
орынбасары, Ленин ауданы құрылған жылы, сонда бас дәрігер  
шешім орналасты. Соңғы жылы бас дәрігер болып істеген А.Т.  
Гемірханова қазіргі уақытта Ақмола облыстық туберкулезге қарсы  
курс диспансерін басқарады, Г.П. Берестова рентгенолог, А.Ф.  
Степанов хирург, Л.И. Косованова терапевт, А.А. Вартанян хирург,  
О.В. Лучкина гинеколог, Т.М. Мәдиеv лор дәрігер, С.Х. Алимова,  
бис дәрігердің орынбасары, кейін СҚО Ғабит Мұсірепов атындағы  
аудандық аурухананың бас дәрігері, терапевт, С.У. Бекмағамбетов,  
аудандық аурухананың бас дәрігерінің орынбасары, окулист, Т.  
Сынғындықов педиатр, Л. Галина, тіс дәрігері, А.М. Пугач, педиатр,  
аудандық аурухананың бас дәрігерінің орынбасары, кейін  
облыстың бас педиатры, Л. Бергер фельдшер-лаборант, Е.  
Химитова фельдшер, ұйымдастыру әдіскерлік кабинетінің  
менгерушісі, Ж. Тәңкібаева аурухана дәріханасының менгерушісі,  
Ф.И. Катрич рентгенолог-лаборант, С. Ткаченко, Л. Матвеева, Р.  
Қабиденова медбикелер. Бостандық, Менжин, Кузбасс селолық  
учаскелік ауруханаларының бас дәрігерлері В.Я. Мирау акушер-  
гинеколог, С.Н. Нығметов педиатр, Н.П. Каюков фельдшер, кезінде  
Қытай медучилищесін бітірген, А. Саттыбаева терапевт. Олар өз  
қызыметтерін адал атқарды, халықтың арасында беделді болды.  
Селолық дәрігерлік амбулаториялардың ішінен Чистяков, Айсары  
селоларының амбулаторияларын да атауға болады, кезінде бұл  
ұжымды Б.Б. Исенова, Б.Х. Бақшалов, Ф. Велькер басқарды. Сол  
көнде, облыста алдыңғы қатарлы, ең жақсы профилакторилардың  
өзі болып есептелген «Ленинград» кеңшарының селолық

дәрігерлік амбулаториясында облыстық кәсіподактар Советінің бастамасымен облыстық семинар өтіп тұратын, оны ұйымдастырып, өткізуге шаруашылық директоры В.И. Демакиннің көп еңбегі сіңген. Аудандық аурухана қабыргасында отыз жыл шамасында жұмыс істеп, әкімшілік-шаруашылық белімін басқарған Ж.Ш. Қозкиннің де, еңбегі зор, қызметін адаптациялық жұмыстары сол кісінің мойнында, ешқашан шаршамай-шалдықпай, мойымай, біреуге міндетсімей еңбек етіп, ұжымның арасында өте беделді болған адам. Үлкені де, кішісі де, дәрігері де, жұмысшылары да Жанайдар Шәкірұлы деп жүретін. Бас есепші К.А. Арғынов осы орында жиырма жыл қызмет істеді. Қеңес Арғынұлы да жұмысына адаптациялық жұмысшылары да жиысында жататын. Бас дәрігердің көңілін тауып, зырылдағы жүретін жігіттің бірі, оның жүргізушісі Болат. Бұл жігіт әлі күнге дейін дәрігерлік «жедел жәрдем» көлігін жүргізеді, осы мекемеде отыз жылданағында жатады.

Олжекенмен 1970-ші жылдардан бері отбасымызбен доспыз, кішіпейіл де, мәдениетті, еңбеккор, жұмысына адаптациялық жолдастыққа берік азамат. Олжабай Құбиұлының кейде, өзіне жарасымды құлықтары болатын. Бір жылы ол қысқы омыртқага шақырды, сол кезде Қайырбек Теміржанұлы гландымен ауырып, ота жасатып, ауруханада жатқан, ойладым «Қайрекенді тостай бізді қалай шақырады» деп. Барған соң Олжекенмен сұрадым «номерной бірінші досың қайда, болмай ма?». «Қайда барады дейсің келеді» деді, операциядан кейін қалай ет жейді деп мен де қоймадым, онда менің шаруам қандай, қонаққа шақырып міндеттімнен құтылдым, жемесе біздің жегенімізге қарап отырады деді. Біраз тостық, Қайрекен әлі жоқ, Шәрия үйде, ол бір уақытта келді, ашулы, неге мазақ қыласың дейді үй иесіне. Кезекші дәрігер Қайрекене Олжабай Құбиұлының үйіне барыңыз депті, аурухана мен оның үйінің арасы 50 метр шамасында, ол кезде екі қабатты дәрігерлердің үйінде тұратын, Қайрекен, бармаймын қажеті жоқ десін, содан әлгі дәрігер барыныз, ол кісі тапсырып кетті, әйтпесе, больничныйын қолына беріп, ауруханадан шыгарындар деді. Бізге орындауга тұра келеді, тәртіп солай дейді. Киімін алғып үйіне кетейін десе, қойма кілттеулі. Сейтіп, Қайрекен амалсыздан келіп тұр екен. Біз мәз-мәйрәм тамақ ішіп отырмыз, онда үн жоқ, кетейін десе отырган үйдің есігі кілттеулі, ас үстінде Олжекен, «Қайырбек,

«Ол жаңынан отырсаңсы, жұз грамды қойып па едің?» деп қытығына ше береді. Мына жақтан Қайрекене болысып Клара шыгады, «Олжабай болды енді, артынан шақырайық дегенмін, бұл маган шығынның, басқа қонақтарды әдейі шақырып қойыпты» деп ақталады. Сонын, біраз уақыттан кейін ойнап-күліп тарқастық. Қайрекенің шенсаулығы түзеліп қалады, бір күні обход жүргізіп, палаталарды орыншыл жүрген бас дәрігер мына ыңқақовты бүгін шығарындар. Сіз шығынға күнгі деңін неге жатырсыз, аурухана ұнады ма, әлде оның тегін шығын жақты ма, жұмысыңыз жоқ па, «вот народ» деп бүкіл аурухардың, дәрігерлердің көзінше дүрсе қоя беріп шығып журе берініті, Қайрекен аузын ашып та үлгерменті. Содан біраз уақыттан соң больничныйды алыш, күімімді киіп кетейін деген оймен солесүші дәрігерге барады. Ол дәрігер Олжабай Құбіұлы кеншарға кетті, кешке таман өзім келіп тағы бір тексеремін, менсіз шығармандар деген дейді. Эйелі Шәрияның да телефон шылдыры көбейіп кетсе керек, саған немене аурухана ұнап қалды ма, әлде іем алыш жатырсың ба дейтін көрінеді. Сол кеткеннен кешке дейін ыншылжиннің қарасы көрінбейді. Сонымен ызага булыққан Қайрекен тағы бір тұн тұнеп, Олжекен айтқандайын аурухананың шашплатный бір обедін ішіп, Олжабайга ерегесіп, Шәрияга телефон шипшып, кешкі тамақты үйден алғызып ертеңінде шығыпты.

Ойелі Клара да медицина қызметкері, екеуі екі бала өсіріп, омынды, үлкені Ерлан эке жолын қынп дәрігер болды, біраздан бері көсіпкер, келіні Зәуре де дәрігер, медицина гылымдарының кинидаты, олар Астанада тұрады. Алтынай да жоғары білімді, киржы полициясында істейді, шені майор. Олжекенің үш немересі бар.

Аудандық эпидемиологиялық стансасы бертін құрылған мекеменің бірі, содан бері өз жұмысын жақсартып бір жүйеге қосылды, қажетті аппаратармен, жабдық, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, материалдық-техникалық базасы ныгайтылып, шесті қызмет атқаруға барлық жағдай жасалған. Бұл мекеменің жұмысы К.К. Тәшметов бас дәрігер болып келгенниен бастап жиілдана түсті. Станса ғимараты күрделі жөндеуден етіп, басқа да көшшаралар қолға алышып, жұмыс сапасы жақсарды, білікті күндерлармен қамтамасыз етілді. СЭС-тің кеншарлардың және басқа да мекемелердің алдында беделі артып, онымен санасатын болды. Жұмыстағы кемшиліктері үшін басқаны айтпағанның өзінде, Май шуығының жұмысын тоқтатып тастаған күндері де болды. Сол

кезде оның жұмысын неге тоқтатасың, саған ондай құқыкты кім берді деп, өркөкіректеніп жүретін, әпербақан, мемменшіл, аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Ю.И. Мельниковтің коқан-лоқысынан да қаймықпаган абзал азамат осы Қасымжан болатын. Ол жұмысты адал істейтін, кемшилікке төзбейтін, ылғи ізденісте жүретін, жаңағылдықтың жаршысы болатын, болашағы бар азамат еді. Содан соң облыстық СЭС бас дәрігерінің орынбасары, кейін басшысы болды, облыстық тубдиспансерін де басқарды, Республикалық медициналық төртінші басқарманың бөлім менгерушісі қызметін атқарды. 2011 жылдан Ақмола облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы болып қызмет істеп жатыр.

Ал, енді білім жүйесіне келетін болсак, тын итеруге дейін тек қана бір-екі мектеп болса керек. Содан бұл мәселе кеңінен қолға алынып, аудан құрылғаннан бері білім беру саласына көп көніл белінді, барлық кеңшарларда әуелде бастауыш, жетіжқылдық, содан кейін сегізжылдық мектептер жұмыс істеді, жетпісінші жылдардан бастап ірі елді мекендердің барлығында онжылдық мектептер ашылды, кейінірек оку бағдарламалары қайта қаралып, онбіржылдық жүйеге ауысты. Олардың барлығына екі қабатты жаңа үлгідегі мектеп гимараттары салынды, мұндай сәулетті нысандар Бәйтөс, Қызылағаш белімшелерінде де бой көтерді, барлық мектептерде қолайлы жағдайлар жасалған, жақсы жабдықталған сыныптар, шеберханалар мен спортзалдар, лабараториялар, мектептердің оку жүйесін жақсартуға, окушылардың терең білім алудың сөзсіз септігін тигізуде. Сексенинші жылдардың аяғында төрт мыңнан астам шәкірт дәріс алды, оларға төрт жұз жиырмадан астам ұстаз білім берді, жұмыс істеген мұғалімдердің 91-92 пайызы жоғары және аяқталмаған жоғары білімі бар ұстаздар, қалғандарының арнаулы орта білімдері болды.

Аудан құрылғаннан бастап өмірінің соына дейін аудандық оку белімін Сұлтан Нұрмаганбетов басқарды. Ол кісі білімді, өте іскер адам болған, ауданның білім беру саласына көп еңбегі сіңген, Сөкең істеген жылдары Бостандық, Менжин, Восход, Кузбасс, Горький, Коммунизм селоларында, Куйбышев поселкесінде екі қабатты, аудан орталығында үш қабатты жаңа типтегі мектеп гимараттары бой көтерді.

1969 жылы ол кісінің ісін Сәду Әбжанұлы Әбжанов жиғастырыды, 1980 жылдан бастап аудандық оку бөлімінің мінші ершісі болып Степан Жақияұлы Бақтыбаев бекітілді. 1989 жылы ол кісі аудандық әлеуметтік қамтамасыз ету бөлімінің менгерушісі қызметіне ауыстырылды да, бұл қызметке Тұрлыбек Ісекбайұлы Әділжанов келді. 1997 жылы аудан жабылған соң 1 үрлыбек Ақжар ауданында істеп, Ақмола облысының орталығы Кокшетау қаласына ауысқан соң, облыстық білім департаменті шеңберінде орынбасары болып қызмет атқарды.

Бұл азаматтардың қайсы болсын осы саланың жұмысын жақсартуға өздерінің комақты үлестерін қости. Осы уақыттың праһыныңда мектеп директорлары болып көп еңбек еткен, артына жиқсіз із қалдырган Рақым Шәріпов Менжин, Айдархан Шәрәпиеев Құзбасс, Қайрат Рахин Совхозный, Рахат Халелов Айсары, Нығметжан Қабжанов Киев, Қажай Дәнияров Восход, Хасен Йүкшалов Ашықөл, Эдмунд Шмидтке Бостандық, Сара Жақанова Нистяков, Төлеген Мұнаев Айсары мектептерін көп жылдар бойы іске қарды.

Аудан білім орталарының жұмысын алға бастыру жолында пуландық атқару комитеті төрағасының орынбасары ғ.И.Козимиренко көп үлес қости. Зинаида Ивановна бұл салаға көп қоңыр белетін, әр мектептің жұмысын қадағалап отыратын, оларды жиі арапал, дұрыс бағыт бағдар беріп, ақыл-кенесін аямайтын.

Қазақ жаратылышынан өнер қуған халық болса керек. Елдің, үлгіттің атын шығарытын, дүниежүзіне паш ететін осы өнер. Оку білімсіз, түа біткен дарындылықтың арқасында қазақ өнерін шеңбертіп биікке көтерген, келесі ұрпақтарға үлгі болатын үлгіміздің талай ардақты әнші-жыршылары шықкан. Атабибамыздың өнерін қуған, оны дамытуға ат салысып, бертін кенес үкіметі кезінде де атақтары жер жарған әншіліріміз болған. Олар біндерінде бағымыз, өнер жүлдіздары, елдің атын шығарған үл-қыздары. Өнишілеріміздің біразы елден шықкан өнер иелері, өнерді әрі қарай шисихаттап, таланттарды табу үшін жергілікті жерлерде, әрбір елді мекенде мәдениет саласын дамытуға көп қоңыр белінді. Алдағы уиқытта да осылардың жолын қызып, өнер шынына көтерілетін жастарымыздың молдығына кәміл сенеміз. Тың игеру кезеңінен бері мәдениет саласына көп қоңыр белініп, әрбір кеншарда мәдениет шеңберінде салынып, іске қосылды. Солардың ішінде аудан орталығында жаңадан бой көтерген 400 орындық кинотеатр, екі

қабатты мәдениет үйі, «Ленинград», «Қызылту» кеңшарларындағы, «Восход» кеңшарындағы жаңа типті, «Киев» кеңшарындағы спорт залымен бірге, соңғы үлгіде салынған облыста жоқ мәдениет үйлері жұмыс істеді, басқа да елді мекендердің клубтары күрделі жөндеуден өтті, оларда әртүрлі көркемөнерпаздар үйірмелері жұмыс істеді, киноқондырылар орнатылып, халыққа кино көрсетіліп тұрды, ауыл-селодагы әрбір кітапхана белді мәдениет ошағына айналды. Көркемөнерпаздар үйірмелерінің мүшелері өз күштерімен концерттер үйымдастырып, халықтың көңілінен шығып, үлкен қошеметке ие боленетін. Ол кезде жергілікті жердің өзінде жыл сайын көркемөнерпаздар байқауы өтетін. Ауыл жастары бір-екі ай дайындалып, әр жаңрдан өздерінің өнерлерін ортага салатын. Бұл мәдени шараларға кеңшар басшылары көп көnl болетін, музикалық аспаптар сатып алынып, арнайы саҳнадық киімдер тіккізетін. Әр жылдары РСХО, «Кузбасс», «Бостандық», «Чистяков» кеңшарларының көркемөнерпаздар ұжымы аудан байқауының жеңімпаздары атанушы еді. Директорлары В.Н. Руденко, Т.К. Торғауытов, В.И.Лагута. Осы ретте, ерекше тоқталып, жақсы сөздерді тілге тиек етуге болатыны «Айсары» кеңшарының көркемөнерпаздар ұжымы. Бұл шаруашылықта директор Т.К. Қозғановтың басшылығымен, Т.Шәменовтың тікелей үйымдастырып, парторғ F.Айтмұхамбетовтың қолдауымен мектеп директоры Т. Мұнаев бастаған мұғалімдер ұжымы, барлық кеңшар мамандары, ауыл жастары қатысқан 70 адамдық хор аудан орталығындағы музикалық мектептің ұлт-аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен «Қекшетау» мәдениет сарайында өнер көрсетіп, облыс көркемөнерпаздар байқауының жеңімпазы атанды. Сол 1989 жылы аудан ұжымы облыстық байқауда ушінші орыннан көрінді. Әдетте, Тоқтабай Қозғанұлына тапсырылған жұмыстың орындалуына күмән келтіруге болмайды, ол бастаған істі жеріне жеткізбейінше өзі де тыным таппайтын, өзгеге де тыныштық бермейтін беймаза жан еді. Қөргені, түйгені мол, іскер, сөзінде тұратын асыл азамат болатын. Осы жылы бұл кеңшар Тағыда сол жылы бұл кеңшар Наурыз мейрамына арналған, Қекшетаудағы киіз үйлер байқауына қатысып, облыс бойынша бірінші орын алғып, Ленинград ауданының мерейін үстем етті. Бұдан бірер жылдан соң осындағы байқаудың және бір биік тұғырына көтеріліп, бас жүлдені иемденген болатын. Содан облыс атынан Теміртауда өткен Дүниежүзі қазактарының бірінші Құрылтайына қатысты. Сегіз Камаз

Жүк машинасы, бір автобус, бірнеше женіл автокөлікпен 60 кісіні үйлемдастырып, оның ішінде концерт қоятын әнші, күйші, бишілер, шілдесіндер, шынындағы қанатты киіз үйді құратын адамдар, аспазшылар, басқа да шоумендер бар, бірнеше күн қона жатып, абыраймен аман-есен шынындағы келу екінің бірінің қолынан келетін шаруа емес. Соның ырындағы Тоқаң өз мойнына алып, үлкен үйлемдастыруышылық қабілеттің көрсетіп, республика бойынша үшінші жүлделі орын алып калғы. Мәдениет саласына тоқталған соң, Т.Қ. Қозғановтың осы шағадагы еңбегін соңына дейін біржола айта кетейін деген ой келіп шылды. 1990 жылы Тоқтабай Қозғанұлы екі қабатты үлкен үйді құрделі жондасуден еткізіп, бөлмелерін бөліп, астыңғы қабатын сахнасымен концерт залы етіп жабдықтап, өнер мектебін ашты. Бұл өзі бір шиммәт гимарат болып шыға келді. Директоры болып Тыныштық Шеменов бекітілді. Бұл таңдау бекерден-бекер емес еді, бетке үстар шыныскер ақын әрі сазгер, қолынан іс келетін, қабілетті үйлемдастыруышы. Облыс көлемінде талай додага түсіп, ешкімге сессиян жібермеген ақын. Бір күні автовокзалың жаңынан етіп бара жүсам, облыстық ақындар айтысынан оралған Тәкең жолықты, шашыңдық сұрасқаннан кейін ішек-сілесі қатып қүледі, не болды десем, мін. Қайреке, несін айтасыз, жаңа автобустан тұстім, Қекшетаудан шылданнан үш сағат бойы Қызылтудың айтыскер ақыны Айтжан Әділбаевамен айтысып, келе жатқан жолаушыларға концерт қойып келдік» деді. Өмірде осындай жәйттер де бола береді.

Бұл өнер мектебінің салтанатты ашылу рәсіміне облыстық жімшілік басшысы Чапай Мұтәлапұлы Әбутәліпов арнағы келіп кіттісты. Ол кісімен бірге республикалық ақындар айтысының жеңімпазы, КР халық ақыны, Қазақстан ақын-жырышылар Одағының тұнғыш президенті Кекен Шәкеев келді. Ол кіслер құттықтау сез сейледі, осы жолы айсарылықтар Кекен ағамызға ат мінгізіп жіберді.

Бұл өнер-білім ордасы үлкен мектепке айналды, оның директоры Тәкең қабілеті бар деген балаларды жинап алды, шыныскер ақындар сыныбына қабылдады. Тыныштық шәкірттеріне ақындықтың қыр-сырын түсіндіріп, алғашқы әліппелерін, айту мөнерін, техникаларын үйретті, осы жолда жалықпастан көп тер тоқті, онысы зая кеткен жоқ. Қызы Ұлболсын Шеменова, Арман Іердалин сияқты дарынды шәкірттері облыстық окуышылар шытысына қатысып жүрді, онда жақсы нәтижелерге қол жеткізіл, көзге түсіп, ауызға іліне бастады.

Аудан әкімінің орынбасары болып істеп жүрген кезімде Арманды бірнеше рет Көкшетауға апарып окушылар айтысина қатыстырган едім. Алтыншы, жетінші сыныптарда оқитын кезі, әкесі бірге баратын. 1996 жылы ауданымызда Көкшетау облысының оныншы және соңғы жазғы селолық спорт ойындары өтті. Осы ойындардың ашылу рәсімінде арнау жырды Арманға айтқыздым. Басқа ақындарымыз да бар болғанымен, келешегі бар бала ғой деген оймен өзіне алдын ала айтып қойғанмын. Арман жерге қаратқан жоқ, тапсырманы ойдағыдай орындалап, осы іс-шарага әдейі арнал, өзі шығарған бес-алты шумак мазмұнды өлеңін домбыраға қосып шырқап берді. Өте сәтті шықты.

Бұл облыстық спорт ойындарының ашылу рәсіміне облыс әкімі Д.Б. Жанголов, облыстық кәсіподақтар кенесінің тәрагасы В.Б. Косарев қатысып, құттықтау сөз сәйледі. Қын уақыт, соған орай, қол қысқа болса дағы, стадионды жақсылап дайындағы, бұл іске аудан орталығындағы мекемелердің барлығы ат салысты. Осы спорт мерекесін салтанатты түрде ашуға да мүқият мән бердік. Көкшетауға барып, облыстық орыс драмтеатрының режиссерімен келісіп, бір апта бұрын алдын келдім. Ол сценарийін жасап, сол бойынша спорттық ойынның салтанатты ашылу рәсіміне қатысадын қырық-елу кісімен күнде дайындық жасады. Мен де күнде соның басы-қасында болдым. Қазақтың ұлттық киімімен он алты ауданының аты жазылған тақтайшаны ұстап шығатын қазақ қыздарды дайындағы. Қырық шақты биши стадион алаңына шығып, бірнеше билерді орындал беруге тиіс болатын, одан басқа да көріністер де болып, аспанға көгершіндер ұшырылды. Бұл мереке ашылатын күнді асыға күтіп, әйтеуір, барлығы ойлаганымыздай өте сәтті өтті. Бір қызығы (ол тап сол сәтте қызық емес еді-ау), бишілер билеп жүрген уақытта электр қуатын тек стадионга ғана бергенімізben, подстанцияның күші жетпей, жарты минет шамасында жарық сөнді де қалды. Сол кезде қырық адамнан құралған бишілер түк болмағандай, қобалжымастан, еңкейген қалыптарында замри дегендей тұрды да қалды, свет беріліп музыка ойнаган кезде, би бір кісідей одан әрі жалғасып кетті. Бұл өте жақсы дайындықтың белгісі еді. Облыстың атақты спортшыларынан құралған топ стадионды айналып жүгіріп өтіп, бір-біріне спорт алауын тапсырып, сонында арнағы биік тұғырға орнатылған үлкен алау тұтатылды да, облыстық спорт ойындары осылай басталып кетті. Ленинградскийден Айсарыға шығатын

жоғындаң жағына Шат өзенінің бойына киіз үйден үлкен ауыл шүрлемек, ұзыннан-ұзақ көшө жасап, әрбір ауданның делегациясы орнапастырылған киіз үйде қонақасы берілді. Оларға жарық беру үшін екі шақырым жерге электр желісі тартылып, тұні бойы электр штампшыры жаңып тұрды, электраспапттарына арналған розеткалар да орнаптылды. Су таситын машиналар қойылып, сүмен қамтамасыз үшін ғұрды. Кездейсоқ апат болмасын деп өзен бойына қайықпен үзүсті қойды.

Екі қүнге созылған «Ақ бидай» селолық спорттық ойындары өткізу мәресіне жетті. Жалпы, бұл спорт мерекесін жогары деңгейде, жақсы үйымшылдық танытып, қандай қынышылық болса дагы үшін беріл, тар кезеңнің ауыртпалығына қарамай өте сәтті өткіздік. Қаримай, бұл спорттық мерекені сәтті аяқтадық. 1997 жылғы 100-шынын, осы спорт ойындарының эстафетасын көрші Ленин ауыппына тапсырдық, бірақ, облыстың жабылуына байланысты мүндай шара оларда болмады. Облыс әкімі Д.Б. Жаңғалов жақсы үшін беріл кетті. Келесі қүні әкім планеркада айтса керек, облысқімдіктің жігіттері жақсы өткізуімізге байланысты құттықтап шоппдан жатты. Енбегімізге жақсы баға берілгені үшін бұған біз де мерейіміз тасып, көтеріліп қалдық.

Арман оқуын бітіріп, есейе келе ақындық жолынан тайған жоқ, жылдан-жылға тәжірибе жинақтап, талай облыстық, республикальық айтыстарға қатысты, жүлделі орындардан көрініп жүргіл. 2004 жылы Қекшетау қаласында республикальық кезекті 100-шы үйымдастырылды. Бүкіл облыстан 16 жұп қатысты, ол 32 штатынан ақын деген сөз. Құрамы өте мықты, республикаға әйгілі шкіннідар, сен тұр, мен атайдының нағыз өздері. Ақындар штатының бас арбитрі Ерман Жүрсін бір себептермен келе алмаса керек, бұл айтысты өзіміздің атақты айтыскер ақыннымыз, белгілі миңаңшы, республикальық айтыстардың жеңімпазы, жазушы, премиятург, кинорежиссер Баянғали Әлімжанов жүргізді.

Жюри мүшелерінің ішінде өзіміздің жерлесіміз, Қазақстанның ұлттық жазушысы Сәкен сері ағамыз да болды. Екі қүнге созылған 100-шы да өз мәресіне жетті, бір-біріне есесін жібермейтін атақты шкіннідардың арқалары қозып, біраз жерге барды. Осы сайыста Арманның бағы жаңып, Гран-при жүлдесін жеңіп алғып, астына ғемір тұлпар мінді. Бүкіл қекшетаулықтар болып қуандық, әрқийсіміз өзіміз жеңгендей болдық, тебірендік, мактандық. 100-шыда менің отырганымды көрсе керек, шығып келе жатқанда

алдымнан Арман тосып тұрып, сәлем берді. Білетін адамның ісін жасады, менің де аздал көрсеткен көмегімді ұмытпаған еken деп ойладым және қуандым. Рахыметімді айттып, шыгатын тұғырың биік болсын, тасың өрге домаласын, басыңа таудай бақ берсін деп шын ниетпен, ағалық көнілмен батамды бердім. Кейде есіме түскенде сол Арманның арманы орындала берсе еken деп ойлаймын. Арман Тыныштықтың ойлаған ойынан шықты, шәкірті ретінде оның еңбегін зия кетірген жоқ. Сонымен, Айсарыдан қос ақын шықты, бірі ага, бірі іні, бірі ұстаз, бірі шәкірт.

Содан 1990 жылы тағы да облыстық көркеменерпаздар байқауына қатыстық. Бұл жылы біздің бетке ұстар ұжымымыз «Чистяков» кеңшары болды, ейткені, жылда бір ұжымға бас жүлдені бермейтінін білеміз, бар салмақты соларға салдық. Шаруашылық директоры Т.Қ. Торғауытов болатын, ол керемет белсенділік көрсетіп, басшылық жасады, парторт Қ.Б.Рамазановтың ұйымдастыруымен кеңшардың бүкіл мамандары, ауыл жастары түгелімен, мектеп директоры С.Т. Жақанова бастаған мұғалімдер ұжымы, облыс көлеміне танымал әншілер Қайролла Тәшкенов, Амантай Магалиев, Дүйсеке Дайыров бар, құрамында 60-тан астам адам қатысқан үлкен хор ұйымдастырылды. Бұл арада Қайыргелдінің еңбегін ерекше айтқан жөн, ейткені, осы жұмыстың басы-қасында болып, ұйымдастырып, бас скрипканың рөлін атқарған сол. Осы хорды сүйемелдеуші, жыырмага тарта мүшесі бар, аудандығы музыкалық мектептің ұлт-аспалтар оркестрі болды. Бұл оркестрдің жетекшісі Амангелді Тошкеновтің еңбегі зор, ағасы Қасымжан Хасенов екеуінің қатысуымен және құрамында өздерінің әйелдері, балалары, басқа да мұғалімдер, окуышылар бар, әр түрлі музыкалық аспалтарда ойнады, хорға қатысуышылармен бірге бас аяғы сексен адамға жетті. Қасымжан, Амангелді екеуі де Қарағанды педагогикалық университетінің музыкалық белімін бітірген кәсілкой, шебер музыканнтар және әншілер. Облыстық байқаудың қорытынды концертін біздің хормен аяқтады, бұл үлкен жетістік, бізге артқан сенім болды. Бұл жылы осы хорымыз тағы да облыс бойынша бірінші орын алды. Бас дирижер Амангелдінің еңбегі зия кеткен жоқ, бас ұйымдастыруши сол болды. Бұл жолы ауданымыз бір сатыға жоғарылап, екінші орынды иемденді.

Қасымжан мен Амангелдінің арқасында аудан көркеменерпаздары жыл сайын облыс бойынша алдыңғы қатарда жүрді. Олар басқарған ауданның музыкалық мектебі облыс

байынша алдыңғы мектептер қатарында болды. Бұлардың өз оттисы мүшелерінен құрылған ұлт- аспаптар оркестрі облыстық биіктікіндең женімпазы болып, республика бойынша лауреат инициатива.

Келесі 1991 жылы Ашықөл көркемөнерпаздарын алға салдық. Ішінше де өзіміздің шаршап-шалдықлайтын Амангелдіміз Шілдемісты, соларды ұйымдастырыды. Кеңшар директоры М.С.Лұқпанов басты ұйымдастыруышылық рөлді өз мойнына алды. Ішкіл ел болып алпыс шакты адамнан құралған үлкен хор музыкалық ұлт-аспалтар оркестрінің сүйемелдеуімен көзге түсті, аудиторияның басқа да солистерінің, дүэттерінің, вокалдарының, оркестрінің, домбырашыларының, күйшілерінің арқасында аудан коркемөнерпаздары облыс байқауның ең биік тұғыры бірінші призига көтеріліп, женімпаз атанды.

Мұқаметжан Сағынтайұлының ұйымдастыруышылық кабілеттінің тағы бір қырын айта кетейін. 1993 жылы облыс орталығы Көкшетауда Наурыз мейрамына бір кіргіз үй апару керек болды. Аудан әкімі К.М. Шалабаев мені кабинетіне шакырып шынып, қай ұжымды жібереміз деп ақыл қостық, ол кезде мен әкімнің орынбасары болатынмын. Содан «Ашықөл» кеңшарын жіберетін болып шештік. Сол күні Қайырбек Мақанұлы М.С. Лұқпановпен телефон арқылы сөйлесілті. Келесі күні сонда барсам Мұқаметжан клубта жүр, бүкіл суретшілерді жинаған, ағаш шеберлері де сонда, орынбасарлары да, басқа да барып кел, шауып кел дейтін «нокерлері де» жаңында. Жұмыс қызу жүріп жатыр. Сағынтайұлы шілда-санда айтып кояды: « Я покажу областникам как юрты информлять надо» -деп. Бір директор айтыпты ғой, мен көшениң мүни басынан ақырсам, ана басындағы жүкті әйелдің баласы түсіп кіла ма деп қорқамын деп, солай демекші, барлығының екі ағын тир етікке тығып Мұқан айдатып жүр. Бұл жай айғай болған жоқ, шығын іскерлік жұмыс болды.

Содан атаулы күні Көкшетауга бардық. Үлкен алты қанаттың үй құрылды, сырты ақ шаңқай матаға оюолар салынып комкерілген. Ана дайдан күннің көзіне шағылысып көз тартатын үшін ордасындағы көрінеді. Сыртын елден ерекше қылышп, ертедегідей топтан өріп жасалған шарбақпен қоршап, ауылдың аты жазылған есік орнатылған. Ишіне кірсең шыққысыз, ете сирек кездесетін үшімбыздың ертедегі дүние-мұлкі, ыдыс-аяқтары, басқа да күнделікті қолданылатын қажетті заттар, неше түрлі күмістелген ат

әбзелдері, барлығы да көз тартады, көрген затынды қайра-қайра ұстап көргің келе береді. Өзінді басқа бір дүниеге кіріп кеткендей сезінесің. Дастарханға тағамның алуан түрі дайындалған, басқаны айтпағанда, біздің жақта өте сирек кездесетін түйенің етіне дейін бар. Бұл үйдің іші мен сыртындағы дүние мен тағамның саны мен түрі бүкіл басқа кигіз үйлердікін қосса дагы барлығынан асып түседі. Ауладағы шарбақтың ішінде қазакта қандай мал бар, соның барлығы осында, басқасын қойғанда түйе, есекке дейін бар, Ақан серінің Құлагері мен су ішетін ағаштан қызып жасалған құдығы да тұр, орта кезіне орналасқан саятшылардың аңға қосатын бүркіті мен тазыларын да көруге болады. Қарап тұрсаң ғажап, мерекеге келген бүкіл бала-шага осында, кейбір ата-аналар балаларын іздесе осы арадан табады, аксақал мен әжелер немере, шөберелеріне қойылған заттардың атын айтып, баяғыда біз осылардың барлығын қолданғанбыз деп, сол заманды еске алтып, шіркін, өтіп бара жатқан өмір деп көздеріне жас алғандарын да көрдік. Той өтіп жатқан жақтағы шарбақтың ен-бойына орнатылған сөрелердің үстінен қатар-қатар қойылған тағамдар, оның ішінде қымыз, шұбат, қазысы үш елі шықкан жылқының еті, омыртқа, жаялардың қыртысы еліге жақын, жуан қартаның іші іркілдеген май, жылқыда мынадай жал болама деп таңданған халық, осының барлығы тойға келгендеге тегін таратылуда. Тойға жиналған бүкіл халық, біздің киіз үйдің алдында, ығы-жығы, аяқ басар жер жоқ, бірі келіп, бірі кетіп, сабылышып жатқан адамдар, барлық қөкшетаулықтар көшіп кеткен сияқты. Кигіз үйдің есігі ашық, қызықтап кіргендерге жайылып тұрған төрт-бес дастарқандагы бешбармақтан ауыз тигізіп жатыр, ішінде көз тартар ұлттық киім киген аксақалдар мен әжейлер ақ баталарын беруде, сал-серілерше киінген жігіттер ән салып домбыра шертіп отыр. Қонақтарға именіп, кібіртіктеп жүріп қымыз, сорпа ұсынып жүрген белдері мың бұралған бойжеткендер, көлдегі жүзген акқуларға ұқсан калықтап басқан, көздің нұрын алатын періштедей кілең сұлу қызы-келіншектер, кіріп-шығып жүрген әлті бикештерден көз алмай, танқалып тұрған толып кеткен сұрбойдақ жігіттер, бір-біріне құбірлесіп, Ащыкөлдің қыздары неткен шеттерінен сұлу еді деп жымың қағысады. Есіктің алдындағы сахнада концерт қызууда, кеншар директоры Мұқамеджанның өзінен бастап бүкіл ащыкөлдіктер ұлттық киім киген, нағыз той осында. Басқа кигіз үйлердің алдында тұрған күзетшілер ішке лауазымды адамдар мен комиссия мүшелерінен

Биң кі тірі пенде жібермейді, маңайлары қаңырап бос түр, көштөн кіншін үйлер сияқты, содан мейрам біткенше біздің маңайдан шоппик бір толастаған жоқ, бәріне таңсық, басқа ұлт тұрсын, ономіздің ағайындардың өздері таңдай қағысты. Тойдың аяғында комиссияның тәрағасы кигіз үй байқауының қорытындысы үйінші бірінші орынды осы кеншарга бір ауыздан бергендігін шыншылдады. Сонымен той бітті, «Ашықөл» алға шықты, Мұқамеджан айытқанын істеді, бүкіл елге кигіз үйді қалай тігудің, тоғызы қалай өткізуің үлгісін көрсетті.

Бұл да бір сын, Сагынтайұлы сол сыннан сүрінбей өтті, оның үшімдістіру қабілетінің керемет екенін көрдік және сендік, сөзі мен ісінің сабактасып жатқанының күесі болдық.

Лудандық, облыстық көркеменерпаздар байқауына қатысып, мәдени саланың өркендеуіне, өнердің халық арасына шисіхатталуына өздерінің зор үлестерін қосқандардың ішінде шудындық партия комитетінің жауапты қызметкері Қайыржан Жиржанұлы Малғаждаровты атауга болады. Қайрекең зор шұмысты, диапазоны кең, өлеңді домбыраға қосып айтатын. Қобинесе жұмыс бабына байланысты репетицияға бара қоймайтын, соңда айтатын: «мен үшін саспандар, түнде шырт үйқыда жатқанда ояқсандар да кез келген өлеңді Көкшетаудың төрінде отыргандай шының беремін»- дейтін.

Бұл 1970-1972 жылдары болатын. Байқау болатын күні шығытында жүретін, Көкшетауга барғанда да сенімді ақтайтын шығын азамат еді. Ол кісі аюқарқын, әңгімешіл, сіз-біз деп тұратын шілдес мәдениетті, байсалды болатын. Сол жылдардан кейін «Коммунизм», «Чехов» кеншарларында көп жылдар бойы парторг болыш қызмет істеді. 80-ші жылдың сонында, 90-шы жылдың сонында Қызылту ауданында халықтық бақылау комитетінің горғасы, аудандық әлеуметтік қамтамасыз ету бөлімінің мемлекерушісі қызметтерін атқарды.

«Чистяков» кеншарының азаматы Қайролла Ташкенов шырғытон дауысты, әнді нәшіне келтіріп айтатын өнерлі жігіт болды. Ол кейбіреу құсап ешқашан бұлданбай, айтатын әнін қатырып тұрғын айтып беретін. Облыстық, республикалық байқаулардың шиуреаты атанып жүрді. Бір жылы концертте отырган аудандық шырғия комитетінің бірінші хатшысы И.И. Небеснюктің «мына шығын» Қайролла Ермек Серкебаевтің окушысы емес пе, сол дауыспен айтады екен»- деп таңқалғаны бар. Мұны айтып

отырғаным, ол кісі көрінген адамды мақтай бермейтін, ол жағына өте саран еді. Расын да, да Қайрекенді бүкіл көрермен ұйып тыңдаушы еді.

Рақым Баймаганбетов ішкі істер бөлімінде істеді, талай додада бәйге алып, талай байқаудың лауреаты атанды. Қызылтудың 80 жылдығына арналған «Байрақты бай өлкем» атты кітапта Рақаң туралы «Бұл кісінің әнін тыңдаған адамдар «Рақымның алдында көптеген әншілер ән айтуга жүрексініп, тайсақтай беретін», - дейді. Дауысы қоңыр, әсіресе Ақан, Біржан әндерін нақышына келтіре орындайтын болған. Бір жылы Рақаң, жас кезі, Қызылтуда істейтін жылдары республикалық байқауға қатысады. Сол додада онгустіктің бір жігіті Біржанның «Жанбота» әнін орындайды. Сахнадан түсे бере оны Рақаң токтатып: «Жігітім, токтай тұр! Сен біздің Көкшениң Біржан салының әнін қате орындалдың, бұл ән мүлде басқаша орындалады!» - деп даусы саңқылдап, сахнаға шыға келеді. Зал іші дүрлігіп кетеді, қазылар алқасы да абыржып қалады» деп жазады. Сонымен арапарында атақты әнші Жұсіпбек Елебеков бар қазылар екі әншіге де осы әнді кезек-кезек айтқызып, ақыры, Рақымды жеңімпаз деп танып, бас бәйгені береді. «Жігітім, сен дұрыс айттың», - деп Жұсекен риза болып, әділ бағасын беріпті» деп жазады қызылтулықтар. Сол Рақаң орта жасқа келсе де талай байқауға қатысып Ленинград ауданының намысын қорғады. Нағыз жеңстандай, әнші, өнер дүлділі болды.

Тағы бір санлағымыз туралы айтпай кетпеуге болмайды. Сайран Мағзұмов аудандық атқару комитетінде нұсқаушы болды, аудандық мәдениет бөлімін басқарды. Өнер саласын дамытуға оның да қосқан қомакты үлесі бар. Домбырамен ән салатын, керемет дауылпаз күйші болды. Ол «Огинскийдің полонезін» домбырага қосқанда қайта-қайта тыңдағың келетін, басқа үлттың өкілдері домбырамен бұлай тарту ғажап қой, тіпті мүмкін емес деп тандай қагысатын. Сайран кезінде Югославия мемлекетінің астанасы Белградта еткен Халықаралық фестивалге қатысып күй тартқан жігіт. Бір мойынайтын, ақжарқын, аккөңіл азамат еді. Эттең ғұмыры қысқа болды.

Өнердің тағы бір түріне тоқталуды лайық көріп отырмын. Ол - ойын-сауық «Тамаша» отауы. Сонау 70-інші жылдары құрылған тамаша тарландарының қатысуымен болған концерттерді халық теледидар арқылы асыға күтүші еді, аз уақыттың ішінде көрермендердің жүргегін жаулап алған, көптің аузынан түспейтін,

шын-сықақ жанырын одан ары қарай асқақтатқан «Тамаша» шоуының беделі өсе берді, көрермендерінің саны күннен-күнге үшінші түсті. Осы театрға еліктеп, барлық облыс орталықтарында өз «Тимшалары» ашыла бастады. Олардан аудан, ауыл-село жастары көпшіліккінде болды. 90-шы жылдың оңайында облыс байқауы үйымдастырылды. Облыстың жюри мүшелері аудандарға барып, өнерпаздардың өнерлерін сараптап, шығарылап корытындысын шыгарды. Ақырында біздің ауданың үжымы бірінші орынды иемденді. Бұл орайда, көп рахмет айтуда ғұрыптықтай еңбек еткен өнерпаздар-ағайынды Қасымжан мен Амантүлесілді және олардың жұбайлары, жеке бөліп, ауыз толтырып шығуға болатын, актерлік қабілеті бар Мәншүк Маймақова, т.б. ономастын.

Жогарыдағы айтылған жетістіктердің барлығы үлкен үйымдастыруышылықты қажет етті. Осы жұмыстың басы-қасында жүріп, өзінің міндетін аткарып, әр адамның көнілін тауып, біреуінің оғынан, біреуінің солынан шығып, екіншісін мақтап, үшіншісін сипап, кімге болмасын ұлтарақ болардай ақыргы сезін айтып, өнер шыныңдағын үйымдастырып, олардың бастарын біріктіріп, солардың қолгайын тауып, талай концерттерді үйымдастырып, аудандық, облыстық көркемөнерпаздар байқауына қатыстырып, соған үйтқы болып жүрген азаматымыз, аудандық мәдениет белгілімінің мемлекерушісі болып істеген Ахмет-Тұран Қабышұлы Итжанов. Халықпен жұмыс істеу өте күрделі, оған қабілет керек, әрбір шының психологиясын білу қажет. Өнерді, аудан бойынша жиһізы мәдениет саласын көтеремін деп ауырдың астымен, женілдің үстімен жүрген Ақаң барлық білімін, үйымдастыруышылық қабілетін жұмсақ қызметін адал атқарған адамның бірі. Ол мәдениет саласында әр түрлі қызметтерде өмір бойы істеді десе болады. Ахмет ақкөніл, жайдары, ашық мінезді, біреуге жамандығы жок, жолдастыққа берік, құлықшыл адам еді. Оның отырган жері ойын-кулкі, қайдағы бір әңгімелерді айтып жанындағыларды құлкіге қарқынып отыратын. Өтірікті шындағы қылып «үккенде» бір кірпік қақпайтын, анқаулардың солай шәпкесін айналдыратын. Артынан анау әлгі сөзге сеніп қалды деп, өзі қүлетін. Қалжыңсыз отыра алмайтын. Әзілің жаарасса атаңмен ойна демекші, оның ойнамайтын кісісі болмайтын. Сейтіп жүріп жұмыс бабына келгенде бастық пен қаралайым адамның да, үлкен-кішінің де срек-әйелдің де, орыс пен қазақтың да тілін тауып айтқанына

көндіретін. Өй, оны қойшы, қазір көндіреміз, бізге ол «картошка» емес пе дейтін. Сосын миын шағып, басын айналдырып тастайтын, ақырында, анау бұнын айтқанына көніп, әрен құтылатын. Сондай епті, иненің көзінен өтетін азамат болды.

Оны облыстық мәдениет басқармасындағы қызметкерлердің барлығы жақсы билетін. Ол олардың сенімдерін ақтайтын және көңілдерінен шығатын, сондыктан, Алматыдан келген әртістерді біздің ауданға жіберетін. Біз оларды дұрыс қабылдап, ауылды мекендерге апарып, концерттерін қойғызып, келесі аудандарға шығарып салатыныз.

1990-1991 жылдардың жазында ел сыйлайтын атақты әншілеріміздің біразы келіп кетті. Олардың ішінде Қазақстан Республикасының халық әртісі Роза Рымбаевамен жұбайы Тасқын Оқапов, Дос-Мұқасанның жетекшісі Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері Мұрат Құсайынов, Қазақстан Республикасының халық әртісі Нұрғали Нұсіпжанов, Қазақстан, Қырғызстан республикаларының еңбек сінірген әртісі Алтынбек Қоразбаев, жанында ол кезде әлі бала Мейрамбек Беспаев болды, «Тамашаның» тарланы Мейірман Нұрекеев, «Қыз Жібек» көркем фильмінде Төлеген ролін тамаша сомдаған Қазақстан Республикасының еңбек сінірген әртісі Құман Тастанбеков, Қазақстан Республикасының еңбек сінірген әртісі, жерлесіміз Қапаш Құлышева, Қазақстан Республикасының халық әртісі Мақпал Жұнісова, әрқайсысы өз ұжымдарымен келіп концерт қойды. Ауданның халықтары мәдениетке жақын тұратын. Елге өнер қайреткерлері, осындай әншілеріміз келгенде Мәдениет үйлері лық толып, аншлаг болатын. Оларды көрмермендер жылы қарсы алып, әрбір әндеріне үлкен қошамет көрсетіп, шапалақтарын аямай, шын көңілдерімен қолдап отыратын.

Ауданда қазақ және орыс тілдерінде екі газет басылып шығатын. Олар «Дала дидары» және «Совхозная правда», ол кезде «правдасызы» өлеңтіндегі болдық қой. Бұл газеттер ауданның экономикасының өркендеуіне, элеуметтік саласының жақсаруына өздерінің таудай үлестерін кости, ауыл шаруашылығы тақырыбына жазылған көлемді мақалалар газет бетінен жиі жарық көріп, әділ сындар айтылып, оларды жою жолдары да айқындалатын, Социалистік жарыстың орындалу барысы әрдайым тілге тиек болатын, бір кеншардың да, басқа мекемелердің де проблемалары газет бетінен тыс қалмайтын. Білім беру, денсаулық сактау,

мәдениет, спорт мәселелеріне де көп көніл бөлінетін, жаңалықтың жиришісі болатын, көптеген рубрикалар ашылып, журналистердің шығыр қalamдарынан тың мақалалар шығып жататын. Алма-кезек осы сікі газеттің редакторы болып істеген Ж.Ж. Хаметов деген шимді. Жандәүлет Жаңбыршыұлы ете білімді, екі тілде майын шығып, шегелеп тұрып сөйлеп беретін. Турашыл, соңдықтан, кейбір қызмет бабындағы адамдар оны түсіне бермейтін. Негізінде Жакең жұмысқа берілген адам, тиянақты, жаңалықты қостап отыратын, келешекке сенімі мол, ұлтжанды, біреудің қас-қабагына кирамайтын, айтатынын бетіне басып, көзін шұқып айтатын. Газеттердің сапасы мен мазмұнын жақсартуға, тиражын көбейтуге көп еңбек етті.

Осы орайда, газет туралы айтатын болсақ, сол кезде екі-үш жұмынга облыстық «Көкшетау правдасы» газеті бір-бір меншікті ғана үстайтын. Осы газеттен біздің жақтың Қызылту, Ленин және Непиниград аударының газет тілшісі болып, 1973 жылы Алматының Жогары партия мектебінің журналистика факультетін бітірген 1977-жылдан 1986-жылдан Жалмұрзенов келді. Офисі біздің аудандық газеттің ішінде болды. Ол кісі өз мамандығын жақсы көретін, кеншарларға шығып көнтеген мақалалар жазып тұратын, көп ұзамай Володар (қазіргі Айнартау ауданы, СКО) ауданына ауысты.

Одан кейін де біраз журналистер істеді, солардың ішінде Қызылбай Төреғожа біраз жылдар бойы біздің ауданның сүйнін ішіп, қом-тұзын татып, таза ауасын жұтып, адал еңбек етіп, ауданың экономикасын өркендегуе көп ықпал жасап, әлеуметтік саласына шын мән беріп, көлемді мақалалар жазып, газет беттеріне жарияладап, шын еңбек етті. Ол кездегі қоғамда сынсыз жұмыс жүрмейтін, «шын және өзара сын» деген сөз миымыздан шықпайтын лексикон болды. Қайда барсак та, сейлессек те, қалтамыздан да, қонының миымыздан да бір таусылтамай шыға беретін, азып-тозбайтын сол сын болатын. Оған барлық басшылар да, халық та үйреніп алған, қонының миымыздың бұл қаруымыз болмаса, жұмысымыз құрдымға көткендей, үйқысыз таң аттырып, ішкен асын ас болмайтындей шимді еді. Соған бәріміз үйрендік. Оны айтасыз, кейбір кезде дос-жарраның арасында отырып, сын айтуга тісің қышып отыратын чиқыт, кейде шыдамың таусылып бірденені қойып қаласың да, шынан ойлап, «секөт жағдай болды ау, бұл жиналыс емес қой» деп, озіңнен-өзің қуыстанып, біраз отырган соң қалжыңға шынадырып, езіңнің тапқырлығына іштей мәз болып

тынышталасың. Ал, енді газет бетіндегі сын басқаша, ол біздің олқы жерлерімізді түзөуге, экономикамыздың өркендеуіне, еліміздің ғұлденуіне, ішкі резервтерді іске асырып, бірқалыпты жұмыс істеуге таптырмайтын құрал. Халықтың арасында үгітнасихат жұмыстарын жүргізетін бұқаралық ақпарат құралдарының бір жанры болып есептеледі. Газеттің үнін лайдалана отырып, аудан талай белестен өтіп, жақсы жетістіктерге жетіп жүрді. Жоғарыда айткан журналист Қайыrbай Төрекожа біздің ауданың өркендеуіне газет арқылы өз үлесін қости. Біз жакта жүріп мол тәжірибе жинақтады, үйреніп тоқуы көп болды, бұл адам өте кішіпейіл, білімді, адамгершілігі мол азамат, қаламы ұшқыр журналист. Қазіргі уақытта Ақмола облыстық «Арқа ажары» газетінің редакторы болып қызмет істейді.

Бұл жерде өзіміздің жерлесіміз, белгілі журналист Серік Смагұловты айтпай кетпеуге болмайды. Әкесі Зәйкеш Смагұлұлы ағай ауданда сыйлы азаматтың бірі болды. Аудандық партия комитетінде партиялық кабинеттің меңгерушісі болды, оқу бөлімінде қызмет атқарды. Шешесі Растан апай да (Роза апай дейтінбіз) райкомда қызмет істеді.

Кезінде атақты жазушымыз Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мұсірепов өз үйінде, өзінің бір мерейтойында асаба қылған Сәкенге сері деп ат берген. Халық жазушысы Сәкен Жұнісов пен Зәйкеш ағамыз Алматының КазГУ-інде бірге оқыған, мамандығы қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, солармен бірге оқыған Сәду Әбжановтың мамандығы географ, ал, енді ағамыздың таңдағаны барлығымызға белгілі журналистік мамандық.

Серіктің таңдаған мамандығы орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Сол салада өзінің Айсары елінде бірер жыл қызмет еткен соң Серік Зәйкешұлы бірден журналистикаға ауысып, біраз уақыт бұрынғы Қекшетау облыстық «Степной маяк» газетінің тілшісі болып істеді, журналистиканың қыр-сырын үйреніп біраз өмірін осыған жұмсады. Келешегінен көп үміт күттіретін жас жігітті бұрынғы Қекшетау облысы әкімдігінің баспасөз қызметіне кеңесші етіп алады, әкімнің көмекшісі қызметін атқарады. Ақмола облысы әкімдігінің баспасөз қызметінің жетекшісі болып істеді. Егіндікөл ауданы әкімінің орынбасары болды. «Қекшетау ақындар елі» поэтикалық альманахының құрастыруышы, әрі шығарушысы. Сонымен қатар, жазушы Төлеген Қажыбаев ағамыздың «Ақиқат жолы алыс жол» кітабын орыс тіліне аударған. Қазіргі уақытта

жылалық «Степной маяк» газетінің редакторы болып жемісті еңбек сипи жүр. Мәдениетті, кішіпейіл, үлкен-кішіні сыйласп тұратын жарнайым азамат.

Осы елдің тұмасы журналист-жазушы Сәкен Хамидоллаұлы Аксенеев туралы бірер сөз. Бұл ағамыз 1936 жылы 20 қарашада ғұрынығы Көкшетау, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Қызылту, бертінгі Ленинград ауданының Айсары ауылында туған.

Еңбек жолы Целиноград педагогикалық училищесін шілдегінен кейін Ақмола облысының Астрахан ауданындағы Жамбыл сегізжылдық мектебінде мұғалім болудан басталды. Жынынан жазуға қабілеті бар Сәкен сол кездегі Тың өлкелік «Тың шикессі» газетіне әдеби қызметкер болып қабылданып, сонаң кейінгі тиң омірі баспасөзбен байланысты өтті. Ол Ақмола облыстық «Коммунизм нұры» және Көкшетау облыстық «Көкшетау правдасы» шығармаларда жемісті қызмет атқарды. Алматыдағы Жоғары партия мектебін білдіргенмен кейін Сәкен Хамидоллаұлы Торғай облысына қызметке жіберіліп, баспасөзде мемлекеттік құпиялықты сақтау жөнніңдең басқарманың бастығы қызметін абыраймен атқарды. Кейін Көкшетауда осындай облыстық басқарманы басқарып, Қоқиетау облыстық телерадиокомпаниясы төрағасының орынбасарлығынан құрметті еңбек демалысына шықты.

Ауданда істеп жүргенде Аманжол Мұқаметқалиұлы Сәтиевпен көрші тұрдық. Еті тірі, сөзге майыр, әнгімешіл, аққөңіл, мысқылы да бар, бір кісіге қөңілі қалса, оны өмір бойы үмітпайтын жан. Қайреke, соны қойши, сұбықаным сүймейді цейтін.

«Менжин» кеңшарының бас инженерін бір жақсы шыруашылықта парторғ қылып жіберу керек болды, ұсынған шілдемдер оның ол жерде, ол жұмысты істей алмайтындығына және коммунистердің салламайтынығына көздері жетіп тұр, түпкілікті міңсат директор қылу, соған баспаңдақ қажет, ол кезде де «крыша» қолиды, бірақ, білдіртпейтін. Аудан көлемінде алдынғы қатарлы шыруашылықтардың бірі «Восход» кеңшары. Оnda Аманжол ның ғылыми сияқты, бәлен жыл бас зоотехник болып істеді, парторғ болып та тәжірибе жинады, директор Л.А. Рыжий екеуінде арасы жіманс емес. Барлығына қарамастан, қара нұктес осыған қадалды. Ол кінкене қасарысты, олай-бұлай бұлтыңдаң көріп еді, одан ғашындағы нәтиже шықпаган соң, жүні қайрылған қарсақтай иіле кетті. Оның есіне, күштінің арты да диірмен тартады деген сез түсті

той деп ойлаймын. Екінші жағынан Менжин де бетке ұстар шаруашылық, халқы да жақсы, аудан орталығынан алшақтығы да бірдей. Содан Аманжол Мұқаметқалиұлы «Менжин» кеңшарына парторг болып сайланды, оның орнына сүйемелмен кеткен В.А. Гидеон барды. Бірнеше жылдан соң әбден сіңісп қалған Аманжолды тағы қозғады. Әуелде, Әбекен барғысы келмеген, сонынан кеткісі келмейтін адамның артынан тағы да шырап жағып түскендей, сонына түсті, өйткені, ол шаруашылықта парторг қылып әйел адамды жіберу керек болды. Ол кезде саясат солай болды, ауданда бір әйел райкомның хатшысы, бір әйел райисполком төрағасының орынбасары, бір әйел кеңшар парторгы болу керек. Сол таңдау Менжинге түсіп, онда парторг болып менің бөлімімде істеген Айтжамал Нығметқызы сайланды. Содан Аманжол аупарткомның аппаратына қайтарылды. Екі-үш жылдан соң май зауытының директоры болды. Нагыз соның қолы, өйткені, мамандығы зоотехник болатын. Қулгенде қарқылдалап құлуші еді, енді оның құлқісі жер жаратын болды деп қалжындаитынбыз. Қөрші болдық, жолдас болдық, жасы үлкен болса да ойнымыз жарасатын. Бір күні, Қайреке, сен мені Аужаға деп ата дейді. Ей Аманжол саған не қөрінді, тұс қөріп шықтың ба, сау басыма ауру тілей алмаймын, сен бәлен жыл өмір сүріп, талай қызмет атқарып, екінің бірі қол жеттептін сонау Францияға барып келіп тапқан атың сол ма, қан тамырыңың согуы қалай? дедім. Жоқ, мен сені олай келемеж қылаалтамаймын, ертең барлығы солай деп кетеді, орта жасқа келген, ақыл тоқтатқан азаматсың, ал, мен сені Аужаға деп ау мен жағаға теңеймін бе, әсіресе, ауың не, жоқ олай болмайды, Әбеке деп атаған қандай жарасып тұр, солай атаймын. Егер саған Аужаға ұнайтын болса, ана Керейбаев ағана айтқызы, ол сенің айтқаныңды орындаиды, тек анда-санда зауыттан жәшіктеп май беріп тұр дедім. Қыдыrbаймен де ойнайтынын, онымен де қөршімін, райкомда бірге істейміз. Аманжол, ал келіп қарқылдалап құл, сенімен келістім, Әбеке дей бер, майды оған емес, саған экеліп тұрайын дейді, оған қосылып мен де құл. Франция демекші, зауытты басқарып журіп, сол елге тәжірибе алмасуға барып келді. Келген соң бір «ауру» пайда болды, қандай әңгіме бастасын, біз анада Францияға барғанда... дей бергенде отырған жігіттер шек сілеміз қатып күлеміз, бізге қосылып өзі де қарқылдайды. Енді бір отырғанда пауза болып қалса, мен, «біз анада Францияға барғанда» дей бергенімде өзі бастап бүкіл отырғандар құлкіге қарқ боламыз.

Жиілі, ақкөніл, жақсы азамат, жолдастыққа берік, керектесең үшіндеңі кәстемін шешіп беретін жігіт.

Жоғарыда Керейбаев дедім той, Қыдырбай Қожахметұлымен райкомда бірге істедік, көрші болдық. Жұмысқа тәпі болды, білімі де жеткілікті. Келіншегі Рашида аккөніл, сыпайы адам болатын, екеуі екі бала тәрбиелеп өсірді.

Аудан активінің бірі, аудандық Советтің депутаты, жұмысқа белсенді, айтқанды екі қылмайтын, кеншарларға уәкіл болып ғырғанда көп жұмыс тындыратын, тек заңмен ғана жүретін, киқиндаған басшыны қуырып алатын аудандық соттың тәрағасы Мейрам Мырзахметұлы Ғибаділов. Оның бұл саладағы тәжірибесі оң мол, бір беткей турашыл адам болды, бұл қасиет жұмысына шийланысты шығар деп ойлаймын. Эр уақытта ақиқатты колдайтын, өте принципшіл, тек қана заңға жүгініп, тұра жолмен жүргөтін азамат.

«Жанаауыл» орта мектебінде бірге оқыған жігіттердің бірі, Сейілбек Садықұлы Қашымов, ол екеуіміз 1966 жылы интернатта үүршіл 9 сынылта оқыдық, ол кезде Садықов болатын. Сейілбек Галышқтан көшіп келіп «Куйбышев» кеншарына водовоз шопыры болып кірді, алдыңғы қатарлы жүргізуші атанды. Алғыр, талапкер, жұмысқа берік болды, шаршап-шалдығу дегенді білмейтін. Адал сибектің арқасында беделіде өсті, комсорг болды, бригадир болып істеді, рабочком болып сайланды, директордың орынбасары қызыметін аткарды. Сейілбектің бір сұрақтан күмілжігенін көрген емесsein. Меніңше, агроном, инженер, зоотехник, прораб, қай қызыметке қойсан дағы істейтін қабілеті болды, ол кезде диплом көрсек болды, әйтпесе директорлық қызыметтінде алып жүруші еді. Ақкөніл, аңқылдаған, іскер, табанды азамат болды.

Аудан көлемінде ПМК және «Агросервис» мекемелері ірі ұжымдардың бірі болды. Біріншісінің бастығы Жамбыл Есғұжанұлы Есғұжанов, екіншісінің директоры Тоган Әбусейітулы Әбішев өз жұмыстарына мығым, іскер азаматтар болды. Бұл үлкен құрылys мекемесі аудан орталығына төрт, үш, екі қабатты, конгреген екі пәтерлік үйлер, коттедждер салды. Барлық кеншарларға бірнеше үйлердің қабырғаларын орнатып берді, аудан көлеміндегі бүкіл мектептер, бала бақшалар, мәдениет үйлері, басқада нысандар осы мекеме құрысшыларының қолымен салынды. Ауданның көркеюіне, әлеметтік саласының жақсаруына көп еңбектері сінді. Жеке басына келетін болсақ, жоғарыда

айтқанымдай, Жамбыл іскер азamat, ақкөніл, кейде қолынан келмесе де көнілінді қайтармайтын ақжарқын, «надежда последней умираст» деп тұра шабатын нағыз оптимист, епті, қулықшыл, аздап қылжақбастау да болды. Бір күні, бір топ жігіттер Константин Степановичтің үйінің жанында тұрса керек, содан өтіп бара жатқан таныс келіншек бір жігіттің атын атап, «какой он молодец кунде спортивен шүгылданады, кешке қарай стадионды айналып жүтіріп жүреді» депті. Сонда Жамбыл іліп алғандай: «да, он бегает как собака, после двух кругов, с третьего возвращается домой только утром» депті. Тұрған жігіттер күлкіден өле жаздалты, әлгі әйел де күліп, сендерге дауа болmas деген екен.

Тоганның басшылығымен «Агросервис» кеншарларға көп көмек көрсетті. Себебі, мал шаруашылығына, баздарға қойылатын жылыту панельдерін, су ыдыстарына орнатылған жылыту тендерін, малдар су ішетін науаларды, шөп, салом таситын үлкен тіркемелерді, басқа да қажетті құрал-жабдықтарды жасайтын. Тоган өз жұмысына берік болды, байсалды, бірқалыпты, қулықтан да кенде болған жоқ, Жамбылдың қалжынына асырмаса, кем қылмай жауап беретін, достықтары берік болды.

Ленинград поселкесінің халқына көп еңбек сінірген азаматтардың бірі Ағзам Ахметжанұлы Тәстеміров. Алматының Жогары партия мектебін бітіріп келген соң поссовет төрағасының орынбасары болып қызметткे орналасты. Сол жұмыста өзін жақсы қырынан көрсетті, халыққа жақын тұрды, олардың мұн-мұқтаражын шешүге белсene ат салысты. Жаста болса, мекемелердің басшыларымен тіл табысып, соғыс ардагерлеріне, көп балалы аналарға, жағдайы нашар отбасыларына көмек беру жөнінде көп мәселелерді шешіп жүрді. Білімді, мәдениетті, жүзі жылы, биязы мінезді, кішіпейіл, адамгершілігі мол, жұмысқа берік, талапты, келешегінен көп үміт құттіретін азамат болды. Көп ұзамай аудандық әлеуметтік қорғау бөлімінің менгерушісі болып жогарылатылды. 1996-1997 жылдардың ауыр кезеңінде ол көп тәжірибе жинақтады, қындыққа мойынады, салы суға кеткен жоқ, тізесі бүгілген жоқ. Меркен Исин ағамыз айтушы еді, отступать некуда деп, Ағзам Ахметжанұлы сол принципті ұстанды. Талабының, еңбегінің арқасында аудан таратылғаннан кейін бірер жылдан соң Ақжар ауданы әкімінің орынбасары болды, алты жылға жуық әкім болып аудан басқарып, жемісті еңбек етті. Ол кезде бұл ауданның тасы өрге домалап, әлеуметтік-экономикалық

шыны нығайып, алдыңғы қатарлы аудандардың біріне айналды. Гөз көлемін ұлғайтып, астықтың өнімділігін арттырыды. Аудандың жүркістігу бағытында көп жұмыс істеп, барлық күш-жігерін жұмсады, Талшықтың өз басын түзеп, абаттандыруға, шоғандандыруға көп көңіл бөлді, екі қабатты кираган үйлер күрделі жондеулерден өткізіліп қайта қалпына келтірілді, бұрынғы күршілісі басталған мешіттің жұмысын жандандырып, тез арада шиктап іске қости. Жаңадан салынған аурұхананың маңайын шоғандандырып, көз тартарлықтай етіп түзеді. Шалғайда жатқан шымшидардың тұргындарын аудан орталығына көшіріп әкеліп, жинадан үйлер салып берді. А.А. Тәстеміров аудан мекемелерінің шыныларының басын біріктіріп, бір жағадан бас, бір женнен қол шыгарып демекші, жақсы істерге жұмылдырыды, ынтымақтықпен жұмыс істеуге үйретті. Осындай іскер азамат 2013 жылы Айыртау шудапының әкімі болып ауыстырылды.

1985 жылы ауаткомның төрағасы Кәрібай Ахметжанұлы Ахметжанов қызметін ауыстырып, агроенеркәсіп кешенің қызыметкерлері кәсіподағының Kokшетау облыстық комитетінің төрағасы болып сайланды.

Ол кісінің орнына Г.К. Әбсаматова келді. Гүлбарам Корімжанқызы білімді, байсалды, мәдениетті, басшыларға сезін шткізетін сыйлы адам болды. Біраз жұмыстар істеп, ауданның экономикасының нығаюына өз үлесін қости. 1989 жылы ол кісі облыстық атқару комитетінің хатшысы қызметіне ауысты, біраз жылдан соң Еңбек министрлігінде кадрлар бөлімін басқарды.

Ауаткомның аппаратында жұмысқа ысылған, мол тәжірибе жинақтаган, түрлі шаруашылықтарда бірнеше жыл қатарынан шығортғ болып істеп келген В.А. Матвеев үйымдастыру бөлімінің месігерушісі болып істеді. Ол, ертеде өз мамандығы бойынша оғарыл жылдар аудандық «Совхозная правда» газетінде тілші, бөлім месігеруші, аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет шткәрган азамат. Ауданның өсіп-өркендеуіне оның да қосқан оғандақ үлесі бар деп ойлаймын.

Ауданда соғыс және еңбек ардагерлерінің мұн-мұқтаждары да көп игілікті жұмыстар жүргізіліп, шешіліп отырылды. 1980 жылдары аудан бойынша 520 соғыс ардагері болды, оның ішінде М.Исин, Т.Жетпісов, А.Завертяев, М.Смирнов, Г. Логвин, атақты ардагерлер, майданда көрсеткен ерліктері үшін, сол уақытта өмір месі өлімнің арасында бір, тіпті, екі мәрте Қызыл Жұлдыз

ордендерімен және медальдармен марапатталған болатын. Басқа да ардагерлердің кеудесі орден, медальдарға толы еді.

Соның ішінде Меркен ағамыз туралы жоғарыда айттым. Ол кісінің жүрген жері шынында, ойын-құлқі, әзіл-шындық. Өзім естіген соның бір-екеуіне тоқтала кетсем айып етпес. Ертеде, «Чернигов» кеңшарында парторг болып жұмыс істеп жүрген кезінде Рузаев ауданындағы өз еліне дұлага барады. Содан үйге кірген соң моллекен шаригат жолымен құран оқиды, қол жайған кезде шопыры есіктен сығалап «Меркен Исинович, можно съездить на речку покупаться»-дейді, сол кезде Мекен қолын түсіре қойып, «езжай, хоть утопись» депті. Ол кездің заманы солай болды гой, коммунистер қол жайса да он-солына қарайтын.

Осы жайға байланысты есіме бір анекдот түсіп отыр. Бір ақсақал кісі қайтқан үйге келіп, туыстары отырган бөлмеге кіріп құран оқи бастағанда, екінші бөлмeden шашы жалбыраған, өңірі жарқыраған, балтыры жалтыраған келіншек шығып, «кім құран оқып отырган?», ана жақта коммунистер отыр депті. Ақсақал да партия мүшесі болса керек, құранын тоқтата салып, Гимнды сарнап ана бөлмеге өтеді, аяқтаған соң, «Пролетарий всех стран, соединяйтесь!» депті. Сол екен, отырган орыс, қазағы, атып тұрып, қолдарын соғыпты. Заман солай, коммунистік тәртіп қатты болды.

Бір жылы Мекенді Көкшетауда тұратын жолдастарының бірі қонаққа шакырады. Шопыры болса ауырып жатыр, бару керек, содан женгемізді салып алып өзі жолға шығады. Аман-сая қалаға жетіп, жолдастарымен қауышып, біраз уақыт өткен-кеткенді еске алып отырган соң қайтатын уақытта жақындейды, «үшпақ болсан зымыра» демекші, қонақ болған соң анау-мынау болады, сөйтіп, ағамыз не болса да жолға шығады, мана келген бойда ескі әдеті бойынша машинаның басын жолға бұрып қойған, содан міне сала тартады. Келе жатса, қаладан шыға берістегі МАИ-дің постысында гаишниктер тұрса керек, олар тоқтатқанша, өзі бұрын тоқтап, анадайдан айғайлап, Жұмаш Омарович (Обл. ГАИ дің бастығы) келген жоқ па, осы жерде мені тосамын деп еді дейді. Аналар сасқалақтап, «келген жоқ, рациямен хабарласайық, тосыңыз» деген екен. «Жарайды, менің уақытым жоқ, ол кісі келсе айтындар, бір досыңыз тосып, асығып кетіп қалды, сәлем айтты деңдер» деп Мекен машинасына мініп бір ак тартыпты.

Тағы бір жағдай, Мекен аудандық халықтық бакылау комитетінің төрағасы болып істеп жүргенде, егін орагы кезінде

жүншілдік газеттің тілшісі Қайдар Төлетаевты алып, кеңшарларды аралап, рейд жасайды. Содан «Восход», «Кузбасс» кеңшарларының оның орып жүрген алқаптарын аралап, РСХОның жеріне түспекші болады. Жол-жөнекей егін алқабын аралап, бригадирлерді қуырып, жерде алтып жерге салып, «дестедегі бидайларың жерге түсіп шишишылып жатыр, кеш жинап жатырсыңдар, көп масақтың басы шиншіл жатыр, көпенеге кеткен масақ қашама, егінді биік орысындар» деп, жау шапқандай, әлгілерді біраз діңкелетіп алады. Оны жагын Мекен ешкімнен сұрамайтын. Бір уақытта Қайдар «Мерген Исинович, мынау алқаптар Ленин ауданының «Қазан» кеңшарының жері екен, анау комбайндағы жазуды байқап қалдым» дейді. Мекен соңда ештеңе болмағандай, «Какая разница, хлеб-то Казахстанский» деп Ленинградскийтеге кері жүріп кетіпті. Сол кісі айтпақшы, миллиард үшін жұмыс істедік, миллиард үшін өмір сүрдік.

Бір жылды Мекен, «Жанауылда» істеп жүрген кезі, аудан орталығына жиналысқа барып, соңынан бір шаруа кездесіп қалып, үйде кешігірінкіреп келсе керек. Қатты шаршаган бойы үйқыға кетеді. Онымен бірге келген кеңшар директоры да шала-шарпылау болса керек, біраздан соң «бұл қалай болды, Мекен қайда екен? деп етіп түсер-түспес жағдайды білейін деп, оның үйіне телефон соғып, женгімізден Мерген Исинович қайда, үйде болса трубканы алсын» дейді орысшалап, соңда тілге шорқақтау женгеміз «он наверно спишше не проснется» деп жауап берген екен. Сол сөзді ести сала директор, өзен жағасындағы кеңсеге жақын, жаңа салған үйде көрші болып тұратын Мекенің үйіне асығып-үсігіп, зәре-құты, қалмай, «бұл не қылған іс болды?» деп әйелін ертіп алып, сүрініп-шашынып кіреді. Олар не дерін білмей, босағада абдырап тұрганда, женгіміз ойында ештеңе жоқ, қонақ жайлыш адам гой, жоғары шыныңыздар, шай қояйып, Мерген үйіктап жатыр дегепті. Директор соңда: «Как Вы нас напугали, разве так можно шутить» деген екен есі кіріп. Ағамыздың мұндай хикаялары толып жатыр, оның қайсы бірін айта берейік, осының барлығын өзі айттып құлетін. Женгеміз де жайлыш адам гой, бірге құлетін.

Тағы бір соғыс және еңбек ардагерін атамауға болмайды. Ол ойніздің елге сыйлы ақсақалдардың бірі, ағамыз Ерденбай Жұсыпов. Бұл кісі өмір бойы бухгалтер болды, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас бухгалтері. Соғыс ардагері, кеудесі жарқыраган орден, медаль. 2013 жылды 90 жылдық мерейтойын атап өтсе керек. Әлі күнге дейін спортппен

шүғылданады екен, таңертен зарядка жасайтын көрінеді, спорт киімін киіп алып, біраз жерді жүгіріп өтеді дейді елдестері. Үш тағандап тәбесімен де тұрады екен. Денсаулығы ойдағыдай дейді, біздің де ол кісіге тілейтініміз мықты денсаулық. Ортамыздығы үлкендер аман болсын, жақсы қартайсын, құдайдың берген жасына келсін, қазақ атамыз аққөніл гой, сондықтан көңілдері қалмасын, біздің қолымызда тұрса жастары жузге келсін.

Ленинград ауданының азаматтары өте үйымшыл болды, ертеден табысқан, талай сын-сынақ таразыдан өткен, мекеме басшыларының ауызбірлігі мықты еді, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып демекші, елге адаптық қызметтің атқарды. Жалпы, ел жақсы болды.

Ел басқарған агаларымыздың арасынан Ш.М. Махметов пен Р.Ж. Жақсыбаевты да ерекше айтуга болады. Олардың да ауданға істеген еңбектері зор, қызметтері адаптық болды, екеуі де ел үшін қызметтің етіп абыраймен зейнеткерлікке шықты, бірақ, өмірлері қысқа болды. Бір-біріне керемет дос еді. Шәкен кезіндегі Алматы жогары партия мектебін бітірген, аудандық партия комитетінде үйымдастыру бөлімінің менгерушісі болып өтті, біраз жылдан соң «Куйбышев» кеңшарында директор болды, аудандық әлеуметтік қорғау бөлімін басқарды.

Рәкен Мәскеудің Жоғары кәсіподақ мектебін бітірді, бірнеше жыл Ленинград аудандық ауыл шаруашылығы кәсіподақ комитетінің төрагасы болды, одан әрі ауыл шаруашылығы басқармасында экономист, юрист болып өтті. Екеуі де ел азаматы атанды, сыйлы, беделді болды. Аға ретінде бір-бірімен өзара сыйластықтары, ойын-қалжындары қатты ұнайтын. Алысқа бармай ақ, сондайдың бір-екеуін ғана айтайын. Аудандық партия комитетінің кезекті бюросы болып, онда «Куйбышев» кеңшарының директоры Ш.М. Махметовтың есебі тыңдалса керек. Бірінші хатшысы И.А. Рыжков, «Шакар Махметович, почему снегозадержанием не занимаетесь?» деп сұрақ қояды, сол кезде Шәкен мұдірмestен жауап беріп, былай деген екен: С востока «Талшикский», «Айсаринский», с юга и запада «Чистяковский», «Ленинградский», с севера «Кзылтуский» совхозы днем и ночью задерживают снег, до Куйбышевского совхоза он не доходит» деп досы Рәкен осындай анекдот шығарып қойыпты.

Оған Шәкен де болмайтын, «оның басқа істейтін жұмысы жоқ, сосын солай малтасын езіп отырады» дейтін. Ол кісінің тіпті, 8

мирі мерекесі қарсаңында «Күйбышев» кеңшары колективінің шынын Рәкенді халықаралық әйелдер мейрамымен құттықтап, шілдегі жібергені де бар, әйтеір, бір кабинетте ылғи әйелдермен бірге отырасың гой, сенің де олардан ешқандай айырмашылығың жоқ деп. Рәкең жұқа, денсаулығы келе бермейтін. Шәкең ол жігінан да қағытып, «Рамазан сен боран күні, қатты желде далаға шыныңа, ұшырып әкетіп, бок басында өліп қаласың, сенің қаңқанды қийдан іздеп жүреміз» дейтін. Бірде Рәкең ауруханага түсіп, біраз шының емделіп жатып қалса керек. Содан Шәкең амандығын білгісі келіп барса, «Шәкар, мен ана жаққа барып қайттым, әзірге сенің көрсегің жоқ, бара тұр, бірінші бізге Шәкар керек, сосын сен көлесің деп мені қайтарып жіберді» депті. Ол кісінің айтқаны өмесс. Алланың жазуы гой, Шәкең, бірде аяқ астынан ауырып, шуруханага түседі, өмірі сырқаттанбаган кісі. Содан емделіп шының Бурабайдың бір санаторийінде дем алып жатқанында, өмірден өтті. Көп ұзамай бір айдың шамасында Рәкеннің өзі ғанинде бақыға аттанды. Ойындары сондай қатты болған, өмірде жолдас болған екеуі сөйтіп, о дүниеге бірге аттанды. Ағаларымыз ессе түскенде, еріксіз ойға оралатыны, осындай кісілердің қалжың әмбеттері, шын жолдастық әзілдері. Жақсылардың жақсылығын шын деген осы екен.

1988 жылы Ленин ауданы жабылып, бізге қоспақшы болды, бірақ, аудан орталығы қайда болатыны белгісіз еді. Ол елдің халқы Галышыққа тартады, біздің жақ Ленинград қолайлы, барлық параметрі бойынша келіп тұр дейді, сөйтіп, сырттай тон пішіп жүрміз. Осылай өзара талас болып жатқанда, Ерденбай Жұсыпов шықсақал мен Андрей Иванович Матвеев Омбы қаласынан (конспирация)Алматыға ұшақпен ұшып барып, біріккен аудан орталығы жөнінде әділ шешім қабылдау керектігін жеткізбекші, болып Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумына қабылдауға жеткізлады. Сол күні оларды Президиум секретары Вера Нисильевна Сидорова қабылдайды. Ол кісі Кекшетау облысының кирагасын жайып тастап, біздің аймақты көрсетулерін сұрайды. Ішірган делегация мүшелері екі ауданын шекарасын көрсетіл, Галышықтың Қызылтудан жиырма бес шақырымдаған орнадасқанын айтып, қотанымызда Омбы-Дәүіт қырышық тас шуынты жұмыс істейтіндігін, олардың Ленинградскийге жылдағыға қираганда қосымша ондаған үй салмақшы екенін, көшслердің исфальттауға ақша бөлөтіндігін, орталықтан жылытылатын жылу

казандықтарының құш-куатын көбейтіп поселкедегі жеке меншік үйлердің жартысынан астамын соган қосатындығын айтады. Бізден барған кісілер картаға тагы бір үніліп, мына тұрган поселке бізben шекаралас, аудан орталығына тиіп тұрган қырық бірінші, нөл үшінші партия, алтын өндіргендіктен тікелей Мәскеуге бағынады, ондағы тұрган мекемелер өте бай, біздің басшылармен өте тығыз байланыста, олар аудан орталығына қол ұшын беріп, мазутпен, басқа да техникалармен көмектесіп тұрады дейді. Одан қалды, қолдарындағы статистикалық материалдарын көрсетіп, Ленинград поселкесінің артықшылығын айта бастайды, оның халқының сан жагынан екі есе басымдығын, мектеп, бала бақшаның көптігін, осындағы банк, СПТУ, военкомматтың, екі ауданға қызмет жасайтындығын тілгө тиек етеді. Поселкенің тың игеру кезінен бастап жылдан-жылға көркейіп, жасыл желекке боленіп, бүкіл көшелеріне асфальт төсөлгендігін, халық санының ұлгайып келе жатқандығынан хабардар етеді.

Сидорова ханым осының бәрін мұқияттыңда болған соң, бұл мәселе жөнінде тиісті орындарға жеткізетінін айтып, қош айттысады. Расында да, көп ұзамай Госплан төрағасының орынбасары Дәulet Хамитұлы Сембаев пен облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Мақтай Рамазанұлы Сағдиев Ленинградский мен Талшықа келіп, халықпен кездесулер өткізді. Оларда барлық мәселені түсіндіріп, әліде болса, екі поселкенің артық кемін тексеріп көріп, сарапап, соңынан барып әділ шешім қабылданатынын айтып кетті.

Сонымен, барлық мәселелер таразы басына тартыла келе, тексеріліп Ленинградскийдің салмағы басым болды. Осылайша Ленин ауданы жабылып, бізге қосылды. Біріккен ауданның басшылары қарастырылып, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып бұрынғы Ленин аупарткомының бірінші хатшысы Н.С. Кулешов сайланды, ауаткомның төрағасы қызметін Чкалов райком партиясының бұрынғы екінші хатшысы, менің жиенім әрі жерлесіміз Б.А. Айдарханов атқаратын болды. Басқа лауазымды қызметтерде көбіне Ленинград ауданында істеп жүрген жігіттер қалды. Ленин ауданында басшы қызметте істеген азаматтар облыс орталығына, басқа аудандарға орналастырылды.

Бұған дейін Ленинград ауданын басқарып келген И.И.Небеснюк облыстық экология комитетінің төрағасы болып ауысты.

Ленинград райисполкомының төрайымы К.К. Эбсаматова инициативасынан хатшысы болып бекітілді.

Жаңа басшы Николай Семенович Кулешов көрегендік ішінде, Ленин аудандық партия мен атқару комитеттерінде істеп, қызметсіз қалған жігіттерге Ленинградскийден орын тауып орналастырды. Ол кісі демократ қой, барлығын бізбен ақылдастып штабтегін.

Темірболат Гелмановты аудандық партия комитетінің ширткомиссия төрағасы, Валентина Гуменникованы парткабинеттің мемлекеттік, Талғат Ұбраевты, Дәүлетжан Ахметжановты шеңбердегі қызып алдық. Жамбыл Әбдирашитовты сүт зауытының директоры қызып бекітті. Бәріміз қоян-қолтық бір аппаратта жұмыс істедік.

Н.С. Кулешов жұмысқа мығым, байсалды, терең ойлайтын, терең сәйлейтін, кішіпейіл, адамға жақын тұратын, облыс бойынша белгелі хатшылардың бірі болды. Ол кісі қызметтің барлық бишшадағынан өтті, шаруашылықта бас инженер болды, кеңшар директоры, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының биістігі, районный төрағасы қызметтерін аткарды. Ол кісінің кезінде ауданның көрсеткіштері жақсы болды, кеңшарлар, мәсемелер бірқалыпты жұмыс істеп, экономикасы нығая түсті.

Сонымен, жаңа ауданның құрамына тоғыз кеңшар қосылды. Жиілі, барлық шаруашылықтардың экономикасы бірқалыпты болды. Егіншілік саласында жақсы көрсеткіштерге жетіп жүрген «Горький», XXII партсьезд атындағы, «Тельман» кеңшарлары еді. Ал, «Жанаауыл», «Колос» кеңшарлары қой шаруашылығын дамытудан жақсы жетістіктерге жетіп жүрді. Ленин РСХО-сыда қыра мал өсіріп, оны бордақылап, ет өндіруден алға қойған міндеттемелерін орындалап отырды. Сүт өндіруден «Казан», «Коммунизм», «Талшық» кеңшарлары аудан көрсеткіштеріне отырғанда қомакты үlestерін көсты.

Осы шаруашылықтарды басқарып жүрген директорлардың ирисынан ерекше атауға тұратын «Колос» кеңшарының директоры Г.К. Құсайынов. Газез Құсайынулы осы кеңшарды жиырма жылдан іртіңгі басқарды. Бұл шаруашылықтың экономикасы жылдан жылға өрлеу үстінде болды. 25-27 мың қой бағылып өсірілді, әр жүз саулықтан 82-85 қозы алынып отырды, әр қойдан төрт килограмга жуық жүн қырқуға қол жеткізілді. Егіншілік те жаман болған жоқ, алға қойған межелер орындалып жатты. Үй салу

жагынан аудан бойынша алдыңғы қатарда болды, барлық үйлер орталық қазандықтан жылтылды, әр үйге ыстық сү берілді, көшө-көшелерге суагарлар, тұнгі шамдар орнатылды. Көшелерге асфальттар төседі, абаттандырып, көгалданыруға көп көңіл бөлінді. Екі қабатты мектеп, бала бақша, сол заманға сай жана типті мәдениет үйі салынды. Газекен өз бастамасымен осы мәдениет ошагының подвалын жөндең, әдемілеп, безендіріп тамаша бөлмелер, үлкен зал жасап, спортшыларға берді. Аудан орталығында жоқ стадионды бірінші болып салғызыды, қой баздарын жеткілікті қылды, оларды жыл сайын жөндөтіп, қырлап-сырлатқызып отыратын, қызыл бұрыш бөлмелеріне электр қуатымен жылтыту панелін орнатқызып, газ плиталарын қойғызып, қойшыларға барлық жағдайларды жасайтын. Бір сөзбен айтқанда, кеңшардық экономикасы нығайып, әлеуметтік саласы жақсарып, аудан бойынша алдыңғы қатарлы шаруашылық болды.

Газекен өте іскер басшы, тәжірибелі, жауапкершілігі мол, мәдениетті, білімді адам болды. Ылғи ізденісте жүретін, жаңалық жаршысы еді. Бұл кеңшарды аяғынан тік тұргызып, көркейтуге сіңірген еңбегі ешқашан ұмытылуға тиісті емес. Зор еңбегі еленіп бірнеше орден, медальдармен марапатталды.

Бұл жерде коммунистерді, бүкіл еңбекшілерді жақсы жұмысқа жұмылдырып, кеңшардық экономикасын нығайтуға ат салысып, езінің қомақты үлесін қосқан, жаста болса бас болған бастауыш партия комитетінің хатшысы Аманжол Ахметжанұлы Ахметжановтың еңбегін бағалап, ерекше айтуға тиістімін деп ойлаймын. Әбекен райком партияның ұйымдастыру бөлімін басқарды, аудандық мәдениет бөлімінің менгерушісі болды, ауыл шыруашылығы қызметкерлері аудандық кәсіподак комитетінің тегерасы қызметін атқарды. Ол кісі қай қызметте болсын, жантәнімен беріліп істейтін, әр нәрсеге үлкен жауапкершілікпен қарайтын, көпті көрген, тәжірибесі мол азамат. Бертін зейнеткерлікке шыққаннан кейін де бір денсаулық мекемесінің шаруашылық бөлімін басқарып жүр. Бір кездескенде «мына жұмысты онай деп ойласам, жауапкершілігі бұрынғы қызметтерден артық болмаса, кем емес екен, таңертенген кешке дейін бір бітпейтін жұмыс» деп жұмыяды. Бұл оның қай жұмысты болсын, беріліп істейтіндігін көрсетеді. И.И. Небеснюк айтушы еді: «Надо жить, чтобы работать, а не работать, чтобы жить» деп. Аманжол Ахметжанұлы нағыз сондай жан, екеуі бір қалыптан шыққан сияқты.

Ия, Эбекең нағыз жұмыскер адам ғой, бірақ, кезіндегі Ленин райком партиясының бірінші хатшысы Д.П. Гиря Аманжолға күннат жасады, болмашы мәселеғе араластың деп, оны басқа қызыметке ауыстырыды, бір өкініштісі, сондай жанга бюро мүшелері ириша тұраалмады.

Аманжол Ахметжанұлы райком партияға ауысқаннан кейін, оның орнын М.Д. Сматаев басты, Мәкең парторгтікке дейін осы кеңшардың бас зоотехнігі болып істеді, сондықтан шаруашылықтың барлық мән-жәйін біледі, әсіресе, әр шопанның психологиясын ешкімнің көмегінсіз ете жетік біліп тұрады. Магауия Досжанұлы да жұмысқа мығым, талапты азamat болды. Бұл шаруашылыққа оның да айтартылған еңбегі сінді. Сол еңбегінің арқасында «Талшық» кеңшарының директоры болды, шудандық мәслихаттың хатшысы, аудан әкімінің орынбасары болып істеді, біраз жылдан соң аудан әкімі болып та абыройлы қызмет штабарды.

Осы кеңшарда жиырма жылдан артық бас мал дәрігері, шоотехник болып Қабдырахман Әлімов істеді. Қабаң қызметін шақыл атқарды. Қой шаруашылығында, осыншама жыл қызмет істей әкінін бірінің қолынан келе бермейді. Ол кісі жұмысқа тиянақты, әжірибесі мол маман болды, қашан барсан да қойшылардың присынан табасын. Зайыбы Жібек те, кезінде медбике болып істеді. Қазір бұл кісілер Көкшетауда тұрады.

Осы орайда, Ленин РСХО-ның директоры Р.М. Сагитовты да штабай кетуге болмайды. Бұл басшы біраз жыл осы шаруашылықты білсекарды. Сол кезде мұнда бес мыңға тарта қара мал болды, оларды осіріп, бордакылап, жоғары қондылықпен, ірі салмақпен ет комбинатына тапсырып отыру керек болды. Шаруашылық сол межеден көрініп, жүктелген міндеттемелерді ойдағыдай орындалғанын. Бұлар өз тапсырмаларын орындаса болды, Ленин ауданы жоспарын орындағытын. Шаруашылық әр қара малдың тапсыру силімагын 440-450 килограмға жеткізетін, ол ушін мұндағы штабайшениң әрбіреуі тәулігіне 400-420 грамм салмақ қосатын. Мал шынын дайындастын цех жұмыс істеп, 3000 тоннаға жуық шөп, соншама тонна сабан дайындалатын, 4000 гектарға жуық алқапқа жүгірі егілетін.

Егін шаруашылығына да көп көніл бөлінді, барлық штаботехникалық жұмыстар дер кезінде жүргізіліп, егін шығымдылығы жаман болған жоқ.

Село көркін келтіретін екі қабатты мектеп, бала бақша, мәдениет үйі, асханамен жанастырылып салынған сауда үйі, екі қабатты кеңсе өз алдына, абаттандыруға да көп көніл болінді. Жалпы айтқанда, шаруашылықтың жағдайы жаман болған жоқ, оның экономикасының қалыптасып, нығаюына Рашид Мамырұлының қосқан үлесі мол.

Біраз жыл «Горький» кеңшарында парторг болып істеп, кейіннен «Талшық» кеңшарына директор болған Қ.Ә. Экімбеков ете іскер басшы болды, ол кісіге ақыл-кеңес беріп, уәкіл жіберудің қажеті жоқ. Қайрекен өзінің бүкіл білімін, мол тәжірибесін жұмсап, шаруашылықтың экономикасын көтеру үшін көп тер төккен басшы. Ол келген соң бұл кеңшардың тұралап қалған жағдайы жақсы жағына өзгере бастады. Барлық көрсеткіштері жоғары өрледі. Мал шаруашылығына көп көніл белінді, сауын сиырлардың басын көбейту қолға алынды, ет өндіру мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Қайыргелді Әлімұлы құрылым мәселесін де қолға алды, көп ұзамай бір пәтерлі үйлер салына бастады, жаңа кеңсе бой көтерді.

«Горький» кеңшары Ленинград ауданына қарап тұрған кезде мықты шаруашылықтардың бірі болды, әсіресе, егін шаруашылығы алдыңғы қатарда тұрды. Ол кезде егін шығымдылығы әр гектардан 20-22 центнер болатын. Ленин ауданына қараганнан кейін ол өз позициясын жоғалта бастады, сондықтан, бұл шаруашылықты қалпына келтіру үшін алғыр, іскер, тәжірибесі мол, ынталы, қамши салдырмай жұмыс істейтін адам керек болды. Аудан басшылары әрі-бері ойлап, Қайрекене тоқталды. Бұл шешім дұрыс болып, толығымен ақтады. Кеңшардың экономикасы өрлей бастады. Біраз жылдан соң Қ.Ә. Экімбеков Ленин ауданының әкімі болып істеді.

Сейтіп, Қайыргелді Әлімұлы, жауапты үлкен қызметтерге, қабілеті бар жастарды тарта бастады, солардың ішінен Нартай Ысқақовты «Колос», Зейнолла Ахметовты ХХII партъезд атындағы, Иран Жарлықовты «Горький» кеңшарларының директоры қызметтеріне қойды.

Аудандар қосылатын жылдың күзінде бастауыш партия үйымдарында есеп беру-сайлау жиналыстары болды. Бүкіл кеңшарларда, мекемелерде жиналыстар аудандық партия комитетінің бюросы бекіткен кесте бойынша жоғары үйымшылдықпен өтіл жатты. Бастауыш партия үйымдарының хатшылары істелген жұмыстарды талдап, қорытындылап,

шпраушылық экономикасын ныгайтуда коммунистердің рөлі мен ошырдың жауапкершілігін арттыру жөнінде нақты міндеттер қойды.

Осындай жиналыстардың бірі жуыр арада «Жанаауыл» кеңшарында да өтуге тиісті болатын. Бұл үлкен партком, есепте НДП партия мүшесі бар екен. Аудан бойынша ең үлкен ұйым десе де болады, өйткені, осы кеңшардың Жетіүй бөлімшесінің цехтық шартия ұйымында гана 33 коммунист бар, МТМ, гаражда жиырмадан артық партия мүшесі болды, калғандары басқа цехтық ұйымдарға шоғырландырылған.

Бір күні аяқ астынан сагат кешкі сегіздің кезінде қабылдау болмесінің кезекшісі үйге телефон соғып, сізді бірінші хатшысы Н.С. Кулешов шақырады деді. Шақырган соң лездे келіп, кабинетіне кіріп тыныштық па деп едім, ол кісі маған жымын кирады да, «Сіз ренжімей, қазір еліңіз Жетіүйге барып қайтсаныз, көнген барған жоқ шығарсыз, ағайын-туыстардың амандығын біліп көлесеңіз» деп езу тартты, Сосын «жәй ойнап айттып отырмын, ертең Жанаауылда партия жиналысы болады. Партком хатшысы З. Әлімбаевтың жағдайы нашар, коммунистер келесі кезенге сийламаймыз деп жатқан көрінеді» деді. «Қайыржан Сәбитұлы, бұл мәселені тек Сіз гана шешесіз, сіздін еліңіз» дегенді тағы қосып қойды. Жетіүйге барып кеш болса да бөлімше басқарушысы Е. Ыбытышев, ел ақсақалы Ә. Балтабаевпен және басқа коммунистермен сойлесініз, ондағы партия мүшелерінің барлығы Зиядиденге қарсы екен, оның үстіне жығылғанга жұдырық демекші, МТМ, гараждағылар да сол ойда екен. Ұзын сөздің қысқасы, оның тағдыры Жетіүйліктерге байланысты деп сезін донғарды. Сіз айтқан соң, мен кеттім дедім.

Содан шопырды шақыртып алып, «елім қайдасың?» деп жолға шықтым. Жол бойы ойлап келемін, коммунистер неге Әлімбаевқа қарсы, жайдан-жай бұлай болуга тиісті емес, онымен шартия мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас узілген, өзара ғүсінбеушілік бар, демек партиялық басқару әлсіреген, Зиядиденің жұмыс әдісі партиялық этикага жатпайды. Оның бойын билеп алған шенкүмарлық, менменшілдік, өркөкіректік, адамның жан дүниесін ғүсінбеушілік. Жұмыс әдісі тек қана бұйрық берумен шектеледі деп ойлап, өз ойымды тұжырымдаған кезде ауылдың шетіне де келіп жеткен екенбіз.

Сагат тұнгі оннан асқан екен, әкейдің үйіне барып ұйықтап, ингертең ерте бөлімше кеңессіне барып, планеркада сойлессем бе,

әлде Елубайдың үйіне барып ақылдастып, шешеміз бе деп ойладым да, солай істедім. Барсам ол үйінде, аман-саулық сұрасқан соң, тыныштық па, түнделетіп не болды дейді. Мен барлық жағдайды айтып, Николай Семеновичтің сұрауы Әлімбаевты сайлау керек, егерде ештеңені бүлдірмесе дедім. Ол да маған барлық жағдайды ақтарып салды, маңағы жол үстінде келе жатып, менің ойлаған ойыммен түтел қабысып тұр. Кеше біз жігіттермен кездесіп шешіп қойғамыз, оны сайламаймыз, оның партия жетекшісі болатындағы абырои да, коммунистердің, бүкіл халықтың арасында ешқандай беделі де қалған жоқ деді. Елубай бір шешімге келейік, біріншіден Н.С. Кулешов өтінді, екіншіден, ертегі жиналысқа обком партияның хатшысы Халел Ҳұсайынұлы Сергазин қатысады, үшіншіден елім мені тыңдайды гой деп келдім дедім.

Елубай «жарайды ендеше, сен үшін оны сайлайық, тек қазір Әшімге, Мұқамедиярға телефонмен сөйлесіп, жағдайды айт, сосын таңертең планеркада басқаларымен сөйлесеміз» деді. Әлгі екі ақсақал Елубай екеуің келіссендер болды, әйтпесе, таңертең қарсы болғамыз деп күлді. Ертесінде кеңседе ағайындарға неге келгенімді айттым, содан Николай Семеновичтің, өзімнің өтініштерімізді айтып, Елубаймен келіскеңімді жеткіздім. Ақырында тұрасын айттым, барлығы сендердің қолдарында, сендер қостасаңдар сайланады, сендер қарсы болсандар сайланбайды дедім. Елубай да менің сөзімді растанды, сонымен Әлімбаевқа Қазымнан басқасы, бір ауыздан дауыс беретін болды. Артынан Қазым досыммен жеке сейлестім, оның бір айтқанынан қайтпайтынын білемін, бірақ, көне ме деген үмітім болды. Ол айтты, бізде партиялық принцип бар ма, қашан қазақшылықтан арыламыз, дос сен не сұрасаң соны ал, не істе десен сен үшін соны істейін, бірақ, мен коммунист ретінде екі сейлемеймін, баяғы азаматтық соғыс кезіндегі кейбіреулер сияқты түске дейін ақтар жағында, түстен кейін қызылдар жағында болатын жағдайым жоқ, мен Зиядиденге қарсы дайыс беремін, ешкімді үгіттемеймін, олай істесем менің беделім жетеді, бірақ, әркімнің өз ары білсін, сен Қайыржан ренжіме, менің дауысым ештеңені шешпес, тек арым таза болсын деді. Мен бір жағынан оған ренжідім, бір жағынан досыммен келістім. Осының барлығын ұйымдастырып жүрген Елубайдың өзі екен, оны өзі айтты, Зиядиденнің жұмысына жалғыз Елекеннің гана емес, бүкіл партия мүшелерінің көңілі толмайды екен.

Зиядиденниң жұмыс әдісін саралап, менде сырттай Елубай әсеппен келістім. Бірақ, екі аудан бірігіп, Николай Семенович жаңа аудан басқарып отырган соң, ол кісінің көңілін жықпадым және ол кісіге жоғарғы жақтан ықпалды біреудің телефон шалғанын сездім.

Жиналыс басталып баяндама тыңдалды, жарыссөзге шыққандар бірінен соң бірі сөйлеп жатыр, әділ сыннан да кемшілік болған жоқ. Сынның барлығы Зиядиденге келіп тірелді, оның бүрлік кемшілігін коммунистер бетіне басып айтты.

Бәрі ауданнан келе жатып мениң ойлаған ойыммен қабысып жатты. Партиком мүшелерін сайлайтын уақыт та жетті, КПСС-тің Уставы бойынша соларды сайладап алған соң парторгты сайлау партикомның жеке отырысында шешіледі. Партиком мүшелерін он бір адамнан сайламақшы болып келісіліп, дауыс берілді.

Қызықтың көкесін түйе сойганда көресің демекші, партиком мүшелерін сайлауга кеңшар орталығындағы коммунистер ғынғылықты дайындалыпты, Зиядиденді оның мүшелігіне кіргізбеуге барлық күштерін салды. Он бір кісіге тоқталса, оның анық дауыспен өтіп кететінін білген бір топ коммунист басқа құлыққа басты. Олардың ұсынысы бойынша партиком мүшелігіне он екі коммунист сайладап, келісім бойынша он бірін қалдырып, ен аз дауыс жинаған кісі шығып қалсын деді Т. Шайсұлтанов. Бұл жағдайда ол Әлімбаевтің парторг болмайтынын біліп тұр.

Менін тұрып араласуыма тұра келді, Жарғы бойынша қалай болу керектігін түсіндіріп, олардың бұл ұсыныстары оған қайшы келестіндігін айттым. Партиком мүшелігіне тек қана он бір кісі ұсынылуы керек. Бұл дауыс беріліп қабылданды. Егер сайлау кезінде ұсынылған коммунистердің бірі елу пайыздан кем дауыс жинаса, оның өтпейтіндігін түсіндірдім. Бұл жағдайда Зиядиденниң өтіп кететіндігін түсінген бір топ коммунист қипақтап еді, бірақ, Уставқа жүгінді. Жабық дауыспен партиком мүшесі болып он бір адам сайланды, оның ішінде З. Әлімбаевқа 22 партия мүшесі қарсы дауыс берді, олар мениң ойымша МТМ, гараж цехомының коммунистері, басқалары жұз пайыздан дауыс алды. Жетіүйдің партия мүшелері қарсы болғанда ол өтпеуші еді. Сол залда партиком отырысы болып, Зияден парторг болып қайта сайланды, эрине, мениң көмегіммен, Жетіүй коммунистерінің арқасында.

Ол бұл жақсылықты түсінбеген екен, оған кейін мениң козім жетті. Мениң елімде қызмет жасап жүр гой деп оны өзімे

тартатынын. Мен қателескен екенмін, оның өзімшіл, өркөкірек, нашар адам екенін «Майский» кеңшарының директор болған кезіндегі түсіндім. Біздің ауданның экімі К.М. Шалабаев маған, сен «Бостандық» кеңшарының директоры В.И. Лагута мен З. Әлімбаевқа барып мазутта сұрашы, сенің ана жылғы жақсылығының ұмытпаған шығар деді. Наурыз айы болатын, олардың мазутты таусылуға жақын, себебі, елдің жарты үйлері орталық жылу қазандығынан жылтылатын. Сонымен, Владимир Ивановичпен Майскийге бардық, Зиядиден Қызылтуға кетіпті, Жәнібек Сәлімұлы Қарібжановтің көмегімен теміржол арқылы екі цистерна мазут келіп тұр екен, бұл оның өз сөзі. Қызылтуға келсек, Зиядиден нефтебаза басында тұр. В.И. Лагутамен таныстырып, лайықты бағамен бартерге мазут беруін өтіндім. Ол ұнға айырбастауға бағасын өте қымбат қойды,, менің сөзіме құлақ аспады. Сонда түсіндім, оның нашар адам екенін.

Сол жылы қайта сайланған парторгтардың ішінде өз іскерлігімен көзге түсken, коммунистерді, барлық жұмысшыларды шаруашылықтың жоспарларың орындауга жұмылдырып, экономикасын нығайтуға бар білімін, құш-жігерін жұмсаپ, адал қызмет істеген Зейнолла Ахметов «Тельман», Куандық Қазбеков XXII партсьезд атындағы, Иран Жарлыков «Горький», Мұхамед Нагаев «Қазан» кеңшарлары партия ұйымдарының хатшылары еді.

Жақсы қырларымен көрінген, іскерлік көрсетіп өз мекемелерін өрге сүйреген басшылардың ішінен сол жердің жергілікті азаматтары, автобаза директоры Нұрмұхан Шойкин, экология комитетінің төрағасы Жамбыл Әбдірәшитов, Талыш мектебінің директоры Геннадий Пивнев, аудандық аурухананың бас дәрігері Сейілхан Шорагұлов, Бестерек мектебінің директоры Ғұмар Әшенин, аудандық әлеуметтік қорғау бөлімінің бастығы Жібек Әбдірәшитова, тағы басқаларын атауға болады.

Алайда, екі ауданның қосылғаны көпке барған жоқ. 1990 жылдың қазан айында Ленин ауданы бұрынғы шекарамен қайта құрылды.

Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып Ленинград аудандық атқару комитетінің төрағасы болып істеген Балташ Ахмедияұлы Айдарханов сайланды, райисполкомның төрағасы болып «Восход» кеңшарының директоры Александр Михайлович Карташов барды, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болып Серік Серғалиұлы Тәшенев бекітілді.

Балташ Ахмедиярұлы біздің ауданда істегенде, аупарткомның бірінші хатшысы Николай Семенович Кулешов екеуі бірігіп, қоян-колтық жұмыс істеді. Олардың басшылығымен кеңшарлар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіріп, жоспарларын ойдағыдай орынданап отырды. Басқа да жұмыстар атқарылып жатты, соның ішінде спекше айтуға тұрарлығы, «Киев», «Восход» кеңшарларына, Жетіүйге дейін асфальт жол салынды, Ленинградский мен Дәүіт арасының асфальт жолы жаңартылып, селолар абаттандырыла бастады, көшелеріне асфальт төседі. Аудан орталығында төрт жол киылсына бағдаршам орнатылды, көшелерде жүретін автобус маршруттары ашылды, олар тоқтайтын аялдамалар жасалып орнатылды. Паркің ішінде ағаштар отырғызылып, тротуарлар жасалып асфальтталды, олардың бойына түні жарықтар тартылды. Орталық базар ашылып, оның ішінен әрбір шаруашылыққа үрналған Бурабайда арнайы жасалған дүңгіршектер орын алды, ішінде асфальтталды, маңайы әдемілеп жасалған темір коршаулармен қоршалды. Орталық алаңдан мәдениет үйіне дейінгі шілеяға қайың көшеттері егілді. Кіші-гірім ауылдардың өркендеуіне көп көніл белінді, аудан бойынша олардың арасында байқау жарияланып, жылдың қорытындысы шығарылып отырылды.

«Менжин» кеңшарының Байтес белімшесі әжептәуір жақсарап қалды, көшелеріне асфальт төселип, клуб салынды. Осы жұмыстың барлығына үйітқы болып жүрген, еліне жаны ашыған, болімшениң басқарушысы, ауылға сыйлы, аудан активінің алдында бісделі зор Қапкен Қанапин.

Кадыrbай Тоқтасин басқарған «Айсары» кеңшарының Қызыл ағаш белімшесінің жағдайы тез арада өзгеріп шыға келді, клубы күрделі жөндеуден өтті, көшелеріне асфальт төседі, ең бастысы, орталықтан жылыштатын қазандық салынып, әр үйге жылу құбыры тартылды. Байқаудың бірінші жылышың қорытындысы шығарылып, осы ауыл жеңімпаз атанды.

«Жаңаауыл» кеңшарының Жетіүй белімшесі де абаттандырылып, көң-қоқыстан тазартылып, үйлері эктеліп, коршаулары боялып, грейдері түзеліп, клуб, екі қабатты мектебі жөндеуден өтіп, ауыл көріктене түсті. Екінші жылдың қорытындысы бойынша белімше жеңімпаз атанды оның басқарушысы Елубай Бытышевқа кезектен тыс сатып алуга «Жигули» жеңіл автокөлігі белінді.

Бұдан басқа «Ашықөл» кеңшарының екі бөлімшесі, РСХОның Жаңатілек бөлімшесі жақсы жұмыстар атқарды.

Ауданның қос басшысының жетекшілігімен сала-салада тағы басқа да көптеген жұмыстар істелді.

Балташ Ахмедилярұлы байсалды, мәдениетті, өн бойынан жаңалықтың лебі есіп тұратын іскер басшы болды.

Ол кісіден кейін Ленин ауданының басшылары бірінен соң бірі ауысып жатты. 1997 жылдың ірілентен Ақжар ауданына да көбі тұрақтамады. Ең көп істеген әкім Ағзам Ахметжанұлы Тәстеміров болды. Алты жыл істегеннен кейін ол кісі де Айыртау ауданының әкімі болып ауыстырылды. Қазіргі уақытта әкімнің орындығында өте тәжірибелі, шаруашылықты жетік білетін іскер азамат, Қызылту ауданының әкімі болған, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасын басқарып келген Серікбай Шәрігұлы Тұралынов отыр.

Еліміз 1991 жылдың желтоқсан айында егемендік алып, дербес мемлекет болғандығын жариялады. Қазакстанның тұңғыш Президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. Сөйтіп, бүкіл қазақ елінің ансаған арманы орындалды. Біртұтас Қазақстан мемлекеті болып шекарамыз сақталды.

1960 жылды қазақ жері бөлшектене жаздағаны тарихтан белгілі. Осы мәселеге орай жазушы, филолог-ғалым Эди Шәріпов былай дейді; «Қазақстан Республикасының жер көлемін суыртпақтай тарылта беру мақсатымен Н.С. Хрущев өзінің наиза бойламайтын зымяндық отарлау саясатын жоспарлы түрде, жүйелі жүргізді. Баяғы заманда Бөгенбай, Қабанбай, Кенесары, Наурызбай сияқты батыр бабаларымыз қан төгіп, сыртқы жаулармен согысып, аман сақтап қалған қазақ халқының Атамекенін Ресейге беріп жіберуге қарсы болған жалғыз адам Жұмабек Тәшенев».

Бұл мәселені нақтылап айтатын болсақ, 1960 жылды Совет одағы Коммунистік партиясының бірінші хатшысы Хрущевтің тікелей ңұсьқауымен солтустіктегі астық өндіретін Ақмола, Қекшетау, Қостанай, Павлодар, Солтустік Қазақстан облыстарынан құралған Тың өлкесі құрылды. Оның басшысы болып Т. Соколов жайғасты, орынбасары А. Козлов болды, олар тек Мәскеуге бағынады. Бұл екеуі жана құрылған өлкені Ресей құрамына өткізу жөнінде астыртын жұмыстармен айналысады.

Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев пен Министрлер Кеңесінің тәрағасы Жұмабек Ахметұлы Тәшенев Мәскеуге барғанда, Н.С. Хрущев оларды өз

қибинетіне шақырып, «Біз-15 одақтас республикамыз. Тың өлкесін Ресейге қаратсақ қалай қарайсындар?»-деп сұрақ қойғанда, Ж. Қашенев орнынан атып тұрып: «Мен өзім Ақмолада туып-өстім, менің ата-анамның, ата-бабамның жаны осы жерде жай талқан. Енді осы жерді бізден алып, Ресейге бергелі отырысыздар. Мұндаймен сибір қазақ келіспейді. Ойланыңыздар, жолдастар! Мен осындағы мәселені көтергеннің өзіне жан-тәніммен қарсымын» деген екен. Бұл шілтис-тартыс 1960 жылдың желтоқсан айында болған.

Осыдан кейін 1961 жылдың қантарында Жұмекең жұмысынан посатылыпты, бірақ, оның қайсарлығының арқасында Қазақстанның жерін Ресейге беру мәселесі СОКП-ның күн іргібінен алынып тасталған екен. Сөйтіп, еліміздің шекарасы сакталып қалды.

Ж.А. Тәшенев алты ай бойы үйінде жұмыссыз отырыпты, кейін Онтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті төрағасының қыгардағы орынбасарлығының өзін әзер берген сияқты. Ол кісіні жергілікті жердің халқы керемет сыйласа керек. Осы оқиғадан жиырма бес жыл өткен соң, 1986 жылдың желтоқсанында Жұмекен ұшыниеден өтеді. Балалары мәйітті Алматыға қоюға рұқсат сұрапанда, олардың өтініш-тілегін жоғарғы жақ ескерусіз қылдырған екен және мурдесін екінің бірін шығарып жатқан Мәдениет үйінен шығаруға рұқсат етпеген көрінеді, сонымен, Хрущевтің өзіне жоғарыдағыдай сөз айтқан хас батырмен ҳалықтың ақырғы қоштасуы өзінің үйінде өтіпті. Қайран, өмір дессәңші!

70 жыл бодандықта жүріп тілімізден, дінімізден айрыла жиғдадық, мәңгүрт болуға жақыннадық, салт-дәстүрімізді ұмыта бистадық. Басқа ұлттың мәдениетіне, әдебиетіне, тіліне еліккедік. Ішімдікке әуестену қалыптаса бастады. Қыз келіншектердің киім киу үлгісі, басқа ұлттардікінен кем қалған жоқ. 20-шы ғасырдың тағы да басқа көптеген ерекшеліктері болды.

Осының барлығын көрегендікпен айтқан 17-ші ғасырдың белгілі биі-Тілеуұлы Мөнке би, Әбілқайыр хан кенесшілерінің бірі, жырау. Шамамен 1675 жылы дүниеге келген екен.

Кешпелі тірліктің тіні бұзылмаган қоғамда заман аңысын пілдап, оның келешек кескін-кейпін дәл болжай білу Мөнке би шыгармашылығының басты белгісі, дейді зертеуші ғалымдар. Ол кісінің толғау жолдарынан келер күнді болжаган сәуегейлік көрінеді. Соның бірін оқырмандардың назарына ұсынамын.

Құрамалы, қорғанды үйің болады,  
Айнымалы, төкпелі биің болады.  
Халыққа бір тын пайдасы жок,  
Ай сайын бас қосқан жиын болады.  
Ішіне шынтақ айналмайтын,  
Ежірей деген ұлың болады.  
Ақыл айтсан ауырып қалатын,  
Бедірей деген қызың болады.  
Алдыннан кес-кестеп өтетін,  
Кекірей деген келінің болады.  
Ішкенің сары су болады,  
Берсөн итің ішпейді,  
Бірақ, адам оған құмар болады.  
Қиналғанда шапағаты жоқ жақының болады.  
Ит пен мысықтай ырылдасқан,  
Еркек пен қатының болады.  
Ертеңіне сенбейтін күнің болады,  
Бетіңен алып түсетін інің болады.  
Алашұбар тілің болады,  
Дұдәмалдау дінің болады.  
Әйелің базаршы болады,  
Еркегің қазаншы болады.  
Жылқы жүлдyz болады,  
Қой құндyz болады.  
Кебір – жерге теңеледі,  
Әйел – ерге теңеледі.  
Кел – теңізге теңеледі,  
Сиыр – өгізге теңеледі.  
Ақырзаман адамы –  
Сағынып тамақ жемейді,  
Ашыны – ашы демейді,  
Талқанын олжа дейді.  
“Алғам” білгенін молда дейді.  
Бір-біріне қарыз бермейді,  
Шақырмаса, көрші көршіге кірмейді.  
Сарылып келіп тосады,  
Құны жоқ қағазды судай шашады.  
Заманақыр болар да, жер тақыр болар,  
Халқы пақыр болар.

Балалар жетім болар,  
Әйелдер жесір болар,  
“Ә” десе “ма” дейтін кесір болар.  
Бас қосылған жерлерде,  
Әйел жағы ден болар.  
Жаман-жақсы айтса да,  
Өзінікі жөн болар.  
Орай салып бастарын,  
Жалпылдатып шаштарын.  
Такымдары жалтылдал,  
Емшектері салпылдал,  
Үят жағы кем болар.  
Сейткен заман кез болар,  
Түзелуі қызын болар.

деген екен Мөңке би, бұдан үш ғасыр бұрын.

Осы би туралы құдам Қалелдің бір әнгімесін назарларынызға ұсынайын. Ертеде Сырым батыр жол жүріп келе жатып Мөңке биңдін ауылына согады. Оның үйіне келсе, би баласын үйлендіріп, құдалық түсіріп жатыр екен. Ас ішілген соң би батырдан бата іштейді, сонда батыр қолын жайып «Алты шаңырақтың іргесі шыраспа- сын!» деген екен. Отырган бас құда, бұл батаны қалай ғүсінуге болады депті. Сонда Мен- ке би былай деген екен: «Құдай қиласа, біз ағайын болғалы отырмыз. Екі жақтан балалар қосылып, шағын жолын ілгері жалғастырмакшы. Менің балам саған күйеу болады, ол үш шаңыраққа ие, оның өз жүрті, қайын жүрті, нағашы жүрті. Сенің балаң маган келін болады, ол да үш шаңыраққа ие, қайын жүрті, нағашы жүрті, тәркін жүрті. Екі балла қосылғанда, олар алты шаңырак иесі болады. Осы алты шаңырақтың іргесі ажыраспаса, біздің ағайындығымыздың мәңгі болғандығы». «Құда мың жылдық» деген осыдан шыккан екен дейді.

Мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан кейін басқару жүйесін іштерді, облыстық, аудандық атқару комитеттері жойылды, әмбардың орындарын әкімшіліктер басты және мәслихаттар пайда болиды.

Аудандық әкімшіліктің басшысы болып Николай Семенович Кулешов бекітілді. Бір жылдан кейін ол кісі облыстық әкімшіліктің басшысы Чапай Мұтәлапұлы Әбуталіповтің орынбасары болып ауысты.

Николай Семеновичтің орнын Қайырбек Мақанұлы Шалабаев басты, сейтіп, ол аудан басшысының тізгінің ұстады.

Аудандық мәслихаттың хатшысы болып Иван Иванович Самойленко сайланды. Бастапқы кезде бір жылдай шамасында бұл органға ауылдық кеңестер бағынды.

Осы уақытта қын кезең басталды, енбек ақымен зейнет ақы кешеуілдегілді, халықтың құн көрісі қыннады.

1994 жылы Қайырбек Мақанұлын облысқа ауыстырды, оның орынтағына аудан әкімі болып Т.Ы. Сыздықов жайғасты. Осы кез біз айтып отырған қын кезеңнің нағыз шегіне жеткен уақыт болды. Басқасын айтпағанда, халықтың нан алатын ақшасы болмады, бүкіл азық-тұлікті кәртішкемен алып отырды. Соған қарамастан, Тұргын Ысқақұлы көп енбек етті. Ол кісінің басшылығымен қын болса дагы кеншарлардың жұмысы жүріп жатты, дер кезінде егін екізіп, оны жинатты, шаруашылықтардың сиырлары сауылып, сүт тапсырылып жатты. Ылғи халықтың арасында болды, оларды шыдамдылыққа шақырды, мекеме ұжымдарымен кездесулер өткізіп отырды. Аздаған ақшаны өте мұқтаж адамдарга бөлгізіп, көмек берумен болды. Көп ұзамай барлығы орнына келеді деп сендірді.

Тұргын Ысқақұлы байсалды, білімдіде, мәдениетті, кішіпейіл, дипломат адам болды. Ол кісімен жұмыс істеу женіл болатын, қыннышылыққа бірге тәздік, шыдадық, жұмысты құлышынып істедік, бірақ, қол қысқа болды, қысқа жіп күрмеуге келмейдінің кері еді. Бірақ, облыс басшысы бұл кісіні де басқа жұмысқа ауыстырды.

1996 жылы аудан әкімі болып А.П. Маковский бекітілді, ол бір жылдай аудандық ауыл шаруашылығы басқармасын басқарды, оның жұмыс стилін, қабілетін аздал білгендей болдық. Аудан ауыр жағдайға душар болды, ешқандай жұмыс жүрмеді. Жылу қазандықтары тоқтамаса да, шықпа жаным шықпаның кері болды. Көп үйлер одан ағытылды, екі қабатты үйлерде тұратын отбасылар пеш салғызды.

Алматыдан қотанымызға Мұхтар, Сейілбектер басқарған «Тетра Нұр» фирмасы келіп, Дәуіт элеваторына жайғасып, бүкіл билік тізгінің өз қолдарына алды. Оның директоры болған Ж.М. Сыздықов өз кабинетінің «кузетшісі» ғана болып қалды.

Бір күні акімдіктің мәжіліс залына жиналған активтің алдында аудан әкімі бізге жаңадан инвесторлар келді, олар бізді жарылқайды деп біраз жерге барды да, өздеріне сөз берді. Олар

шеваторда диірмен салатынынан хабардар етті, ол расында да салынды, содан кейін спирт зауытын саламыз деп бөсті. Одан түскен түсімге аудан халқы қарық болады деп көсілді. Сол шіттылған сөз сол бойы қалды. Өздері байыса байыған шығар, оған бігіндің еш күмәніміз жоқ.

Ал, халықтың жағдайы нашарлаған үстіне нашарлап, нанды, сондай-ақ, Ленин ауданының әкімі А. Вибенің таныстарының спагеттиін дүкендерден көртішкемен алып күнелтті. Екі аудан біріккен соң ол үш төрт ай басқарып, Зеренді ауданының әкімі болып ауысып, спагеттидің иелерін өзімен бірге ала кетті, онда да коп аялдаган жоқ.

Осындағы ауыр кезенде, халық тамаққа жарымай отырғанда шудан әкімі «Джип» автомашинасын мініп жүрді. Осы кезде ақын Степан Бақтыбаевтың аудандық «Дала дидары» газетіне мынадай өлеңі жарияланды:

### Қанағатсыз басшымен

Тек ез қамын ойлап жүрер ертекеш,  
Басшыларға не істесе де ерсі емес.  
Сонын бірі мұсে тұттай «Волганы»,  
Кенсе алдына қантарыпты «Мерседес».  
Табыс тауып жүрсе дагы көлдетіп,  
Түгелденбей тұрмыстағы кем-кетік.  
Тағы бірі миллионға үй салғызып,  
Миллионға жатыр оны жөндөтіп.  
Аңқаулық па, әсері ме жастықтың,  
Қомағайлау болды ма элде бастық тым.  
Орнын сипап отыр, міне, біреуі,  
Ақша бермей деддал алған астықтың.  
Пайда түсер жерді шолып, байқаған,  
Ақыл беріп көмекшілер май табан.  
Жекешелеп алған үйін бір бастық,  
Мекемеге сатып кетті қайтадан.  
Алыс-беріс, дүние бейне қан базар,  
Біреу байып, біреу болды нанға зар.  
Кім-кімге де ынсан керек кезінде,  
Қанағатсыз басшы болса, ел тозар.

Степан Бақтыбаев өлеңін осылай деп аяқтайды. Ол кезде қиман солай болды, қара халық ештеңені түсінбей қалды.

Жекешелендіру бағдарламасы шығып, ол тек қана жоғарыдағыларға қатысты болғандай, жай халықта отырған үйінен басқа ештең тиғен жок. Күрекпен жер қазбаса да, жоғарғы жақтағы лауазымды кызметтегілер халықтың еңбегімен жасалған бар байлықты талан-тарақта салып, иемденіп кетті, қазір соның арқасында шалқып-толқып өмір сүруде.

1997 жылдың көктемінде Ленин ауданын таратып, екінші рет Ленинградскийге қоспақшы болды, бірақ, аудан орталығы қайда болатыны тағы да тартысқа түсті. Сөйтіп, бұл мәселе облыстық мәслихаттың кезектен тыс сессиясында шешілетін болды. Жырма шақты күннің ішінде Ленинградтықтар барлық статистикалық мәліметтерді жинап, Талшықта қарағанда өздерінің артықшылығын дәлелдеу үшін облыстық мәслихаттың тепутаттарына жүгінбекші болды. Бұл тапсырманы ауданнан сайланған депутат О.Қ. Байгожинге жүктеді. Ол, депутаттардың жоғарыда айтылған құжаттармен мүқият танысып, әділ шешім қабылдауларын өтінді. Оның бұл мәселеге көп еңбегі сінді, біз де қарап отырмай мәселенің дұрыс шешілуіне ат салыстық.

Сонымен, белгіленген күні сессия басталды, күн тәртібі бойынша жарыссе зге шықкан шешендер біріккен ауданың орталығы болуға Ленинград селосының лайықты екендігін шегелеп тұрып айтты. Дауыс беру кезінде алты дауыс артықшылығымен шынында да аудан орталығы Ленинград селосы болатын болып шешілді.

Бұл шешіммен келіспеген облыс әкімі Д.Б. Жанғалов занға байланысты өз құқығын қолданып, келісім комиссиясын құрғызып, мәселені тағы бір қарауды өтінді. Сол себепті сессияға үзіліс жасалды. Осы комиссияның құрамына Зерендіден бір, Щучьеден екі депутат сайланды. Эржагы айтпаса да белгілі болды. Үш күннен кейін ол адамдар бізде формальды түрде көп аялдамай, Талшықта өтіп даулы мәселені алдын ала жасалған сценарий бойынша солардың пайдасына шешіп кетті.

Төрт бес күннен кейін сессия өз жұмысын одан әрі жалғастырды. Бұл сессияда да түймедей мәселе түйедейге айналып, жалғыз Ленинградскийдің тағдыры емес, төбеден найзағай түскендей болып он алты ауданың бақандай сегізі таратылып, Қекшетау облысы жабылып тынды. Аудандар 2 мамырда таратылса, облыстың жабылуы 3 мамыр болып есептеледі. Қекшетау қаласы, қалған іріләндірілген аудандар Солтүстік

Қазақстан облысының құрамына енді. Бәрінен бұрын барлық кокшетаулықтардың жанына батқаны, қабыргаларын қайыстырганы 1944 жылдан бері келе жатқан облыстың таратылуы еді. Халық не істерін білмей қатты абдырап қалды.

Сонымен, 1997 жылдың мамырында ірілендірілген Ақжар ауданы құрылып, орталығы Талшық селосы болып бекітілді. Ленинград ауданында істеген жігіттер қызмет бабымен жан-жаққа ғарады. Қ.Қ. Керейбаев екеуіміз бұрынғы Қызылту ауданына келіп, қызметке орналастық. Ол ескі шекарасына қайта оралып, Уәлиханов ауданы болып аталауды, орталығы Кішкенекөл селосы деп өзгертилді.

Қызылбай Қожахметұлы аудандық әкімдіктің үйымдастыру бөлімінің менгерушісі болды, мен ішкі саясат бөлімін басқардым. Бір жылдан соң аппарат басшысы болым, көп ұзамай аудан әкімінің орынбасары болып бекітілді. Екі ай шамасында отбасымды көшіріп алдым. Келіншегім Құләпеш № 3 мектепке өз мамандығы бойынша математика пәнінің мұгалімі болып орналасты, бір жылдан соң оқу ісінің менгерушісі болып бекітілді.

Бұл аудан ертеде Қызылту болысы болып, Қызылжар округіне қараған. Одан кейін Ақмола губерниясына қарасты Қекшетау уезінде қосылады. Жаңа аудан құрылар кезде оның атын қою үшін Теке төнірегін басқарған Шәмел, Үлкен Қаройдың басшысы Қожахмет молла, Кіші Қарой-Шабар, Сілеті маңын басқарған Шаншардың араларында айттыс-тартыс болады. Осы төрт ел басқарушыларының әрбіреуі өз ұсыныстарын айттып, келісе алмаган соң, өз орталарынан жаңа комиссия құрамын тағайындаиды. Ақырында, Қызылту атына токтайды.

Қазақ АССР-ы Орталық Атқару комитетінің 1928 жылғы 17 қантарда өткізілген екінші сессиисында Қазақстанның әкімшілік-территориялық бөліну жобасы бекітіледі.

Оны 1928 жылы З қыркүйекте КСРО Бүкілодақтық Орталық Атқару комитеті Президиумы бекітеді. Сонымен, 1928 жылғы 17 қантар Қызылту ауданының құрылған күні болып есептеледі.

Содан бері талай қыншылықтарды бастап өткізген аудан сібеккерлері қажырлы еңбектерімен талай толымды нәтижелерге қол жеткізді, республикаға танымал ең ірі аудандардың біrine айналып, шаруашылықтары алға басып, экономикасы нығайып, әлеуметтік саласы жақсара түсті.

Қызылту ауданының үлкендігі сондай, 1955 жылдың 22 қазанында Ленинград ауданы құрылып, оның құрамына он

шаруашылық кірді, 1965 жылдың 7 қантарында осы ауданға Талшық кенті мен тағы үш кеңшар берілді, 1970 жылдың 4 желтоқсанында Уәлиханов ауданы құрылып, алты кеңшар соларға ауыстырылды, 1973 жылдың 25 желтоқсанында Ленин ауданы шаңырак көтеріп, тағы үш кеңшары соларға қосылды. Сонда да Қызылту ауданы кішірейген жоқ, өздерінде 15 ірі шаруашылық қалды. Егіншілік пен мал шаруашылығы қатар дамыды. Облыс бойынша мемлекетке ең көп астық тапсыратын осы аудан болатын. Осының бір дәлелі, әр жылдары аудандық партия комитетінің бірінші хатшылары А.М. Иванов, В.А. Окунев Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Ауданның тағы тоғыз еңбек майталманы осы жоғары атаққа ие болды.

Осылардың арасынан бөле-жарып айтуға тұратын, еңбегімен ерте елге танылған, жас болса да бас болған, Қазақстандағы ең жас Социалистік Еңбек Ері атанған бұрынғы «Комсомолдың 50 жылдығы» кеңшарының механизаторы Есілбай Қадіралин небары 32 жасында, осы ең биік дәрежелі атаққа ие болды. Есілбай Тәлкейулы 1948 жылы Қызылту ауданының бұрынғы «Чапаев» кеңшарында дүниеге келген, 16 жасынан бастап еңбекке араласқан. Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, БЛЖКО Орталық комитетінің, Қекшетау облыстық партия комитетінің мүшесі болған. Бүкіләлемдік жастар мен студенттер фестивалінің делегаты, Екі мәрте Ленин, «Октябрь Революциясы» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Білімі жоғары, агроном. Бертін заман қынданап, ауыл тарап, Қекшетау қаласына қоныс аударған соң лауазымды қызметтерде істеді, атап айтқанда, «Ауыл» партиясының облыстық филиалын басқарды. Келіншегі Мәстура екеуі балаларын өсіріп-жетілдіріп, оларға жоғары білім беріп отырган сыйлы ата-ана.

«Чапаев» кеңшары демекші, осы елден екі генерал, үш полковник, үш ғылым докторы, он ғылым кандидаты шыққан екен. Бұл өте сирек кездесетін жетістік, мұндай көрсеткіш аудан көлемінде де бола бермейді. Негізінде жергілікті мұғалімдер мықты болса керек.

Жоғарыда айтылған ғалымдардың ішінен экономика ғылыминың кандидаты, доцент, аспирантураны Мәскеу қаласынан бітірген Самай Кәкімұлы Кәкімовті жақсы білемін, таныстығымызға отыз жылға жақынданап қалды. 1970 жылы институтты бітірген соң «Қайрат» кеңшарының қатардағы экономисінен бастап Қазақстан

Республикасының Еңбек министрлігі жалпы экономикалық басқармасының басшысы қызметіне дейін көтерілді. Көкшетау облыстық еңбек комитетінің төрағасы болды, 1997 жылы облыс таратылғаннан кейін Көкшетау экономика және статистика институты директорының орынбасары, проректор, ректор қызметтерін атқарды. Сәкен өте сыпайы, кішіпейіл, мәдениетті, адамга жақын тұратын нағыз дипломат дерсін.

Өзіміздің Қызылту өнірінен қазак жеріне кең тараған, республика жүртшылығына мәлім мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар, ақын-жазушылар көп шықты. Олар жөнінде осы ауданның 80 жылдығына арналған кітапта кеңінен қамтылып, толық жазылған. Мен сол аяулы азаматтардың басты-бастыларына ғана тоқталмақпын.

Солардың бір-қазактың атақты төкпе, суырыпсалма ақыны Шөже Қаржаубайұлы 1808 жылы кедей отбасында туып-өсken. Жастай екі көзінен бірдей айрылған Шөже қобыз тартып, өлең айтуға машықтанады, сөйтіл, ақындық өнерімен күн көреді. Сондықтан, оның көп өлеңдері жекелеген адамдарды көтере дәрітеп, мадактауга құрылған. Сейте тұра Шөже ел билеуші би, сұлтандардың екі жүзді зұлымдығы мен обыр пақорлығын да жұрт алдында батыл әшкереleйді.

Шөже данқы дүйім жүртқа тараған айттыс ақыны. «Көзіме он жеті ақын түк қылған жок» деуіне қараганда, ол өз тұсындағы аты мәлім жүйрік ақындардың біразымен айттықсан көрінеді және сішкімнен жеңіліс таппаған сияқты.

Осы заманға жеткен айттыстарында Кемпіrbай, Тезекбай, Жәмшібай, Қалдыбай, Балта, Орынбайлар Шөже ақынды жүйелі создан жеңе алмайтынын біліп, оның басындағы жалғыз мінін шілдіна кесе-көлденен тарта береді, бұған ол: «соқыр қылды көзімді көрмесін деп, жамандықтың соына ермесін деп» оларға уәжді созбен орынды тойтарыс береді дейді әдебиетші ғалымдар.

Шөженің халық ауыз әдебиетінің асыл үлгілері мен ел шекіресінің асқан білгірі екенін кезінде Шоқан Үәлиханов атап көрсеткен. Өз кездерінде оның ақындығына Абай, Сұлтанмахмұт Гораігыров, Жамбыл, Сәкен Сейфуллиндер үлкен бага берген. Ол 1895 жылы дүниe салды.

Қадірлі оқырман, сіздердің назарларыңызға осы Шөже мен Кемпіrbайдың айттысын ұсынып отырмын.

## Шөже мен Кемпірбай

Кемпірбай:

Әржагы Айыркезен, үлкен Бөрлі,  
Бабамның арағы маған қонды.  
Шілденің он бесінде сауын айтып,  
Жаныстың Сәтбайының асы болды.

Тәуекел дариясынан бетім жудым,  
Ажалдан қорықкан болсам, неге тудым?  
Сол асқа жиналғанда барайын деп,  
Жаратып жалғыз көктің тілін будым.

Әрқашан салушы едім омырауга,  
Құдай-ау, бергеніңе сансыз тәуба.  
Сыртында қаралы үйдің жетектеткен,  
Кез болдым Шөже деген пәле дауга:

Бес намаз, он екі иман жанға пайда,  
Қалайын біраз сейлеп, осындейдай.  
Біреуге мал, біреуге бас қайғы деп,  
Барасың, соқыр азбан, жаяу қайда?

Шөже:

Дүние аумалы гой ұстарарадай,  
Жабықтың мені көріп мұнша қалай?  
Галамның тылсым сырын болжап білмес,  
Жәнгө көш, әлін біліп, күш шамала, әй!  
Баласы Жаныс мырза Сәтбай марқұм,  
Орнына дұға оқыдым сыйлап рухын.  
Бір мирас өткендерден бізге жеткен,  
Өлікке көніл айтып келеді әркім.

Кемпірбай:

Асыма шақырмажан келдің жетіп,  
Алатай бөксесінен басып өтіп!  
Бұл елде қожа, молда құрып қап па?,  
Қу соқыр неге келдің жетектетіп?

**Шәже:**

Салмагы он көзімнің сол көзімде,  
Алланың не қылса да еркі өзінде.  
Бар болса қасиетің көзімді жаз,  
Әйтпесе, татымы жоқ, қой сөзінді!

**Кемпіrbай:**

Ішінде бұл шаһардың дагдарлы едім,  
Білемін, тумысыңнан сен жарлы едің.  
Көзінді көрінгенге төле дейсің,  
Жерінде көзің шыққан мен бар ма едім?

**Шәже:**

Мұқтасар сөзім майда тақтасындей,  
Бұхардың омырауым қақпасындей.  
Көзіме он жеті ақын түк қылған жоқ,  
Білем, бұған, сен ғамал таппасынды-ай.

Қазақтың әр кезеңде жедім қамын,  
Алдыңа сала айтамын көздің ағын.  
Балта, Орынбай, Шортанбай түк қылған жоқ,  
Сенің бұған тіпті де жетпейді әлің.

**Кемпіrbай:**

Япыр-ау, ақын болды Шәже қайдан?  
Дәндепті Балта, Орынбай, Шортанбайдан.  
Жас өсіп, жарлы байып жеткен жоқ па,  
Жүрмісің жаңың шошып Кемпіrbайдан.  
Жолықпай дүр ақынға жүр екенсің,  
Берейін сыбағанды соқыр «хайуан».

**Шәже:**

Би болып Қазыбегің бетін жуган.  
Жасынан ага сыйлап көрмей өскен,  
Бейбастық қалай сөйлейд мына антүрган?

**Кемпіrbай:**

Ей, соқыр, мен сөйлесем шын емес пе?  
Өзіңе күпірлік сөз күнә емес пе?  
Жайықтың әкең Қаржау құлы емес пе?

Қазының шешен Жұма күні емес пе?  
Жаралған екеуінен мұндар соқыр,  
Дегенің сениң күндіз түн емес пе?

Шәже:

Кемпіrbай, мен сөйлесем шын емес пе?  
Өзіңде күпіrlіk сөз күна емес пе?  
Жайықтың әкем Қаржau ұлы емес пе?  
Қазының шешем Жұма қызы емес пе?  
Жаралған екеуінен біздей болып,  
Жиені Қазыбектің мен емес пе?  
Тұыпсың Әгембайдан қисық-қият,  
Жын қаққан тұқымымен сен емес пе?

Кемпіrbай:

Жамандар сөзің бар ма мұнан арман,  
Тиеді сөзің суық жауған қардан.  
Қоймасаң қыршаңқы тіл, қиқарлықты,  
Соқыр-ау, аластармын Алатаудан.

Шәже:

Ант атқан, құдай атқан, кері кеткен,  
Мойнына көкшолактың ері кеткен.  
«Ақтабан шұбырынды-Алакөлде»,  
Семейге қырық кісі жаяу кетіп,  
Мен бе еді сені түгел тентіреткен?  
Өзіңнің басындағы сорды көрмей,  
Көрдің сен титтей мінім, не себептен?

Кемпіrbай:

Қу соқыр, сөз сөйлейсің түрлі кептен,  
Мен бе екен, сенен асып кері кеткен?  
Айрылған екі көзден, мұндар соқыр,  
Баланы білмей жүрсің, асып кеткен.

Шәже:

Білгендей шапшаң қуып жетерімді,  
Япыр-ау, осы қайдан көтерілді?  
Әкең мен шешең шешпес жұмбақ айтып,  
Жол бойы тұсірейін беделінді.

### Кемпіrbай:

Әй, соқыр, сөзге тосу ақыл бердім,  
Айрылып таза малдан тақыр болдың.  
Өлеңге бейсауат сөз қосамын деп,  
Қалтырап топ ішінде пақыр болдың.

### Шөже:

Кемпіrbай, жай жүр десем, жай жүрмейсің,  
Сөзіме менің айтқан еш көнбейсің.  
Бір ауыз айтқан сөзге жауап таппай,  
Дегенде айтпап па едім «сен жеңбейсің»,  
Шанымға ілесе алмай сен антұрган,  
Бір пәстте шығып қалдың бұл қатардан,  
Жақсылық, ізгіліктен түк білмейсің,  
Жанымнаң былшылдамай тұр, кет әрмен!

### Кемпіrbай:

Келіп ем бұл жиынға өктемделіп,  
Жүруші ем ку соқырдан секемделіп.  
Бағасы жоқ соқырмен айтысам деп,  
Жығылдым төрт аяғым көктен келіп.- деп Кемпіrbай  
ақын жеңілгенін мойындаپ, айтысты аяқтайды.

Қызылтудың тарланы, көсем сөздің шешені, елдің сүйікті азаматы, республикаға кеңінен танымал жазушы, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Халық жазушысы, көрнекті драматург, «Парасат» орденінің иегері Сәкен Нұрмакұлы Жұнісов 1934 жылы 1 ақпанды сол кездегі Қарағанды облысының Қызылту ауданында (қазіргі Уәлиханов ауданы) Кішкенекөл елді мекенінде дүниеге келді. 1957 жылы Алматыдағы С.М. Киров атындағы, қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетін, артынан аспирантурасын бітіреді. М.Әуезовтың соңғы аспиранттарының бірі болды. Өзінің қызмет жолын Кішкенекөл орта мектебінің мұғалімдігінен бастайды, көп үзامай 1957 жылы республикалық «Пионер» журналының әдеби қызметкері болып орналасады. 1960 жылы М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының әдебиет бөлімінің менгерушісі болып ауысады. Содан «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында қызмет істейді, КСРО Әдебиет қорының

қазақ бөлімшесінің директоры болып қызмет атқарады, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы болып сайланады.

Ең алғаш Сәкен сері деп сөз зергері, Халық жазушысы, Социалистік Еңбек Ері, солтүстік қазақстандық жерлес ағамызы Габит Мұсірепов атаған екен, өйткені, ол кісі сегіз қырлы, бір сырлы адам болыпты, өзі жазушы, драматург, ақын, асып түспесе, ешқандай әртістен кем емес жez таңдай әнші, ол кісі музыкалық аспаптарда ойнағанда он саусағынан өнер тамған нағыз пианист, домбырашы, спортқа келсек, кезінде құреспен айналысқан балтуан, биллиярдтан алдына жан салмаған. Сәкен ағамыздың әйгілі «Ақан серіден» басқа да бірнеше роман-повестері жарық көрді, балаларға арналған кітаптары да барышылық.

Драматург ретінде Сәкен 17 бірдей пьесса жазған екен және қандай-қандай пьессалар десеңізші. Бұлай кім жаза алады?! Қебі әлі күнге сахналардан түспей, аншлагпен қойылып келеді.

Жазуши ағамыздың біраз шығармалары шет тілдерге де аударылды. Ол кісінің өзі де Л. Толстой, С. Цвейг, О. Гончар, тағы басқа жазушылардың романдары мен әңгімелерін қазақ тілінде сейлеткен. Әттең шолақ дүние-ай! Сәкен серідей ел ардағының 2006 жылдың 29 сәуірінде аяқ астынан дүниеден өткені қабыргамызды қайыстырып кетті.

Көрнекті тұлғаның Елбасының қатысуымен Қекшетау қаласында Абылай хан ескерткішінің ашылу салтанатында сойлеген сөзін назарларынызға ұсынып отырмын:

Қондың ба, Абылай хан, тұғырыңа,  
Іліккен сорғасырдың құрығына.  
Ұмтылған ұмытпауға ұрпағыңың,  
Жібермеді-ай, ку Заман ырығына.

Енді создық күнгейге қолымызды,  
Кайта танып оңы мен солымызды.  
Жіберсін бе, әйтсе де, белуардан,  
Шым батқан сортан жердің соры бізді.

Жетіле қойғамыз жоқ бірден әлі,  
Оңай шыға қоя ма кірген пәле?!

Тұтаса алмай, етек-жең жинай алмай,  
Түргеміз жоқ самалға іргені әлі.

Әлі де кей жетесіз таласып құр,  
Әр жүздің тұмандында аласып жүр.  
Тұртпектеп, казагым-ай, бірін-бірі,  
Көк инені жүгіртіп, қадасып жүр.

Аласып жүр кей пақыр, шатасып жүр,  
Тек қамын қара бастың қарасып құр.  
Қарадан қан шығарын білгеннен соң,  
Қанын беріп, хандыққа таласып жүр.

Кей сабаз именбей Ел ордасында,  
Батып жүр жеке бастың олжасына.  
Албастымен алысу оңай емес,  
Қанша айбынды болғанмен Елбасына.

Бұл күнде иесіз қалған жұрт көбейді,  
Келіп, кетіп сабылған үлт көбейді.  
Абылайдың түсіндей бақа-шаян,  
Шеттен кірген шегіртке, құрт көбейді.

Ондейлар көзін тігіп, іл әйімда,  
Барлық байлық көмір, темір, мұнайына,  
«Хан талапай» етпекші қашенгелмен  
Кездессе, қылғып қояр құдайын да.

Абылай хан үш жұзге «бірік» деді,  
Үш жүздің асылдарын іріктеді,  
Шыдатар ма біріксе, талай рет,  
Жаудың шебін тастаған түріп кері.

Әлі де тойтандар көп төрімізде,  
Кейде темір жауады төбемізге.  
Қос бүйірден нұқиды қос Держава,  
Сыймаймыз, кейде біз де, терімізге.

Сестеніп, сыймасақ та терімізге,  
Бауырға кетсе де ауып еріміз де.  
Елбасы мен қолбасшы кеменгөрлер,  
Тыныштықты көздейді елімізге.

Тыныштықты ойлауды, тыныштықты,  
Жатуга болмаса да тыныш тілті.  
Өңмендеп соктықласа, килікпесе  
Қай қазақ жауға бұрын тиісіпті.

Ал, көп ел бесқаруын оқтау қылып,  
Тапап, жаншып, зарлатып, жоқтау қылып,  
Дүниені, шайқалтып сілкіп жатыр,  
Бір-біріне от борап, оқ жаудырып.

Ондайлардан біз әзір дін аманбыз,  
Іргелеспен үзілмей бірге арамыз.  
Ұрынбаймыз іріге, тиіспейміз,  
Ұсақтарға жетсе де шын шамамыз.

Бұл өзі Абылайдың салған ізі,  
Көрші елге деген ақыл, айласы ізгі,  
Біздерге дәстүр болған, бұл әрекет  
Десек те: «соктырады қайда бізді?!»

«Ұлы ханға бұл мұсін лайықпа-әй?!

Деп біреулер жүр қазір шын айыптай,  
Мыс салт атты секілді аңыз болар  
Ескерткіш құя алмадық, Юлаевтай».

Жаңа ғасыр келеді қанат қағып,  
Көк байракқа тегеурін қадап алдып,  
Күн келеді, жүретін әр сәтінде  
Әр байлықтың жемісін санап алдып.

Құярмыз сонда ескерткіш Оқжетпестей,  
Көз жетсе де бойына, сез жетпестей.  
Даланың қазағындай саф алтыннан,  
Көкшедей мұнарланған, мәңгі өшпестей!

Ендеше, алтықпайық,  
асықпайық.

Піскен асқа,  
дейді ғой,  
қасық дайын,  
Қасық болмай қазағым,  
асық болып,  
Орындағық арманын Абылайдың.  
Абылай мен Нұрсұлтан арасы бір  
Косылған қос қырандай карасып тұр.  
Арманы мен максаты, тілегі ортақ,  
Екі ғасыр тұтасып, жарасып тұр, – деп Сәкен сері  
сөзін аяқтайды.

Қызылтулықтар жерлес ретінде көретін Ермек Бекмұхамедұлы Серкебаев 1926 жылдың 4 шілдесінде Петропавл қаласында дүниеге келді. Содан кейін балалық шағын Кішкенекөлде өткізген.

Ол Совет Одағының, Қазақстанның даңқты операда эншісі, 33 жасында КСРО Халық әртісі атагын алған. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақ КСР-інің Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Социалистік Еңбек Ери.

Ол кісі үшінші сыныптан бастап окуын Алматыдағы №54 мектепте жалғастырады. Жетінші сыныптан бастап П. Чайковский атындағы Алматы музыкалық училищесінде скрипка класы бойынша оқыған. Біраз жылдан соң тағдыр оны радиоға дикторлыққа әкелді, оған қоса, кейбір көркем фильмдерімізге түседі. 1946 жылы Құрманғазы атындағы консерваторияға қабылданып, оны бітірген соң опера және балет театрына оралады. Ұзақ жылдар хас өнерімен жарқырай жүріп, 1973 жылы Алматы консерваториясының жеке дауыста ән айту кафедрасының оқытушысы болған.

Ерекең жас кезінде Мәскеуге барып әндерін ұнтаспаға жаздырып жүрген кездерінде әйгілі диктор Левитанмен де танысады.

Даңқты әнші репертуарында казактың халық әндері, орыс және шет ел композиторларының шығармалары бар. Ондаган шет слдерге сапарга шығып, өнер көрсеткен.

Жетінші шақырылған КСРО Жогарғы Кеңесінің, төрт мартे Қазақ ССР Жогарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған. Ермек ағамыздың еңбегі лайықты бағаланып «Отан», екі мәрте Ленин, Қазан революциясы, Еңбек Қызылту Ту ордендерімен және бірнеше медальдармен мараپатталған.

Кейбір әріптестері оны «баритон королі» деп атаган, ал, енді бірі Совет Одағындағы «ен мықты Фигаро» деген екен.

Сонымен, өзіміздің елге табан тіреп қоныс аудардық, қызметке орналастық. Сол кезде, 2 мамырдан бастап ірілендірілген Уәлиханов ауданының әкімі болып Әнуәрбек Мамырұлы Сагитов істеп жатқан болатын. Оның орынбасарлары Қ.Ә. Әміржанов, Н.Ғ.Иманов, И.В. Кухаренко, әкімдіктің жауапты қызметкерлері Н.Р. Аққожина, Қ.Қ. Керейбаев, Б.Ж. Жолдыбаев, М.Қ. Елемесова, Б.Ә. Валеева, Г.Ж. Қойбагарова, Б.Қ. Қаженов, А.Н. Лисовенко, Л.М. Мұқамеджанова, С. Қ. Қасымжанов, Г.Қ. Сәниева, Ә.Т. Әбуов, Қ.Қ. Айқымбаева, Ш. Байгулина, спорткомитеттің төрағасы Е.Ж.Айқымбаев.

Олар Әнуәрбек Мамырұлының басшылығымен өз қызметтерін жауапкершілікпен атқарды. Көбі жұмыста әр уақытта белсенділік көрсететін, ауылдық округтердің, өндіріс мекемелерінің жұмыстарын жақсартуларына үткі болатын, экономика мен әлеуметтік саланы жақсарту жөніндегі аудандық бағдарламалардың іске асырылуына өз білімдерін, күш- жігерлерін аямайтын.

Шындығын айту керек, ауданды Қазбек Зияшұлы Аскаров басқарып кеткеннен кейін барлық көрсеткіштері құлдырай бастады. Мал басы жоққа айналды, егін егу көлемі 200-220 мың гектардан 70 мың көлемінде ғана қалды. Бұл бұрын-соңды болмаған жағдай еді.

Қазекен іскер азамат болды, тәжірибесі мол, соңғы 35 жылдан кейін елден шыққан, елге жаны аштын басшы ретінде қызмет атқарды. Ел таңдаған соң сол елдің сенімін абыраймен атқарды. Қазбек Зияшұлы аудан басшысы болып істеген жылдары ел көркейсін, жақсарсын, экономикасы нығайсын, халықтың тұрмыс жағдайы өркендесін деген оймен ғана құлышынып жұмыс істеді, басқа басшыларды да соған үйімдастырды, үйретті, істетті. Сол жылдары барлық экономикалық көрсеткіштерден аудан облыс деңгейінде алдыңғы қатарда болды. Қ.З. Аскаров ақырғы жылы істегенде егін өнімділігі гектарынан 19,3 центнер болды, бұрын соңды болмаған көрсеткіш, мал өнімдері мен үй құрылышы жөнінен де жогары көрсеткіштерге жетті. Ол кісінің елге еңбегі сінді, елдің сыйлы азаматы болды. Қазекенді кішіпейіл, мәдениетті, көргені көп, тоқығаны мол, аяулы азамат деп білеміз. Мен Қазбек Зияшұлын райком комсомолда бірінші хатшы болған кезінен білемін. Оның келіншегі Фалия екеуі балаларына тәлім-тәрбие беріп, оқытып өндірді.

Сонымен, ауданды көтеру үшін Әнуәрбек Мамырұлына біраз тер төгіп, жұмыс істеуге тұра келді. Ол бұл ауданының сол кездегі жағдайын жақсы білді, басқа аудандарға қараганда жағдайы мүшкіл

екенін түсінді. Соның барлығына қарамастан, Әнекен білек сыйбанып, тәуекелге бел буып жұмыска кірісті.

Ол өтеге тәжірибелі басшы болатын, мен Әнүәрбек Мамырұлын 1975 жылдан бері білемін, Ленинград ауданының «Қызылту» кеңшарында бас зоотехник болып істеп жүрген кезінен, мен ол кезде аупарткомда нұсқаушы болып істеймін. 1976 жылы Көкшетау облыстық партия комитеті ауыл шаруашылығы белімінің нұсқаушысы болып ауысты, көп ұзамай осы бөлім менгерушісінің орынбасары болды. 1982 жылы Бұқілодактық дәрежедегі Көкшетау жылқы зауытының директоры болып кетті. 1987 жылы Рузаев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды, осы ауданының экімшілік басшысы, аудан экімі қызметтерін атқарды. 1997 жылдан Уәлиханов, Габит Мұсірепов атындағы, Есіл аудандарының экімі болды. 2007 жылдан бастап Ақмола облысының табиғи ресурстар және табигатты пайдалануды реттеу департаментінің бастығы болып істеді.

Ол іскер басшы болды, облыс экімі Қажымұрат Ұбрайұлы Нагмановтың кемегімен Есдәulet (Чехов селолық округ аймагы) жерасты су қоймасынан су құбырын салғызып, 56 шақырым жерден Кішкенеколге су келтірілді. Осы жұмысқа республикалық, облыстық бюджеттен 120 миллион қаржат жұмсалды. Артынан басқа елді мекендерге де су тартылды. Сейтіп, сусыз отырған аудан халқының көзі ашылып, таңдайлары жібіп, таза су іше бастады.

Келесі жылды облыс экімі Әнекенің сөзін далага тастанмай, қойған сауалына жауап ретінде басқа аудандардан 3 мың тонна тұқым бергізіп, егістік көлемін 70 мың гектардан 150 мыңға жеткізді.

Сол жылы 190 шақырымдағы бұрынғы «Чапаев» кеңшарына, 30 жылдан астам уақыт қолданыста болмаған жолды облыстық жол мекемелері бір жылдың ішінде жөнге келтірді. Кейбіреуі айтуы мүмкін, осының барлығы облыс экімінің көмегі деп, ол шындық, Қажекенің еңбегі зор, оған талас жоқ, ол кісі еліне көмектесті. Жыламаган балаға емшек бермейді демекші, Әнекен ебін тауып көмек сұрамаса, мүмкін бұл жағдайлар болmas еді.

Орталық алаң күрделі жөндеуден өтті, көлемі әлде қайда үлгайды, аланның жартысына құйма тастантар төседі, екі жағына биік әдемі аркалар қойылды, жақсы су бұрқақ іске қосылды, тұнгі шамдар орнатылды, ең бастысы, күн Көсем күні-тұні тұрған тұғырынан алышып, орнына Ш. Уәлихановтың мүсіні қойылды.

Бір көшеге асфальт төседі, наң, май зауыттары қайтадан іске қосылды. Әнүәрбек Мамырұлының бастамасымен біраз жұмыстар

істеліп, мекемелер мен халық электр қуатымен бірқалыпты қамтамасыз етіле бастады.

Абаттандыру мәселесі қолға алынды, ағаштар егіліп, көшеге күл-қоқыс төгү тиылды, бұл көптен келе жатқан ауру әдет еді.

Мәдениет саласына да көп көңіл белінді, аудан орталығындағы Мәдениет үйі жөндеуден өтті, мекемелердің арасында көркеменерпаздар байқауы өте бастады, 1999 жылы ауданымыз облыс бойынша бірінші орынды жеңіп алды.

Аудан орталығымен, бұрынғы кеңшарлардагы стадиондар жөндеуден өткізіліп, кезекпен жазғы спартакиадалар өте бастады.

Әнүәрбек Мамырұлы басқа да көп мәселелерді шешіп отырды. Ол кісі іскер, талапшыл, принципшіл, байсалды адам. Еңбектегі зор табысы үшін ол Қазақстанның 2, Кеңес одағының 2 орденімен және 12 медальмен марапатталған.

Әнекең келіншегі Раиса екеуі барлық балаларын тәрбиелеп, өсіріп өндіріп, оқытып, жоғары білім алғызды. Бұл кісі кітаптың басында айтылған Құдайберген Әйтеновтың күйеу баласы болады.

Әнүәрбек Мамырұлынан кейін талай жігіттер ауданға әкім болып келіп кетті. Оларда өздерінің қал-қадірінше еңбек етіп, із қалдырған шығар деп ойлаймын.

1997 жылы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болып Серік Серғалиұлы Тәшенев келді. Секенің тәжірибесі мол, іскер азамат болды, жас кезінде Целиноград ауыл шаруашылығы институтын бітірген. Ол институтты тәмамдаған соң кеңшарда бас агроном, директор болып істеген. 1990 жылы Ленин ауданы Ленинград ауданынан білініп шыққанда, сол ауданының ауыл шаруашылығы басқармасын басқарды. Секен Уәлиханов ауданынан Петропавл қаласына ауысып, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары болды, сонынан сол мекемені басқарды. Ол кісі талапшыл, қабілетті, адамгершілігі мол азамат, жұмысқа беріліп істейтін басшы болды.

Еңбегімен де, адамгершілігімен де елдің сыйлы азаматы болған Амангелді Қанайұлы Балмұқанов. Әбекең алпысыншы жылдардың орта кезінде аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болды, бұл қызметтен кейін аупаркомның үгіт және насиҳат бөлімінің менгерушісі болып істеді, Уәлиханов ауданы ашылғанда аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланды. 1991 жылдан бастап Қызылту ауданы әкімшілігі басшысының орынбасары қызметін атқарды, біраз жылдан соң Қекшетау облыстық мәдениет басқармасының бастығы болып

бекітілді, облыс жабылғаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысында осы қызметті атқарды. Ол кісі өте беделді болды, көпті корген, тоқығаны мол, жігерлі, іскер, белсенді, білімді, жұмысқа жауапкершілікпен қартағын, парасатты азамат.

Мекеме басшыларының арасынан өте сыйлы азамат деп Жәнібек Мұқанұлы Есеновті атар едім. Бұл кісі Петропавл педагогикалық институттын бітіріп келіп, Кішкенекөл орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімі болып істеді. Біраз жылдан соң бұрынғы К. Маркс атындағы, №1 Қызылту орта мектептерінің директоры болды, содан кейін көп жылдар бойы аудандық оқу бөлімін басқарды. Осы жылдары Жәнібек Мұханұлының тікелей басшылығымен мектептердің оқу-тәрбие жұмыстары анағұрлым жақсарды, мұғалімдердің білім беру сапасы артты. Окушылардың тест тапсыру көртындысы бойынша облыс бойынша алдыңғы қатарга шықты. Мектеп басшыларын таңдал, орналастыру бір жүйеге қойылды.

Жәкең елге сыйлы азамат еді, жауапкершілігі мол, қарамағындағы қызметкерлермен қарым-қатынасы жақсы, жұмыс бабында қатал, бірақ, адад басшы болды.

Мен келгендे Құләпаштің ағасы Талғат Шайсұлтанұлы аудандық медициналық сактандыру бөлімшесін басқарып жүрген еді. Тәкенін үшін бұл ауданға еңбегі сінді деп толық айтуга болады. Ол кісі техникум бітіріп келген соң Кішкенекөл мектебінде машиноведениеден сабак беріп, мұғалім болды. Біраз жылдасын СПТУ-га директордың оқу-өндірістік істері жөніндегі орынбасары болып ауысты. Кейін аудандық тұрмыстық қызмет көрсету комбинатының директорлығына жоғарылатылды, бұл қызметті отыз жылға жуық атқарды. Ол кезде облыс бойынша алдыңғы қатарлы аудандық мекеме болды. Басқасын айтпаганда халықта қызмет көрсететін диірмен, тақтай, штакетник кесетін, пима илейтін, тон, сыртқы киім-кешек, аяқ-киім тігетін цехтар жұмыс істеді. Ол кісінің кезінде екі қабатты комбинаттың гимараты салынып, іске қосылды. Тәкен еңбеккор, өте іскер адам болды, елге сыйлы азамат еді, эттегі өмірден ерте озды. Артынан ол кісінің еңбегі еленіп бір көшеге аты берілді, өзі басқарған мекеменің қабырғасына оның бейнесімен тақта ілінді.

Талғат қайнаға мен жұбайы Нагима екеуі Тұрлыбек, Сәуле, Нұрлыбек, Тұрсынбек есімді балаларын тәрбиелеп, өсіріп, ер жеткізді. Тұрлаш зайды Баянмен Қекшетауда тұрады, қалғандары Астанада, Кішкенекөлде, Петропавлда, әрбіреуінің өз қызметтері бар.

Бір айта кететін жағдай, ол кісі Щучье қаласында техникумда оқып жүргенде, басқа оқу орындарында дәріс алып жүрген достары, қазақ құресінен спорт шебері, республика чемпионы Сансызыбай Қалиулұлы, республикалық көркемөнерпаздар байқауының лауреаты Тұрлыбек Сәдуақасов пен окуларына бірге келіп кетіп жүреді екен. Сол достықтары емір бойы сақталыпты. Тұрекеннің жұбайы Нагима апаймен бір ауылда тұрып едік.

Мен келген жылы бала кезінен білетін құдам Қабдолла (Хабдулохап) Ысқақұлы Сагымбаев Агросервистің бастығы болып жүр екен. Бұл мекеменің халі мүшкіл, әне-міне жабылуға тиісті болатын. Оған айттый жабылғанша істей бер, бір жәні болар, қатардан қалма, сендей кадрлар далада жатқан жоқ, ертең-ақ су келеді, сонда сен қажет боласың дедім.

Содан біраzdan соң Чеховтан су тартылатын болды. Аудан әкімі Энүәрбек Мамырулы Қабдолланы шақырып алып, осы мекемеге басшы бол, сенің бұл саладағы тәжірибелі жеткілікті көрінеді деді. Ол келісімін беріп, осы жұмысқа қайта оралды. Қабдолла Ысқақұлы бұл су шаруашылығында техникумды бітіріп келгеннен бастап жұмыс істеді, қатардағы мастерден бастап бастығына дейін кетерілді. Денгейі биік, табанды, іскер, жұмысқа беріліп істейтін тиянакты басшы болды. Еңбектегі жетістіктері үшін бірнеше рет облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды, суреті облыстық Құрмет тактасына ілінді. Ол бүкіл аудан бойынша су құбырларының сұлбасын, жалпы картасын жатқа біletіn, оны салғызған кезден басықасында жүрген маман, әрбір қазығын қаққандардың бірі. Ол осы мекемеде өмір бойы істеді. Тек зейнеткерлікке шығар алдында алты жыл Қызылту злеваторында қызмет атқарды. Зайыбы Галия екеуі үш бала тәрбиелеп, өсірді, жоғары білім алғызды. Үлкендері Алтынай, Төлеген, Ертай, барлығы да өз алдына отау тікті, қызметтері бар, осы күні Астанада, Кішкенекөлде, Петропавлда тұрады. Қабаның немере, жиендері баршылық.

Кішкенекөлге көшіп келгенде бұрыннан біletіn біраз жігіттер бар еді. Солардың бірі бойдақ кезімізден таныс, әрі жолдас Бектай Мұтәшұлы Сыздықов болатын. Ол Қарағанды кооперативтік институтын бітірісімен, Ленинград аудандық тұтынушылар одагы мекемесіне жолдамамен келіп, экономист болып орналасты. Бір-екі жылдастын Ленин ауданы құрылғанда, сондагы тұтынушылар одагы терағасының орынбасары болып бекітілді. Бір айта кететін мәселе, аудандық пария комитетінің бірінші хатшысы Владислав Борисович Косарев ылғи жас мамандар жинады, мекеме

басшыларының алпыс лайызына жуығы отыздың маңайындағы қылышылдаған, ақыл-оғы толысқан жас жігіттер болды. Сол кезде егін орагы уақытында әрбір кеншарға мекеме басшыларын үәкіл қылып жіберетін. Сонда шаруашылық басшылары айтады екен, Косаревтің «балапандары» келіп қалды деп. Ол кісінің өзі де ол кезде отыз алтыдаған болатын. Жаңа құрылған жас аудан, жас басшылар болғанына қарамастан, жұмыстары жақсы қарқынмен ерге жылжыды. Талшық орталығы кішігірім шашырап жатқан ауылдан жылдан-жылға көрікті, сәулетті поселкеге айналды. Жаңадан екі қабатты экімшілік ысандары, жаңа үлгідегі мәдени-тұрмыстық, банк, байланыс ғимараттары бой көтерді, бірнеше жаңа дүкендер, екі қабатты котедждерге ұқсас төрт, он алты пәтерлік сәнді жаңа үйлер салынды.

Сонымен, Бектайдың да бұл ауданның өсіп-өркендеуіне, экономикасының нығаюына азда болса қосқан үлесі бар. Ол адаптың істеп, азаматтық борышын ойдағыдай орындағы деп айтуда болады.

Кіндік қаның тамған жер, ата жұртың әр уақытта ардақты болады, елің болып есептеледі, ыстық көрінеді. Елсіз адам жапырақсыз ағашпен тең.

Бекене Ленин ауданы қандай жақсы, жайлы болғанымен, өз елін аңсайтын, бірде айтатын, танертек далага шыққанда Қызылтыға қарап тұрып, дем алып ойлайтынмын, шіркін, ел жақтан ескен жел қандай жайлы деп. Біраз жылдан кейін облыстық тұтынушылар одагы Бектай Мұтәшұлын өз елі Қызылтуға осы саладагы дайындау мекемесінің директоры қызметіне ауыстырды. Бертін бұл мекемелер жабылған соң ол басқа қызметтерде істеді, аудандық акімдіктің экономика бөлімінің маманы қызметтін атқарды, аудандық кәсіпкерлік бөлімді басқарды.

Ертеден білетін жігіттердің тағы біреуі Энуэрбек Құрманұлы Бейсенбаев, оны аудандық партия комитеті үгіт және насиҳат бөлімінің менгерушісі болған кезінен білемін, менің әріптесім болатын. 1999 жылы ГЦВП-ның басшысы болып жүрген кезінде мәслихаттың хатшылығына ұсындым. Ол былай болды, аудан экімі Энуэрбек Мамырұлы кезекті демалыста болатын, бір күні облыс экімінің орынбасары-аппарат басшысы Х.Х. Экімханов қол қойған хат келді, оның қысқаша мәтіні былай: жасы зейнеткерлікке жақындаған мәслихат хатшыларын басқа жұмысқа ауыстыру мәселесін қарастыру қажет екенін жазыпты. Ол кезде бұл қызметті аткарып жүрген Эміржан Жұманұлы Жауаров болатын.

Демалысқа кетерде Әнуәрбек Мамырұлы 5-б телефонның нөмірлерін тастап кеткен, мені іздесеңіз осының бірінен табасыз деп. Сонымен, Әнекенді тауып облыстық әкімдіктен келген қағаздың магынасын телефонмен жеткіздім. Ол кісі маған кандидатура ізденіз, сосын айтыңыз деді. Бір сағаттан соң бір азаматтың аты-жөнін айтып едім, ол кісі сәл ойланыңырап қалып, басқа кісі ізденіз деді. Тағы біраздан соң Иван Васильевич Кухаренконың кандидатурасын айттым, Әнекен келісімін берді дағы, онымен сойлесініз, сосын хабарласарсыз деді. Иван Васильевичпен сойлесіп, осы қызметке баруга қалай қарайсыз деп едім. Өуелде ол ренжіп қалды, немене менен құтылғыларың келе ме деп, сәлден соң ұсыныстарыңызға раҳмет, осы қызметтімде істей берейін деді, ол кезде әкімнің орынбасары болатын. Әнуәрбек Мамырұлына үшінші, Бейсенбаевтың кандидатурасын ұсындым, ол кісі оны білмейтін. Содан телефон арқылы Құрманұлының өміrbаянын айтып, жер-көкке сыйғызбай мақтадым, ертеден білеттінімді айттым. Әкіміміз келісті, Әнуәрбекті шақырып алып, шешімімізді айтып, оның жауабын тыңдадым, ол бірден келісімін берді, сөйтіп, Әнуәрбек Құрманұлы аудандық мәслихаттың хатшысы болып шыға келді, содан осы қызметте зейнеткерлікке шыққанша істеді.

Аппарат басшысы болып жүргенде кадрлардың орналасу жағдайларын байқасам, барлығы орнында сияқты, жұмыста ысылған азаматтар, білімдері жеткілікті. АӘкімдік аппаратында шамалы өзгерістер де болды. Жалпы білімге маман қажет болды, әрі ойлаг, бері ойлаг қарасам, Сұлтанбек Сәлімұлы Ахметжанов бос жүрген сияқты. Жогарыда айтып еттім, оны мен отыз жылға жуық уақыттан бері білемін, жоғары білімді, сонау бір жылдары аупарткомның аппаратында жауапты қызметте болды, аудандық оқу білімінде қызмет істеді, қысқаша айтсам, жұмысқа жауапкершілігі мол болатын, адамгершілігі де жақсы азамат, кішіпейіл, бөтен мінезі жок, бір адам құрлы қызмет атқарытын қабілеті болды. Сондықтан, аудан әкіміне ұсыныс білдіріп, Сөкен тұралы қысқаша ауызша мәлімет бердім, Әнуәрбек Мамырұлы келісімін берген соң Сұлтанбекті аппаратқа қызметкес алдық, ол біздің сенімімізді ақтады, абырайлы жұмыс атқарып, құрметті демалысқа шықты.

Тағы бір елге сыйлы, қызметке мығым, іскер, жауапкершілігі мол, табанды азаматтың бірі, сөзі мен ісі бір жерден шығатын, бір беткей мінезі де барышылық, Төлеген Тасымұлы Сәттібаев. Төкен айтуши еді, менің басыма үйымдастыру белімінің менгерушісі жазып қойды ма, райком комсомолда, райисполкомда сол

қызметтерде істедім, енді міне, поштабаймын деп. Ол кісі біраз жыл аудандық пошта мекемесін басқарды, өткелі қын кезеңге карамастан, ұйымның жұмысын алға бастырды, пошта-банк ұйымдастырды, шалғайда орналасқан елді мекендердің мұғалімдері еңбек ақыларын уақытында жергілікті жердегі осы мекеменің бөлімшелерінен алып тұрды. Төлеген Тасымұлының бұл енбегі еленбей қалған жоқ, оған «Қазақстан Республикасының құрметті байланысшысы» атагы берілді.

Ауданга енбегі сіңген азаматтардың ішінде ауылдық округтердің әкімдері Орынбай Жанбыршыұлы Смайлов, Ғалел Гафурұлы Бескемпіров, Болат Қорқытұлы Қорқытовты атауға болады.

Орынбай он бес жылдай екі шаруашылықта директор болды, оның басшылығымен кеңшарлардың экономикасы өрледі, халықтың жағдайы жақсарды. Ол өте іскер басши, жауапкершілігі мол, жұмысқа тиянақты, адамгершілігі жоғары, елдің аяулы, ауданның беделді азаматы болды. Сыйласып журдік, әлі де солай.

Ғалел Омбы облысы жағында туып, ескен азамат, Әнүәрбек Мамырұлы Сагитовлен елдес екен, орта мектепті Қызылтудан бітіріпті. Ол кісінің бүкіл еңбек өмір жолы бұрынғы Уәлиханов ауданымен тығыз байланысты. Кеңшардың бас агрономы, директоры, сол ауданның ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы қызметін атқарды, аудан әкімі болып істеді. Жұмыс тәжірибесі мол, іскер азамат.

Болат көп жылдар бойы ауданның «Қайрат» ерікті спорт қоғамын басқарды, сол кезде спорт саласы алға басты, жасы үлгайған соң өзінің мамандығы бойынша жергілікті кеңшарда бас зоотехник болып істеді, зейнеткерлікке шыққанша бірнеше жыл поселкенің әкімі қызметін атқарды. Жұмысқа тиянақты, жауапкершілігімен адамгершілігі мол азамат.

Көп жылдар бойы ішкі істер саласында қызмет жасаған беделді азаматтың бірі Ермек Шәріпұлы Махатов, ол жұмыста талапшыл, өз жұмысының білгірі, өте іскер азамат болды. Ерекенің басшылығымен аудандық НВ облыс бойынша жақсы көрсеткіштерге жетіп журді. Ол кісі өзінің іскерлігі арқасында он жеті жыл осы саланы басқарыпты, біраз жыл аудан әкімінің орынбасары болып істеді.

Тагы бір белді қызметкер, қазіргі уақытта аудан әкімінің орынбасары болып істеп жүрген Г.Ж. Қойбағарована айтпай

кетпеуге болмайды. Мен өзіміздің Қызылту еліміздің аудан экімі аппаратында жұмыс істегендегі, Гүлмира ұйымдастыру бөлімінде аға маман болып істеді. Сол кезде білгемін, оның алдағы уақытта қызмет сатысының жоғарылайтынын. Өйткені, Гүлмира Жәкеновна жұмысқа тиянақты болды, жауапкершілігі мол, талапшыл, қандай тапсырма берсендегі уақытында, жоғары деңгейде орындастын, білімді, мәдениетті адам. Біраз жылдан соң аудандық мәдениет бөлімін басқарды, бұл саланың жұмысын да жақсы жолға койды гой деп ойлаймын.

Белсенді азаматтың бірі, ұлтжанды, аудандық газеттің жана шыры, осы үнпаратқа өмір бойы істеген, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, қаламы ұшқыр журналист Сагидолла Икенов. Ол майталман журналистермен араласып, мол тәжірибе жинақтаған газет тілшісі. Сәкенін қаламынан шыккан мақалалары нақты мәселерді қозғайтын, аудан экономикасының нығаюына, әлеуметтік саланың жақсаруына қөп ықпал ететін. Сагидолла ауданның өркендеуіне, көркейуіне өз үлесін қосты деп айту керек.

Көп жылдар бойы аудандық аурухананың бас дәрігері болып істейтін Төлеген Талғатұлы Иманов, туберкулезге қарсы диспансердің бас дәрігері болған Боранбай Мұқамеджарұлы Мұқамеджаров, аудандық электр желілер ұйымының бастығы Орынбасар Жұнісұлы Жауаров, жөндеу-механикалық зауытын басқарған Омар Жұнісұлы Жұнісов, ЖШС-нің директорлары Амангелді Халелұлы Асқаров, Қадір Шадатұлы Мәжитов, аудандық байланыс торабының бастығы болып істеген Марат Зәкінұлы Фалымов, автомобилшілер АҚ басшысы Бейбіт Әнуәрұлы Сейпілов, білім саласына енбекі сіңген Сансызбай Қалиұлы Қалиев, қазынашылық мекеменің бастығы Айсұлу Жұмагұлқызы Балтабаева, бірнеше жыл прокурор болған Жоламан Қожахметов ағамыз, қаржы бөлімінің менгерушісі қызметін атқарған Құләш Бәйсейітқызы Көрпебаева, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы болған Бағдагұл Рамазанқызы Ахметованың ауданның әр саладағы дамуына көп еңбектері сінді деп айта аламыз.

Шагын және орта бизнеспен айналысып жүрген азаматтардың ішінен Амантай Мәліков ақсақалды, Ақаш Бейсеновті, Қанат, Кенжебек Жантілеуовтарды, Айтмұқан, Серік, Сүйіндік, Саян Жолдасбаевтарды атауга болады.

Аудандағы кәсіпкерлердің «атасы» деп Әбекенді атауга болады, ол кісі әуелден жер алғып, егін сеуіп, кішігірім цехтар

ашып, макарон, вермишель өнімдерін шығарды. Облыстан келген адамдарды сонда апарып көрсететінбіз, басқа аудандарға тәжірибе болсын дейтін олар. Сондайын кішіпейіл адам, елге сыйлы азамат, бастапқы кездің өзінен бастап, бұл кісі кәсіпкерліктің қырсынын игере білді. Қазіргі уақыттың адамы, мықты бизнесменнін бірі.

Қызылтудың аяулы азаматы, әрбір адамға қол үшін беретін, текті жігіттің бірі, қадірлі, сыйлы кәсіпкер Ақашты айттар едім. Ол заманың ағымын түсініп, дер кезінде кәсіпкерлікпен айналысып, егін себуден бастады. Жұмысы өрге басты, ойлаган арманын іске асырды. Аудан орталығындағы мейрамханасы халық игілігіне қызмет етуде.

Бөле-жарып айтатын кәсіпкерлер, өзіміздің елдің тумалары, елге жанашыр жігіттеріміз, жатқанды көтеретін, сүрінгенге сүйеу болатын азаматтардың бірі Қанат, Қенжебектерді ерекше айттар едім. Бұл жігіттер заманың ағымына байланысты, вздерінің қабылеті мен құш-жігеріне сүйеніп, егін сеуіп, диірмен орнатты. Қоғам өмірінен де сыртта қалған жоқ. Әр уақытта халыққа демеуші болды.

Елге елеулі, халыққа қалаулы азаматтардың бірі Айтмұқан, Серік, Сүйіндік, Саяндар деп айттар едім. Олар кішігірім және орта бизнестің дамуына мұрындық болған сияқты. Әуелден егін себүмен айналысты. Ертеден жеке меншік кәсібімен айналысқан олар, біраз жетістіктерге жетті. Бұл кәсіпкерлер мал шаруашылығымен де айналыса бастады, былтыргы жылы төрт жүзге жуық қара мал сатып алғып, өсіріп жатқан жагдайлары бар. Әкімдіктің ұсынысымен, әрбір мәдени шараларға қаржылай қолдау көрсетіп келеді. Халыққа да көмектерін аяған емес. Нағыз азаматтар.

Қызылтуга көшіп келгенде өзіміздің еліміз деп келдік, мында біраз туыстар тұрды, олардың ішінде нағашы, құдалар, балдыздар, бөле, бажа, қайнагалар, олардың ішінен атын атайтын болсам, бір жагынан бөлем және қайнагам Жұмағұл Балтабайұлы өмір бойы аудандық тұтынушылар одағында қызмет істеді. Келіншегі Динәш екеуі он бала тәрбиелеп өсірді, қазіргі уақытта барлығы жеке отау иелері, солардың ішінде Марат № 2 мектептің директоры.

Елуінші жылдары Дүйсенбай ауылында бірге тұрған, ағай деп те айтуга болатын, бажам Амантай Бралин да сыйлы азаматтың бірі, бұл кісі де сол Жұмекен істеген мекемеде бірнеше жыл абырайлы қызмет жасады. Қайын бикеміз Жәмила екеуі он бір бала тәрбиелеп өсіріп, құтты орындарына қондырды.

Қызылту ауданы жазуға тұрарлық ел, тарихы да мол, атағы Қазақстанға жайылған неше түрлі ақын-жазушылар, ғалымдар мен қоғам қайраткерлері, спорт саңлақтары мен мәдениет жүлдышдары шыққан жер. Олар туралы осы ауданының 80 жылдығына орай жазылған кітапта кеңінен қамтылған, сондықтан, оны қайталауды жөн көрмедин.

Балаларымыз Гүлжан мен Бауыржанымыз Кекшетауда М. Габдуллин атындағы мектепте, қазақ-түрк лицейіндегі оқып жатқан соң, біз де соларға жақындейдай 2002 жылы Кекшетау қаласына қоныс аудардық. Өзім мемлекеттік және банк мекемелері қызметкерлерінің облыстық кесіподак комитетінің төрағасы болып сайландым. Құләпеш № 19 мектепке орналасып, өз мамандығы бойынша математикадан сабак берді, құрметті демалысқа шыққан сонда үш жыл жұмыс істеді. Содан кейін бірінен соң бірі үш қызымыздың балаларын бағып, үйдегі «бала бақшаның менгерушісі» болды.

Мен жұмысқа кірген жылы облыстық кесіподактар федерациясының төрағасы болып Кенес Рахметұлы Бекішев істеді, ол Ақмола облысының бұрынғы Қима ауданының азаматы, Торғай облысы құрылғанда сол облысқа берілген, бертін ол аудан жабылып, Жақсы ауданымен біріккені белгілі. Кенекен бұрын да аты аталған ауданының, облыстық аграрлық-өнеркәсіп кешені қызметкерлері кесіподагы комитетінің, облыстық кесіподактар кеңесінің төрағасы болып істеген. Оның бұл жұмыста істеп біраз тәжірибе жинақтаганы көрініп тұрады, аппаратында беделді, бірқалыпты, сыйтай азамат.

Кеңестің орынбасары және облыстық аграрлық-өнеркәсіптік кешені қызметкерлері кесіподагы комитетінің төрағасы болып Қамидолла Газезұлы Оразбаев істеді, оның да өмір жолы ауыл шаруашылығымен, кесіподак органдарының жұмысымен тығыз байланысты болды. Кезінде кеңшар директоры, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болып қызмет істеген. Мол тәжірибесі бар, көпті көрген, сыйласатын адаммен сыйласқан, тірекен адаммен тірекен азамат. Жолдастыққа берік адам.

Осы аппараттың басшысы және облыстық «Қуат» кесіподак комитетінің төрағасы болып Габдісәләм Доскейұлы Жоламанов істеді. Габекенің көргені көп, тоқығаны мол, өте іскер, ірі басшы. Кезінде Қызылту ауданының, Арқалық қаласының атқару комитеттерінің төрағасы болған. Торғай облысының екі ауданында партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеген.

Көкшетау облыстық зейнеткерлер қоры мекемесін басқарған, өте тәжірибелі адам. Кезінде екінің бірі бара алмайтын Мәскеудегі СОКП Орталық комитеті жанындағы қоғамдық ғылыми Академиясын бітірген азамат.

Сол кезде аппаратта істеген Ләззэт Айдарханқызы Есжанова Ленинград Жогары кәсіподак мектебін бітірген, содан соң облыстық мәдениет кәсіподагының нұсқаушысы, облыстық Кәсіподактар советінің нұсқаушысы болып істеген, қазіргі уақытта облыстық Кәсіподактар федерациясының ұйымдастыру бөлімінің менгерушісі және облыстық мәдениет, өнер, аппарат, спорт саласы кәсіподагы комитетінің төрайымы, жауапкершілігі мол, іскер, жайдары, мінезі ашық адам.

Аягөз Магзұмқызы Мұхамеджанова аппараттың белді қызметкері, кезінде аудандық әкімдіктің ұйымдастыру бөлімінің бас маманы болған, қазір де жауапкершілігі мол, адамгершілігі жақсы, жұмысына берік, сыйлы адамның бірі.

Нина Николаевна Ақильдина ауызды толтырып айтсаң да тұрарлық адам, өте іскер, жұмысқа берілген, жауапкершілігі мол, ілтиппатты, мәдениетті, турашыл, сыйлы адам.

Нина Ильинична Букина кәсіподак органында бірнеше жыл еңбек еткен сыйлы қызметкердің бірі, қазіргі уақытта осы аппараттың бас есепшісі болып істейді, ол кісі өзінің жұмысына өте мұқият қарайды, кішіпейіл, масаға да қиянат жасамайтын сыйлы кісі.

Олардан басқа қызметтес Н.А. Қожақов, А.М. Жорабекова, М.Д. Жұмашевалар істеді. Олардың жауапкершіліктері мол, өз жұмыстарына берік азаматтар болды.

Мен басқарған облыстық кәсіподактар комитетіне мемлекеттік мекемелердің барлық дерлік үйымдары кірді. Менің орынбасарым ретінде бас есепші болып жұмысты бірге бастаған, кәсіподак саласына біраз еңбегі сіңген, Арқалық қаласының, одан кейін Торғай облысының аграрлық-өнеркәсіптік кешені кәсіподактар комитетінде көп жылдар бойы абыройлы қызмет атқарған Орынбасар Мұқамедиярқызы Қаларова істеді. Бұл адам өз жұмысына жетік, іскері, кішіпейіл, адамга жақын тұратын, ақкөңіл, ақжарқын, ешқашан мойынайтын, өмірден түңілмейтін, тек жақсылықты ансайтын аяулы жан. Кейбір отырыстарда ол болмаса көнілді болмайтын сияқты, орны толмайтындай болатын, анекдоттарды айтқанда алдына жан салмайтын, өте көпшіл адам болды, сонда айтатын, біз досым, Орынбасарлар осындеймиз деп. Алты жыл бірге істедік.

Сол кезде менің әріптесім болып Астана қаласының және Ақмола облысының білім және ғылым қызметкерлері көсіподагының тәрайымы Анна Алексеевна Шевчук істеді. Ол отыз жылдан астам осы органда қызмет жасаған, тәжірибесі мол, ертеде партиялық жұмыста істеп, ысылған адам. Осы жұмыстан құрметті демалысқа шықты.

Содан кейін оның орынтағына Бейсенбай Қадырұлы Эбдірахманов деген азамат орналасты. Ол оның алдында Щучье аудандық оқу бөлімінде бірнеше жыл абыройлы қызмет атқарған, аудандық білім қызметкерлері көсіподагы комитетінің тәрагасы болып жемісті еңбек еткен, білімді, жауапкершілігі мол азамат.

Александр Михайлович Пугачпен қызметтес болдым, ол облыстық денсаулық сақтау қызметкерлері көсіподагының тәрагасы болып істеді. Оны ертеректен білетінмін, 70-ші жылдардың аяқ кезінде біздің Ленинград ауданында дәрігер, соңынан аудандық аурухананың бас дәрігерінің орынбасары болып істеген. Кейінрек облыстық денсаулық сақтау белімі менгерушісінің орынбасары қызметін атқарды. Жұмысына тиянақты, ұқыпты, адамгершілігі мол, бірбеткей адам болды.

Оның алдында жерлесіміз Қекім Мағзұмұлы Жұманов осы облыстық кәсіподак комитетін отыз жылдан артық басқарған жерлесіміз еді. Қекең өте іскер, аққоңіл, ақжарқын, беделді, сыйлы азамат болды. Әттен, өмірі ерте үзілді.

Қазіргі уақытта бұл кәсіподак органын Кенел Қалиасқарұлы Жанов басқараады. Кенекең бұған дейін Бурабай аудандық ауруханасының бас дәрігері болып қызмет істеген, қабілетті, жұмыс десе жаңып тұратын, іскер, ашық мінезді, кішіпейіл азамат.

Тагы бір әріптесімді айта кетсем, ол Бағдат Тәшкенқызы Сәдуақасова. Облыстық байланыс торабы қызметкерлері кәсіподагының тәрайымы. Осы салада он бес жыл шамасында абыройлы еңбек етіп жүрген, ұжымында беделді, жұмыста белсенді, адамгершілігі мол адам.

Сыйлы әріптесімнің бірі Раиса Владимировна Понамарева, облыстық тұтынушылар кооперациясының, сауда және кәсіпкерлік қызметкерлері «Бірлік» кәсіподагының тәрайымы. Сауда саласында көп тәжірибе жинақтаған, кезінде облыстық партия комитетінде жауапты қызмет атқарған, өте білімді, іскер, жұмысқа жалықпайтын адам.

Төлеген Оралұлы Шапагатов құрылыш және өнеркәсіп құрылыш материалдары облыстық кәсіподагы комитетінің тәрагасы.

Кезінде Ресейде Кәсіподақтар жоғары мектебін бітірген, ізденгіш, ешқашан қынжымайтын, өмірде мойымайтын, болашаққа сенімі мол жақсы азамат.

Төкен басқа қызметке ауысқаннан кейін, бұл жұмыстың тізгінін Андрей Валентинович Тегин ұстады. Білімді, жайдары, кішіпейіл жігіт.

Ааралық-өнеркәсіптік кешені қызметкерлері облыстық кәсіподағы комитетінің төрағасы болып Тлеңберген Нұрмаганбетұлы Әйкенов істейді. Тілекенің тәжірибесі мол, көпті көрген, басшы қызметтер атқарған, адамгершіл азамат.

«Казпочта» АҚ қызметкерлері облыстық кәсіподақ комитетінің төрағасы болып Жанат Қабденұлы Балтабаев істейді. Жәкен әккөніл, ақжарқын, кішіпейіл жігіт.

Былтырғы жылдың желтоқсан айында мемлекеттік, банк қызметкерлерінің және қызмет көрсету мекемелерінің облыстық кәсіподағы комитетінің төрағасы болып Тұрғын Ысқақұлы Сыздыков сайланды. Тұрекеңмен бұрын қызметтес болдым, бұл кісі жас кезінде аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, обком партияның нұсқаушысы болып істеген, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы қызметін атқарған, ауданның әкімі, облыстық мәслихаттың аппарат басшысы болған. Тәжірибелі, көпті көрген, тоқығаны мол, білімді, мәдениетті, кішіпейіл, сыйлы азамат. Наурыз айының басында Тұрғын Ысқақұлы Қазақстан халықтық коммунистік партиясының хатшысы болып сайланды. Жұырда, сайлау қарсаңында, Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат болып тіркелді.

Салалық облыстық, қалалық кәсіподактар комитеттерінің қызметкерлері Тұрлыбек Бекбайұлы Әділжанов, Болат Ризаханұлы Қожахметов, Ақлима Аңсабайқызы Әлібекова, Тоты Ертайқызы Балғожынова, Екатерина Николаевна Казакова, Элия Қойшыбайқызы Үсмағұлова, Гүлзира Өтегенқызы Дәниярова өз жұмыстарын абыраймен атқарып жүр.

Біздің облыстық кәсіподактар ұйымы республикалық мемлекеттік, банк қызметкерлері және қызмет көрсету мекемелері Орталық комитетінің құрылымына кіреді. Бұл органның төрайымы осы салада отыз жылдан астам қызмет істеп келе жатқан іскер, білімді, адамгершілігі мол, парасатты, активтің алдында беделді Рая Жорабайқызы Ахметова. Ол кісі СОКП Орталық комитеті жанындағы қоғамдық гылымдар Академиясын бітірген. Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті аппаратының ұйымдастыру-

партиялық бөлімі кадрлар секторының менгерушісі болып қызмет істеген, тәжірибесі мол адам.

Бұл аппаратта өте тәжірибелі, қабілетті, жұмысқа тиянақты, бүкіл жүкті өзі көтеретін, адамгершілігі мол Тамара Руслановна Яфарова, ол кісі бірнеше жыл осы кәсіподақ органында қызмет істеген, жұмыстың қыр-сырын жетік біletін сыйлы адам.

Облыстардагы осы салада көп жылдар бойы қызмет істеген, тәрагалардың ішінен Өмірбек Керімбекұлы Керімбеков, Оңтүстік Қазақстан облыстық комитеті, Чапай Сахыпкерейұлы Корамысов, Жамбыл облыстық комитеті басшыларын атап өтуге болады. Олар отыз жылға жуық жемісті қызмет атқарып, құрметті еңбек демалысына шықты. Соңша уақыт жұмыс істеп келе жатқан Ақтөбе облыстық комитеттің тәрагасы Амантай Бимұратұлы Бимұратов, Атырау салалық комитеттің басқарып отырган Шахмұрат Абдоллаұлы Қанбетов, Қызылорда обкомының басшысы Арлан Тойбазарұлы Елемесов. Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстық комитеттерінің тәрайымдары Римма Ғабдоллақызы Гайсенова, Жамал Қиғарқызы Ахметованы атамай кетпеуге болмайды. Бұлардың барлығы да өте тәжірибелі, іскерде, белсенді, жұмыс десе жанып тұратын адамдар.

Қазіргі мен басқарып жүрген коммуналдық, автокелік, жол және қызмет көрсету мекемелері қызметкерлерінің облыстық кәсіподақ комитетті республикалық автокелік және жол кәсіпорындары қызметкерлерінің Орталық комитеттіне қарайды, оның тәрагасы Әбілқасым Нақыпұлы Әзімов. Әбекен біраз облыстарды аралап салалық кәсіподақ үйымдарын құрды. Ол облыстық кәсіподақ комитеттің басқарып жүріп мол тәжірибе жинаған басшы, іскер, белсенді азамат.

Мен басқарып отырган облыстық комитетке бірнеше кәсіпорындар мен мекемелердің бастауыш кәсіподақ үйымдары кіреді. Солардың ішінен айта кетейін дегенім, «Кекшетау Жолдары» ЖШС. Оның басшысы болып отыз жылдан бері өз ісіне берік, жауапкершілігі мол, тәжірибелі, айтса сезінде тұратын, беделді, облыс қөлемінде сыйлы басшылардың бірі Естай Қасенұлы Қасенов істеп келеді. Бұл мекеме Есекеңнің басшылығымен жылда алға қойған міндеттерін ойдағыдай іске асырып, республика, облыс деңгейіндегі жол құрылыстарына қатысып, үлкен абырайға ие болып жүр. Кекшетау қаласының жол құрылыстарын салуда, шагын аудандарын абаттандыруда ерекше көзге түсken ірі кәсіпорын.

Қаланың ең ірі автокөлік парктерінің бірі -«Кекшетау автобус паркі» ЖШС.

Ол жолаушыларды тасымалдау жөнінен қаланың бетке үстар мекемесі болып есептеледі. 2000 жылдан бастап оның бас директоры болып Әсия Өміртасқызы Шәрімова абырайлы еңбек етуде. Ол кісі әуелде еңбек жолын осы кәсіпорында қатардағы экономисттікten бастаған. Өзінің табандылығы, іскерлігі мен жауапкершілігінің, еңбекқорлығының арқасында үлкен ұжымды басқару мәртебесіне дейін жеткен. Әсия ете қабілетті, өндірістік тәжірибелі мол, ұжымның алдында сыйлы жан. Ол халық қалаулысы қалалық мәслихаттың депутаты. Әсия Өміртасқызы қажырлы еңбегінің арқасында 2005 жылы «Әйел басқаратын үздік кәсіпорын» республикалық конкурсының жеңімпазы атанып, дипломмен марапатталды. 2006 жылы еңбектегі жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет Грамотасымен марапатталды. 2012 жылы министрліктиң «Құрметті автокөлікші» төсбелгісіне ие болды.

«Кекшетау автобус паркі» 1946 жылы құрылған, қазіргі уақытта қалалық, қалааралық, облысаралық және халықаралық маршруттар бойынша жолаушыларды тасымалдау жұмысымен айналысады. Парк жылдан-жылға жоғары жетістіктерге жетіп келеді, мұнда 99 ПАЗ және шетел автобусы бар, соның кемі 76-80-і күнде жолға шығып, халыққа қызмет етеді. Жыльына 7 млн. жолаушы тасымалданады. Ақырғы жылдары паркті жаңарту мәселесі қолға алынып, соңғы бес жылдың ішінде 28 автобус сатып алынды.

Кәсіпорында 245 адам жұмыс істейді, оның 176-сы жүргізуши. 2001 жылы бастауыш кәсіподак үйимы құрылды, бүтінгі таңда жұмысшылардың барлығы дерлік осы үйимның мүшесі. Бұл Кекшетау қаласындағы жұмысы тұрақты автопарктің бірі.

Тағы бір айтуға тұрарлық кәсіпорынның бірі-Кекшетау автовокзалы, бұл жаңа вокзал 1981 жылы іске қосылды. Бұл мекеменің де басынан өтпегені жоқ, 1996 жылы жекешелендірілді, содан бері АҚ, ААҚ, ЖАҚ болып бірнеше рет айдарларын өзгертип, ақыры, 2004 жылы ЖШС-та тоқталды. Ұжымда 50 адам жұмыс істейді. Арапарында 25-30 жыл істейтін тәжірибелі мамандар баршылық. Белді ұжымның бірі деп айтсам артықшылығы жоқ. Жолаушылар тасымалдаушылармен 60 келісім-шарт жасалған. Тәулігіне 115 маршрут бойынша автобустар қатынасады. Соның ішінде халықаралық маршруттар Қорған, Екатеринбург, Түмен,

Тобольск, Омбы, тағы басқа қалаларды қамтиды. Республиканың өз ішінде Павлодар, Семей, Қарағанды, Петропавловск қалаларымен СКО-ның бұрынғы Қекшетау облысы аудандарына да автобустар жүреді. Өз облысының да бүкіл аудандарына, соның ішінде қөптеген елді мекендерге жолаушылар тасымалы жолға қойылған. Бұл ұжымның жұмысы осылайша халықтың қөнілінен шығуда.

Бұл кәсіпорынды Сайлау Кенжеғалиұлы Нұртазин ойдағыдай басқарып отыр. Ол алтыр азаматтың бірі, табанды, іскер, жұмысына бекем басшы. Сәкен қазіргі заманға ертеден бейімделіп, кәсіппен айналысқан. Басын да там-тұмдал болса да, осы күні біраз жетістіктерге жетіп, ойын іске асыра білген, әжептәуір шаруашылығы бар, ауызды толтырып айтартылтай бизнесмен.

Халық үшін жұмыс істейтін, елдің құрметіне бөленіп жүрген кәсіпорынның бірі-«СейНұр» Фирмасы» ЖШС. Бұл кәсіпорын 1998 жылы ЖАҚ болып «Қекшетау таксопаркі» АҚ базасында құрылған. Содан бері 2002 жылдан бастап қазіргі құрылымы бойынша жұмыс істеуде. Еңбек ұжымында 125 адам жұмыспен қамтылған, 60 автобус бар, біразы шетелдік, күнде қалада 9 маршрут бойынша жолаушылар тасымалдаумен айналысады, сөйтіп, жылына 5 миллионға жуық жолаушыны тасымалдауды қамтамасыз етеді. Материалдық базасы жаман емес, қажетті цехтардың барлығы бір қалыпты жұмыс істеуде.

Бұл кәсіпорынды ұйымдастырып, тұракты жұмыс істеуіне барлық күш-жігері мен білімін жүмсаган, осы жолда табандылық көрсетіп, қажырлы еңбек еткен, 1986 жылдан бас инженер, ал, 1996 жылдан бас директор болып істеген марқұм Абай Халитұлы Сейдалин. Ол ұжымның сүйікті басшысы болды, таңертеңгі жұмысқа шығардың алдында жүргізушілердің қөніл-күйін көтеріп шыгарып салатын. Эбекен өзінің белсенді жұмысымен қын-қыстау уақытта да бар қыншылықты женіп, кәсіпорынның жұмысын тұрактандыра білді. Ол кісінің енбегі елеңіп, «Қазақстан Республикасына 10 жыл», «Шаптағат» медальдарымен марапатталды. Бірнеше рет қалалық мәслихаттың депутаты болды. Эттен, өмірден ерте озды.

Абай Халитұлының еңбек жолын жары Райхан Зейноллақызы мен ұлы Нұрлан жалғастыруда. Рәкен бұл салада бұрын жұмыс істемесе де, өзінің қабілеті мен талабының арқасында шаруашылықты ұршықша иіріп экетті. Ол кісі өте мәдениетті, адамгершіл. Талап қоя білетін, іскер, ұжымның алдында өте беделді басшы, үлкен ұйымдастырушы.

Қала кәсіпорындарының ішінде ірілерінің бірі болып есептелеғін «Кекшетау Жылу» кәсіпорны. Мұнда 750-ге таман адам жұмыс істейді, олар 17 цехқа, учаскелер мен бөлімдерге шоғырландырылған. Қысқы уақытта әрбір адамнан жоғары жауапкершілік пен қатаң тәртіп талап етіледі, өйткені, жұмыс бабы солай. Бүкіл қалаға жылу осы бу қазандығынан таратылады. Соңғы жылдары мектеп, бала бақша, денсаулық сактау, мемлекеттік мекемелердің, тұргын үй секторларының барлығы дерлік қажеттіне жылу алып, температура ойдағыдан сақталуда. Бұл осында істейтін әрбір адам үшін мақтаныш әрі абырой. Жазғы уақытта жылу құбырларының бірразы жаңадан ауыстырылып, қазандықтар күрделі жөндеуден етіл түрады. Дегенмен де, қазіргі заманың ағымына байланысты Кекшетауда ТЭЦ салатын уақыт жеткен сияқты, себебі, қаламыз жылдан-жылға ұлғайып, көптеген сәндіде биік үйлер, басқа да гимараттар салынып, көркейген үстіне көркейіп келеді.

Бұл жылу кәсіпорның кейінгі жылдары Андрей Петрович Подольский, Мұрат Сушыұлы Сәдуақасов басқарды, қазіргі уақытта бас директор болып Виктор Николаевич Радченко істейді, ол бұрын да басшы қызметтер атқарған, тәжірибелі адам.

Тағы бір айтайын деген мекемемнің бірі- «АТП Тұлпар» ЖШС. Бұл кәсіпорын 1928 жылы құрылған көрінеді. Содан бері әуелде №1 Кекшетау авторотасы атандып, кейін №5 Кекшетау автобазасы, №5, одан №2 автотранспорт кәсіпорны, «АТП Тұлпар» ұжымдық кәсіпорны болып, қазіргі уақытта жауапкершілігі шектеулі серіктестікке тоқталған. Бірінші бастығы Потапов деген кісі екен, 1948-1970 жылдар аралығында Төлеген Нұрмамбетов деген азамат басқарыпты, 1971-1977 жылдары мекеме бастығы болып В.И. Седлецкий істепті, 1978-2007 жылдары кәсіпорын тізгінін Надырхан Құсайынов ұстаған екен. Бертін басшы болып Надекенін ізбасары, баласы Қайрат Надырханұлы Құсайынов істеп жатыр. Бұл да жоғары білімді, жұмысқа ысылған, болашагы бар, іскер азамат.

Бұл мекеме де қала бойынша жолаушылар тасымалдауға көп септігін тигізіп отыр, әуелде жүк тасымалдаумен шұғылданса, 1992 жылдан бастап тікелей халыққа қызмет көрсетумен айналысып, елдің алғысын алуда. Бүкіл қажетті цехтар бірқалыпты жұмыс істейді, материалдық базасыда жаман емес. Ұжым алдына қойған мақсатын ойдағыдан орындал, көздеген биіктен көрінуде..

Халыққа көп қызмет жасауға тұра келетін кәсіпорынның бірі- «Кекшетау Су Арнасы», Жұмысы да басынан асып жатыр, бүкіл

қала, оның құрамына кіретін Станционный, Краснояр поселкелерінің халқын сапалы сумен қамтамасыз ету, адамдардың денсаулығына зиян келмейтіндей етіп биологиялық тазартудан өткізіп отыру. Бұл мекемеге өте үлкен міндет жүктеліп отыр. Сондықтан, су құбырлары істен шықса, ондағы жұмыскерлерде дамыл жок, оларды құні-тұні сол жерден табасын, қысы- жазы, боран мен жауын-шашында бар мақсаттары табылған ақауды тез арада жөндеп, іске қосу. болсын, тек тез арада бұлған ақауды жөндеп іске қосу мақсатымен жұмыс істейді. Бұл үлкен ұжым, 320 адам жұмыспен қамтылған, барлығы дерлік кәсіподак мүшесі.

Бұл кәсіпорынды басқаратын Зейнур Исмаилович Альбеков 20 жылдан астам коммуналдық сферада қызмет етеді, осында 2012 жылдан бас инженер, былтырдан бері бас директордың лауазымына тағайындалған. Осы мекемеде қызмет істеп жүріп, өзін жақсы жағынан көрсете білген, іскер, жұмысқа тиянақты, талапшыл, белсенді де алғыр басшы. Аз уақыттың ішінде үш қабатты кеңсенің ішін осы заманға сәйкес күрделі жөндеуден өткізіп, маңайын жақсылап абаттандырганың өзі неге тұрады!

Былтыр облыстық әкімдіктің жаңындағы шаруашылық басқармасында да бастауыш кәсіподак ұйымын құрдық, онда 170 мүше бар. Оның төрагасы болып Темірбек Талғатұлы Мұтәләпов сайланды. Бұл басқарманың қызмет көрсету нысандары бірнеше. Оны талдал айттып жатудың қажеті жоқ қой деп ойлаймын. Жұырда мекеме басшысы болып Бибігүл Қарабайқызы Мұқажанова бекітілді.

Жақсы істерімен көзге түсіп жүрген кәсіпорындар мен мекемелердің арасынан «Арбакеш», «Тұрмыстық химия зауыты», «Тазалық», «Бастау-1», «Реалгаз» ЖШС-ын атауга болады. Олардың басшылары Өтеген Оқанұлы Кәрім, Ринат Фарукович Курмаев, Асқар Қайыржанұлы Эбілтаев, Вадим Анатольевич Кирсанкин, Қайрат Мәлікұлы Баянов. Бұлар туралы әрқайсысына жақсы лебіздер айтуда болады.

Қалада халыққа қызмет көрсетіп жүрген тағы басқа кәсіпорындар мен біздің салаға қарайтын кәсіподак ұжымдары бар, олардың әрқайсысына тоқталудың қажеті жоқ қой деп ойлаймын.

Өзіміз қаланың «Көктем» шағын ауданында тұрамыз. Үйіміздің ауласы биыл кереметтей өзгерді, үй араларына, машина қоятын орындарға жанадан асфальт төседі, бедер тастандардан тротуарлар жасалып, маңайдың беріне тұнгі шамдар орнатылды, балалар ойнайтын аландар жаңартылып, қайта жабдықталды,

футбол, баскетбол алаңдары салынып қоршалды, дем алып отыратын орындар жабдықталып, әдемі орындықтар, домино, шахмат ойнайтын үстелдер қойылды, ағаштар етілді. Бір сөзбен айтқанда, шағын ауданымыз көз тартатындай болып өзгерді, жақсызап абаттандырылды.

Жазды күндері маңайда тұратын ақсақалдар жиналып алып, алты карт ойнайды, кейде кісі көбейгенде тіпті кезекте тұрады. Үстелдің маңайы опыр-топыр, айғай-шу болып жатады, дауыстары әйнекті ашып қойсан, үйге дейін жетеді. Кейбір жас келіндер, тек қана олар емес, ойлайтын шығар, шет жағасын естіпте журміз, мына кәрі-күртандардың ойыны бітпеді ау, балаларға маза бермей шуылдан, үйқыларынан оятады, одан да жай тыныш қана кемпірлерінің жаңында отырмай ма екен деп. Оған қарап жатқан шалдар жоқ, әйтеуір, айғайға басып жатады, жылқы ұтылып жатқаннан кем емес. Кейде ойлайсың, мыналар тәбелесіп жатқан жоқ па деп. Кім біледі, араларында қызбалары да, таяқ ұстайтындарыда бар. Жандарына барсан, берген сәлемінді де бірде алып, бірде алмайды, өйткені, уақыты жоқ, бар зейіндері қартта, ылғи қызыл шеке болып жатқандары. Кейбіреуі санырау, ондайларға сәлем берсөн де атаңың басының кері. Артықтары екінші бос үстелге бармайды, екіге бөлінсе, қызық болмай қалатын сияқты. Ал, енді кейбіреуіне үйден үялы телефон шалып жатса, әй, кемпір мазаны алмашы, қойғаның сүүп бара ма, уақытым жоқ деп қызбаланып телефонды өшіре салады. Енді біреуі бір-екі партия ойнайыныш деп рұқсат сұрапандай болады. Ал, тагы біреулері үйден дыбыс естілсе, жаудан қашқандай алды-артына қарамай зыта жөнеледі. Екінші біреуі, біздің жұмыс уақытымыз әлі біткен жоқ деп қулыққа басып қояды. Шіркін, дана қарттар өздері өте үйимшыл, бірін-бірі сыйлаганда алдарына жан салтайды. Бұлардың ішінде Құрман, Қабдірахман, Бағдат, Қойшыбай, Сайлау, Қайыргелді тағы басқада сыйлы ақсақалдар бар. Әзілдері жарасқан шалдар. Командирлері сияқты алда Сәкен жүреді, ол кісіден бұрын ешкім шықлады, Құрман ақсақал отырган жерде құлқіден құлқіден бас алмайсың, қартты судыр-будыр қылғанда біреу сезіп, біреу сезбейді, бұл жағынан неше түрлі көз ілеспейтін айлалары бар, тіпті, кейде еш адам байқамай қалады. Ол кісінің жамандығы жоқ, бәрін тек қана қулкі үшін жасап, ол қулығы іске асса, пойыз ушел деп отырады. Кезінде алдыңғы қатарлы механизатор болған, сол еңбегі үшін бірнеше рет Қызылту аудандық партия комитетінің мүшесі болып сайланған,

орден-медальды сыйлы қарт. Еңбектегі жетістіктері үшін орден, медальдармен маралатталған. Тағы да ойынды қыздыратындардың бірі-Қойшыбай ақсақал. Үйде отырып даладан дауыс естісөн, ойыншылардың арасында бұл кісінің де барын айнағтай танисың. Өзі кішірек болса да даусы жер жарғандай, кейде ойлайсың біреу күш көрсетіп жатқан жоқ па деп, бірақ, оған бұл кісің бола қоймас. Бұл кісіде Еңбекшілдер ауданының сыйлы адамдарының бірі. Іштерінде қарттың «профессоры» Бағдат ақсақал бар, қалжынымен маңайындағыларды «мытып» отырады, өте көнілді, биязы мінезді, ақжарқын кісі, кезінде қызмет істеген, Чкалов өнірі жақсы біледі, сыйлы адам. Бұлардың арасындағы Қабдірахман ақсақал ойынға сирек араласады, көбінесе жанқүйер ретінде қарал отырады, әнгімешіл, құлығы бар, пәлен жыл Ленин ауданының «Колос» кеңшарында бас мал дәрігері болып істеген деп айтып кеткен сыйлы азаматым осы. Қайыргелді ақсақал бірқалыпты, ана-мынада шаруасы жоқ, басқаларға залалы тимейтін, онша көп сөйлемейтін, кішіпейіл, Еңбекшілдер ауданының сыйлы азаматтарының бірі. Бұл ақсақалдар бір-біріне үйренген, қалжындары жарасқан, аяулы еңбек ардагерлері.

Жоғарыда жазып едім, Құләпәш екеуіміз үйленгенде төрт баламыз дүниеге келсе, олар оқып-өніп үлкен азамат болса, әрқайсысы жеке шаңырақ құрып, немере, шөбере сүйсек деп армандағанымызды. Тәубе, сол арманымыз орындалып, мақсатымыз іске асып келе жатқандай. Үш қызымыз қос-қос институттан бітірді, қызметтері бар, Көкшетауда тұрады, балалы-шағалы. Олардан жеті жиен сүйдік, алды Нұрсұлтанымыз институттың сонғы курсында оқып жүр. Армансыз адам жапырақсыз агашибен тең дейді Гой дана халқымыз. Солай демекші, Бауыржанымыз ер жетіп, немере иіскетсе деуіші едік, оған да жеттік. 2013 жылы Мәскеудің мемлекеттік ядролық орталық университетінің аспирантурасына грантпен окуға түсіп, аспирант атанды. Үлкен той жасап үйлендірдік, былтырғы жылдың 25-ші шілдесінде дүниеге Сәбиттің шөбересі, Қайыржанның немересі, Бауыржанның ұлы Эбдуәлім дүниеге келді. Алақай! Осы екен, орындалған арман!..

**Қожахмет Қайыржан**

## **ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІ**

Басуға 28.05.2015 г. қол қойылды.  
Пішімі 60x84/16. Көлемі 14,72 баспа табақ.  
Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 259

«Мир печати» баспасы  
020000, Көкшетау қаласы, Капцевич көшесі, 230  
Тел. 8 (7162) 32-62-26,  
e-mail: [mirpechaty@mail.ru](mailto:mirpechaty@mail.ru)